

# АДАМТАНУ

ҚАЗАҚ ІЛІМІ

Қобдабай Қабдыразақұлы

# АДАМТАНУ ҚАЗАҚ ІЛІМІ

ҚАРАҒАНДЫ 2018

## МАЗМҰНЫ

Адамтану қазақ іліміне кіріспе 3

*Бірінші тарау.Қазақтың адамтандағы ұстанымдары*

1.1.Адамтану қазақи үлгілер 14

1.2.Балатану баспалдақтары 17

1.3.Тектану қазақ амалы 27

1.4 Текті жанның көкірек көзін ашу 34

1.5.Адам бойындағы асыл қасиеттер кісілік құнары 39

1.6. Мінез байлығы-кісілік ырыс 42

1.7.Адамтану қазақ ілімі 54

*Екінші тарау*Адамтану қазақ ілімінің негізі

2.1. Қорқыт Ата ұстанымы 71

2.2.Әбу Насир Әл-Фараби ілімі 75

2.3.Жантану жаршысы Ж.Баласағұн 83

2.4,Адамтанудың соны соқпағын тапқан А. Ясауи 86

2.5.Адамтанудағы Қ.Абай ілімі 91

2.7.Адамтану асқары-Шәкерім ілімі 95

2.8. Адамтанушы әулие Мәшһүр Жүсіп 97

2.9.Имандылықты жалпақ жұрт қа жайған ғұлама 103

*Дереккөздер* 138

**КИІЗТУЫРДЫҚТЫЛАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ**

**Пікір жазғандар:** Б.БОР Академик
Н.Қаусылғазы п.ғ.д-р
**Жауапты редактор :** Д.Нұрпейісова

Қобдабай Қабдыразақұлы

# АДАМТАНУ ҚАЗАҚ ІЛІМІ

Халықаралық дәрежедегі адамтанушы-психолог ғалым Қ.Қобдабайдың бұл еңбегі адамтанудың:балатанудың, тектанудың ғылыми негізін айқындау үшін жүргізген зерттеу нәтижесі және адамтану қазақ ілімінің негізін салушы ғұламалардың пікірін жинақтаған танымдық еңбек.

Адам дегеніміз - Ясауи бойынша, сенім-иманынан кеме салып, жақсы қасиеттерінен, жақсы істерімен азық жинап, өмір атты дариямен Хақ аманатыман аман есен өз иесіне табыстау мақсатында сапар шеккен жолаушы деп білеміз. Ал,Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бойынша: адам дегеніміз Аллаһ Тағалланың жердегі халифасы,шын берілген құлы. Әл–Фараби үшін жан–жақты жетіліп, кемелденген адам-өз күш–қуатын адамдардың игілігіне жұмсайтын, бақытқа жетуге ұмтылған тұлға. Ондай адам ақыл мен әдептілікті, ізеттілікті үйлесімді тоғыстырады. Олардың бір-бірінен айырмашылығын Абай атамыз“Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.»-дейді.Осы қазақ ғұламаларының танымдық көзқарастары адамды айыра танудың әдіснамалық тұғырнамасы болуға тиіс.Дүниетанымдық осы пікірлерге сүйеніп, талданған танымдық еңбекті алдарыңызға тартып, көзіқарақты оқырманға ұсынып отырмыз..Мүмкіндік болса, оқып шығып, ой-пікір білдіруді өтінеміз. (редактор)

## Адамтану қазақ іліміне кіріспе

Қазақта: «Таңертең төрт аяқпен,түсте екі аяқпен,кешке үш аяқпен жүреді.Ол кім?»-деген жұмбақ бар.Мұнда адам ғұмырының үш кезеңі жасырылған.Осы тәрізді адам жан дүниесінің ішкі сырынан бастап,жас ерекшеліктерінің сипаттамасын өте айқын айтып келген.Әрі сол негізде тәрбие құралдарын таңдап алып,әдіс-амал,тәсілдерін ұсынған.Қазаққа; тәрбиенің нәтижелі болуы үшін адамның жас ерекшелігін жете білу қажет болған.    Қазақ ұғымында адамның жасы: балалық,ересектік, қарттық болып үш кезеңге бөлінеді. Қаныш атамыздың сөзімен айтқанда: біздің«академик–әжелеріміз» тұқымның жатырдағы дамуын былай сипаттайды:«Үш күндік жүктілік қазақтарда «тумақи» (әлі туылмаған) деп аталады, яғни бұнда болашақ өмір бола ма, болмай ма деген күдік басым.Жүктіліктің жетінші күні «көбік» деп анық-талады. Мұнда адамның көбіктен жаралады деген көзқарастың басымдылығы, яғни ол келер қырық күн ішінде ұйығанға айналады деген ұғым бар.Қырық күн бойына болашақ өмірдің қалың материясы қалыптасады, ол «келдік» деп аталады. Он алты күнде ұрықтың шеміршектері пайда болып, тоқсан күнде сүйекке айналады. Төрт айда шарана адам әлпетіне ие болады, ал төрт жарым айда ол қозғала бастайды, яғни балаға жан кіреді(кім,қайдан әкеліп салады?). Жеті айда шақалақ атануға дайын.Сегіз айлық шарана өмір сүрмейді.Тоғыз ай,тоғыз күнде жарық дүние есігін ашады»Адамтану қазақ ілімінде текті жан –толықсыған кісі болып тумайды. Кісі болып қалыптасу үшін дамудың көптеген сатыларын басып,кезеңдерінен өтуі тиіс.Мысалы кіндігі түсе бесікке салынып, мойны беки қырқынан шығарылып, құйрығын басса, құйрық басар жасап, еңбектеуге айналғанда,бауыр аяқ жасап,қадам басарда тұсауын қиған. Бесікке саларда бөлеу әнін орындайды. Бесік жыры үнемі айтылады. Сылап сипауды әнмен өңдеп орындайды.Алғаш тілі сөйлеуге келе **тілашар** жасайды. Бір жас аумағында- **шарана, шақалақ,нәресте** атаулары қолданылады.Бір мен екі аумағында ,қыз баланы **бөпе,** ұл баланы **бөбек** дейді.Екіден үш аралығын-**бүлдіршін** деп жалпылай атаумен қатар бірден үш жас арасында өбектеген,еркелеткен атаулар өте көп. Шаранадан аяғын басып тік тұратын халге жетіп,сөйлей алуы-бұл нақтылы *Текті жан* болғандығы.Текті жан болғанға дейінгі шағы адамтану қазақ ілімінде «жанды бақа» аталады.Жанды бақадан текті жанға өту кезеңі психологиядағы алғашқы «дағдарыс»-дамудың ең үлкен белесі. Қазақ танымы бойынша бұл шақта қойылатын негізгі талаптар: «осы кезеңде бала әкесінен гөрі анасына көбірек тәуелді келеді. Қажеттілігі жақсы қамтамасыз етілмеген бала кейін өскенде маңайынан шу кетпейтін бақытсыз бала болып өседі. Бұл кезде ананың ең басты міндеті баланы құшағына қысуы мен емізуі де үлкен мәнге ие. Анасының махаббаты мен мейіріміне қанып өскен бала өзіне сенімі мол, айналасындағылармен тез тіл табысып, қоян-қолтық араласып кетуі оңай, сүйкімді болып өседі. Өзіне қажетті ана махаббатынан екі жыл мақұрым қалған бала басқалармен тіл табысып, басы қосылып ойнауы қиын, адамға жұғымсыздау болып өседі». Үштен бес жас аралығында **балдырған(ұл), балауса(қыз)** атанады. 6-7-8 жас **бала (ұл),балақай(қыз),** 3-12 жас арасы **ойын баласы,7-13 жас жасөспірім,13-15 жас арасы ересек бала,жас жеткіншек,15-19 арасы бозбала, бойжеткен 20-30 арасы жігіт,қыз аталады**. Қазақ қызы, қазақ жігіті деген атаулар өте ұлағатты атаулар.

Отау иесі болғаннан,немере (не жиен)сүйгенге дейінгі кезең-отағасы (отанасы) аталып,тіршілік тынысының шеңбері-отбасы делінген.Немерелі-шөберелі болғаннан бақиға аттанғанға дейінгі кезең-ата(әже)делініп-тұрмыс аясы-әулет атанған.Қазақтың кең өлкесінде бұларды құлпыртып әр түрлі атайтыны бар. Мысалы: балалық шақтың бөбектік кезеңін кей аймақтарда: «мың сұрақ жасы»,біреулер: «қарт әже жасы» дейді.Қай-қайсының да,дәлелі, өзіндік ерекшелігі бар.Ал,сәбилік кезеңнің басында,балалар: «мен,мен...»дегенді көп айта-тын болса,орта шағында «сен,сен...» деп соңында «ол,ол...»деп сілтей сөйлеуге құмар келеді.Сол себепті бұл кезеңді «үш жақ жасы» атайтындар бар.Ал,баланың еңбекке қатысу,араласуына сай,ата-аналар; «ермегім,қолғышым, атқосшым, қолғанатым,асырауышым» деп атап, олардың қозы жас жылқы жастағы міндетін атқаратын шаруасын ұқтырып,



үйреткен, әрі соған дайындаған.Бөбектің тілі шығысымен қоршаған ортадағызаттар мен денелерді,болмыс-құбылыстарды, өзгерістерді танып білуге талпынады,ол сөзбен өрнектеледі. Алайда тәжірибесі мен білімі жете бермейтіндіктен басқадан көп нәрсені әртүрлі жолмен сұрай береді.Мұны қазақ:«көп неге жасы,қадалған шеге жасы жабысқан кене жасы» деген ғой. Ал,өздерінен бір нәрсені басқа біреу сұрай қалса,білсін-білмесін тартынбай: «мен,мен айтамын» деседі.Осы кезеңде бала,білуге құштар,істеуге әзір,ойынға құмар болады. Уақыттың қалай өтіп кеткенін де білмей қалады Егер сол кезеңдегі баланың еңбегін төлеу қажет болса,есептей алсаңыз,ең көп «іс тындырған адам» сол бала болар еді.Сөйлей берген,істей берген, ақыры шаршап-шалдығып отырған орнында ұйқыға кеткен. Сондықтан осы жастағы бала қимылын, күйбеңдеген әже еңбегіне балап, «қарт әже жасы» дейтіндер бар. Сәбилік жастың орта кезеңінде, оларға(бірнешеуі қатар тұрғанда) қандай бір сұрақ қойсаңыз, оның жауабын айтуды бір-біріне сілтеп,«сен айтшы,сен айтшы» деп сылтауыратуға бейім тұрады, баяғыдағы «мен,мен» дейтін қызбалық қалып қояды. Ал,сәбиліктің соңғы кезеңінде «мен де», «сен де» доғарылып, «ол айтадыға» көшеді.(Үшінші бала қатарларында болмаса да айтылады.) «Үш жақ» жасындағы балалардың бір ерекшелігі осы болмақ. Қазақ қауымының қай кезеңінің алып қарасаңыз да,еңбектің көбін балалар еңсерген. Олардың тіршілік те алар орыны, әулеттегі қолғабысы орасан зор болған.Қазақ атамыз: «баланың ісі білінбес,тайдың мінісі білінбес» деген ғой.Әсіресе бақташылар мен бағбандардың, балықшылар мен диқандар үшін балалардың көмегі шексіз еді. Әрі өмірге дайындау,осы еңбекке жас өспірімді тікелей қатыстыру жолымен жүргізілетін. Сондықтан, баланың жасына сай, игертуге тиісті еңбек дағдысын уақытты ұтымды пайдаланып үлгерту ата-ана үшін қасиетті борыш,әрі парыз болған.Ал,ата-әже және әке-шеше үшін бала жасы оның еңбекке араласуына сай төмендегідей аталатын. *Ермегім, алданышым, қолғышым,қолғанатым, серігім, сүйенішім, асыраушым. Қолқанат бола бастаған шақта олардың жасы атқаратын міндетімен аталатын. Қозы жас;қой жас;жылқы жас;патша жас;аңдушы; қағушы;сұңқар:атқосшы;көрікші;соғушы;ауттартар;ескекші.* Жыл бойында атқарылатын еңбек науқаны, балаларға олардың жасына сай *еңбек мейрамын-(әулет мектебін) сыйлаған-ды.*Төл аяқтандыру, қырқын,төл пішу,шөп шабу,егін ору,соғым сою сияқты еңбек науқандары бітісімен,қазақтар, салттық мейрам жасап, оны әулет мектебіне айналдырған.Мысалы:сірге жинар,төстік қаптар, соғым бас,көгентүп жасау, пішен той,сабан той т.б. Қазақ ұғымында ең қызық,ең бақытты,ең жақсы дәурен сүретін жас-30-ға дейінгі жас.Алайда оның бір мүшел кезеңі балалық бал дәуренге тиесілі.Бірінші мүшелдің алғашқы бес жылы уайымсыз,риясыз өмір кешетін,күл шашатын,ойын қуатын,жерден таяқ жеп,мазақтамалар мен санамақтарға тілі әзер келіп, бал тілімен басқаларды мәз ететін жас. «Зыр жүгіріп дедектеп,Күлді әркімдер сөйлетіп,Балалық кезде ешкімнен, Именбедік көред деп,Жалаң аяқ,жалаң бұт, Тілі тәтті бөбек деп...»*Бұдабай Қабылов*(1848-1911)Ал,*Тұрмағанбет Ізтілеуов*(1882-1936) былай сипаттайды «Атаның әуелінде белінде еттің,Екінші ана қарны теңінде еттің, Тоғыз ай,тоғыз сағат,тоғыз күндей,Қадірлеп құдыретіңмен шегінде еттің, Бұрыннан қамқоршылық қылып бізге, Ананы ақ сүт беріп желіндеттің. Алты айда отбасына отырғызып, Жан-жаққа күл шашатын тегінді еттің. Жүргізіп жыл толған соң апыл-тапыл, Бойымды бұрынғыдан жеңілдеттің  Сөйлетіп екі жаста оны-мұны,  Тірліктің тілін түрлі кебінде еттің!*Мәделі Жүсіпқожаұлы*(1816-1888) : «Ал,енді тыңда келдік бір жасыңа, Қосылып балалардың іңгәсіна.Бір күні ә, дегенше екі келді,Аяқта әл,шама жоқ бір басуға.Торғайдай ұшып қонған үште келді,Сөйлеткен қызық-қызық тілді ашуға Бір күні төрелердей төртің келді, Күл шашып шарқ ұратын үй қасына.Бір күні бәйге кердей бесің келді,Ойнадық балалармен қыр басында,-деп үш жаста-торғай,төрт жаста-төре,бесте бәйгекер сынды балалардың жас ерекшелігін дөп басып айтқан.Жалпысынан алғанда,адамның жас ерекшелігі туралы пікір білдірмеген қазақта ақын жырау,би шешен сал-сері,ойшыл-ғұлама болған емес Балдырған бал-бөбектер кімге де ермек,әсіресе,ата-әже үшін тіпті орны бөлек.Сондықтан қазақтар: «Өз баланды өскенше асырайсың,немеренді өлгенше асырайсың» деумен қатар, немерені *бауырға басып,қолына*

*алатын* ғұрып қалыптастырған. Шөберенің өзің «ата баласы,осы шаңырақтың кенжесі»-деседі. Қарашаңырақты сол «кенжелер» басып қалатын-ды.Бұл өмір қажетінен туындаған ғұрып болғандықтан салтқа айналған.Қарттарға қолұшын беріп,майда-шүйде шаруаға көмектесіп тұратын,әрі оларға ермек,алданыш болатын,**көзі өткір,ойы ұшқыр,қозғалысы ширақ жас қажет**.Әжесі:*Ботақ,қайдасың?Көзі құрғыр көрмейді,мына инені сабақтап жібер! Ой,айналайын,сабақтадың ба?Жарығым менің, сен менің көзімсің ғой!*Атасы:-*Құлыным қайдасың?Тізе құрғыр тұрғызбайды.Демеп тұрғызып жібер,таяғымды алып берші! Ой,рахмет. Айналайын, атасының сүйеніші емес пе?*Осылай кезі келгенде бір-біріне демеу болу үшін,ата-әже немере-шөберені бауырына салып, шаңырағына ие болатын ұрпағын тәрбиелеп дайындаған. Қазақта отау иесін,шаңырақ иесін дайындау тым терең ойластырып, зор мән беріліп,жүзеге асырылатын үрдіс. Егер шаңырақ иесі дұрыс таңдалып,оңды дайындалған болса,қартайған шағында қарттар шалқып отырып балалрының бақытына бөленіп, қызығына батып,жасы келгенде бақиға армансыз,уайым-қайғысыз аттанатын болған.Қазақ үшін «бар игілікті жасап-жасап,кәдімгі адам болып өлгеннен» артық бақыт болмаған. Қазақбайдың інісі Зерделіге берген жауабын тыңдап көрелік.*Зерделі:-Несиеңіз тие ме?-деп, сұрағанда,Қазақбай қарт:- Жасымда несием,қартайғанда несібем екен.Үй тігіп,қымыз сапырып отырғаным соның арқасы-депті.Бұл сұрақ пен жауаптың табиғи мәнісі мынау екен.Несиең тие ме дегені-балаларың күте ме,жасыңда сіз оларды бағып-қағып өсіріп едіңіз,енді сол еңбегіңізді өтей ме дегені екен.Қария:-Дұрыс тәрбиелеп,жақсы өсірген бала,немере қартайғанда бақыт екен. Балаларымның қызығын көріп отырмын-дегені екен ғой!* Міне,қазақтың «балаларыңның қызығын көр» деген ақ тілегі осылай орындатын.

Шаруа отбасында тәрбие,үлгі-өнеге көрсету іс- әрекеті, әулет пен тайпаның, рудың шынайы өмір әрекеттерінен айырмашылығы аз еді.Тәрбие құралдарының аясы атам заманнан қалыптасқан шаруа отбасының қатынастар жүйесіне,еңбек қимылдарының ауқымында жүзеге асырылатын.Өнегелер міндетті түрде өмір белестерінде өріліп,тәрбие еңбек қимылдарының ауқымында жүзеге асырылатын.Мәселен бала қозы жасында-қозы бағып,бұзау қайыруға тиісті болған.Тезек теріп, шөмшек отын дайындау да,осы жастағылар үлесіне тиген.Мал сауып,төл бөлу,қозы көгендеп, құлын тарту қозы жасындағы балалардың басты еңбегі еді. Қазақ ұлы онға толысымен *қозы жасына* келді деп есептейді. Қазақ ұғымында,*азамат* қалыптасу негізі 3-13 жаста қаланады.Қозы жасындағы бала онбеске толысымен отау иесі делініп,қозы бағудан қой бағуға ауысады.Ол,жәй ғана солай ауыстыра салу емес,үлкен оқу,мұқият баулудың нәтижесі.Қозы бағу оңай болма-ғанымен,қой бағу тіптен қиын. Бұл жастағылар,ата кәсібін-маман иемденуі қажет.Сондықтан,он бес пен жиырма бес арасын *қой жасы* деген.*Он беспен жиырма бестің арасын қой жасы* деуі-бір қора қойды ит-құсқа жем қылмай,жоғалтпай бағу,жауын-шашында,боранда аман сақтау, азаннан қас қарайғанша жалықпай жанында болу,жалғыз жүру осы жастағы адамдардың ғана қолынан келеді. Бұл қой жасынан еті тірілер, шыныққандар, сенімділер ғана өтіп,*жылқы жасына* ауысады.Қашан да болмасын, жиырма бес жас- белдің бекіп, бұғанасы қатайып, өсіп жетілген, тебіннің күшейген кемел шағы. Ат құлағы көрінбейтін боранда, түкірігі жерге түспейтін қаңтардың сары шұнақ аязында. тұмсығына оқтаудай мұз қатқан, кірпігіне ақсүңгі қырау тұрған атпен жүріп үйір-үйір жылқыға ие болу,күртік қарды белуардан ойып тігілген қоста жатып, жылқы отарлату,ұтылап тосатын,ұлып артынан қалмайтын қалың қасқырға шалдырмай,екі күннің бірінде тебініп келетін сақадай сай жауға алдырмай жылқы бағатын,*жиырма бес пен қырық* жас арасындағы жігіттер ғана. Жылқы жасындағы қазақ,ата кәсіптің ең маңдайлысы-*жылқышы* мамандығына қол жеткізуі тиіс.Бірер дарындылары,осы жаста *атбегілік* өнерін игерген.Қырық пен алпыс арасын *пайша жасы* деудің өзіндік мәні бар.Қырықты қазақтар әспеттеп, қынынан суырылған қылышқа теңейді. Себебі, осы жастағы өнер иелері өрге жүзіп баршаға танымал болады, таланттылар атағы әйгіленіп, халық алдында көзге түседі, шешендері билік жасап, бағалана бастайды, көсемдері көзге түсіп,хан, сұлтан,болыс болып,ел басқарады. Алпыстан асқан соң *пайғамбар жасы* басталады.Бұл шығыс мұсылмандарына ортақ жас.



Осы жастағы қазақтардың,шындығында құлшылық,жасауіс-әрекетікемелденіп,нағыз мұсылмандық жолында қалтқысыз еңбек етеді.Аллаһ таһалаға жақындауниеті шын пейілмен,адал көңілмен жүріледі.Ал,жетпіс пен сексен арасы–*қазынажасы.* Қазақтар бұл жасты әр қырынан қарап, тым құлпыртып айтатыны да бар.Мысалы, *ақылгөй, данагөй,ақылман,білгір ғұлама жас*.Тоқсаннан асқандарын, қазақтар, *«бала жасын дағылар»,«маймыл жасындағылар» деп теңей айтады.* Бұл теңеудің де орны бар.Ол жастағылардан аланың да,маймылдың да мінезін,қимыл- әрекетін аңғаруға болады.Кей өлкеде–*абыз жас* дейді.Қазақта *мүшел жас* ерекше жиі қолданады және оны есептеу үшін *жыл қайыру* амалы енгізілген.Көптеген халық жылды мүшелмен есептейді. Он екі жыл уақыт *мүшел* деп аталады. Мүшелдегі жылдар он екі түрлі жануардың атымен аталадыБұлардың алтауы-үй жануары, алтауы түз тағысы.Осы кезде,кәзіргі жыл санау мен ескі жыл айыруды кестелеп пайдалану жиі қолданылуда. Мүшелдегі жылдардың ретін еске сақтаудың оңай әдісі бар.Ол үшін мына бір шумақ тақпақты жаттау керек.

Түйе сеніп бойына,
Қалған ұмыт жылдардан,
Жатпа қарап,мойыма,
Тайма иеніп ділмәрдан./С.Мұқанов/

Осы шумақтағы әрбір сөз жыл санауда қолданылып жүрген жануарлар атының алғашқы әрпінен басталады.Түйе-тышқан, сеніп-сиыр,бойына-барыс, қалған-қоян, ұмыт-ұлу, жылдардан-жылан, жатпа-жылқы,қарап-қой, мойыма–мешін, тайма-тауық, иеніп-ит,ділмәрдан-доңыз. Бірінші мүшел-13 жас(балалық шақ, азамат қалыптасудың іргe тасы қаланады Қазақ атамыз,сәбилік , балалық шақтан соң жастық шақты атайды.Ол-онбестен жиырма бес жасқа дейін Екінші мүшел-25 жас.(Ұлтжандылықтың ұшқыны қоздайды.) Бозбалалықтан өтіп, (бойжеткен, қалыңдық атанудан өтіп жар болған жас) жігіттік жетілу,азаматтық нығаю, ада мгершілік толысу жасы.Қазақтың бәрінің шаттықпен еске алатын қайрат-күштің,талап жігердің алаулау жасы. Есею шақ жиырма бестен отыз үш жасқа дейін. Кемелдену шақ-отыз үш жастан,жетпіс төрт жасқа дейін. Үшінші мүшел-37жас. Алды-артына көз тастап,ой жүгіртетін,ақыл тоқтатқан, азамат атанған,«орда бұзуға да»- қайрат-күші жеткілікті,нағыз жас қазақ. Төртінші мүшел-49 жас. Елағасы болуға жараған,өнердің асқарына шыққан, орта жастағы толысқан қазақ Бесінші мүшел-61 жас. Дәулет ырысы молайған,адамдық барлық қасиет толық қалыптасқан,ақыл-ойы кемелденген, «алпысқа келгеннен ақыл сұра» деуге тұрарлық асыл қазына жасы.Алда пайғамбар жасы тұр. Дән -дәулет,ырыс-береке,мал-мүлкі молайған,тамыры тереңге кетіп, бұтағы төрт құбылаға тең тараған ата қазақ.Алтыншы мүшел-73 жас.Үрім бұтағының келешегіне үнемі көңіл бөліп, қайғы уайым ойлайтын,күш қуатына шек келтіре бастаған, қарттық жасы таянған,ақсақал қазақ Жетінші мүшел-85 жас. Қарттық жас. Қазақ дұрыс қартая білген.Бұл жаста қазақ ақ өңді киімдерді тұтынатын,қол-аяғын,үсті –басын мұнтазадай таза ұстайтын, бала-шағасы жас баладай мәпелеп, асырап-сақтап, күтіп-бағатын ақуыз балапан жас.Қосағымен қоса қартайған нағыз бақыттылар жасы.Өткен шақта, қазақтардың орта жасы осы 75 жас сияқты.Себебі, қазақ азаматы үш ат қартайтуы тиіс екен,Нағыз сайгүлік 25 жасайды десек он жасынан ат мінген қазақ осы жетпіс беске келуге тиіс.Қазақтар арасында, ат қана емес, ер азаматқа әйел қартайтуы тиіс деген ұғым бар.Осыны еске алып есептесең де 75 қазақтың орта жасы болған. Кәрілік жетпіс төрт жастан басталады. Қарттар-тарих, қазына,ел қазығы.«Есік алды төбе болса,ерттеп қойған атпен тең. Ақылды қартың болса, жазып қойған хатпен тең»,«Ақылды қария-ағып жатқан дария», «Қариясы бар үй-құты бар үй» екені ақиқат. Аталарымыз:«Жас кезімде бейнет бер,қартайғанда дәулет бер» деп тілей. жүріп,қарттық келмей қоймай-тын табиғи құбылыс екендігін түсінген.*Асыл қарттарымыз-ұлы бәйтерек болса, біз соның бұршігіміз.Қыңырды жөнге,қисықты төзге салған,осы қарттардың жолымен талай ұрпақ тәрбие алып,өнер-білімнің жолын тауып,шыңдалып жетілді,тасты тесіп өскен шынардай заңғар да,айбынды қазақтар- бабалар сынығы, асылдар тұяғы*Халық өз ұрпағына қайырымдылықты ес біле бастағаннанүйретіп тиісті талапқою,дағдыландыру арқылы,оныңтұрм

ыстық салтына,адамгершілік дәстүріне енгізе білген.Адам өміріндегі ең ізгі істердің бірі-қарттарға қамқорлық көрсету болмақ. Отбасындағы үлкеннің кішіге көрсеткен қамқорлығы, кішінің үлкенге көрсеткен ізеті,бір-бірімен үйлесіп, баланың ата-анаға, әке-шешеге,өз кезегінде,оның бала-шағасына мейір-шапағатыұласып,ер азаматтың еліне қызмет ету қайрымдылығының қайнар көзіне айналады.Абызақсақалды, шежіре кеуделіанасы бар шаңыраққа бас сұқсаң,ашулы кітап, шашулы қазынаға тап боласың. Мұндай отбасылар саны азайғанмен,Аллаһқа тәубә, жұрнағы үзіле қоймаған,жалғасы жапырақ жайып келеді. Ал,100-120 жасқа келген қазақтар бұрын да болған,кәзір де бар.Сегізінші,тоғызыншы,оныншы мүшелер 97,109,121 жасқа сәйкес келеді.Олар адамның ұрпақ сүю,немере шөбересінің қызығын көру,бақытқа кенелу жас,абыз жас.Абыз жасына жеткен кез-келген қазақ –адамтанушы.Ол жасты келешекте кім болатынын жазбай танып,батасын бере алатын болған. Қазақ танымында әр жылдың құт берекесі,игілік несібесі бар. **Тышқан** жылы-тірлікті жыл.Құштарлықты-бірлікті біл.**Сиыр** жылы-еңбекті жыл.Сыйлы жыл боп еңбек бұл жыл.**Барыс** жылы сәтті құтты.Баян етер сәттілікті.**Қоян** жылы құт қонады.Кейде малға жұт болады.**Ұлу** жылы әрекетті.Ұлғайтады берекетті.**Жылан** жылы құрғақ болар,жылға дымы құрғап қалар.**Жылқы** жылы-мархаббатты.Жырғап өтер әр талапты.**Қой** жылы мол өнім болар,қораларың төлге толар.**Мешін** жылы бақ жарасым.Мереймен іс атқарасың.**Тауық** жылы –арманды жыл.Тауып істі шаруаңды біл.**Ит** жылы тым мазасыздау.игермесең азасың-ау! **Доңыз** жылы-байсалдылық,Дос табады жайсаң құлық.Аталарымызжыл қайыруды ауызша өте жылдам жүргізетін. Олар жасын сұрағанға: жылы не екенін ғана айтатын. Басқаның туған жылын анықтағанда қай жылғы екенін білсе жеткіліктіболатын,қалғанын өзі есептеп алатын. Қазақ адамтанушылары жұлдыздама ашып,балалардың бейімділігін,икемін анықтап,оның келе-шегіне болжам жасайтын.«Жұлдыздама» атты адамтану қазақ ілімі ұлт өкілінің өсіп жетілу,нығайып кемелдену,жан дүниесінің өзгешелігін, мінез бітісінің ерекшелігін тамаша талдап, этнопсихологиялық мәселелерді әжептәуір шешкен.Осы күндері қарттарымыз жыл қайыру үшін,әрқайсысының қолында қол телефон болғандықтан.өздері жасап алған кестені көбірек керектенуде. Аталған жыл цифрін он екіге бөледі де,қалдығына қарап қандай жыл .екенін біле қояды. Мысалы;2016:12=168қалдық 0-.мешін,қалдық-1-тауық,2-болса ит, 3-болса доңыз,4- болса тышқан,5-болса сиыр,6-болса барыс,7-қоян,8-болса ұлу,9-болса жылан,10-болса жылқы, 11-болса қой.Бүгінгі қарттарымыз,бүкіл халық болып,ел болып дінімізге бет бұрғандықтан күн тізбегін Хижра жылы бойынша есептеуге де жаттығып алды.Тіпті ауыз ашу,сәре ішу,намаз уақытын да болжай алатын,дәл білетін дәрежеге жетеқабыл болған.Бұл істе,мұсылман мәдениетін тарату,қолдау орталықтарының көмегі шексіз.Біздің заманымыздың 622 жылы арабша бірінші жыл болып есептеледі.Бұл жыл яғни 622 жылы шілденің 16 жұлдызында қараған түні Мұхаммед(с.ғ.с)Меккеден Мәдине қаласына көшті.Хижра күнтізбесі осы күннен басталады. Хижра (хижрат)араб сөзі, туған жерінен көшу,елінен ауу деген мағынаны білдіреді. Хижра мен Григорий күнтізбе аралығындағы айырмашылығы мына амалмен есептеледі. Мысалы хижраға - 1434жыл,біздің 2013:Ал,біздің 2014 жыл хижраша 1435, 2015 жыл-1436,2016-1437.Есептеу амалы;1437-ні 33-ке бөл.1437:33=43 бүтін 28 қалдық 1437 ден 43 –ні шегер.1437-43=1394, оған622-і қос.1394+622=2016 шығады. Григорияншa 2015 жыл хижраша нешенші жыл? 2015 тен 622-ні шегер2015-622. =1393.Айырманы 32-ге бөл. 1393:32=43(17)оны1393-ке қос1393+43=1436.. Демек 2015жыл хижраша 1436 жылекен.«Адам өмірі» деген деген ертегіге зер салсақ, жаратушы адамға 30 жас беріп,былай деген екен: «Сен адам,жаралғандар ортасында түр-сипатың артық.Басқа мақұлықтар бәрі сенен төмен болып,сенің әміріңде болады, олардың баршасына сен үкім қыларсың.Саған сөйлеуге сөз,ойлауға ақыл бердім.Тепсең темір үзетін күш-қуатың бар,жұмыс жасарлық аяқ-қолың бар.Жарық дүниенің патшасы өзің боларсың!
Алайда,адам азырқанып,алмай кеткен басқа жануарлардан жас қосып алған екен. Мәселен, есектің жиырма жасын,иттің 20 жылын,маймылдың 30 жасын жалынып сұрап алған адам 100 жасайтын болған.Адам 30-50 жас аралығында есектей ауыр жұмыс жасап көп мехнатпен



| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тышқан | 1924 | 1936 | 1948 | 1960 | 1972 | 1984 | 1996 | 2008 | 2020 | 2032 | 2044 | 2056 | 2068 | 2080 |
| Сиыр | 1925 | 1937 | 1949 | 1961 | 1973 | 1985 | 1997 | 2009 | 2021 | 2033 | 2045 | 2057 | 2069 | 2081 |
| Барыс | 1926 | 1938 | 1950 | 1962 | 1974 | 1986 | 1998 | 2010 | 2022 | 2034 | 2046 | 2058 | 2070 | 2082 |
| Қоян | 1927 | 1939 | 1951 | 1963 | 1975 | 1987 | 1999 | 2011 | 2023 | 2035 | 2047 | 2059 | 2071 | 2083 |
| Ұлу | 1928 | 1940 | 1952 | 1964 | 1976 | 1988 | 2000 | 2012 | 2024 | 2036 | 2048 | 2060 | 2072 | 2084 |
| Жылан | 1929 | 1941 | 1953 | 1965 | 1977 | 1989 | 2001 | 2013 | 2025 | 3037 | 2049 | 2061 | 2073 | 2085 |
| Жылқы | 1930 | 1942 | 1954 | 1966 | 1978 | 1990 | 2002 | 2014 | 2026 | 2038 | 2050 | 2062 | 2074 | 2086 |
| Қой | 1931 | 1943 | 1955 | 1967 | 1979 | 1991 | 2003 | 2015 | 2027 | 2039 | 2051 | 2063 | 2075 | 2087 |
| Мешін | 1932 | 1944 | 1956 | 1968 | 1980 | 1992 | 2004 | 2016 | 2028 | 2040 | 2052 | 2064 | 2076 | 2088 |
| Тауық | 1933 | 1945 | 1957 | 1969 | 1981 | 1993 | 2005 | 2017 | 2029 | 2041 | 2053 | 2065 | 2077 | 2089 |
| Ит | 1934 | 1946 | 1958 | 1970 | 1982 | 1994 | 2006 | 2018 | 2030 | 2042 | 2054 | 2066 | 2078 | 2090 |
| Доңыз | 1935 | 1947 | 1959 | 1971 | 1983 | 1995 | 2007 | 2019 | 2031 | 2043 | 2055 | 2067 | 2079 | 2091 |



ғұмыр кешеді.50-70 жасқа дейін адам,өзінің үй маңындағы оны-мұныларын қарап күзетуге,бас-көз болуға құмар. Кейде не болса соны кәдік көргіш келеді.Сол кезде кім болса соған айқайлап,сүйекке таласудан таймайды.Бұл адамның иттен алған жасы болмақ.70-тен асқан соң адам аз-аздап ақылынан айрылады.Бала тәрізді болады.Ол уақытта белі бүкірейіп, денесі иіліп те кетеді.Балаларға әңгіме,ойын болады,бұл маймыл жасы екен. Адамның жас ерекшелігі мен оның сипаттамалары туралы ұғымдар тым мол.Бір ақын қыз: «5 күшік, 10 ит,20 бөрі,30 арыстан, 40 қабылан,50 өгіз,60 арқан,70 тұсау,80 шідер,90 торғай, 100 жұмыртқа» деп адамның жас ерекшелігін,күш-қуатын жасырып жұмбақтаған.Сонда қарсылас ақын: «5 жаста адам мысалы күшік мінезді,10-да иттей,20-да бөрідей,30-да арыстандай,40-та қабыландай,50-де күші мол өгіздей,60-та аттай арқандалады,70-те оның үстіне тұсауланады,80-де арқан,тұсау үстіне шідер салынады.90-да торғайдай халі болады,100-де шертіп қалсаң жарылатын жұмыртқадай қауқары қалады» деп шешкен. Шалақын(1748-1819) толғауларында нәресте,бөбек, сәби, бозбала жан дүниесінің қалыптасу, даму ерекшеліктері хақында да салиқалы ой түйіндері кездеседі

Үш-төртте талап еттім асық жинап,
Жүгірдім жалаң аяқ жанды қинап.
Бір жаста ,екі жаста бесіктемін,
Бес жаста тәңір берген несіптемін.
Алты жаста қайыңның тозындаймын,
Он жаста сүт емген қозыдайым,

Он бесте жарға ойнаған лақтаймын,-деген өлең жолдарынан бала сана-сезі-мінің даму дәрежесі,ішкі сыртқы әсердің оған ықпалы жалпы түрде болса да аңғарылып тұр. *Шернияз Жарылғасұлы*(1807-1867) жігіттік кезеңді былай сипаттаған:*«Шабатұғын қылышпай жылтың өткен 25,орда бұзған 35,қынсыз қылыш 45,емен шоқпар 55.»*Адамның жас ерекшелігі туралы Әйгілі Жетес бидің сөзін мағыналы тұжырым деуге тұрарлық. *«Онға келдім ойнадым, қызығына тоймадым.Жиырмаға жеттім-бойладым,онда да балалықты қоймадым.Есейе келе жақсы сөзге сүйсіндім, жаман сөзге күйіндім,барымды бойға киіндім,сұлу-қыз келіншектерге шүйілдім,жаушарыма түйілдім. Отызға келдім-алтайы қызыл түлкі болдым;қыран бүркітке алдыр-мадым,құмай тазыға шалдырмадым,қатар құрбының көңілін қал-дырмадым.Қырыққа келдім арғымақтай аңқылдадым,тау тасын-дай саңқылдадым,ақ алмастай жарқылдадым,құз қыранындай шаңқылдадым ,барымды жоқ деп сарқылмадым.Елуге келдім биік қырға шықтым,арғы жағының алыс-жақынын байқамадым, дө-улетімді шайқамадым.Алпысқа келдім-алты тарау жолға түс- тім; қайсысының алыс-жақынын білмедім.Жетпіске келдім жең-ілгенімді білдім, бала мен келінге билігімді бердім, айтқанына көндім,айдауына жүрдім.Сексенге келдім-оң жағым от,сол жағым су ,алдым жар,артым құз қалай қозғалсам да тірлік деп біле алма-дым,-деген екен.*Осы және басқа дәйектерді ескерсек,әрбір он жасты адам ғұмырының бір белесіне балаған,қазақ адамтанушыларының сипаттамаларының негізгі мазмұны бір екенін аңғаруға боладыОлар ортақ ойды, әртүрлі теңеу, көркемдік әдіспен құлпыртып ұсынған.Адамзатқа ортақ,оның жандүниесін,ерекшелігін танып білетін әдіс-тәсілдердің,қағида-ережелердің бар екені белгілі.. Ал,қазақ халқында оған қоса тарихи-жағарафиялық ерекшелігіне және тіршілік тынысына сай келетін ережелер мен қағидалар, амал-тәсілдер бар екендігі айқын.Қазақ адамтанушылары-қауым ортасында сыншы (сынақшы дейді кей аймақтарда) деген атпен белгілі.Жалпы қазақ қауымында адам сыншысы,ат сыншысы,құс сыншысы,түс сыншысы(түс жорығыштар),жұлдыздамашы, жауырыншы, құмалақшы,санақшы,оташы,бақсы-бәлгер,тәуіп-көріпкел,көзбайлаушы, емші-домшы,сәуегей,әулие сияқты ерекше дарынды адамдар аз да болса болған еді, бар еді.**Адамтану қазақ ілімін өмірге келтіріп,өсіріп дамытқан осылар еді.**Бұл асыл мұра қордалана келе қомақты білім қорына айналған.Оларды жинақтап теріп, бірі-біріне үйретіп ұқтыратын,айла-амалдары да болған. Мысалы,түрік заманында,



қазіргі Саян-түркілерінде сақталған аңызға қарағанда екі жұма ғана оқытатын «бақсылар мектебі» болған.Д.Банзаров,Ш.Уәлиханов,Ә.Дибаев еңбектерінде,қазақ бақсыларын көзімен көріп,өнеріне тамсанған Г.Н.Потанин, П.П.Семенов-Тяньшанский сипаттамаларына сүйен-сек,бақсы-талантты адамдардың ұзақ уақыт оқып жаттығу нәтижесінде игеріп меңгеретін,тым күрделі мамандық,асқақ өнер, тұқым қуалайтын,оқып үйренуден гөрі тоқып дағдылануы басым болған,Жаратушыдан арнайы жіберілген, аруақ аян беріп,жын қонғандар игеретін ерекше өнер,арнайы кәсіп. Ш.Уәлихановтың суреттеуінше,«...бақсы тылсым дарыған білгіш,оның ой-санасы өзгелерден ерекше тұрады,өзі ақын,өзі музыкант,өзі болашақты болжайды, әрі дәрігер болады. Қазақ арасында әрбір кісі бақсы бола бермейді.Бірақ,үш атасынан жалғасқан бақсылар қазақ рулары арасында аз да болса болған.Қ.Жұбанов:«Ноғайларда бақсы музыкант,көркемөнерші мағынасында қолданылатын белгілеген.Түркімендерде бақсы аталатын музыкант жәй өнерші, жәй музыкант қана болып қоймайды.Осы күнгі түркімендер музыкантты, «бақшы» дейді.Осы күнгі сібір елдерінің көпшілігі-алтай, ойрат елінде музыканы көрінген кісі ұстамайды,ол елдерде музыкант тек шамандар ғана болады Қария сөз айтушысы, тарихи оқиғаларды жырлап беретін жыраулар оларда тұқым қуалап отырады.Бірден-бірге үйрену, белгілі школа болу, профессионализм күштірек. «(*Қ.Жұбанов. Шығ., А.,1970 19-б*)-деп белгілеген.Тәңірімен,аталар рухымен «тілдесе» білетіні адамның жан күйін өзіне болжайтыны бағындырып,шешен толғай-тыны,болашақты оларды ел басқарушылар алдында қадірлі көрсеткен.Сондай ұлы бақсылардың бірі-керейлердің (урианқай) атақты жырауы Төбе тәңірі (шын аты Көкше тәңірі) Шыңғыс ханға кеңесші болған. Атақты бақсы жасырын сырды айыра білетін керемет иесі саналған,өзін «Мен тәңірінің өзімен тілдесемін, көкке шығып жүремін» деп дәріптеген.«Бақсы» болушыларды арнайы орындарда, яғни мектептерде дайындайтын болған деген тарихи деректер кездеседі.Бақсылық шәкірттерге, дәуперім бақсы өнерін жетік меңгерген ғұлама бақсылар сабақ беретін болған.Оған кейбір деректердегі: «Кезінде күллі көшпенділер әулетінің бақсыларын дайындайтын орыны, яғни оқу орыны-мекені Байкөл (Байкал) көлі маңайында, Амар (Жайсаң Тынық) өзені жағасындағы ну орман ортасында болғаны жайлы да жазба деректер баршылық.Бұл бақсыларды арнайы қажетті адамдар деп көрушіліктен туындаған қажеттілік болмақ. Орта ғасырдағы күллі көшпелілерге аты әйгілі Көкеші бақсыны осы мектептің түлегі деген де болжам айтылады» (Бицұмар Кәмалашұлы). Ол Шыңғыс ханның ордасында отырып, «сен дүние жүзін билейсің» деп сәуегейлік жасаған делінеді. Төбетәңірі қыстың суық айларында көтеріліп, Керулен өзенінің мұзына жап-жалаңаш жатқанда оның денесінің жылуына мұз еріп, буы бұрқырап аспанға көтеріліп жататын болған. Ханның өзіне қарсы келіп айтатынын айтып салатын, арынды, тура. бақсы болыпты Бір соғыста ол, жайдың көк тасын өз әскерінің төбесіне түсіргендіктен,хан оны өлімге бұйырады. Төбе тәңірімен қатар шыққан ұлы бақсының бірі Есей Бұқа Оқтай заман-ына дейін жасады. Бұл ұлысқа **тәрбие беруші-өзі ғалым, өзі ұстаз, жырау**. XIII ғасырдың отызыншы жылдары ол әбден қартайып,әржерге күймеге отырып барып жүрді.Оның туып өскен жері осы күнгі Алакөлдің төңірегі. (*Ә.Марғұлан . Ежелгі жыр аңыздар,А., 1985 . 212-б.)* Бақсылар өз кереметтерінде өз қарнын өзі жарған. Басып жатқан албастысын қуып, қобызының үні арқылы босана алмай жатқан әйелдерді аман босандырған. Болжамдарды дәл айтқан. Қобызын тарта отырып, қылышын аузына кіргізген, қып-қызыл боп отта қызған темірді жалаған, қызыл шоқтың үстінде жалаңаяқ жүретіндер де болған. Сондай-ақ бақсылар өздеріне ғайыптан келетін алып күш иесі екенін жұртқа таныту үшін үлкен ағаштарды, темірді бармағымен, қолымен иген әрі сындырған.Жұдырығымен тасты ұрып күл-талқанын шығарған. Қобызда ойнап отырып немесе кітабы бойынша дұға оқығанда киіз үйді тік көтерген.Өздері киіз үй төбесіне жәй ағаштың көмегімен шығып кеткен.Неше түрлі ғаламат үн, алапат жарқыл шығарып үй ішінде ойнақ салғанда, жұрт арасында осындай жойқын сиқырлық күш иелерінен сескену де пайда болған.Әйтсе де бақсылар халықтың ғаламат ғажайып өнер көрсететін ең құрметті адамы болды.

Бақсы адамдар үшін табиғаттың тылсым күшін пайдаланып,ауыр сырқатына дауа іздеген сенімді дәрігері әрі құтқарушысы болды.Бұл ғылым дамымаған кезде халық денсаулығының сақшысы болған бақсылардың халқына көмегі еді.Тәңірге табынушылардың сәуегейі, бақсылардың пірі Қорқыт ата болды. Қорқыт ата бақсылық өнерінің атасы әрі негізін қалаушы да.Өз заманында **Қорқыт ата** басына төнген қауіптен қорықпады.Ол өлмейтін, мәңгі жасайтын өмірді іздеп, өліммен қашумен болды. Бұл бір адамдарға адасу тән болған, қоғамды надандық жайлаған жаһилет заманында Құдай заңына қарсы шығудың көрінісі іспетті еді. Ешкімнің де батылы бармас, көзсіз қайсарлықтың Қорқыт ата бойынан табылуы оның шынымен-ақ табиғаттың тылсым сиқырлы күшіне сенгендігі ме деген ойға қаласың.**Қорқыт ата** өзінің қобызының үнін зарлата, мұңдата, жер бетін тебіренте және адамдарды артынан ертіп жылата жүріп, өмірін өте ауыр тағдырмен өткізді.Ол уайымсыз, ұрыссыз, қайғысыз, тыныш, еркін өмірді іздеді. Соны аңсап жержаһанды шарлады.Ол өлімді бір зұлымдықтың басы деп түсінді Қысқасы,**Қорқыт ата** адамдарға өз қолынан мәңгілік өмір сылай алмаса да артына, дертке дауа іздеп адамның тұла бойын шымырлататын зарлы күйі мен қобызын қалдырды. Осы мұрасын пайдаланған бақсылар ауру алдында Қорқыт күйін қобызы арқылы тартып, көмекші "рухтары" арқылы дертке дауа іздеді. Бақсылар емшілікпен қатар, балгерлікпен де шұғылданған. Олардың келешекті болжайтынына,**адамның тағдырын шешіп, оның ойын сезіп тұратынына, өткен өмірін де ашық айтып бере алатынына, табиғи құбылыстар тудыра алатынына, жын-шайтандарды қуатынына халықтың белгілі бір бөліктері бұрын да, кейін де сенді.** Оған негіз де жоқ емес еді. Адамның өз табиғатындағы ғылым ашпаған жұмбақтар әлі толып жатыр.V ғасырдағы ғұн патшасы Еділдің айналасында көптеген даңқты бақсылар болған. Олар әрбір күрделі оқиғаларды күні бұрын болжап, патшаға жеткізіп отырады екен. 451 жылғы Каталаун шайқасының тағдырын Бақсылар құмалақ ашып, бірнеше күн бұрын айтып берген. Болжам дәл келген. Бақсылық тұқым қуалайды, ол адал, жаны таза, иманды адамдарға қонады, өз жолын дұрыс ұстай алмаса "қасиеті таяды" немесе"бақсылық буып" кемтар болып қалуы да мүмкін. Шынайы бақсылардың алдамшы, көзбояушы емес, психикалық жаратылысы ерекше жандар екендігі-ғылыми тұрғыда дәлелденген. Адамға бақсылық қонғаннан кейін тазалық сақтап, бойына қонған жындармен көмекші рухтарын үнемі риза қылып, «ренжітпеуі» талап етіледі. Олай істемеген жағдайда ол адамды «жын буып», ауруға душар етеді. Неғұрлым күшті бақсының жындары да көп әрі әлеуетті деп саналады. Ел ішінде жауырыншы, тамыршы, есепші, алақан-саусаққа қараушы секілді бал ашушылар кездеседі. Осыған қарамастан қарапайым жұрт көбінесе құмалақшы көмегіне жүгінеді. Қысқасы, қырық бір құмалаққа сенетіндер саны аз емес. Бұл көріпкелдік түрі тек бізге тән емес көрінеді.Құмалақ салу ісімен Орта Азия мен Кавказ, Үндістан мен Иран, Тибет пен Корея, Жапония мен Америкада болғандығын тарих беттерінен жақсы білеміз. (Қазіргі таңда оған елімізде мән беріліп келеді. Дегенмен, кейбір жағдайда оны тек пайда табудың көзіне айналдырып алғандар аз емес.) Қысқасы, құмалақшы деген ұғымның пайда болғанына қаншама ғасырлардың жүзі болды.Ол ерекше қабілеттің бірі болғандықтан халқымыз бен бірге жасасып, келеді. Ғалымдар бал ашуды негізінен астрономиялық және астрологиялық деген екі үлкен топқа бөліп қарастырады. Бал ашу іштей түр-түрге бөлінеді. Атап айтқанда, **геомантия** жердегі өзгеріс әрекетті, қимыл-қозғалыстарды бақылайды.Ал,**хиромантия**-алақан, саусақтарына қарап, болашақты болжайды деген ұғым бар. Сондай-ақ, . **арифмантия**-нақты есепті болжам жасайды.Он сегіз мың ғаламды толық танып, біле алмай келеміз. Адамның ақыл-ойы қанша жерден дамып кетті десек те, аспан әлемінің қыр-сырына қанығу қолымыздан келер емес. Зеңгір көкте әзірге зердеміз жетпей жүрген жайлар баршылық. Бәлкім, ғылым мен технология қарыштап дамыған бір заманда бәрінің кілті табылып қалар.

Қазақ халқында осы айтылған, балгерлік, көріпкелдік, адамтанушылық талпыныстың бәрі болған.Оның бір түрі бір дәуірде өршелене дамып кетсе,бір дәуірде құлдырап келіп жойылып та кеткен. Қазақ халқының даналығы табиғаттанудағы, адамтанудағы, өнер



табудағы, ағартушылықты жетілдірудегі ойшылдықтан, талпыныстан құралды, тірлік пен рухқа сүйенерлік сенімде жалғасын тапты.Қазақ адамтану ілімінің кейбір өзгешеліктерін атайық. **Бірінші**.Тәнтану мен жантану арасындағы айырмашылық тым айқын емес,ауырудың негізгі белгілерін танып білу жорамалға жақын.Емдеу амалы дәрілік негізден гөрі жансезімдік әсерді басымдырақ таңдаған.Алайда,табиғи ем дәрілерді өздері жасап,әрі табиғаттан тікелей алып керектенгендіктен өте тиімді болған.

**Екінші**.Адамтануда,әсіресе,ұландар мен бүлдіршіндердің келешегін,олардың ықшам-ыңғайын,бейім-бағытын, жан-жақты бақылап,ұзақ сынау ,терең талдау негізінде толық анықтай алған. **Үшіншіден**. Қазақтың адамтану ілімі табиғаттанумен астарласып жатады.Анығырақ айтқанда малтану қазақ білімі күнделікті тіршілік жағдайында үнемі айқындалып отыратындықтан,жүйрік-жорға сайгүліктерді айырып білгіштер,қыран-құс алғыр тазыларды сынаушылар,емдік дәрілік шөп өсімдіктерді танушылар,аң-құс,жан-жануарлардың ағзалары мен мүшелерінің,коректік-тағамдық артықшылығын,емдік қасиетін танығыштардың жинақтаған білімі-адамтанығыштарға, емшілерге үнемі көмек болып отырған. **Төртіншіден**.Қазақтың сал-серілері,би-шешендері,абыз-қариялары-өздері шынайы адамтанушылар болумен қатар,билік-кесімдерінде,еңбек-шығармаларында,іс-әректтерінде бақсы-балгер,көріпкел-диуана,емші-сынақшылардың адамтану жөніндегі білімдерін өте орынды пайдаланып отырған.**Бесінші**. Адамтану қазақ ілімі екшеліп іріктеліп,бір жүйеге келтіріліп,толық танылып,қажет етуші адамдарға қолғабыс боларлық,көмегі тиерлік дәрежеге жетпей отыр.Ғылыми айналымға толық түсу үшін байсалды зерттеулерді қажет ететіні түсінікті. Бұлай жасаудың өзі көпжақты қиындықтар мен бөгеттің, әлсіздіктер мен пәрменсіздіктің,шылауынан шыға қою оңай болмас. Біз осы кітапшаны жазуда,азды –көпті пайымдау жасауда,алға қойған негізгі мақсатымыз:адамтану қазақ іліміндегі жас ұрпақтың өмірлік жолын,мінез бітісін,жас ерекшелігін, икем-ыңғайын, тума-талантын бажайлау, бейімділігін пайымдаудағы ұлттық тәсілдер мен мінез-құлық,әдеп әдеттерін игертудегі сана-сезімдік бағдарларын бағамдау болып табылады .Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің 1879 жылы Орынбордан шыққан, «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығында «**Қазақ халқы азбаған, табиғи таза халық. Оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспа-ғына сия алмайды: ой-пікірі еркін; оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр**»деп жазған.«**Бұрынғы уақытта**-деп жазды Ж. Аймауытов пен М.Әуезов «Қазақтың өзгеше мінездері» деген мақаласында;-**қазақ елі ұйымшыл, ері жауынгер, биі әділ, намысқор, адамы ірі, бітімді, қайратты, сауықшыл ел болған екен. Досымен достасып, жаумен жауласуға табанды, қайғыра да, қуана да білетін халық екен** »-дейді.Ал, М.Қашғари,өзінің сөздігінде: "**Түркілер көрікті, өңдері ұнамды, жүздері мейірімді, әдепті, үлкендерді құрметтей білетін кішіпейіл,уәделеріне берік тұратын мәрт және сол сияқты көптеген жақсы қасиеттерге ие болған ашық-жарқын жандар**"-деп белгілеген.Арабтың атақты жазушысы әл-Жаһиз«*түріктер-жалтақтауды, жалынуды,жылтыр сөзді,опасыздық, -сатқын-дықты,өтірік айтуды,сенген адамдарына тәкаппарлық көрсету мен жамандық жасауды, арам ойлауды білмейді*» деген.Поляк жорналшысы А.Янушкеевич: « *Қазақтардың ақыл-ой қабылетінің зорлығына барған сайын менің көзім жетуде.Сөздері қандай жеңіл! Әрқайсысы айтайын деген ісін түсіндіруге де,қарсыласының дәлеліне тойтарыс беруге де шебер, тілті, балаларының ақыл-есі де тез жетіледі*»-деп жазды.Осы қасиеттер ген арқылы бүгінгі қазақ халқының бойына беріліп отырғандығы сөзсіз.Тектен дарыған қазынамызды тәрбиелеп, келер ұрпаққа қалдыра алсақ игі.Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне грек философтарынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған Фараби еңбегі ерекше.Анығырақ айтқанда,адамтану қазақ ілімінің түп-тамыры өте тереңде,әрі тым тұғырлы да, негізді.Айталық,Фараби бабабымыз: «**Адамның кемелдігі неде?**» деген сұраққа жауап іздейді. «**Балық су үшін жаралған, құс ұшу үшін, ал, адам бақыт үшін жаралған**» дейді. « **Бақытқа қалай қол жеткізуге болады?**» деген сұраққа

**«Білім мен мінез- құлық арқылы» дейді. « Ол білімнің мәні қандай? Бақытқа апаратын мінез- құлық қандай?»  деген сұраққа «ізгілікті мінез-құлық, рухани білім» дейді. «Оған қалай қол жеткізуге болады?»  деген сұраққа « Оған: ізденіс, *тәрбиелеу өнері*  және оқу арқылы жетуге болады.» деп түйіндейді.Ол: «"Біз жақсы мінез-құлық пен ақыл-парасатқа не болған кезде солардың арқасында міндетті түрде бақытқа жетеміз...Бұл екеуі бар кезде біздің өзіміз және іс-әрекеттеріміз үстем де кемел болады, осылардың арқасында біз шын мәнінде қастерлі, қайырымды, инабатты боламыз"-деп ашық көрсеткен.Олай болса, адамтану қазақ ілімінің ғылыми негізін салып, тұжырымдарын пайымдау,сол арқылы тәрбиелеу амал-тәсілдерін дұрыс таңдап алу қазақ педагогикасында ертеден тиянақталған байырғы   әдіс-айла еді.Оны елеп-екшеп, замандық талап тілек, мүдде-мұратқа икемдеп  игілікке жарату  бүгінгі ұрпақ өсіріп тәрбие жүргізуші барлық адамдардың оларға қол ұшын беріп,көмек көрсететін мамандар мен зиялы қауымның басты міндеті болып отыр.**

Æ.:   Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі– Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. Б.Қалиев.. 2014
адамтану
зат. ғыл. Адамның мінез-құлқын, психологиясын зерттейтін ғылым. – Бұлар сендерге а д а м т а н у сабағын үйретіп, өмірдің тереңіне бойлатады, оқыңдар, айналайындар (М. Айымбетов, Құмөзек., 132). – Кейде, Баеке, бәріміз де а д а м т а н у жөнінде қателесе береміз. Менiңше, Дүйсеновты әлі де жөнге салуға болады (Жалын, 1974, 2, 55).

Æ.:   Психология ғылымының кез келген мәселесі адамның жан дүниесінің сырымен, қоғам мен әлеуметтік өмірдің сан алуан салаларымен тығыз байланысты. Бұл табиғи заңдылық болашақ ұрпақтың да өмір жолы мен тағдырының әрқилы қырларымен өзара ұштасты.Соңғы жылдарда адамның жан дүниесімен сырласып, оның психологиясын зерттеуде психологтар мен социолог мамандар, ұстаздар мен басқару қызметіндегі жетекшілерге жете зер салып көңіл аударып отырған маңызды мәселенің бірі-адамдар арасындағы қарым-қатынас жасап, олардың өзара тілдесе білулерінің құпия сыры және оның кілті неде? деген мәселенің шешімін табу қазіргі өмір талабы.Осындай мәселенің байыбын барлап оның себеп-салдарын анықтау,тиімді жолын табу, әлеуметтік өмірде адамның мінез-құлқының қалыпты дамуын қамтамасыз ете алмау,оған зиянды әсер етері даусыз. Мұндай жәйт қоғам өмірінің шиеленіскен дағдарысты жағдайында қазіргі заман адамдарына ғана емес, болашақ ұрпақтың бойында да жағымсыз мінез-қылықтардың туындауына теріс ықпал етуі мүмкін. Қазіргі кезде сондай-жағымсыз қылықтар адамдар арасындағы қарым-қатынаста да жиі байқалып отыр. Қарым-қатынас жасау адамға ғана тән табиғи қасиет. Және ол адамның тіршілік бейнесі мен мәдени өмірінде, тұрмыс салтында күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұрақты шарт. Ойын мен оқу және еңбек адам әрекетінің негізі түрлері осы қарым-қатынас арқылы дамып жетіліп жүзеге асады. Адамдар өзара тілдесіп өмір сүруге бейімделуі организм тіршілігі үшін су мен ауа, күн шұғыласы сияқты табиғи қажеттілігімен бірдей. («Қазіргі психология және оның адамтану ғылымдары жүйесіндегі алатын  орны»-мақаладан үзінді.Stud. kz)





### 1.1§ Адамтану қазақи  үлгілер

Қазақ адамтанушылары - қауым ортасында сыншы (сынақшы дейді кей аймақтарда) деген атпен белгілі.Қазақ қауымында адам сыншысы, ат сыншысы, құс сыншысы, түс сыншысы (түс жорығыштар),жұлдызнамашы, жауырыншы, құмалақшы, санақшы, бақсы-балгер,тәуіп-көріпкел, көзбайлаушы,емші-домшы,сәуегей, әулие сияқты ерекше дарынды адамдар аз да болса бар еді. Адамтану қазақ білімін өмірге келтіріп, өсіріп дамытқан осылар еді. Олар қордалана келе қомақты білім қорына айналған. Алайда бұл білім қоры сараланып, жіктеліп, реттеліп, жүйеленіп, қажетті адамдарға ұсынылудың орнына, өгейленіп, шеттетіліп, менсінілмей қамқорсыздың күнін кешуде

Қазақ атамыз, адамтанудың жолын, оны игерудің бағыт-бағдарын, амал -тәсілін әжептәуір айқын көрсеткен. Ерлерін  бесіктен танитын қазақ атамыз: «болар бала боғынан белгілі» дей отырып, «бұқа болар бұзау, биттейінен белгілі, батыр болар бала, титтейінен белгілі», «бөрі аулайтын жігіт, бөрігінен белгілі, жау алатын жігіт, серігінен белгілі», нақтылы ден қойып, мұқият зерделесең, ерді кебенек ішінен тани аласың деп ұқтырған. «Арғымақ аттың құйрығы, әрі жібек, әрі қыл, ер жігіттің белгісі әрі мырза, әрі құл», «Арғымақ аттың белгісі аз оттар да, көп жусар, асыл ердің белгісі, аз сөйлер де көп тыңдар»,«Ат ерінді келер, ер мұрынды келер»  деп   адамтанудың  ерекшелігін адамның   сырт белгісімен  ұштастыра көрсетсе,«Атты тісіне қарап таны, жігітті ісіне қарап таны», «Жігітті бір де майданда таны, бір де бейғамда таны», деп адамды әрекет іс-қимыл үстінде толық тануға мүмкіндік  бар екенін ескертеді. Атам  қазақ, «Жау жеңетін жігітті жарағынан таниды, дау жеңетін жігітті талабынан таниды» деген қағиданы басшылық етіп, адамды бала кезінен танып білуді ұсынған. «Болар бала бесігінде бұлқынады»,«Бесіктегі баланы бек боларын  мен білем», «Адам танымаған мұраттан қалар, сөз танымаған ғибраттан қалар», адам тануды тек нобаймен ғана емес дәлдікпен, белгіліәдіспен анықтауды ұсынады.*Қызды әдебіне қарап, ұлды әдетіне қарап таны десе, еліктегіш еркекті сөйлеуінен байқарсың, еліктегіш әйелді көйлегінен байқарсың, жүзден жүйрік шыққай ма?* Шіркін, айыра білер жан  болса, келешегін бажалай алып,талантын тани біліп, жетелесе, бағыт-бағдар берсе, өспейтін жас,дамымайтын өнер, бейімділік болмас. Әйелді табағынан байқа,баланы талабынан байқа, адамның мінезін сөйлегенде тани алмасаң билегенде танисың, адамның арманына қарап, ниетін ұғуға, ниетіне қарап, қасиетін ұғуға болады, *мейірім жан жомарттығы, мейірімі бардың, қайырымы бар, өзгеден айырмы бар,зейіні бардың, бәріне бейімі бар* екенін анық аңғартқан. Адамтану тек аңғарпаздық, зерделей білер қарапайым сезгіштік пен танымпаздықты талап етеді. Кісі болар баланың кісесінен белгілі, *адамға деген жарқын қатынас, дүниеге деген ұқыптылық, жинақылық, бала мінезіндегі биязылық нышандары оның келешекте қандай адам болатынына жоба болары айдан анық.* Саусағы ұзын биші болар, құлағы үлкен күйші болар. Атам қазақ адамның бет-әлпеті, сөз ләмінің өзі, егер оқи алсаң-нағыз кітап демеді ме?! Қазақ адамтанушылары, адамды жан-жақты  қарап, оның жан-дүниесіне терең үңіліп, тек өзін ғана емес, оның туған -туыстарын да мұқият қадағалап барып қорытынды жасайтын еді. Жігіттің жігіт болмағы нағашынан, тегіне тартпас ұл болмас, болаттың сынығы да болат, анасына қарап қызын  ал. Себебі, дүниенің құлпы да адам, кілті де адам екені белгілі. Кісі болар баланың, кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың, кісіменен несі  бар. Адам болар баланың етек- жеңі кең болар,адам болатын бала алысқа қарайды. Қатарынан озатын ұл биікте жүреді, ез атанып тозатын ұл ықта жүреді.Міне, мұның бәрі адамтанудың қарапайым ережелері. Қазақ адамтану үрдісінде адамның жас ерекшелігіне сай танып білу өте орынды айтылған: «Болар адам, он бесінде бас болар, болмас адам, отыз бесінде жас болар, адам болар жігіттің ақылы артық болар, ісінде тәртіп болар, алпыстағы шалағай алты жастағы баладай,, адам болатын жігіт әуелі өз нәпсісін билейді, сонан соң ауылын  билейді. Отызда орда бұзбаған, қырқында қыр аса алмайды. Қабағынан жай біліп, жанарынан сырын ұқсаң,көзге ұрып тұратын белгілер мен сындарды, сезіліп тұратын сырларды ұға білсең, оқи білсең адамдарды аңдамай танисың.. Қазақ адамтанушылары адамдардың алақан, табан, бет-бедерлерін, құлақ күн қағар, саусақ тұяқтарының тамырлары мен олардың өң-түсі, дене пішімі, аухаттану амалы, жатыс-тұрыс парқы, қас, кірпік, ерін, шаш, сұрқы, туған ай-күні, амал-жұлдыз сәйкестігі, шыққан тегі,  кіндік шешесі, сәттіліктері мен киеліктері, ұстанған наным-сенімдерін толығымен қарастырып барып, қортынды жасайтын еді. Олардан басқа құмалақ тарту, жауырын жағу,омыртқа оқу, жұлдызнама ашу, асық иіру, түс  жору, тұз  шашу, жан – жануар қылықтарын ырымдау арқылы жорамал жасау әдістерін де пайдаланған. Бала сынау әулет мектебінің ежелгі дәстүрі.*«Бала Абайдың ұғымтал,зеректігіне қатты риза боп, шын сүйген Барлас бір оңашада жәй ғана тақпақтап:Шырағым ,ержетерсің. Ер жетсең,сірә, не өтерсің? Алысқа шырқап кетерсің, Шындасаң,шыңға жетерсің,-деп еді.  Барлас*

*ақын бала Абайдың бойындағы мол дарын- қасиетті сол кезде-ақ байқаған болатын».(М.Әуезов)* Кеменгер ақын,адамтанушы Абай, бала Мұқтарды ең алғаш көргенде болашақта үлкен ғұлама адам болатынын **кескін келбетіне,түр-сипаты мен болмысына қарап,кісілік-адамдық сипаттама берген**. *«Ақын қолын созып,өзіне шақырды;-Бері кел,қарағым!-Бара ғой, қысылма, Мұқтаржан. Абай атаң ғой,-деді Әуез қарт. Мұқтар жүрексіне басып, Абайға жақындап, тізесін бүкті. Ақын оның басынан сипап:-**Жанарыңда ой нұры тұнып тұр екен. Еліңнің үмітін ақтарысың!..** Бақытың ашылсын, балам,-деді.Қариялар үнсіз тына қалды. Олар Абайдың адам қасиетін жаңылмай танитынын, артық сөз айтпайтынын білетін.»(Мұқабадағы сурет,үзінді оқулықтан алынды)* Баланың түрлі қимыл-әректіне қарап,оның кісілік-адамдық сипаттамаларын болжап айтатын әдістер де бар. Ер бала көзін ашып ұйықтаса, онда ер жеткенде бақытты, жары сұлу болады. Егер бала үнемі жастық үстіне ұйықтайтын болса, кейін ел басқаратын көсем болады; ал көрпені тұмшалап алып жататын болса, мінезі жайдары,аққөңіл азамат болады; етбетінен жататын болса, қызғаншақ, кейде ойшыл болады. Аяқ-қолын созып төрт тағандап бей жай ұйықтайтын болса, өскен кезде кеменгер әрі батыр болады. Қазақ адамтанушылары туралы жазба деректер, жұрт жадында сақталған аңыз - әңгімелер тым мол-ақ.

Адамтанудан бастап,адамның ұлттық санасы мен сапасын жетілдіре түсетін қорғап отыруды көздейтін бұл дәстүр ғасырлар бойы халықтың ұлттық ой-өрісін дамытып, адамның ұлттық тегін сақтайтын құндылықтарды қалыптастырып, ұрпақтың қасиетін қорғап отырған.**Жеке адамның тектілігі тілді, дінді таза ұстау, атадан балаға, бабадан ұрпаққа берілетін асыл мұра ділді қорғау**.Қазақтың тілді қадірлеп, тіл арқылы жанды тәрбиелеп, ойды, білімді дамыту өнерінің бойында да тектілік аз емес. Қазақ ұғымында ойлы адам ғана тілді қорғай алады, себебі, **ой** *білім мен қабілеттің бірлігінен туатын дүние.***Тектілік***дұрыс біліммен, дұрыс ойдың, дұрыс ойдан дұрыс идеяның қалыптасуына ықпал ететін қасиет.*Сонау ұлттың қалыптасу тарихынан бастап, оның дүниетанымы, мәдениетін, *тарихы мен тарихи санасын, құндылықтарын***сақтайтын қасиет тектілік**.Адамның бойындағы қорғану күші, өшпейтін, өзгермейтін, жоғалып кетпейтін мінез, ол қанша данышпан, ғалым, ойшыл, батыр болса да ұлтты сақтап дамытып отыратын негіз.Мадан деген хан, Жер бетіндегі ең Жаман (болашақ Аяз би) адамның сыншылық қасиетіне тәнті болып, оған менің өзімді сынашы, мен неше атамнан бері хан екенмін?-дейді. Жаман: - Жақсы! – деп, тақта отырған ханның алды-артына шығып, алдына келіп, ханның бетіне тіке қарап тұрып: - Тақсыр ханым! Ақыл-ойың ешкімнен кем емес, бірақ хандық қара басыңда, қарадан туып хан болғансыз, атаңда хандық жоқ,- дейді. Жаман сөзін бітірмей, хан сөзін бөліп: - Жоқ, қате айтасың! Мен жеті атамнан бері ханмын. Өзімді қойғанда да, алты атамды қайда жібересің? – деп зекіреді. Жаман саспайды. - **Жоқ, тақсыр! Сіздің қара басыңыздан басқа тегіңіздехандық жоқ. Сіз нағыз наубайдың баласысыз, - дейді. Хан не дерінбілмей, халыққа қарап, анасын алдырып, шындықты айтуын сұрайды.Анасы болған жайдың ақиқа-тын айтып, оның шын мәнінде ханның ұлы емес екенін, өзіне дейінгі он тоғыз әйелді әкесі Зәрлі ханның кілең қыз туғаны үшін жарып өлтіргендігін, құрсағына көтергені қыз екенін тәуіптер арқылы білгесін, шыбын жанын сақтау мақсатында өзімен бір мезгілде ұл көтерген сарайдағы наубайшының әйелімен жасырын келісіп, кейін күні жеткесін нәрестелерді алмастырып, содан бері екеуінің бұл жөнінде ешкімге тіс жармағандарын тәптіштейді. Хан: -Апырмай, менің наубайдың баласы екенімді қайдан білдіңіз? – дейді. Сонда Жаман: - Мен Жаман-жақсы болсам да, үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы – жал мен жая аузыңызға түспей, нан, көже түсіп, мені келісімен аспазға жібердіңіз. Салтыңызға тарттыңыз. Сіздің шонжарлы, атаулы хан емес екеніңізді содан байқадым, - дейді.** Адамды тану үшін оның жас ерекшелігі мен жеке бас ерекшелігін білудің маңызын осы мысалдан-ақ аңғарамыз . XIX ғасырдың орта кезінде Абыз бидің батасын алмақ болып үш жігіт ел сыйлаған шешен қарияға келеді.Серікбай мен Жаманқұлдың сөзін тыңдап,оларға өзінше баға берген би бір кезде үшінші жігітке келіп қарап: «**Шын асылдың көзінде жасыл от болады**» деуші еді. «Қарағым-ай, нысыңды айтшы?»-депті.Сонда өлгі жігіт:Әкемнің нысны Жаманбала өз есімім Көріпжан,-дей бергенде,Абыз би бармағын тістеп,тіксініп қалыпты. *-Тәк! «Ат-аспаннан,нұр-пейіштен деуші еді.**Ой,нәлі-ай,бекер болған екен,бекер болған екен»**,-* деп басын шайқап былай деген екен. **Арысын жауға бермес,Намысын дауда жібермес,Елдің ері кісі танысам сен боларсың,Бірақ,қарағым,түбі бір нәрседен кем боларсың**! Шынында,Көріпжан-айтулы би,шешен адам болған екен. **Мұнда,қойылған-ат,көз жанарын көріп қана сынай білген** Абыз бидің талантына таң қалмасқа бола ма? Көріпжан қартайған кезінде, *«**Жаманға бұйырған көп жақсы аттың бірін маған неғып қимады екен»**,-*деп налыған деседі жұрт.Өйткені қара қылды қақ жарған әділ би өз кіндігінен перзент көрмепті.Арнайы сынап танудың да амалдары бар болған ...Бір де Сырым бала сол өңірге



батырлық, билік атағы жайылған Малайсарыға сәлем бере барады.-*Уа, қай баласың? -Датның баласымын.-Қой жая алмайтын жаманнан қолақпандай ұл туды деп еді, сірә, сол боларсың?-Болсақ бoлармыз. Бірақ бір құшақ отыннан бір оқтаулық мүсін шығады деуші еді. Әкем жаман болса, сондай-ақ болар. Өзіңді қазынағы қарт екен десем, қазымыр қарт па едің?- Бала, әкең нашар болғанмен шешең пысық еді. Күндіз келген жиырма адамды, түнде келген жиырма адамды ренжітпей атқарушы еді, шешеңе тартқан боларсың.-Шешем пысық болса, оның несін айып көрдіңіз? Әкем би болмаса да, би түсетін үй болыпты. Шешем күндіз келген жиырма кісіні, түнде келген жиырма кісіні ренжітпей аттандырса-қырық адам екен, қырықтың бірі қыдыр деген, онда қыдыр дарыған болар. Шал үш түрлі деуші еді: қазымыр шал, қадырсыз шал, қыдырымпаз шал . Өзіңіз соның қайсысыз? **-Балам, сынайын деп айтқан бір-екі ауыз сөзімді көңіліңе алма? Жаманнан жақсы туады-адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады-бір өлтіріге алғысыз. Сен де маған шалдың үш түрін айтып қарсы сын қойдың ғой. Кісінің қадірін өзінен сұрамас болар . Қадірсіз десең -халқымнан сұра, қыдырым-паз десең-көршіңнен сұра , қазымыр десең-келіпрім өлің, келінге қараған жетім шалмын, келініммен сұра .** Енді келген жұмысыңды айт? Сырымның көңілі жадырап сонда былай депті: — **Ауылыңның алдында төбе болса, ерттеулі тұрған атпен тең, аулыңда ақылды қарт болса, жазылып қалған хатпен тең деуші еді.** Сәлем беріп, бата алғалы келдім.-Жарайды, балам! **«Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар ». Ақыл қуып сөз бастайын деген екенсің, атқа мініп, ел бастайын деген бала екенсің. «Ақыл жастан, асыл тастан» шығады деген алдыңнан жарылқасын! Шиеленген түйінді, шырғалтқан қиынды шешіп, елдің ісін тындыратын, жаудың белін сындыратын әділ би, айтулы кісі бол, әумин»! —** депті Малайсары қария.* **Адам танып,түсіну,оның сырлы сезімін аңғарып білу қанша қиын болғанымен амалын тапсаң,айласы да жоқ емес, тәсілі де тым көп екен.Нағыз адамтанушылар, сөз,іс-қимылды былай қойып ымнан да талай дүниенітүсіне білген. «Ым білмеген,дым білмейді»деген қағида осыданқалса керек-ті. Мысалы:** Шоң мен Ақтайлақ би ыммен сөйлесіп,бір-бірін сынай отырып,жағдай соңында,өзара толық түсініскен екен.*Уақ елінің мықтылары Сүйіндікпен барымтамен жүз жылқы алдырыпты.Осы себепті екі елдің арасында дау туып,ақыры сөйлесе келгенде екі жақтың басты адамдары келеді.Бірақ бұл келісімге келгенде Шоң би жоқ екен. Екі жақтың шешіміне келіспеген Шоң өзі барады.Ақтайлақ бидің үйіне келіп түседі.Ақтайлақ кедей екен, амандықтан кейін: «Көрші ауылға барып келемін» деп кетерде әйеліне: **«Едігенің Шоңы келді.Бұрынғының соңы келді. Қазаныңа ас сал.Аз болса,көбейт,көп болса азайт.»-дейді.**Көрші ауылдағы сауда-герлердің жаңа киіз үйін ас-ауқатымен ала келіп Шоңды екі күн құрметпен күтеді. Бұл уақытта екі жақтың арасында сөз болмайды.Үшінші күні Шоң қайтатын болады.Ақтайлақ құрметтеп шығарып салады.Біраз жерге дейін еріп барып Ақтайлақ тоқтап:*

*-Шоң.Шоң!-деп дауыстайды.Шоң жалт қарайды.Ақтайлақ қолын көкке бір сілтейді, көкке бір сілтейді де, ерінің қасын ұрады.Екі би түсінісіп,дау осы ишаратпен бітеді.Жанындағылар емеурінді түсінбей сұрағанда,Шоң былай деп шешіп берген екен дейді.-Ақтайлақ бидің жұмбақтап әйеліне айтқан сөздері: «Бір біткен билікті бұзып,өзің келдің, енді өзің айт шешімін. «Қазанға ас сал,аз болса көбейт,көп болса азайт»-дегені-бұрынғы кесімді кеміт дегені.Ал ат үстінде тұрып,қолымен ымдағаны-менің тұрмысымды көкте құдай білсін,жерде екеміз-ақ білейік, кедейлігімді ешкімге айтпа дегені,-депті.* Ал анау арғын, найман болып тұрғанда Нұредин деген адам немересінің әрекетін бажайлап қарап отырып, бір оңашада келініне: «Қарағым, мына бала біздің тұқымнан емес қой, құлынында үйірін тапса, құнанында көндігіп кетер.Басың аман болса, тағы ұрпақ көрерсің несінетапсыр!» деген екен дейтін аңыз бар.

Керей руынан шыққан, адам сынайтын тамаша дарынымен барша қазаққа мәлім болған Дүйсенбі сыншы туралы бір әңгімеден үзінді келтірейік. (Ел аузынан, А. 1989, 353-б.) Дүйсенбіге бірде Омар деген кісі он екі жасарбаласы -Сағындықты сынатуға әкеліпті. Алдымен қозысын сойып, қымызын құйып, замандасын күтімге алады. Екеуі әуелі бала сынау жайында емес, өткен -кеткен оқиғалар жайында маслиқаттасып отырады.. Аракідік Дүйсенбі баланың **отырыс – тұрысын, барлық қимылын, әңгімеге құлақ қойысын,** қадағалаудан жазбайды. Өйткені, бұл баланы сынатуға әкелгенін біледі, Әңгіме арасында: -Омеке, мынау балаңыз *құлық биенің құлыны сияқты, құс болса ұзбасар дейтіндей қағылез де шымыр, тынымсыз ба қалай,* - деп бір қалады. Қозының еті желініп аттанар шақ болады.-*«Айран сұрай келіп, шелегіңді жасырма» деген ғой, Дүйсеке, аузың дуалы, көзің қырағы пір едің. Бұл баламды сізге сынатқалы келіп едім, - дейді Омар. -Менің көріпкелім жоқ, бақсы емес екенімді өзің білесің. Омар көргенімді айтсам, көңілің қалса қайтемін. Балаң үшін менен жақсы сөз естігелі келгеніңді жасыра аласың ба? - Жасыра алмаймын, Дүйсеке,*

*бірақ көрегеніңізді айтпасаңыз мен де сізді қайтып көрмеймін,-деп жаратылысынан жалған намысты білмейтін Омар морт кетеді.- Айтайын, батыр, айт-айын, - деп Дүйсенбі кеңк – кеңк күліп алды да, балаға сұстана қар-ап көп отырды.* ***-Тұмсығы тоқпақтай, құлағы жарғақтай, ерні қаймақтай екен өзінің. Бұл сылдыр кемей, жез таңдай, сиыр жорға, ку таяқ деген жігіт.Лақты ешкілік дауды атқа сатып алып, өміpі өзіне де, өзгеге де тыныштық бермей өтетін, елді ұйытушы емес,іpітуші адам болады,-деп баға береді*** Омар реңкімейді. Рақмет айтады. Аттанып кетеді. Сағындықты кейін көзбен көріп,үзеңгілес болған адамдар оның тап осындай адам болып өткенін айтады*Бір жолы қырғыз Қызылым қарт Жиреншеге кездесіп қалып: -Шешен Сізден сұрайын деген бір жоғым бар еді.Он бес лақ,жиырома бес серке,отыз бес орақ,қырық бес қылыш,елу бес егеу,алпыс бес арқан,жетпіс бес шідер жоғалт-тым.Осыған құлағдар болыңызшы,-дейді.-Жарайды-,дейді Жирен-ше шешен.-Жоғыңыздың жөнін айтып берейін, өзіңіз тауып алыңыз. -Онбес жас - құйын қуған желменен тең Жиырма бес дауыл ұрған перімен тең.Отыз бес ағып жатқан селменен теңҚырық бес аю аспас белменен тең.Жетпіс бесте көңілің жерменен тең Сексенде селкі-лдеген шал боларсың.Тоқсанда толық мыың орта түсер Жүзде дүниеден күдеріңді үз.Өлмесең де өліден кем боларсың.-дейді.-Әттеген-ай.Өзім жиырма бестегі жігіттей едім,көңілімнің жердей болғанын қарашы,бекер-ақ сұраған екенмін,-деп Қызылым қарт жантая кетken екен.*

**Қазақ адамтанушылары өз елінің аумағынан асып,олардың білгіштігіне толық сенген көршілес жұрттың хан-қағаны,елбасы-билеушілері жанына қазақ адамтанушыларын ұстаған деген аңыздар да бар. Мысалы,Қытайдың Еженханы, Жоңғардың қонтайшылары, Шыңғысханның өзі адамтанушы бақсы, көріпкерлерді кеңесші еткен көрінеді.** Қазақ адамтанушыларының талантын жоғары бағалаған, көршілес халықтардың елбасылары ерте заманнан, оларды жанына алып, ақылшы, кеңесші, хатшы болдырған.Бәрімізге белгілі, жоңғар қоңтайшысының адамтанушысы, бала Қазыбекті жатқан жатысынан, сыртқы тұлғасынан жазбай таниды.«...*Ертеңіне хaнерте тұрып, өзінің бір данышпан сыншы қариясы бар екен,сол сыншысын шақыртып алып: - Мынау қазақ елшілері келіп жатыр, осының сөзіне есе берсек, сүбемізді суырып кететіні бар ма екен сен барып осыларды,сынап келші,-дейді. Қария: «Жарайды,»-деп қолына таяғын алып,кеншілікке келіп әрқайсысымен екі-үш ауыз сөзге келіп, бұлардың ішінен ештеңе таба алмағандай болады. «Алыстан келген ел ғой, аттоны қандай, сайлы ма екен»,-деп аттың ішін аралайды. Аттың ішіне барса, Қазыбек аттың ішінде шалқа-сынан түсіп ұйықтап жатыр екен. Екі қолы екі жақта,екі аяғы екі жақта,аузынан жалын шығып жатыр. Қария баланы ары-бері айналып тұрып қалады.Осыны ханға айтып барады:-Мен мынау кеншіліктің ішінен сен шошитындай адам таба алмадым,бірақ мен басқа бір нәрседен шошып келдім,-депті Хан:«Неден шошыдың?» –дейді-Жылқының ішінде бір бала жатыр, екі аяғы екі жақта, екі қолы екі жақта, құлаш ұрып жатыр екен. Аузынан жалыны атқылап тұр екен. «Аузым жеткенше сөйлеймін, қолым жеткенше сермеймін, аяғым жеткенше жүремін,төңіректің төрт бұрышына болса да сөйлесуге жараймын,халықты қара шыбындай аузыма үймелетемін», деп тұр екен,-дейді (Б.Адамбаев)*Қазақты осығұрдай деп басып, дәл танитын, ол кім еді? Қазыбектің терең мағыналы, жоғары рухты, өткір сөзін (қазақ тілінде сөйлегені, тілмаш болмағаны) қонтайшы қалай түсініп, бойы балқып, жүрегі жыли қалды екен?!Қазақтың мысы басты дейтін шығарсыз. Шындығында, сыншы-ақсақал қазақ екен.

### 1.2§. Балатану баспалдақтары

Қазақ халқы-өте балажан халық. *« Артымда қарайып ұрпағым қалсын, шаңырағымда шырақ жансын, ошақтың оты сөнбесін»* деп ұрпақ жалғастығына зор мән берген, баланың азамат болуы жолында күш-қайратын аямаған. « Ұлдың ұяты - әкеге, қыздың ұяты-шешеге» деп ұл-қыздар-ының өнегелі де ұятты,тәрбиелі де текті болуына ерекше назар аударып, әрбір ата –ана бұл жауапкершілікті өздерінің абыройлы міндеті,ұрпақ алдындағы қасиетті борышы санаған. Қашаннан қазақ ұрпақты Тәңірден, Алладан,Жарату шыдан жалынып, тілеп, қалап -сұрап алатын. Балалы болу үшін, мойнына бұршақ салып тілеуден бастап,күндіз-түні иман-ынындай үйіріп,қадам сайын жалбарынумен қатар, сәл кешіге бастаса болды,бәз кешіп, әулиелі орын мекендерге,жатып-түнеп,сыйыну мен табынудан жалыққан емес. Қазақтың осы бір ақжарқын, асыл,риясыз пиғылына Жаратушы да нұрын төгіп, шапағатына бөлеп,алдына отыздан, артына оннан ұрпақ сыйлаған ғой!Ормандай отыз ұлды,еліктің лағындай ерке жиырма қызды мәпелеп өсірген қазақ мол-ақ еді.Кәзір де бар екен.(2010 жылдың жағдайымен)Қарағанды облысының, Теміртау қаласының Ақтау кентінде 10 ұлы,екі қызы бар.бес отбасы,сегіз қызы төрт ұлы бар бес отбасы тұрады екен. Бұдан артық байлық,бұдан артық бақыт бола ма?Қазақтың Қарашаңырағына ие болған, Қазақ хандығының бас ұстазы Абылайдың отыз



ұлы,қырық қызы болғаны тарихи шындық!! Міне осы Жаратушыдан жалынып сұрап алған ұл-қызын адам қатарына қосу үшін оның даму,өсу,жетілу кезеңдерін мұқият қадағалап,терең зерделеуді өмір тақауырылаған.Осы негізде адамтану қазақ ілімінің ішінде,сәбитану,тектану,жас кезеңдерін сипаттау жағынан жинақтаған білім қорында бүгінгі ғылыми аталатын психологиядан артық болмаса кем түспейтін қағидалар мен пайымдаулар баршылық.Мысалға Абай атамыздың адамтану ілімінің бір-екілі тұжырымын келтірейік.Абай адамтану тағлымы, **біріншіден**, тән, жан, сезім, тектілік үйлесімділігінде,**екіншіден**, шындық пен адамгершіліктен үйрене білуде және осы құнды мұраны әр дәуірде жетілдіретін, әрбір адамға жеткізетін өтімді іс-әрекетте, **үшіншіден**, халықты алауыздықтан, алалаудан, ал адамды шектеуден сақтауда-дейді. Оның жетілу жолдары: көп нәрсені есітіп білу, көкейтесті мәселені көңілде түюге дайындық және соны үйрете алу, үлкен үміт , есеппен адамдық құндылықты, халықтық мұраны бағалай білу, оларды жөн-жобасымен қолдандыратын бағыт пен дәстүрден ауытқымау; шығармашылық ізденіс пен істің қайтарымында адам үдесі мен халық үмітін ақтау.Адамтану-есі барлық жанға олжа, басқа сая, ер қорғаны,сонымен қатар теңсіздіктің тетігі мен түбірін табу. Одан «ары бар, ұяты бар, ақылы бар» демекші, әркімнің өзі іздеген құндылық табылар. Өйткені адам «дүниені тегіс көрмекке,тегіс тексермекке лайық», өзін ақыл-парасат, иман-ғибадат арқылы тануды және солардың пайдасын көрерлік сәт мүмкіндікті іздестіреді.(27-28-сөз) Ең бастысы,баланың жан азығына зәру екенін еш уақытта ұмытуға болмайды.Абай атамыздың жетінші қара сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады.Біріншісі-ішсем,жесем,ұйықтасам деп туады.Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды,һәм өзі өспейді,қуат таппайды.Екіншісі-білсем екен деп ұмтылып,одан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, жыласа да тұра жүгіріп,«ол немене ?»,«бұл немене?» деп,«ол неге үйтеді?» «бұл неге бүйтеді ?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі « жан құмары,білсем екен,көрсем екен,үйренсем екен.»деген үлкен пәлсопалық ой жатыр. Яғни,балаға туғаннан тән азығы - тамақ қандай қажет болса,жан азығы - **жылулық, сүйіспеншілік те сондай қажет**.Ал оның қажетін қанағаттандырмай, түпкі мақсат ешқашан орындалмайтыны белгілі жәйт. Мұны адам тәрбиелеп жетілдіруші барша жан есте сақтауы ләзім.

Адамның жас ерекшелігі туралы айтылған пікірлерде Шәкерімнің: «балалық шақ, ересектік,қарттық» деген топтауы ауыз әдебиет үлгілерімен сабақтас болса бала жасын тікелей топтаған Ә.Дибаев ақсақал болды.(А.Диваев. «Игры киргизских детей»1905)Ол ,қазақ балалар ойынын зерттей келіп жасөспірімдерді сол кездегі ғұрып бойынша :1-7 жасқа дейін- **сәби**,7-15 жасқа дейін-**бозбала**, 15-30 жасқа дейін **жігіт**-деп топтап,қазақ ойындарын: сәбилер ойыны;бозбалалар ойыны;жігіттер ойыны деп бөлді. Қауым арасында бала жасын былай атап,төмендегіше топтайды.Бір жас аумағында-шарана,шақалақ,нәресте атаулары қолданылады.Бір мен екі аумағында ,қыз баланы **бөпе**, ұл баланы **бөбек** дейді.Екіден үш аралығын-**бүлдіршін** деп жалпылай атаумен қатар бірден үш жас арасында өбектеген,еркелеткен атаулар өте көп.Мысалы,тәттім,томпағым, торғайым, балапаным, қозым,гүлім,айым,күнім,жарығым,жұлдызым қатарлы қазақ ананың санына сай бүлдіршіндерді еркелетіп атайтын өз есімдері бар болған.Осы шақтағы сәбилер табиғаты осылай аймалап, өбектеп, еркелетіп қолпаштап,қолтығынан демеп, көкке көтеріп талпындырып отырғанды қалайды. Еңбектеуге таяғанда қолды-аяққа тоқтамай талпынып,ұшып кете жаздай-ды.Мұны қазақтар «қанатты» шақ дейді.Осы жағдайды білмейтін талайлар нәрестенің қанатты шағында талай нәрестені «ұшырып» құлатып та алған. Үштен бес жас аралығында **балдырған, балауса** атанады. 6-7-8 жас **бала,балақай**, 3-12 жас арасы **ойын баласы,7-13 жас жасөспірім,13-15жас арасы ересек бала,жас жеткіншек,15-19 арасы бозбала,бойжеткен 20-30 арасы жігіт,қыз аталады**. Қазақ қызы,қазақ жігіті деген атаулар өте ұлағатты атаулар.Қыз айттырылғаннан кейін қалыңдық аталуымен қатар, құдалық рәсім жасалып,қалыңдықты болғандар күйеу атағын алып,жас жігіт, күлше қыз атауы олардың абырой атағын, айбарымен намысын ала келеді.Қазақ қызы,қазақ жігіті деген атаулар-үлкен жауапкершілікпен, борышпен,ар-ұятпен, міндетпен астарласып тұратын-дықтан оның бет-беделін,намысын сақтау үлкен ерлік пен жандақатты тілейді.Бұл атаулар қазақ үшін аруақты да,ардақты рәміз саналады.Алпысқа келген сарыкідір әйелді де ұлықтағысы келсе:«Әй,біздің қыз!»-деп шақ-ырады,абыройын арттырғысы келсе де:«Әй,біздің қыз»-деп қаратады.Ал, ерлерді алпыстан асса да, «отағасы,елағасы,жігіт ағасы»-деп құрмет көрсетеді.**Бала дамуы** дегеніміз оның бойында,ойында,қимыл –қозғалысын-дағы өзгерісті, жаңалықты айтады.Айталық, нәрестенің, кіндігі түсуі,ана үнін ажыратуы, әке-шешесін тануы,күліп-жымиуы,аунай алуы, талпынуы,құйрығын басуы,еңбектеуі,қаз тұруы-қадам басуы,сөйлеуге икемделуі (гуілдеу, ызылдау сияқты сәбиге тән ерекше үн- дыбыс шығару), сөйлеуі, аяқ-қолын ербеңдету алақан ұруға икемделуі т.б.

Міне осы қатарлы бала дамуын ерекше бақылаған ұлтымы,оның даму кезеңдерін мұқият қадағалап,әр кезеңіне айрықша мән беріп,ерекше таным-дық-тәрбиелік іс-әрекеттер ұйымдастырып,тамаша сабақтар өткізген.Бүгінгі педагогика мен психологияда айтылатын даму кезеңдерін,қазақ жұрты тым ерте танып білген,осы кезеңдердің әрбіріне ат беріп,атап өтіп отырған.Осы кезеңдерде жасалатын бағым- күтім,көрсе-тетін үлгі-өнеге,игерілетін машық дағдылар мұқият дара-ланып,өте орынды тәсілмен жүзеге асырылған. Мысалы кіндігі түсе бесікке салынып,мойны беки қырқынаншығарылып, құйрығын басса, құйрық басар жасап, еңбектеуге айналғанда,бауыр аяқ жасап, қадам басарда тұсауын қиған. Бесікке саларда бөлеу әнін орындайды. Бесік жыры үнемі айтылады. Сылап сипауды әнмен өңдеп орындайды.Алғаш тілі сөйлеуге келе тілашар жасайды. Неге? Қазақ ата-аналар,бала дамуының әр кезең ерекшеліктерін өте жетік білген.Сонда,нені білген?Балалар әлемді сезім арқылы таниды: есту, сипап сезу, иіс сезу және көру. **Әрбір сезу тәжірибесі мидың миллиардтаған жасаушалары арасында байланыстарды орнатуға мүмкіндік береді, сөйтіп балаға бұл дүниені үйренуге көмектеседі**. Мысалы, ата-ана баласымен оны қолына алғанда,бесікке бөлегенде,сылап сипағанда,әс-әстегенде сөйлеседі, баланың естуінің дамуына осылай ән айтып, көмек-теседі.Қайталау байланысты нығайтады, **осылайша бала ата- анасының дауысын тануға үйренеді.Бұлай үйрету** өмір бойына жалғасады.**Алайда қабілеттіліктерді, әсіресе, көру, есту, сөйлеуді дамытуда ерекше кезеңдер болады.**Ми мақта секілді тез сіңіруге, жаңа ақпараттарды қабылдауға қабілетті болатын кезең бар. Мәселен, **кішкентай балалар өзінің ана тілін оңай және жылдам үйренетінін еске түсіріңіз. Дүниеге келу мен бес жас аралығындағы кезең баланың дамуындағы барлық салада ерекше қабілеттілік кезең болып табылады** . Бұл туралы адамтану қазақ ілімінде мынандай ерекше қағида бар.« *Баланды бес жасқа дейін патшаңдай қара,онбес жасқа дейін қосшыңдай сана,онбес жастан асқан соң досыңдай бағала*» деген хас қағида бар.(Дәл осығндай ұстаным, жапондарда,корейлерде,саян түріктерінде де кезігеді) Баланы асырап күтудің ең ауыр кезеңі бес жасқа дейінгі мерзім.Бала беске толысымен қазақтар атқа мінгізіп, сүндетке отырғызып, еңбекке араластырады. Бес жасқа дейінгі баланың өсіп жетілуіне, денінің сау, денесінің ширақ, ақыл-ойының ұшқыр болуына ата-анасы,ағайын-туысы үнемі мүмкіндік жасап, қадағалап мұқият бақылайды.Басқаша айтқанда, **«патшасындай»** қарайды. Солай етуге ата–анасы ғана емес,тайпалы ел, ауыл–аймағы міндетті болған Осы **жастағы оң тәжірибе** өмір бойына дені сау дамудың негізін салады.Екінші жағынан, нашар тамақтану, күйзелістер, негативті тәжірибе және оң эмоциялардың (ынталандыру) жетіспеушілігі осы жылдары баланың дамуына елеулі әсер етеді. Баланың дамуындағы ауыспалы сатыны-жас шамасының кезеңдері деп жүрміз. Оның бастыларын: **отыру, еңбектеу, тұру, жүру және алғашқы сөйлеуі қатарлы даму сатыларын жоғарыда тізбектедік.** Осы кезеңдеріндегі нәресте,сәби бүлдіршіндердің ерекшелігін атап өтейік.Мұны білген ата-ана, тәрбиелеуші қауым,тәрбиелеу ісін басқара алады,бақылай алады. Баланың дамуына әртүрлі **факторлар** әсер етеді. Әсіресе ата-ананың бала күтімі,тәрбиесі туралы нақты білімі өте маңызды.Мысалы, егер ата-аналар балаға өз бетімен **тамақ ішіп көруге мүмкіндік берілмесе,олардың өзмәселелерін өз бетімен шешу қабілеттілігі балаларда қалыпты жағдайдан кешірек дамуы мүмкін.**Негізгі кезеңдерге жету жолында бірнеше қадамдар бар. Әрбір жаңа дағды қалыптасқан дағдыға негізделеді. Мысалы, бала еңбектеу үшін,әуелі бауырын көтеру керек,бауырын көтеру үшін жастық не көпшікке етбетінен жатып, талпынып,тырбаңып жаттығу жасау қажет.Құйрығын басып отыру үшін,әуелі жатқан жерінен аунай алуы,одан соң жан-жаққа бұрылып қарау,кеудесін бұру,онан соң басын көтере алуы тиіс.Мұның бәрі ересектер көмегімен сол қозғалысты жасай алатын шағында жаттығып дағдылану нәтижесінде орындалады.Жүру үшін әуелі тұру дағдысын игереді,ол үшін сүйеніп(жүкке,қабырғаға, төсекке, орындыққа, керегеге т.б.) тартып,итеріп бойын билеп үйренеді. Ал,оларды жасамаса, дамудың ол кезеңі кешігеді. Мысалы,бөлеу әнін,бесік жырын,әс-әстеу,сылау ән-өлеңдерін естімей өскен нәрестенің, айнала-сындағы туыстарының,ата- анасының үнін ажырату қабылеті кешігеді. Неге?(Тіптен басқа тілде сөйлейтін жұрт ортасында өмірге келген қазақ баласының тілі 6 айдан 1 жылға кешігіп шығатыны анықталған.Ал,басқа ұлт тілінде ,тілге келген сәбилердің сөйлеу кезеңі 6-8 айға ұзаратынын нақтылы зерттеу көрсетіп отыр.)Неге екендігі,сәбидің физиологиялық-психологиялық табиғатында жатыр.Ол былай дей-ді:«.Мені 6 айға дейін жиі еміз.Маған басқа тамақ керек емес. Жиі құшақта. Менімен сөйлес,ән,тақпақ,әңгіме айтып бер.Маймен ,тұзбен және басқа жақпалармен уқала,сылап-сипа.Сылдырмақтарым,қызық-ойыншықтарым көз алдымда ілулі тұрсын **1 айда мен...** Анашымның омырауын еме аламын Бетіме тиген қол бағытына басымды бұрамын,жылау,бас бұру,қабағын түю,мұрнын тыжырайту.. сияқты көңіл-күй сезімді бет әлпетіммен көрсете аламын. Дыбыс ажырата аламын, маған әуен ұнайды әсіресе анамның даусын жақсы көремін. Заттар



жақында болса көремін. Мені қолына жиі алшы, емізші.(Анасы осыларды қанында жоқ тілде жасаса кешікпейтін шара жоқ қой) Маған таза қауіп- қатерсіз аузыма сала алатын ойыншықтар бер. Жан-жағыма қарай алатындай мені ақырын көтер.Менімен көп сөйлес, оқып бер маған. Екпектетіп жатқызып алдыма қолым жетерлік жерге, ұстай алатындай доп сияқты ойыншық қой. Менімен тығылмаш ойна, маған ұнайды. **6 айда мен** ...Екбетімнен жатып басымды және кеудемді көтере аламын Көзбен адамдарды қадағалай алам Заттарға қарай созыла аламын.Заттарды ұс-тап,сілкілеймін. Екі жаққа аунай аламын.Біреу тіресе отыра аламын. Қол және ауыз арқылы заттарды «зерттей» аламын.Мен күле алам, шыңғырам, гүілдейтін дыбыстар шығара алам.Атымды атағанда қараймын. Айнадағы өз бейнеме күлем.Мені емізуді тоқтатпа, бірақ маған күніне ұнтақталған,жұмсақ қосымша ас ұсынуға болады.Жегім келмесе қысама.»«....Маған итеретін, тартатын,айналдыратын зат бер. Сынбайтын ыдыстар ойнауыма дәл келеді.Маған заттарды көрсетіп, атын айтып үйрет. Менімен әртүрлі ойындар ойна.Өлең айт, кітап оқы. Ойнап отырсам, келіп қосыл маған. Маған суды, құмды немесе ұсақ ойыншықты ыдысқа жинап кейін қайта төккен ұнайды. Барлық ыдыс жарайды тек қауіпсіз болса болғаны. Менің таза және қауіпсіз жерде болғанымды қадағала, себебі мен қозғала бастағаннан бастап бәріне қызығып әр жерге өрмелеп шығамын. Қол жуып үйрет. Және барлық екпелерімді уақытында қабылдауымды қадағала, ұмытпа. Мені отбасы мүшелеріне қолға алуына рұқсат бер, құшақта мені.12 **айда мен..**. Өзім отыра аламын Еңбектей аламын Ұстанып тұрып 1-2 қадам жасай аламын Дыбыс немесе сөздерді қайталауға тырысамын Алақанымды шапа-лақтап ойнағанды ұнатамын Қиын емес тапсырмаларды орындаймын Өзіме назар аудару үшін әртүрлі дыбыстарды шығарып және ымдарды көрсетемін. Маған көп көңіл бөлгенді қалаймын. Еденнен екі саусақпен затты ала аламын, алып қайта құлатқан ұнайды маған Маған рұқсат берсе өзім жегенді ұнатамын.Аузыма салу арқылы заттарды білемін, зерт-теймін.»2 **жастан 5 жасқа дейінгі баланың дамуы Жүру және сөйлей алу қабілеті.** Екі жасар баланың танымында үлкен мүмкіндіктер бар.Олар ешқашан тыным таппайды, энергияға толы, кез келген нәрсеге құмарлық танытады. Олар ересектерге әлі тәуелді болса да, барлығын өздері жасағысы келеді, жасай алмаса, көңілдері жабырқаңқы болады.Бұл ашу (ыза) тудыруы мүмкін. Ересектердің алдында өз құқықтарын қорғауға талпынған кезде көптеген «анайы» сөздер қолдануы мүмкін.Дербестілік барлық балалар үшін маңызды,берілетін дербестіліктің деңгейі мәдени дәстүр-лер-+те немесе өзге қалыпқа байланысты болуы мүмкін. **Үш, төрт және бес жасар балалардың дүниеге келген сәттен бастап дамыған кейбір дағдылары болады.**Егер оларға өмірінің бірінші жылында тиісті күтім, қамқорлық, ынта-ландыру және қолдау берілген жағдайда, әртүрлі салада **танымның даму-ына көмектесетін тілдік, ойлау дағдылары** белсенді дам-иды.Балалармен сөйлесе отырып, олардың миына терезе арқылы қарағандай боласыз. Сіз олардың қоршаған әлем құбылыстарын түсінуге және ұғынуға талпынғанын сұрақ-тары бойынша көре аласыз; мәселен, неліктен ағаштан жапырақтар түседі? Неліктен құстарда қауырсын бар? Нелік-тен су лай болады? Түнде күн не істейді? Неге? Неліктен? Қалай? Қарапайым, шынайы жауап беруге ұмтылыңыз. Бұл оларға үйренуге, әлемді тануға мүмкіндік береді.Осы шақ оларға гигиена дағдыларына үйретуге ең қолайлы кез, себебі балалар **қол жуу әдеті не** үшін қажет екендігін түсінеді. Осы жылдары балалар өзінің эмоцияларын бақылауға тез үйренеді.Балаларда әлеуметтік дағдылар қалыптасады, оларға басқа балалармен ойнаған ұнайды. **Ойын іс-әрекетін ынталандыру-прогрессивті дамуының ең жақсы жолы,** өйткені дамудың барлық саласын өзгер-туге көмектеседі. Баланың бой жүйесін босататын, жан қуаттарын (ойлауын, қабылдауын, елестетуін, есін, зейінін) өрбітетін ойын. **Баланың алғашқы жылдары тез өтеді.** Сондықтан оны құшақтап, аймалаңыз, күлдіріп қуантыңыз, желпіндіріп сергітіңіз, онымен бірге ойна-ныз. **Бұл оның ақыл-ойыныңдамуына үлкен көмек.** Жеңіл тақпақтарды жаттату керек, есте сақтау қабілетін дамыту үшін мұның да пайдасы бар. Еркін жүріп, жүгір-еміп, өрмелеп шыға аламын, тебе аламын және де секіре аламын **Қаншада екенімді және есімімді айта аламын** Түстерді ажырата аламын Мағынасын түсінбесем де есептік сандарды пайдаланамын Мен көп сұрақ қоямын Жеңіл өлеңдерді **айтамын Ойнағанда ойдан шығарған заттарды елестетіп ойнаймын.Саусақ ойындарын толық үйрет.**Өзім тамақ іше аламын Өзгелерге бауырмалығымды көрсетемін Қолымды, тісімді жуамын, әрине үлкен адамның көмегіменМені тыңда және сұрақтарыма жауап бер. Әлдебір затты зерттеп білуге көп уақыт бер. Сандар жайлы мәлімет беретін және оларды үйрететін ойыншықтар бер.Ертегі оқы, өлең айт. Маған бояған ұнайды, сондықтан маған түрлі түсті қарындаштар бер. Басқа балалармен ойнатудың амалын жаса, есік алдындағы көрші балалармен немесе бала-бақша балаларымен ойнат. **Мен 5 жасымда...** Өз қозғалысымды үйлестіре аламын Сөздік қорым мол, еркін сөйлей аламын Бөтен адамдардың өзі мені түсіне алады Басқа балалар мен еркін ойнап достасамын Жеңіл тапсырмаларды соңына дейін жасаймын Көп сұрақ қоямын10-ға дейін

санай аламын. Суретті кітаптарды тамашалап, қысқа әңгіме де айта аламын!» Алғаш босанған тұмса жас анаға бала қалауын,олардың шама-шарқы жететін осы әрекеттерді оған сай жасалатын амал-айланы кім? қашан? үйретіп,ұқтыруға тиісті екенін белгілеген, оның жүзеге асу дәрежесіне үнемі бақылау қоятын **әулеттік мектеп жүйесі қазақта тым ертеден қалыптасқан**.Дәлірек айтқанда, отау көтеріп,еншісін бөліп,жеке шыға салысымен,жас отау-ға **әке-шеше** деп аталатын әулеттік мектеп құрылатын.Осы мектепке;ата-ене,абысын–ажын,жезде-жеңге, көрші-қолаң да ұстаздық ететін.Ауылдас қалыңдық-тар мен жас күйеу балалар да, күлше қыздар да осында топтасып өмірлік сабақ алатын.Жас отау иелері әке,ана аталысымен бұл мектептің бас ұстазы болып, кіндікшеше тағайындалатын.Бұл мектеп осы отаудың іргесі -берік,көпбасты болып өсіп өркендеуіне тікелей жауапты болатын.Жас сәбидің нағашылары оның даму,жетілу кезеңіне,осы шақтық уақытында дөп келіп,сәби қалай өсіп, баулынып, тәрбиеленіп,биязы әдеп,көркем мінезді игеріп жатқанын бақылайтын Қайын жұртың сыншыл дегеннің бір пұшпағы осында жатыр. Қазақ:«Әке- балаға,үлкен кішіге сыншы»- дейді.Бір көйлекті бұрын тоздырған кім де кім өзінен кішіге үлгі-өнеге көрсетіп, ақыл кеңес беруге міндетті.Көпті көріп,үлкен тәжірибе жинаған қариялар батасын беріп,өсиет өнеге қалдырады. «Ата жолы-асыл жол» деген қазақтар,ата-баба өсиеті бойынша тіршілік жасап тірлік етеді.Ата-баба өсиетін бұлжытпай орындауға ант беріп, серт қылады.Оны Темірқазық етіп,бағдар болдырады.Осының бәрін,өз қолымен істеп,басынан өткерген Қорқыт бабамыз былай дейді;«Тізесін бүгіп отырған инабатты әйел көрікті.Самай шашы ағарған баба көрікті.Ақ сүтіне тойғыза-тойғыза емізген ана көрікті.Қарашаңырақ қасына тігілген отау көрікті. Өнегелі бала көрікті»Қазақ ана осы көркінен бүгін де айрыла қойған жоқ. Тәубәшылық қой,бұл да болса!Мысалы, балалар бөлмесінің маңдайшасына;«Бала-өмірдің хош иісі,Аллаһтың аманаты» деген пайғампар(с.ғ.с.) өсиетін, жазып іліп қойған қазақ ананы өз көзіммен көрдім.Мұндай дана аналар кәзір де бар,бұрын да болған.Осылардың қамқорлығында,аялы алақанында, бақылауында, басшылығында өскен барлық ұрпақ-өнегелі, көргенді,текті болуы сенімді шындық.Амал нешік,барлық жерде күллі қазақ тұрмысында әулеттік тәрбие дәстүрі тегіс жалғасып,Тә»рбие деген Тәңіріңіз басымызға бақ болып қонып тұрған жоқ.Керісінше кемістігіміз көлем алып,қанат жайып ушығып барады. Ал,бір кездегі бізде болған,әулет дәстүрі жаңа заманға сай түрленіп, басқа елдерден көрініс беріп жүр.Нәресте перзентханадан шығысымен, босанған ана қолына, баланың даму,жетілу кезеңдері сараланып,осы шақтарда жасалатын бағым-күтім,әдіс-амалдарын тәптіштеп жазылған қойын,қалта дәптерлері табыс етіледі(шілдеқана,бесік той,қырқынан шығару т.б жоқ демесең,тамаша кеңестер жинағы) екен. Ал,АҚШ,Франция т.б. көптеген елдерде жас ана мектебі жұмыс істеп, алыстан оқыту ұйымдастырылып, онлайн форум, конференциялар өткізілуде.Сәбилердің қабылдауға тиіс екпелерінің уақыты,орнын,аналардың «ұяшықтарына» біздегі ауа райын хабарлағандай түсіп тұрады. Ал,тәрбие,жаттықтыру, баулу, сауықтыру амалдары аптаның, айдың әр мезгіліне сай музыкамен әрлеп «планшеттерде» сайрап көрсетіліп тұр.Тіпті сәбилердің аттары аталып,олардың жеке басына арналған кеңестер де арасында айтылып жатыр.Сонда,соншама көп сәбилерді бақылап,басқарып отыратын, сәбидің әрбірімен жеке жұмыстауға шамасы жететін әлеуетті,күшті орталықтар бар деген сөз!!Иә,солай екен.Бізде де солай болуға тиісті және сондай жүйе бар екен.Тек,онысы толық істей алмай тұр.Енді,балажасының қазақи жіктелуін Я.А .Коменскийдің жіктеуімен сәйкестіріп көрелік.Коменский, адамның табиғатын ескере отырып, балаларды әрқайсысы 6 жастан 4 жас кезеңіне бөліп қарастырды.1)балалық шақ-туғаннан бастап 6 жасқа дейін; 2)жеткіншек шақ-6 жастан 12 жасқа дейін; 3)жастық шақ-12 жастан 18 жасқа дейін; 4) ересектік шақ -18 жастан 24 жасқа дейін. Ол әр жас кезеңіне сипаттама береді. **Балалық шақ**. Баланың дене жағынан тез қарқынмен өсуімен және сезім органдар-ының дамуымен сипатталады; **жеткіншек шақ**- есі мен қиял-ының, оның орындаушы органдары- тілі мен қолы дамиды; **жастық шақ** кезінде көрсетілген сапалар-дың дамуымен қатар өте жоғары деңгейде ойлаудеңгейі дамиды және **ересектік шақта**-ерік-қайраты мен қабілеттілігі жан-жақты дами түседі. Әрбір осы жас кезеңдерге сәйкес Коменский білім берудің сатысын ұсынады.1) 6 жасқа дейінгі балалар үшін ол **аналық мектепті ұсынады**.Ана басшылығымен мектепке дейінгі тәрбие іске асырылады.2) Жеткіншектер(6 жастан 12 жасқа дейін) үшін әрбір қауымда, жергілікті жерлерде алты-жылдық ана тілі мектебін ұсынады.3) Жастық шақ кезеңіндегілер (12 жастан 18 жасқа дейін) әрбір қалада латын мектебі немесе гимназия ұсынады 4) Ересектер үшін (18 ден 24 жасқа дейін) әрбір мемлекетте немесе облыстарда-академия ұсынады.Сонымен, Коменский балаларды жас кезеңдерге бөлуге бірыңғай мектептің демократиялық қағидасын ұсынған болатын. Әрбір білім беру сатысы үшін Коменский оқытудың мазмұнын жан-жақты талдады. Аналық мектеп-мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сатысы, онда негізгі тәрбиеші ана болып табылады. Аналық мектепте сабақ Коменскийдің идеясы бойынша,



белгілі қатаң бағдарлама бойынша ерекше қарапайым осы жас кезіндегі балаларға түсінікті әдістемелік тәсілдерді қолдана отырып өткізу қажет болды. Коменскийдің айтуынша, аналық мектеп балаларды адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше мән берді (адамды сүю, үлкенге құрмет, кішіге ізет, тәртіпті болу, кішіпейілділік және т.б.) Ана тілі мектебі аналық мектептен басталған оқытуды жалғастыра отырып, онда алған білімді кеңіте және тереңдете отырып, адам өміріне қажетті: атап айтқанда, ана тілінде жазылғанның бәрін еркін оқу, анық, тез және дұрыс жаза білу, санай, өлшей білу, ән салу және т.б.Бірақ Коменский онымен шектелмеді. Оның түсіндіруінше,шәкірттер мораль қағидаларын білу,түсіну және өмірде іске асыруға ұмтылу қажет, азаматтық тарих туралы жалпы түсініктері болуы, космографияның және жағырапияның элементтерін білу, шаруашылықтан және саясаттан хабардар болу қажеттігіне тоқталды. Демек, бұл сол кездің өзінде ана тілін оқытуға негізделген бастауыш оқытудың ерекше бағдарламасы болып табылады.Қазақта ана мектебі Коменскийден бұрын да құрылып,жұмыс істегені белгілі.Мысалы Ұмай Ана мектебі.Сақ Ана мектебі,Тұмар Ана мектебі т.б.Коменскийдің аналық мектебі туралы айтылған пікірлері Бауыржан атамыздың: «...Менің балалық шағымда туған жылды, туған күнді емес,мүшелі кезеңдерді тойлаушы еді.Алғашқы мүшел-нәрестенің қырқынан шығатын күн.Бұл күн үйі ішінде емес,ауыл-аймақта да,көтеріңкі көңіл,көп шаттық үстем болатын.Екінші мүшел- баланың жеті жасқа толған күні.«Жетіге келгенше,бала жерден тақ жейді» деп тегін айтылмаған ғой.Сол жетіге толған күні өрен аяғын нық басты деп санайды.*Азаматтыққа аттанар жолдың алғашқы қадамы да осы жерден басталса керек.*Ата-ана мен төңіректе бұл үлкен қуаныш.Ендігі мүшел -13 жас.«Он үште отау иесі» деген мақал бар.*Бұл енді оңсолыңды тани бастадың,ер санатына ілІктің,сенімен есептесер,ақыл бөлісер кезең келді деген сөз.енді сен өзгенің жетегінен гөрі өзің тізгін ұстағаныңды,өзің ат жалын тартып мінгенді қалайсың*- деген тұжырымдарымен ұштасып жатқанын аңғару қиын емес. «...Барша халық 5 пен 7 жас мөлшеріне ерекше мән береді. Бұл кезеңде ата-аналар оларға кіші балаларды бағып-қағуды,мал-жанға қарауды,басқа да үй ішілік жұмыстарды сеніп тапсыра бастаса,балалар бұл тараптағы міндеттерді өз мойнына жауапкерлікпен алады...Бес,жеті жаста бала естияр болады деп есептеледі де,жаңа әлеуметтік жүк арқалай алатындай орнықты мінезге ие болады»-деп жазған И.С.Кон.-Мұндағы пікірлер қазақта толығымен бар екенін,оның қалай жүзеге асатынын Х.Арғынбаев, «Қазақтың отбасылық дәстүрлері» атты еңбегінде:«Қыз балалар 5-6 жасынан бастап апаларынан, шешесінен, әжесінен және ауылдас әйелдерден,іс тігу,тамақ пісіру,үй жығу,үй тігу,киіз басу,өрмек тоқу,кесте тігу шеберлігін үйренеді,үй жиып,кір жуу,ән салып күй тартуға, айтысқа және қыз келіншектерге тән басқа да әдет-ғұрыптар мен жағымды қылықтарды үйренеді»–деп тамаша көрсеткен.Осы шақтағы бала әлемін танып білген қазақтар бала ерекшеліктерін ескеріп,төмендегідей іс-шараларды іске асырған.**Бірінші**.Қазақ ішінде жас баланың келешегін болжайтын, олардың бейім-икемдігін сынап тексеретін дара дарынды-сыншы адамдар болған.Олар адамтанушы, жан жайын оқитын даналар екен. Бала дарынын сезіп, талантының көзін ашатын ата, әжей, апайлардың аты ел аузында қалған.Шындығында жеті жастан бастап ұл мен қыздың өмірінде елеулі өзгерістер орын алады.Жалпы,қазақта,«Алтыға дейін ауылыңды (кей өлкеде атаңды),жетіге дейін жеріңді таны» деген қағидат бар. Беске толған соң,қазақ ұлын сүндетке отырғызып,атқа мінгізіп еңбекке араластырады.Қызды жетіге келісімен құлағын тесіп,сырға салып,әлеуметтік міндет жүктейдіЖасөспірімнің тума таланты не екенін білу үшін, бейімділігін пайымдау үшін өміртану мүмкіндігін туғызған.Ағайын туыстарының кімдер екенін, олардың қайда тұрып, нендей кәсіппен шұғылданатынын,ру-тайпасының арғы тегін, олардың таңба ұранын білу, малға салатын ен, басатын таңбасын ажырату осы жастағы балаларға міндеттелген. Нағашы жұртын да білуге тиісті болған. Қазақтар отбасының рулық құрамын байқасақ, нағашысына рулас қызға үйлену, тұрмысқа шығу өткен дәуірде көп болған. Оның себебі жастар ең әуелі нағашысымен танысатын, оның жегжатқа қатынасуы содан басталатындығында.Өмірмен,айналасымен танысып білуге,мына таудың ар жағында, анау өзеннің арғы бетінде кімдер тұратынын, не барын танып білу 6-7 жас сәбилеріне тән болғандықтан ата-әжелер оларды ертіп қысқа сапарға шығатын, ел аралайтын болған.Той-думанға, мереке салтанатқа қатыстырып, өнер білімге құштарлығын арттырып,қызығушылығын оятатын. Осылай бала бағдары ашылған соң,таланттылар ұстаздарына қолбала, шәкірт бала, қалқа бала,атқосшы,көмекші, тәлімгер болып белгілі мерзімнен оқитын,кейде іргесін тиістіріп ауылдас болатын. *Тіптен, атышулы айтулы өнер иелерін, ат арытып, ай, жыл жүріп іздеп келіп дағды игеретін болған. «Алтыға дейін атаңды таны,жетіге дейін жеріңді таны»,деген қағида ұлттық тәрбиенің шымбайлы ережесінің бірі еді.* Осы жаста өзінің кіндік қаны тамған жерін біліп( барып аунауға міндетті) әке-шеше, ата-баба туып-өскен жер, өлкесін тануға тиісті болған. Ата- бабасының жайлауы мен қыстауын, зиратын, мекендеген жерлерін аралауға ата-әжесі, әке-шешесі,

білгір-тәуіп, сыншы әулиелерге ертіп апарып, келешегіне болжам жасайтын болған.Балаларды бұл жасында атақты адамдарға апарып аузына түкіртетін. Ұста, зергер, құсбегі,атбегі қатарлы өнерлі адамдарға апарып шәкірт болдыратын.Бейімділігі мен ептілігін байқап көріп, алғашқы қадамын бажайлап,бетін ашатын, талпыныстағы тұсауын қиятын **Екінші**.Бұл жастағылардың негізгі ерекшеліктерінің бірі құрбы-құрдастарымен,ересектермен қарым-қатынаста болып, көпті сұрап біліп,әңгіме кеңес құрып,үлгі өнеге көріп,ертегі аңыз қатарлы тамаша тәлім,ұлағат тыңдауды қалайтындықтан қазақтың «Кісілік кеңес» аталатын сабағын үнемі оқып үйренетін болған. Биязы әдеп, жібек мінез игерудің бастамасы осы жаста қаланатындықтан,оларға машықтану,жаттығу жасау ата-әже,әке-шеше жанында «қосшысындай» еріп жүріп игеретін. Осындай бір жаттығуды Бауыржан атамыз былай өрнектейді; «...Киіз үйдің төрінде бір топ ауыл ақсақалдары қымыз ішіп отыр.Әкем дастарқан шетінде қымыз құйып отыр.Ол мені ымдап шақырды да,құлағыма: «Аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда?»-деп сыбырлады.Мен үйден шыға жөнелдім. Сыртта біраз тұрдым да,нық басып үйге кірдім.Көпшілікке қол қусырып тұрып: «Ассалау-мағалайкум аталар!»-деп әр сөзді қадап-қадап айттым. Бұған,әрине,бәрі күлісіп жатыр.Әкем басымнан сипап: «Жарайсың, балам,әдепті бала сүйтеді»,- деді.

**Үшінші**.Осы жастағы бүлдіршіндер, *білім мен үлгі өнегені,әдеп пен мінезді негізінде ойын арқылы* игереді.Ойын ойнап, ән салмай өсетін бала болмас.Бала ішегін сүйретіп жүріп те ойнайды дейді ата-бабамыз.Осыны айтқан қазағым бала жасының осы кезеңін «ойын баласы» атауының үлкен мәні бар. Шындығында өмір дегеніміз үлкен ойын.Осы үлкен ойынға дайындалу бала ойынынан басталады.Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес,ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған»,-деп тегіннен тегін айтпаса керек М.Жұмабаев:«Баланың қиялы, әсіресе, ойында жарыққа шығады.Ойын балаға **кәдімгідей бір жұмыс**. Ойнағанда бала жанындағы әсерлермен пайдаланады. Айналасындағы тұрмыста нені көрсе соны істейді.Мысалы. қазақ баласы біреуі ат болып қашады,біреуі құрық салады. Шыршыларды тізіп-тізіп көш жасайды.Балшықтан мал жасайды, қуыршақтан қыз жасап таныстырады,күйеу келтіреді, құда түсіреді.»-деп,қазақ балалар ойынының мазмұнын қысқаша тұжырымдаған.Бала айналадағының бәрін,ойын арқылы қабылдайды,сол арқылы тәрбиеленіп, ләззаттанады,өнерге үйренеді. А.С.Макаренко: «Ойын балалар өмірінде өте маңызды зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, **жұмысы, қызметі қандай маңызды** болса, балалардың **ойыны да** сондай маңызды».Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. В.А.Сухомлинский: «**Ойынсыз ақыл –ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес**. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады.Ойын-дегеніміз ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» - деп ойынның зор маңызын бірдей түйіндеген.Осы жағдайларды бүгінгі күн деңгейімен шендестірсек, бірнеше кемшіліктің орын алып отырғанын байқаймыз. 1.Баланың бейім бағдары,қабылет–қарымы, дарын-тума талантын танып оның көзін ашу өте төменгі деңгей де тұр. Осының кесірінен табиғатында жоқ талантты қолдан жасайтын,ата-аналар көбейіп,мамандық таңдау,кәсіп немдендуе жастар үлкен қиыншылыққа кезігуде.Ал,озық ойлы елдерде бала бақшадағы кезеңнің өзінде, баланың дыбыс ажырату,тыңдау қабылеті,көріп сезу және көзжобалау,пайымдау деңгейіне,дене бітісі бұлшық еттердің орналасу,серпілу қуатына т.б, алғашқы сараптама жасап,тану істері қолға алынуда.Осы негізде балаға барлығын үйретіп ұқтыру емес,оған қажеттісін,пайдалысын ғана оқытып үйретуге,мамандықты терең игертуге бағыт-бағдар жасалып отыр.2.Биязы әдеп,жібек мінез дағды машығы осы жастан басталатынын біле тұра,жас жеткіншектерге рухани білім беріп жатырмыз деген желеумен олардың толық мәнін түсіне алмайтын жалаң ұғымдарды «оқытып» жүрміз. Ш.А.Амонашвили:«Балаларды қазіргі мектеп қанағаттандырмайды.Балалар бізден жанды білім күтеді, ал біз болсақ оларға жансыз білім берудеміз.Жанды білім- биікке самғайтын қанаттар. Жансыз білім-аяқтағы кісендер. Ал –біз, үлкендер не істейміз: біртұтас білімді ұсақ бөлшектерге бөлеміз, оларды ұзынынан-ұзақ нөмірленген жаттығулар, мысалдар, тапсырмалар, параграфтар тізбесіне айналдырамыз және де оларды орындап,жаттауға мәжбүрлейміз.»-деп түсінікті-түсініксіз көп біліммен баланы тұмшалаудың қажетсізін ашып көрсеткен. Жасөспірім, жасжеткіншек шағында игерілмеген әдеп,мінез :М.О.Әуезов айтқан: «Үлкен алдында жас қарызы, ата алдында бала қарызы-әдеп пен сый»-деген міндетін атқара алмай қалған. Әдепсіздерді әдейі дайындағандай,көргенсіздер тым көбейіп кеткен. Тәрбиелеуді тәрбие туралы білім берумен ауыстырып алдық.

Бала жасының бүгінгі дәуірдегі жіктелуін қарастырайық. Қазіргі педагогика және психология



ғылымдары балалар мен жеткіншектердің дамуындағы биологиялық фактордың рөлін айрықша көрсетеді.1. **Жаңа туған бала** (туған сәттен бір-екі айға дейін)2.**Нерестелік шақ** (бір-екі айдан бір жылға дейін);3.**Ерте сәбилік шақ** (бір жастан үш жасқа дейін);4. Мектепке дейінгі **балалық шақ** (төрт жастан 7 жасқа дейін);5. Бастауыш **мектеп жасы**(7 жастан 11,12 жасқа дейін); 6. **Жеткіншек шақ** (11, 12 жастан,14, 15 жасқа дейін);7.**Жасөспірім шақ** (14,5 жарым жастан, 17 жасқа дейін)Тәрбие мен оқыту осы жас сатыларына сәйкес жүргізілуі керек.Өйткені, адам жасының табиғи негізі-жас сатылары немесе биологиялық жетілу сатылары.Әрбір жас шағы психикалық дамудың ерекше сапалы кезеңі болып табылады және бала дамуының осы кезеңдегі жеке басының өзіндік құрылымының жиынтығын құрастыратын көптеген өзгерістермен сипатталады. (Адамтану қазақ іліміндегі жас жіктелуі бүгінгі педагогика мен психология топтауының арасында сондай ұлықаусар айырмашылық жоқ екені көрініп тұр.Енді,жас кезеңдерінің сипаттамаларына көз жүгіртіп көрелік)(Райс Ф. Психология подросткового и юнешеского возраста.-СПб., 2000.)-Мектепке дейінгі балалық шақта, жас баланың 4 пен 7 жасының аралығындағы өзіне тән ерекшеліктері, оның айналасындағы болып жатқан құбылыстарды жіті аңғарып, көргені мен сезінгендерін үйренеді.Оқытудық алғашқы сатысында олардың өмірлік тәжірибелері молая түседі. Бірлесіп оқу, жалпы оқу зердесіне хаттай жазып ала қоятын зеректігін ала бөтен ескерген жөн.Қозғалыс үстінде жетіле дамыған балалардың денесі мен салмағы да бір қалыпты мөлшерді сақтап өсіп отырады.4-5 жасар балалардың салыстырмалы ойлай алатын қабілеттері ерекшелене түседі. Санамақтарды әжептәуір игеріп,аз және көп сандарды, айды, күн, жыл мезгілдерін айыра алатын халге жетеді. Бұл жастағылардың ойыны, әрбір әрекеттері мазмұнға айналып, белгілі бір мақсаттарды орындауға ұмтылыс жасайды. Бұл жастағы балалар топ-топ болып, өзара бірігіп ойнағанды жақсы көреді. Балабақшаларының өмірге қанат қақтырар жеткіншектері- 6 жастан мектепке баруы-негізінен биологиялық және физиологиялық заңдылықтарды басшылыққа алудан деп түсінген жөн. Дендері сау боп дүниеге келген балалар, қашан да алғыр да зерек ұғым-талдығымен ерекшеленеді. Олар айналасындағы құбылыстарды тез байқап қабылдауға да бейімді. Жете түсінген құбылыстарын өмір бойы ұмытпайтындықтары да белгілі.**Төменгі сынып оқушысын дамыту және тәрбиелеудің ерекшелігі**.Бастауыш мектеп жасындағы баланың психологиялық ерекшіліктері баланың бұрынғы дамуында жинақталып, оны өз кезегімен дамудықң келесі сатысына көшуге дайындап отырады. Бастауыш мектеп мұғалімі сынып оқушыларының ерекшеліктерін зерттей отырып,сол ерекшеліктерді мектепке дейінгі шағында қалыптасқан ерекшеліктерден бөлек алып қарай алмайды. Мектептегі оқыту оның бүкіл өміріне түбегейлі, сапалы өзгерістер енгізеді. Алаңсыз балалықшақ аяқталып, баланың өмірінің іс-әрекеттің жаңа түрі-оқу енеді. Оқу міндетті іс болып табылғандықтан, ол баладан белгілі бір жауапкершілікпен еңбек етуді талап етеді. Мектепке бару баланың қоғамдағы және отбасындағы жағдайын өзгертіп, оған бірқатар жаңа міндеттер жүктейді. Осының бәрі баланың қоғамдағы жағдайын өзгертіп, бұл өзгерісті ол біртіндеп сезінеді.Төменгі сынып оқушылары біртіндеп оқу ісіне, мектептің сан-салалы өміріне бауыр басып, өздерінің түсініктерін кеңейтіп, сөздік қорын молайып, оқуға , жазуға, санауға оқыту өте маңызды іскерлік, атап айтсақ, өз ойын ауызша, жазбаша түрде беруге үйретеді.Бұл жастағы балалармен тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыру үшін мына ерекшелікті ескеру керек: сөз бен істің сәйкесті болуын талап ету, жөнсіз кінәлаудан жеркену сезімінің болуы, үлкен адамдардың тапсырмаларын шешу, **мінез-құлықтың жаңа ережелері мен нормаларын игеру балалар арасында қарым-қатынастардың қалыптасуына жағдай туғызады**.Төменгі сынып оқушыларының ойлауын дамытуда екі негізгі саты байқалады. Бірінші сатыда ойлау әрекеті мектеп жасына дейінгі баланың ойлауын еске түсіреді. Екінші сатыда оқушылар заттар мен жағдайларды сыртқы белгісі бойынша бағалайды. Есейе келе ойлау сипаттары өзгереді.Оқушылар білуге әуесқой болғандықтан, олардың табиғат құбылыстары, адамдардың өмірі туралы сұрақтары көбейеді. Шығармашылық ойындар баланың ақыл-ойын дамытады.Сезімдік көңіл-күйінің көтеріңкілігі -олардың маңызды бір ерекшелігі. Оқушылар ересек адамдармен, өзінің құрдастарымен қарым-қатынаста болғанды жақсы көреді. Бұл жастағы балалардың негізгі іс-әрекеті -оқу. Бастауыш сынып оқушылары ұзақ уақыт бір қалыпты отыра алмайтындықтан,сабақта жазу мен оқуды алмастырып, сергіту сәттерін өткізіп,сыныптың ауасын тазартып, үзіліс кезінде мектеп ауласында ойындар ұйымдастыру керек. Мұғалім оқыту процесін жеке бөліктерге бөліп, оқушыларға жеңіл тапсырмалар беріп, оларды бірте-бірте күрделендіріп отырады. Оқыту процесі зейін мәдениетін тәрбиелеуге бағытталуы керек. Оқуға және қоғамдық жұмыстарға байланысты талаптарды жүйелі қойып, оның орындалуын бақылау, өздік жұмыстарды орындату, іс-әрекетті түрлендіру, ойындарды қолдану, балалардың еңбегін жеңілдетіп, балаға тапсырма орындаудың қажет екендігін түсіндіру арқылы, мұғалім оқушының оқуға деген жауап-

кершілігін тәрбиелейді.Бала форма, бояу, дыбыс арқылы ойлайды, сондықтан көрнекілік әдістері мен ойындарды жиі қолдану пайдалы. Олар арманшыл-қиялшыл, ұйымшыл, сенімді серік іздеу, өз мүмкіндіктерін асыра бағалау, түрлі спорт ойындарына ықыласты болу.Осы ерекшеліктерді оқу тәрбие жұмысында сынып жетекшілері, мұғалімдер, ата-аналар ескеруі қажет. Адамгершілік тәрбиесінде баланың көнгіштігін, сенгіштігін, еліктеуге бейімділігін пайдаланып, қателігін мойындауға үйретуге болады. Мұғалімнің оқушымен қарым-қатынасы, жайдары ізгі қатынасқа көшуі, баланың өзін тануына көмектесуі адамгершілік сезімін тәрбиелейді. Ерекше көңіл аударатын мәселе-баланың мінез-құлқының көпшіл де кең пейілді болуы.Ұзақ уақыттық дене еңбегіне, күш түсетін жұмыстарға әлі қабілетсіз болатындығын ескеру керек. Төменгі сыныпта өзіне-өзі қызмет етудің әдеттері мен дағдылары қалыптасады. Үлкендердің еңбегін құрметтейді, адам өміріндегі еңбектің рөлін түсініп, дене еңбегіне даяр болады, дүние туралы ұғымдар қоры, қажетті іс-әрекет икемділігі дамиды. Мектептің ең негізгі міндеті-балаға білім атаулының әліппесін үйретумен қоса, оның өмірдегі өз орнын табуына көмектесу. Жеке тұлғаны қалыптастыруда ең бастысы-ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесін өзара байланыста кешенді жүргізу.

**Жеткіншек балаларды дамыту және тәрбиелеу ерекшелігі.** (Караковский В.А. О подростках.М.: Педагогика, 1970.) **Жеткіншек шақ.** Жеткіншектік кезеңнің шектері шамамен орта мектептің V-VIII сыныбына сәйкескеледі де, 11-12 жастан 14-15 жасқа дейінгі аралықты қамтиды.Жеткіншектік кезеңнің баланың дамуындағы ерекше орны оның «өтпелі», «бетбұрыс», «қиын», «сыналатын» кезең деген атауларында бейнеленген. Бұл-ең тыныимсыз, ең қиын, ең қызба жас. Жеткіншектің жеке басы дамуының аса маңызды факторы -оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі, ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен, жолдастарымен қарым-қатынас орнатуға бағытталады. Жеткіншектік кезеңнің маңыздылығы адамның жеке басының моральдық, әлеуметтік негіздерін қолданып, қалыптасуының жалпы бағытының белгіленуі.Олар көп ойнап, көп жүгіреді, алысып-жұлысып тентектіктер жасайды, әлі де бала бола жүріп, елеусіз есейеді. Жеткіншектің жеке басындағы басты жаңа құрылым өзі туралы «енді бала емеспін, ересекпін »-деген түсініктің пайда болып, өзіне жұрттың осылай деп қарауын тілейді.Жыныстық толысу тез жүреді:— қыздарда -11-13 жас; -ер балаларда- 13-15 жас.Қаңқа сүйегі мен бұлшық етінің жедел жетілуіне байланысты моторлық аппараттың қайта құрылуы мінез-құлқының өзгеруіне әкеліп соғады, сондықтан дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру керек. Жеткіншектер білімді, әділ, мейірімді, сабақтағы жұмысты ұйымдастыра білетін мұғалімдерді бағалайды.Жеткіншектік шақ- болашақ туралы балалық армандардың орнына өзінің мүмкіндіктері мен өмір жағдайларын ескере отырып, ол туралы ойлану басталатынын, үнемі қаперде ұстауымыз қажет.Сананың дамуы баланың өз бетімен тәуелсіз талаптануын тудырады.Олар отбасында, мектепте еңбекке араласады, күнделікті өмірді бақылайды,ой-өрісі кеңиді. Бұл жастағы бала өз ниеті,іс-әрекетін жүзеге асыруға ұмтылатын кезең,намысқор келеді, үлкендер бақылауын әкімшілік шараларды ұнатпайды. Үлкендерді озбырлық жасайды деп ойлайды. Кейде түсініспеушілік осындайдан да туады. Үлкендерге байланып олардың мінезінен шындықты байқауға тырысуы үлкендер мен балалар арасында түсініспеушілік туғызады. Үлкендердің ойланбай асығыс шешім қабылдауы балаға зиян келтіруі мүмкін. Бұл жастағы балалар өнегелі адамдардың істерімен масаттанады.Осы тұрғыдан **баланың мінезін тәрбиелеу**, ықыласы мен қабілетін дамыту, мұқтаждары мен тілектерін қамтамасыз ету дұрыс педагогикалық ойларға негізделуі керек. Жеткіншіктер қоғамға пайдалы істерге ықыласты, ұжымшыл, жолдастық, достық сезімге бай, кітап оқуға, кинофильмдерге көруге ынталы, спортты ұнатады.Әдебиет жеткіншекке азамат тардың қарым-қатынасының мәнін, сезімдерін ашып, өз сенімдерінің дұрыстығына жауап іздеуге үйретеді.Саз әуені-адам сезімінің өміршісі, толқу үстіндегі адамға түсінікті, сондықтан сазға баса көңіл бөлу жеткіншектің тәрбиесіне көмектеседі. Жеткіншектермен жұмыстағы негізгі педагогикалық идеал *-баланың іс-әрекетте жетістікке жетуіне жағдай жасау*.Баламен жеке жұмыс жүргізу, әдептілік сақтап, педагогикалық шыдамдылық, ұстамдылық көрсету жеткіншектің қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Дұрыс тамақтанып, таза ауада жиі болу, көп қозғалу (ойын, дене жаттығулары, спортпен айналысу) дене тәрбиесіне көмектеседі.Бұл жұмыс сабақтың басындағы және соңындағы қан тамырының соғысын тексерумен толықтырылады, жеткіншектер жиі тыныс алатындықтан, тыныс алуын басқаруын үйрету керек. Жеке гигиена, ұйқы, тамақ, демалыс, белсенді еңбек іс-әрекетіне жағдай жасайды.Шамадан тыс жұмыс жалпы дамуын тежейді. Дене тәрбиесі арқылы жүрек қан жүйесін жаттықтыру,дене жаттығулары,спорт, дене еңбегі үшін дәрігерлік және педагогикалық бақылау өте пайдалы. .Дене тәрбиесі және спортпен айналысу зейіннің дамуына әсер етіп оның көлемін көбейтеді, зейіннің бір нерседен екіншіге бөлінуіне әсер етеді.Тәрбиешінің



міндеті-еңбек, спорт іс-әрекетін, жеткіншектің ерік-жігер, сапаларын қалыптастыру. Мұғалімдер, тәрбиешілер, ата-аналар мақсатқа жетудегі сенімділігін тәрбиелеп, жетістігін атап көрсетіп,қауіп-қатерден сақтандырып, дер кезінде көмекке келіп, жеткіншекті өз кемшіліктерінің себептерін түсіндіруге үйретеді. Жеткіншектердің қалыптасуында жолдастарының қоғамдық пікірі үлкен рөл атқарады. Мораль мәселелерін талдау және адамгершілік тақырыбындағы пікір сайыстардың әсерінен өмірдің мәні, өз болашағы,мамандығы туралы, өз беделі туралы ойланатындықтан, мұғалім бұл мәселелерді шешуге пәрменді түрде көмектесіп, күнделікті іс-қылықтардың адамгершілік мәнін ашуға көмектеседі. Ересек адамдар бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, әр баламен ойланып жұмыс істеу керек. Сәнге сәйкес киінгені, музыка тыңдағаны үшін баланы сөгу дұрыс емес. Жеткіншектермен өзара әрекеттің негізгі тәсілдері: онымен бірге іс-қылықтарды,оқиғаларды талдау, баға бергізу, өзін-өзі талдауға, өз мінез-құлқын басқаруға үйрету.Міне, осы кезеңде жеткіншектермен жасалатын тәрбие жұмысында кемшіліктер айқын көріне бастайды. Соңғы кездері жеткіншектер тәртібінің төмендегенін байқауға болады: а) ата-анамен келіспеушілік жағдайда болу; ә) мектептегі қиындық пен сәтсіздік;б) тәртібі қиын құрбыдостарымен байланыс орнату.Отбасындағы жақсы қарым-қатынасты жоғалту, мектептегі сәтсіздік, келеңсіз топтағы құрбыларымен жақындық әр түрлі жолдарға итермелейді. Отбасы, мектеп, құрбы-құрдастар тобы-барлық жеткіншектердің нағыз табиғи ортасы,ең маңызды қоғамдық факторы.Демек, баланың мінез- құлқының қалыптасуына отбасы ерекше әсер ететіндіктен оның көп қырлы, жан-жақты болуы отбасына байланысты. Педагогикалық, әлеуметтік жағынан жіберілетін әлсіздік, оқу жүйесіндегі сәтсіздік-ауытқымалы мінез-құлықтың қайнар көзі. Жеткіншектің мінез-құлығындағы ауытқулар көбіне туа пайда болмайды, олар отбасындағы және мектептегі дұрыс тәрбие бермеуден пайда болады.Осы аталып көрсетілген ауытқу девиантты мінез-құлық деп аталады.Девиантты мінез-құлықты жеткіншекке қолданылатын тәрбиелік профилактикалық іс-шаралар-тұлғаға әсер ету, әлеуметтік педагогикалық түзету іс-шаралары,кері әсерлі ортаны сауықтыру. Девиантты мінез-құлықтың бір түріне қылмыстың әрекетке апаратын агрессивті мінез-құлық (төбелес, тіл тигізу) жатады.Жеткіншектің мінез-құлығындағы агрессивттілік адамдарды аяу сезімінің жоқтығынан «айуандық» бағытқа бейімделу нәтижесінде өзін қоршаған ортаға зиянын тигізеді. Бұл жағдай тұлға аралық, топ аралық кикілжіңге өршігіп кетуі мүмкін. Жеткіншектің мінез-құлығындағы агрессивтілік ішімдікпен, нашақорлықпен тікелей байла-нысты.Кейде жеткіншектер ішімдік ішкен кезде өзінің еңбегін (бұзақылық, төбелес, сәтті аяқталған оқиғаларын) атап өтеді. Жеткіншектің тәртібі агрессивті күйде болса, олар «қиын» балалар қатарына жатады. Кейбір мектеп мұғалімдерінің қиын балалармен жұмысы сынып алдында жүйке жұқартатын әңгіме, жазалау, т.б. түрінде жүзеге асады. Әдетте, бұл әрекеттің барлығы оң нәтиже бермейді, керісінше қиын жеткіншектердің мұғалімге, мектепке кектенуі күшейіп, қарсы келуіне әкеледі. Мұғалімдер қиын жеткіншектермен тіл табыса алса, олар өзіне көңіл мен қолдау көрсеткенді қажетсініп тұратындықтан, тәрбиеші осы кезде көмек қолын созу керек. Әрі көмек қолын да соза алады.Жасөспірімнің тағы бір ерекшеліктері эмоционалдық тұрақсыздық.Ұлдардың эмоционалдық тұрақсыздықтың шарықтау шегі 11-12 жасқа, ал қыздар 13-15 жасқа келеді. Әрине үлкен жасөспірім шақ кезінде баланың көңіл күйі, психологиялық реакциясы тұрақтайды, сонда да кей жағдайда тұрақсыздық көрінеді. Осы кезде жасөспірім өз-өзін тануға, өзін тәрбиелеуге, өмірді танып білуге, өзінің өмірлік компетенциясын жоғарлатуға дайын. Сондықтан мектеп тарапынан психолог, мұғалім және тәрбие жетекшісі әртүрлі бағдарламалар құрастырып, жасөспіріммен түрлі жұмыстарды қарастыра алады. Ал ата-аналар жасөспірім өміріне ерекше көңіл аударуы қажет-ақ.. Өйткені көбінесе жасөспірім стресс жағдайда, көңіл күйінің тез өзгеруіне байланысты және ашу -ыза басым болуы-өте қауіпті. Ата-ана қарым қатынасты құрбылардың қарым қатынасына ауыстырады. Осы кезде үйден кетіп қалу, қаңғыбастық, мектепке келмеу, оқудан қашу, өтірік айту, агрессиялық тәртіп жиі кездеседі.Осының барлығы жасөспірімнің іштей ізденуіне, физиологиялық және психологиялық қалыптасуының өзгерістеріне байланысты.Міне осы кезде ата-аналар суицидтік дертке байланысты аса сақ болып, балаларына көп көңіл бөлуі қажет.Суицидтің себептері 1.Отбасынан;2.Достарынан; 3Түңілуден.Бала жасының өз ерекшелігі бар. Мысалы,жасөспірім шақтың өзіндік ерекшелігі- бұл ең ұзақ және баланың физиологиялық өзгерістерге ұшырайтын кезең. Жасөспірім шақ-қыздар арасында 10-12 жастан 15-16 жасқа ал ұлдар арасында 12-14 жастан 17-18 жасқа дейін жалғасатындықтан балалардың бейімділігін және қабілетін, мінез-құлқы мен темпераментін мұғалім-тәрбиеші, ата-ана үнемі еске алып, олардың дұрыс дамуына, қалыптасуына жүйелі түрде ықпал етуі қажет. Баланың тез дамуына байланысты бүкіл ағзаның органдары және құрамдары физиологиялық және психологиялық өзгерістерге тап болады. Жасөспірімнің өз автономиясына күрес ашып, яғн/, «мен үлкенмін» деп өзімен санасқанды қалайды. Өз құқықтарын айтып, ата-ананың бақылауынан

шығуға қажет етуі және де осы кезеңде өзіндік-жеке қарым-қатынас негізгі қажеттілікке айналады. Қойылатын талаптардың көбі қарсылық реакциясына әкеледі, өйткені жасөспірім өзін үлкенмін деп сезінгенімен, қиындықтардан қашады, өзбетімен кедергілерді сәтті жеңіп шығуға шамасы жетпей қалатын кез болады.Нақтылы қолдау,айтулы ақыл-кеңес,үлгілі өнеге дәл сол сәтте өте қажет.Осы шақ та қазақтың «Кісілік кеңес» аталатын сабағының маңызы өте зор. Оны үнемі өткізіп тұру олармен әке-шеше ретінде,ата-әже ретінде,нағашы-бөле ретінде жан тартып кеңесу таптырмайтын тәрбие сағаты болады. **Жасөспірім шақ (15-17 жас)** Жасөспірімдік кезеңнің көптеген теориялары бар. Жасөспірімдік шақ бала мен ересектік шақтың аралығы, баланың ересектерге тәуелділігімен сипатталады, ересектер баланың өмірлік іс-әрекетін мазмұны мен бағытын белгілейді.Жасөспірімдік шақтың аса маңызды міндеттері-мамандық таңдау,еңбек пен қоғамдық-саяси қызметке даярлану, өмірге әзірлену.Өзара байланысты бұл міндеттердің жүзеге асырылуы белгілі бір уақытты талап етеді. Адамның жалпы ақыл-ой қабілеті 15-16 жасқа қарай қалыптасып болады. Сондықтан оның бала кездегідей шапшаң өсуі байқалмайды, алайда ол одан әрі жетіле береді.Жасөспірімдік шақ-жеке адамның толысуы мен қалыптасуының аяқталатын кезеңі.Жыныстық толысуға байланысты өз ағзасы мен сырт келбетіндегі үлкен өзгерістер, өмірлік іс-әрекеттің күрделенуі байқалады Сондықтан жасөспірімдік шақ ымырасыз келеді.Жасөспірімге өзін көрсетуге ұмтылу,өзін жан-жақты ашуға құштарлық тән . Олар өз мамандығын таңдап алуға тырысады.Мамандыққа ықыласының бірте-бірте қалыптасуы түрлі іс-әрекеттеріне жауапкершілігін арттырады. Оларға іс-әрекетті өз бетінше орындауға мүмкіндік беріп, дұрыс бақылау мен педагогикалық басшылық жасау керек.Бұл кезеңде сезім, достық қарым-қатынастар дамиды.Мысалы: ғашықтық, өзара сенім, қайырымдылық,бірін-бірі сыйлау, көмек көрсету, іс-әрекет-терін бірігіп орындау,жолдасының кемшілігін айтып, жоюға көмектесу.Бұл күндегі жастардың мінезінде түрлі өзгерістер пайда болады. Мысалы, қыздар өздерінің сыртқы киіміне, дене қимылына көңіл бөледі. Ер балалар әдемі киініп жүруді ұнатады Біздің мақсатымыз,адамтану қазақ ілімі мен бүгінгі педагогикадағы балатану баспалдақтарын салыстыра отырып бірінде бар артықшылық арқылы,екіншісіндегі кемістікті арылту,жаңа жағдайда толықтыру болғандықтан мынандай қортынды жасаймыз **Бірінші**.Адамтану қазақ ілімінде баланың даму,өсу әр кезеніне мұқият бақылау жасап, өзгерістерді жіті қадағалап,күтіп бағу, тәрбиелеп жетілдіру тәсілін үнемі өзгертіп, жаңалаған.Оларға сол өзгеріс пен дамуға сай ат беріп,немденуге тиісті машық дағдыны игерді ме,жоқ падегенге қорытынды жасаған.**Екінші**.Кәзіргі -педагогика мен психологияда жас жеткіншектер мен жасөспірімдердің жеке бас ерекшеліктерін айқындау, онымен санасу жағдаяттары жақсы қарастырылып, терең талданған. Міне осыларды бүгінгі таңда өзара ұштастырып үйлесімді пайдалану қажет. Баланы өмір сүруге үйрететін сол өмірдің өзі.Өмір мектебі-дегеніміз осы . *Егер баланы үнемі сынға алса, ол жек көруді үйренеді. *Егер бала араздық ортасында өссе, ол агрессияға үйренеді. * Егер де баланы мұқатса, ол тұйық болады. *Егер де бала жазғыру жағдайында өссе, кінә сезімімен өмір сүруге үйренеді.*Егер де бала шыдамдылық ортасында өссе, ол басқаларды қабылдауға үйренеді.*Егер баланы жиі көтермелесе, ол өзіне сенуге үйренеді.* Егер баланы жиі мақтаса, ол қайырымды болуға үйренеді. *Егер бала адалдықта өмір сүрсе, әділ болуға үйренеді. *Егер бала әлемге деген сенімде өмір сүрсе, ол адамдарға сенуге үйренеді.*Егер бала аялаумен өссе, ол әлемде сүйіспеншілікке бөленеді.**Адам** құдіреттілігіне ой жете бермейтін, саналылығының, даналығының, қабілеттілігінің шегі, теңі мен телісі жоқ,киеліде қасиетті, аса күрделі жаратылыс. Әлемдік кеңістікте жасампаз тіршілік иесі-**адамзат**,биоәлеуметтік шеңберде жеке **тұлға**. Сезімтал, пайымды, болжамды. Амалы мен тәсілі мың сан. Бүгінгісін ертең қанағат тұтпайтын талғампаз, ізденімпаз, талапты, қажетін таңдай білетін, жоғын таба білетін кемеңгер.

### 1.3.§Тектану амалы

*«Жеті атасын білген ұл,Жеті жұрттың қамын жер.Өзін ғана білген ұл,Құлағы мен жағын жер».* (*Асан қайғы*)Қазақ әр нәрсенің "арғы тегін", "шыққан тегін" білуге үлкен мән берген-ді. Көшпелі үшін тұтас нәрсе-құдіретті күш, қастерлі құбылыс, құпиялы тылсым дүние, әсерлі де әдемі әлем.Осыдан арғы текке деген-Тәңірге,Ұмайға,Жер-Суға табынушылық (культтық өмір сүру), олардың арақатынасына ритуалдық (ғұрыптық) рәсім-салттар қалыптасты. Көшпелі жер кезіп, ел кезіп жүріп, бұрынғымен бүгінгінің бөгде мен жаңаның кәрімен жастың, көргенмен ойдағының арақатынасын білуге тәнті болған. Неге? Өйткені ол дүниені тұтас қабылдаған. Өмірге тура жолды іздеген. Адам болмысында оның **жан дүниесі мен рухының ықпалын** жоғары қойған. Адамның қабілет-қасиетін жетілдіруді ашық арна ретінде қарастырған. Аруақ пен адам рухын тіршіліктің мәңгі, лаулап тұрған қос қайнар көзіндей қабылдаған. Содан қазақ табиғатпен әр түрлі үндестікте болды.Осыдан "қазақтың ата-тегінің болмыс шындығына тікелей жақын болуы-олардың



бақылайтын, қабылданатын, дүниеге сезімдік тұрғыдан жақын болуы, бұл болмыспен тамырластығы уақытты, кеңістікті, адамның ішкі дүниесі, тіршілік етудің басқа да жақтарын, болмыс мәнін, ар-ождан бастауларын түсінуінен өз көрінісін тапты. Мұның бәрінің нақты өмірде нақты түп тамыры бар, осыдан келіп басқа ешбір дүние түсінігімен шатыстыруға болмайтын дүниенің ұлттық образы, дүниетанымы пайда болады". (Т. Әбжанов, Ә. Нысанбаев) Ал,тектанудың пайда болуына,көне замандағы тайпа,топ,ата өз ішінен тұрмыс құрып,оның соңы олардың ұрпақтарының ортасында неше түрлі ауыру-сырқау,кем-кетік жандардың дүниеге келуі,тіптен кейбіреулерінің мүлдем құрып кетуге жетуі басты себеп болған.Тек-адамның түп нәсілін, арғы атасын білдіретін тарихи ұғым. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «текті» сөзіне келесідей анықтамалар берілген: «1) шыққан тегі бір, тұқымдас, тектес; 2) тегі, шыққан жері жақсы.Текті жер-үлгілі, өнегелі ел, ауыл». Демек, қазақта тектің физиологиялық тұқым жалғаудан бөлек, адам ұрпағының сапалық белгілерін айқындайтын индикатор екендігін аңғаруға болады Ежелден, ата-бабаларымыз тектіліктің деңгейлерін **тұқым мен қан тектілігі, азаматтың өз басының тектілігі, халықтың тектілігі деп ажыратқан**. Міне, дала философиясының қайнар көзі! Ұланбайтақ жерде туған көшпелі қазақ текті халық-мінезі кең, көреген, сезгіш, естігіш. Қазақ жұрты, тектану амалын тереңдетіп, жетіліріп күні бүгінге дейін дұрыс пайдаланып келеді.Бұл құбылыс үш жағдаймен көрініс берді. **Бірінші**.Қазақтар *«Адамның күні адаммен»* деген қарапайым қағиданы тіршілікте шынайы басшылық еткен. *«Сүйек сүйкеніп, жекжат жұғысып, туыс демесін»* күн көретіндіктен адамдар бірін-бірі жатсынбай, біріне-бірі арқа сүйеп, өмір сүру қажет екенін ұлы дала табиғаты, ауа-райы, өмір салты қазақтың сүйегіне сіңіріп ұқтырған екен. Сондықтан да, туыстық-қандастық жүйені тарата білу, саралай алу, тарихын талдау атам қазақ үшін өмір талабы болған. *Осы негізде әулет мектебінде оқытылатын негізгі пәннің бірі-«Шежіре- тарих»* еді. Бұл пәннің негізгі мақсаты;*ата-бабасының кім екенін, олардың кімдермен достасып, кімдермен жауласып, кімдермен қатар көрші тұрып, қандай қатынас жасап, байланыста болғанын жас ұрпаққа ұқтыру еді.*Өткен өмір-бәрі сабақ.Ұрпақ үшін тарих пен ата-баба шежіресі өте маңызды оқу. *«Жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі »* дейтін қазақ туыстық барлық бағытын тәптіштеп түсіндіретін. Төрт құбыласын тең көрген қазақ,жастарға, өз жұртын, нағашы жұртын, жиендерін, өз ұрпақтарын толық білдіру үшін тамаша әдіс ойлап тапқан. Мысалы, *адамның төс сүйегінен бастап,санағанда қол-ұшына дейін 7 буын болады.*Осы жеті буынды әр атаға сәйкестіріп: *иық буыны -әке; шынтақ буын - ата; білезік буынын – баба; алақанбуын– ұлы ата; саусақ буын–ұлы баба(еліката); саусақ орта буынын-әзата (құланат), саусақұшы буыны-әз баба(жуажат) кімдер болғанын, оны төрт жаққа таратын айтатын болған. Осы күнгі аға буын жас буын деу содан ұласқан.*Ататек атулары:

***Әке, ата, баба, ұлы ата,ұлы баба,әз ата,әз баба:**

****Әке,ата,баба,ұлы ата, еліката, құланат, жуажат, жекжат:***

***Әке;ата;баба;ұлы ата;ұлы баба;тек ата,(тектін);түп ата (тұқиян)**(Кей этнографтар баланы атаға жатқызып жазып жүр.Ол-жаңсақтық.)*Бұл ататек атаулары, әр өлкеде сәл бөлектеу болуы мүмкін.Қазақта, ататегімді бес саусағымдай жақсы білемін, олар алақанымда жазулы тұр деген мақтаныш сезімді білдіретін сөз тіркесі бар.Себебі ататектің көпшілігі алақан аумағында орналасқан.Ал,жеті атадан асқан соң,ағайынның да жекжат болады, қыз алысып,қыз берісуге рұқсат деген түсінік бар Алайда ,рулас қазақтар құда болысқан емес.Зауаттар атауы:***Бала, немере, шөбере,шөпшек, немене, туажат, жүрежат, жұрағат.***Бұл үрім бұтақ,ұрпақ-жұрағат атаулары қазақтың барлық өлкесінде бірдей кездеседі. Қазақ,өзің мың жасамасаң да,ұрпақ жұрағатың-үрім бұтағың мың жасайды дейді.* Түп-тұқиянына дейін жатқа білетін қазақ атамыз, тегін таратқанда, олар кімдер болғанын ғана айтпаған.Әкесі ұлына кеудесін нұсқап; *бұл-сен, оң қолын-өз жұртың, сол қолың- нағашы жұртың, сондықтан, әр буынға бір ата сәйкес келеді, баяндай бер дейтін.* Баласына ата-бабасын айтып қана қоймай, олар қайда қоныстанғанын, нендей өнері, даңқы, атағы болғанын, дәулеті қалай болғанын, тіпті, немен шұғылданып, руына несімен қадірлі болғанын айтып беретін және қайырып айтқызатын.*Булардың шаңырағы қазір қайда, кімдер басып отыр, олардан тараған ұл мен қыздар кімдер,олардың алдында-сенің міндетің, борышың қандай?»*-дегенді де айтатынды.Әке айтқандарын,бала жадында жаңылмай сақтау үшін ағайындар үш шеңбер аумағында талданатын. Мұнда:*бірге туғандар-бір әке балалары;немере ағайындар(бір атаның балалары,); **жамағайындар** (үш атадан қосылғандар, -баба -балалары); қағыс-**ағайындар** (әз ата, әз баба балалары).* Осыларды толық тоқып үйренген ұл мен қыз-жеті рудың қамын жейтін халге жеткен.Рулар шежіресі жинақталып, қорытындала келе тайпа, халық тарихы да жазылған.Мұндай тарих-шежірелердің қолжазба түрінде сақталғандары мен қоса тасқа басылған, матаға жазылған,ағашқа ойылған, көнге шабылған түрлері де бар.**Туысқандық мейірім**,«Туысы

бірге түтпейді,түбі бірге кетпейді».«Ағайынның азары болса да безері болмайды», «Қанды қалпақ кисе де,қиыспайды туысқан» деп,қазақ, туыстың ешқашан қиыспайтын нәзік сезімін көрсетеді.Ағайын арасында қандық,тектік қатынастың сырлы байланысы бар екенін байқай білген.Қазақ болашақ ұрпағын,үрім-бұтағын байланыстырған сүйек-жекжатына үлкен мән беріп,бірін-бірі сыйлап адамдардың бір-біріне құштарлығынан қуат алатын, жүректен көмектесіп, әдеттенуге тәрбиелеген.Туысқандық мейрім-отбасындағы, әулеттегі ынтымақтың, береке бірліктің қайнар көзі.Туыстық мейрімнің негізі адамның қоршаған ортаның сұлулығын сүю,оны аялай білу сезімінің жемісі болумен қатар содан шыққан асқақ көңіл.Дұшпандарымыздың осы бір қазақтың бауырмалдық, ағайындықтың, туысқандық қасиетін жою үшін, оған таптық рең беріп, қанаудың барлық түрі осының артында жасырылған деп жар салуы тегін емес.Қандастық қайырымның қандай болатындығы соңғы ширек ғасыр да дүние жүзіне жарқырап көрінгенде,пасық ойлы ондай антұрғандар аузына құм құйылды!«Өзіндікі өзекке тепсең де кетпейді,басқанықін басыңа көтерсең де оған жетпейді».«Қазақ сұраса келе,қарын бөле болып шығады»,«Тегі бірдің-түбі бір»,«еншісі бөлінбеген,барлығы-бір алаштың баласы»,«Бірінді,қазақ,бірің дос,көрмесең істің бәрі бос»(Абай)Бар қазақтың бір ата баласы екенін,бір-бірін жатсынудың еш негізсіз екенін Шәкәрім де, шегіне жеткізіп айтқан.Қазақ бала бойындағы ерекше қабылетті, ата тегі арқылы қонған табиғи дарынды өте жоғары бағалаған. «Атасына тартып ақын болыпты,нағашысына тартып әнші, әкесіне тартып күйші, анасына тартып биші болыпты» деп,баланың икемі мен талабына сүйсіне қараған. «Ата өнері-балаға мұра,ата кәсібі-бала нәсібі».Жас ұрпақтың тәлім алып,үлгі-өнеге үйреніп,өнер ұғатын-ұстаздық ортасын, ағайын туысын қадірлеп құрметтеу, олардың мейірім шапағатына бөлену бала үшін таптырмас табыс. М.Шаханов: «Өз туған жеріңе деген сүйіспеншілігіңді ең алдымен отбасыңа, ауылдастарыңа арнамай тұрып,барша әлемді сүю мүмкін емес».«Туған өкпеге қиса да,өлімге қимайды». «Тұрман құйысқандай болмайды, тумаң туысқандай болмайды».«Жеті атасын білген ер,жеті жұрттың қамын жер»Біздің текті әже, арлы,айбарлы да,ақылман әжелеріміз бен аналарымыз Жан иесі жатырда пайда болысысымен,оны аялау, ананы құрметтеу үшін өте ауқымды шаралар мен әрекеттер жасаған. Осының нәтижесінде құрсақтағы жан иесін шарана шағында тани білген.Бұл іс-әрекеттер:ырым-тыйым, рәсім-ұлағат аясында жүзеге асырылған. А.Байтұрсынов:«Ырым етсең адал ет, жамандықтан аман ет»-деген.Адал ниетпен жасалған ырымдар бізге жетті. «Аптасына бір рет монша көрмесең,тәнің кірлер.Күніне бір рет адаммен сөйлеспесең көңілді кір басар»-деген ұлағатты сөз бар. Адам көңілін жадыратып,сезіміне сыр ұялатып, шалқытып отырса ол адамда өмірге деген құлшыныс,тірлікке деген талпыныс туындайды.Әжелеріміз, аналарымыз осыны жақсы сезінгендіктен өмірге келе қоймаған шаранаға тумақ жерінің хош иісін, әсем үнін,таңғажайып тұлғасын таныта білген. Мына ырымдар соның айғағы.Жүкті жас келінге ақ биенің кешкі саумалын ішкізіп, көбігін жалатады.Жас ананың «Көң-ілін көтеру» ырымын жасай-ды.Жастар келінге, салмақты, байсалды, ырғақты өн айтып,күй тартып береді.Майда құм не тұз үстімен жалаң аяқ жүргізеді. Айлы түнде суық суға шомылдырады.Бала шырақ болады.Жүкті келініне көлденең жатқан жіп,арқан,бауды аттатқызбаған. Баласының кіндігі мойнына оралып қалар деп ойлаған.Жүкті әйел шашын кеспейді.Бақ таяды,баласының бағы сөнеді,кемтар болып туады, ғұмыры қысқа болып туады дегенге сенген.Екі қабат әйел хайуанды теппейді,баласының арқасына жүн өседі, өзінің белі ауырады. Бала өмірге келісімен жылы суға тұз салып шомылдырған.Жусан салған жылы суға денесін батырып,хош иісті шөптермен сылап-сипап,денесін созып, шынықтырып отырған.Келіннің ұйықтайтын отауын, төсегін, сәбидің бесігін, құндағын арша түтінімен аластап тазалаған. Жусан мен арманың иісі оның туған жерінің иісі,оның жадында,көңілінде мәңгілік сақталады.(Шетте жүргендер, сапардағылар туған жерінің тасы, топырағы мен арша,жусан ала кететін рәсім осы ырымның көрінісі.) Емшектегі баласы бар әйел жалаңбас отырып бала емізбейді, орамал салып алу керек.Жалаңбас болса, қайызғағын шайтан баланың аузына салып жібереді. Бала есейгенде мәңгүрт болады, анадан безеді, басына шығып-кемітіп сыйламайды,сөзін тыңдамайды, қиянат жасайды.Қазақ анасы омырауын ашып бөгде тұрғой ата-енесіне көрсетіп бала емізбеген. Бірге тұрғандар баласын шымылдық аржағында емізген. Бұл ырымдар жас ана мен баланы мәпелеу, қадірлеу, тәрбиелеудің мейрімді жолы. Бала есейе бастағанда туған жеріне апарып аунату, кіндік қаны тамған жерін көрсету,кіндік кескен жұртын таныту ырымы-оның туған жеріне деген сүйіспеншілігін ояту үшін жасалған. Ертеден келе жатқан ырым бойынша белгілі батырлар мен билерге, ақындарға,әнші–күйшілерге,атақты адамдарға баласын ертіп апарып аузына түкіртіп алатын болған. Ондағы ойы баласының сондай болсын дегені.Осындай ниетпен солардың аттарын қоятын.Бұл ырым бүгін де кең етек алған **Қазақ өте ырымшыл, нанымшыл** болғандықтан. «Көз тиеді», «ібіліс-шайтан іліп әкетеді», «түсік тастап қояды» деп жүкті келінді жұрт көзінен қағаберіс, жасырын ұстауға



тырысқан. «Бесікті үй берекелі» демекші, баласынан немере сүйіп, ұрпағын өсіруді армандаған аналар келіндері көп кешікпей екіқабат болса,оны ерекше қамқорлыққа алып аялайды. Келіннің жүкті кезінде мезгілімен дұрыс тамақтануына, үсті-басын таза ұстауына, дұрыс демалуына, бойжазуына, ерекше көңіл бөліп, осылардың орындалуына енесі, абысындары мұқият болатын-ды.Дәлірек айтқанда, екіқабат келіннің тамақтану, демалу, жүріп-тұру, ережесі болған, оны бұлжытпай орындату әулет мектебі ұстаздарының негізгі міндеті болған. Екіқабат әйелдің ішкен асын сіңірмей лоқсу, шамалы құсу сияқты ағзасындағы өзгерістен болатын ерекше құбылысты *жерік болу немесе жүрек айну* дейді.Адамзат тарихынан белгілі болғандай, пайғамбарлардың, сахабалардың,даңқты патшалардың аналары-ның жеріктігі туралы аңыз әңгімелер тым мол.Қазақ ұғымы бойынша, ол айтылғандардың барлығы рас, шүбәсіз сенімді.Сондықтан да, апа-енелер, абысындар келіншектің неге жерік екенін,қашан оның нышаны байқалғанын дер кезінде білуге міндетті болған. Әйелдің жеріктігі әркімде әр кездерде әрқалай көрініс береді.Мәселен *көруге жеріктік, естуге жеріктік, иіске жеріктік, ұйқыға жеріктік, асқа жеріктік.*Осының ішінде асқа жеріктік барша халыққа тән.Асқа жерік болған келіншектің көңілі қалаған, тәбеті тартып тұрған нәрсесін зарықтырмай, барынша тез таттыру абзал.Сонда ғана ол тықыршытып маза бермейтін: белгілі бір табиғат суретін немесе оқыс оқиғаны бөлекшелеп көргісі келетін; құйқылжыған бір музыканы немесе найзағайдың сатыр-күтірін естігісі келетін; ыс пен түтіннің немесе гүлдің жұпар иісін жұтқысы келетін, жеріктіктер бар.Қанағат тілеп тұрған әйел бойындағы мұндай жеріктік толық қанып,ішкі құмары толық басылғанда ғана оның денсаулығы күшейеді. Сөйтіп өзімен бірге баланың «тұғыры бекініп» денсаулығы оңалады.Алайда бір жерігі қанса да,екінші жерігі ашылып, жеріктің жаңалап ауысып отыратын да жағдай болады. Мұны айнымалы немесе ит жерік деп жатады. Жеріктіктің қанғаны дұрыс,нәресте нышанға оның кері әсері тимеуі керек. Жеріктікті ауызға алған себебім,көзі қарақты, көңілі алғыр әже-апаларымыз жеріктікке балап көп нәрсе түйген, Жан иесінің жағдайын түсінген, оның келешегін болжаған.Қазақ аналары қасқыр етіне жерік болса, одан туған бала өжет, батыр болады деген сенім бар. Мәселен: XVI ғасырдың белгілі батырлары Орақ пен Мамайдың анасы Қараүлек әже былайша толғайды:«..Мамайжан бойға біткенде, Арыстан, бөрі етін жеп, Қанып еді жерігім» (23 жоқтау) Аю етіне жерік болған анадан туған балалар:«Бір жұмысқа жұмсасаң, орнынан әзер қозға-лады. Сараң сөзді келеді. Жүргенде екі жаққа ырғалып, балпаң-балпаң етіп, аспай-саспай жүреді. Есейе, ес біле келе, ешкімге де дес бермейді. Қаруы ақылына сай, арыстандай азамат болып ер жетеді. Көзі жұмықтау, құлағы шұнақтау келеді. Қол-аяғы балғадай, екі беті алмадай, шымыр денелі болып өседі. Атағы жеті жұртқа жеткен, жетелі азамат болады. Бір кемшілігі-қорбақтау, табансыздау болады. Дүйім жұрт жиналған жерге көп байыздап тұрмайды. Үлкендерге, өзі теңдестеріне, тіпті өзінен кіші адамдарға да қарсы келмейді. Күші қаптал жетіп, ойы орап тұрса да, бір нәрсеге батылдық етпейді. Содан қарадай қашқақтап, шегіншектеп, бойын сыртқа тарта береді. Әсте алдыға түсіп, басқалардан қара озып жүгірмейді.Ал ашу-ызасы келсе, бәрін де тас-талқан етіп, апырып-жапырып кетеді. Таудан тас құлағандай қопал-қопал қылықтар көрсетеді. Жерді жарып, айқай салады. Әйтеуір бір жақсысы, ондай мінез ұзаққа бармайды. Өзі сыйлап, жақсы көріп жүрген әлдебір үлкен адам ақыл айтса болды, ашуын тежеп, айбарын жоғалтып, тоқырап, тоқтап қалады. Егер осындай аю етінің жерігінен туылған қыз бала болса, дене бітімі кесек, қол-аяғы ірі, жалпақ бетті, жалпақ алақанды, жалпақ табанды, қалың етженді ерінді, тана көзді, дана сөзді, дара мінезді еркекшора болады. Қару-қайраты ер адамдардан кем түспейді. Өзіне қарсы келген әйел болсын, ер болсын, белінен бүктеп, алып ұрады. Қолы жомарт, ақшелек, жарқын жағымды жүзді болады. Бір айыбы-қызғаншақ, ұрыншақ, қылжақ сөзді жындыбастау келеді. Махаббатқа жауапкерсіз, дала кезбелеу болады.Үй жұмысына сақ болғанымен жауапкершілігі аз болады.Тамақ істеу, бала бағуға мойын бұрғысы келмейді. Ыдыс-аяқ жаққа барса, салдыр-гүлдір еткізіп, бірін-біріне соғып, кемінде бір кесені сындырып кетеді. Киімді олпы-солпы киеді. Жарасса да, жараспаса да үстіне іліп алып, хан базарда, қонақта,тойда тартып жүреді. Басқалар өзіне қандай көзбен қарайды, қандай баға береді, онымен есептесіп жатпайды.Бәрі өзіне дұрыс болса болды. Өз сезімі қабылдамаған, басқалардың айтқан қандай да ақылын қабылдамайды. Әйел адамдардан көрі ер адамдармен сырласуды, әйел адамдардың жұмысынан көрі ер адамдардың жұмысын істеуді ұнатады.»(***Болат Бопайұлы Жота Қажы)*** Қазақта көкқұмай, аққу,арыстан, жылан, құлан, ұлар етіне жерік болған аналардың өмірге әкелген балалары туралы аңыз әпсана,ұғым-түйіндер мол-ақ.Қазақ өте ырымшыл, нанымшыл болғандықтан «Көз тиеді», «ібіліс-шайтан іліп әкетеді»,«түсік тастап қояды» деп жүкті келінді жұрт көзінен қағаберіс, жасырын ұстауға тырысқан.Бұл іс-әрекеттер: ырым-тыйым, рәсім-ұлағат аясында жүзеге асырылған А.Байтұрсынов: «Ырым етсең адал ет,Жамандықтан аман ет»-деген.Адал ниетпен жасалған ырымдар бізге жетті. Бұл ырымдар жас анамен баланы мәпелеу, қадірлеу, тәрбиелеудің

мейрімді жолы.Емшектегі баласы бар әйел жалаңбас отырып бала емізбейді, орамал салып алу керек. Жалаңбас болса, қайызғағын шайтан баланың аузына салып жібереді. Бала есейгенде мәңгүрт болады, анадан безеді, басына шығып-кемітіп сыйла-майды,сөзін тыңдамайды,қиянат жасайды Қазақ анасы омырауын ашып бөгде тұрғой ата-енесіне көрсетіп бала емізбеген. Бірге тұрғандар баласын шымылдық арқа-ғында емізген «Аптасына бір рет монша көрмесең, тәнің кірлер.Күніне бір рет адаммен сөйлеспесең көңілді кір басар»-деген ұлағатты сөз бар.Адам көңілін жадыратып, сезіміне сыр ұялатып, шалқытып отырса ол адамда өмірге деген құлшыныс, тірлікке деген талпыныс туындайды. Әжелеріміз,аналарымыз осыны жақсы сезінгендіктен өмірге келе қоймаған шаранаға тумақ жерінің хош иісін, әсем үнін,таңғажайып тұлғасын таныта білген. Мына ырымдар соның айғағы.Жүкті жас келінге ақ биенің кешкі саумалын ішкізіп, көбігін жалатады.Жас ананың «Көңілін көтеру» ырымын жасайды.Жастар келінге, салмақты, байсалды ырғақты ән айтып,күй тартып береді.Майда құм не тұз үстімен жалаң аяқ жүргізеді. Айлы түнде,жазда суық суға шомылдырады.Бала ширақ болады.Жүкті келініне көлденең жатқан жіп,арқан бауды аттат-пайды.Баланың мойнына кіндігі оралады деген ырым бар.Аяғы ауыр әйел хайуанды теппейді. Баласы-ның арқасына жүн өседі,өзінің белі ауырады. Қазақтар жүкті келіннің көңіл күйіне де мән берген. Халықта, «анасы жыласа бала жасық болып туады» деген түсінік бар.Сүттен жасалған тағамдарды көп тұтыну керек. Алайда, ақ ірімшік, суық сүтті шамалы керектену дұрыс.Жанында жұбайы жоқ болса базар араламайды, серуенге шықпайдыЖүкті келінді сыйлау, құрметтеу әдебі қазақта тым асқақ. Мәселен, оның алдын басқа тұр ғой,ата-енесі кеспейді. Ананың алтын құрсағында қандай дана қазақтың жатқанын кім білсін!Аяғы ауыр келінді, ешуақытта жұмсамайды, кім болсада оның алдында құрақ ұшып тұрады.Ертеде,аяғы ауыр келіншек, сырттан келе жатқан кісіге: «кім болсаң да, итаяқты ала келіңіз»-деп дауыстағанда ол адам,итаяқты үйге алып кіреді.«Ата,Сіз екенсіз ғой, кешіріңіз, қайтадан апарып тастаңыз»- деген ғой.Атасын, жұмсауық келін,демде екі рет жұмсаған. Әзіл ғой! Қазақ жүкті әйелдің көп қозғалғанын жақсы көреді. Жол ашу деген ғұрып соны көздеп жасалған.Аз қозғалған әйелдің нәрестесі тым етейіп кетеді деп ойлаған.Сол үшін де, оның босану мерзімі таянған сайын жақсы көріп, жаны ашитын әрбір үй келер ұрпаққа тезірек жол ашып,нәрестемен тезірек дидарласқысы келеді. Соған әр үй арнайы қазан көтеріп, оған жеңіл желпі тамақ пісіреді. Оған, мүмкіндігінше,ең алдымен босанатын келіншекті ерімен бірге шақырып ауыз тигізеді.Бір үйден кейін, келесі үйде болып, дәм тата жүріп,бата тілектерді алумен қатар іште жатқан,дүниеге келетін нәрестеге жол ашқаны еді.Қазақ ғұрпында келін тәрбиесіне өте тиянақты болатындықтан өткен шақта, қазақта ажырасу болмаған еді.Бүгіндері келін тәрбиесіне тек ене ғана емес, абысын-ажын,қайын апа,сіңлілер тым селсоқ қарайтын болған. Кей ажырасу солардың кесірінен болады.Құрсақ шашу салтында, ақыл-кеңес ағыл-тегіл айтылып, тіптен ән де естіліп, қыз-келіншектер бір желпініп қалатын.Әйелдер әкелген шашу-ларын ортаға қойып, барлығы ауыз тиетін,келін бірнеше шаңырақтың дәмін өз отауында tататын. отауды қуаныш күлкіге,әнге бөлеп, жүкті келін,сергіп,тыңайып, көптеген жақсы ақыл-кеңес алатын, «Адамды сыйлау»- аталатын дәрістің*«Келінді құрметтеу, сыйлау»* деген тарауының жуан бел ортасына жаңа жеткендігін көрсетуші еді.Осы тараудың бірер білімін жілке тізіп көрелік.Жүкті келін ең әуелі Аллаһ Тағаланың бергелі тұрған ырысы мен бақытына, дәулетіне шүкіршілік етіп, оған тұрақты түрде сыйынып, тәубе етуі тиіс.Үйге кірерде, шығарда оң аяғымен кіріп-шығып,істі-қимылды бисмилламен бас-тап,осы мезгіл-дерде оқылатын дұғаларды мүлт жібермей оқып,жатарда,тұрарда және көшеге шығарда сақтандыру аяттарын айтып жүру әбзал. Аллаһ Тағаладан өзіне иман, баласына ұзақ ғұмыр тілеу қажет. Әсіресе, жын-шайтандардың жүруі ықтимал жерлерде, олардың азғыруына түсіп қалмау үшін Аллаһ атымен сыйынып жүру дұрыс.Біз қазақ халқының баланы өмірге дайындаудағы бір үзік амалын сөз етіп отырмыз.Ал,педагогика ғылымы үшін, осы білімдерді кім? қашан? қайда? оқытып үйретті дегенге жауап беру маңызды. Пүшәй Тайғожақызы(1884-1963)әжейдің әңгімесі осы сауалдың жау-абын табуға көмектесер деп ойлаймын.«Біз он үш,он төрт жасқа толысымен бастаңғылар мен шілдехана күзеттерінде,ақшам думанында, ойын тойлардың сәтті мезгілінде өзімізден сәл ересек қыздардан, асыл жеңгелерімізден бесік жырынан бастап тұрмыстық салт өлеңдерін; сыңсу, жар-жар, той-бастар т.б.әндерін үйрендік.Мен, ауылдық шет мекенде өстім.Біздің ауылда мешіт-медресе, тіптен ауыл молдасы да болмады. Құран дұғаларын, мұсылмандық әдептерді апамнан үйрендім.Ол кісі мені жеті жасымнан қолымнан жетектеп ертіп жүріп, өзі қандай құлшылық жасаса соған баулыды, мұсылманшылыққа үйретті.Он жеті жасымда тұрмысқа шыққанда апамның ірге жағынан тұрып, төсек тойына барғанмын.Мұсылмандық білімді,енем мен абысындарымнан тереңдетіп үйреніп қазіргі дәрежеге жеттім.Қажыға бара алмадым...» Қазақ келіні,қарашаңыраққа босаға аттарда оң аяғымен кіріп, иіліп, бір тізелеп сәлем салып, шығарда шегініп шығатын.Үйге кіргенде: «Бисмил-



ләһи,уәләджнәә,уәби-харадҗнә әуә-аләә Рабби-нәә тәуә-кәлнәә, сумма лиусаллим әләә әһлилі». Үйден шығарда; «Бис-миллаһ, тәуәккәлту аләә лләһ,уә ләә хауләуә ләә қу-уатаиләәЛләһи.» (Аллаһтың атымен кірдік және Аллаһтың атымен шықтық және Жаратушы Иемізге тәуекел еттік.)Осыны айтқан соң үйдегілерге сәлем беру керек .(Аллаһтың атымен, мен Аллаһқа тәуекел етемін.) деген дұғаларды айтуы тиіс.Аяғы ауыр әйелдер, шайтанның адамға баратын жолдарын біліп, олардан үнемі сақтанатын шараларды қолдануы қажет.Үнемі дәретпен жүріп, Фәлақ және Нас сүрелерін оқыған әбзал. Төрт анаға сыйыну,жалбарыну тәсілін білу керек.Жатарда Бақара сүресінің соңғы екі аятын оқу дұрыс. Ішіп-жеген ас сусынның адалдығына/халал/ өзі мұхият болғаны дұрыс. Қазақ танымы, ұғымы негізінде жүкті әйелдердің ішіп-жеуіне тыйым салынған, рұқсат етілген тағамдарды алдын-ала білген жөн. Мәселен,түйе етін жемеу /баланы ұзақ көтеруі мүмкін/,қоян етін жемеу/баланы қоянжырық тууы мүмкін/,балық етін жемеу /баланы үндемес тууы мүмкін/, халал құстардың етін жесе бала қырағы болады, желке жесе асқазан тазарып, бала шымыр болады.Тобық немесе жіліктің басын шайнаса тіс бекіп, ширақ болады.Асықты мұжымайды, жанбас ойық етін жемейді, жұлынды суырып сормайды, т.б.Түнге қарай күл шығармайды, кір жумайды,суға бармайды, үй сыпырмайды, даңғаза, у-шу болып жатқан жерге бармайды, қараңғы, көлеңке, ала-көлеңке орынға баспайды, шошырлық дыбыс айғай,от-жалын, жарық шыққан орынға беттемейді.Жолсыз немесе ойпыл-тойпыл жермен жалғыз жүрмейді.Басына қиындық түссе ең әуелі ерімен бөлісуі тиіс. Қонаққа ерімен ғана бару керек, ондай жерде біреу қадалып қараса, көз сұқтан сақтану дұғасын оқиды.Ата-енесін құрметтеп, пайғамбардай сыйлайды. Жолында жатқан жіп, үлкен-кішінің киім-кешегін, ат әбзелдерін алып тастайды,ағаш бұтағы,құрал жабдықтарды жинап қойып жүреді. Оларды баспайды,аттамайды,аластап өтпейді.Өзі кездік, пышақ, қайшы балта, балға құралдарды алып жүрмейді, асынбайды.Өзбасын таза ұстайды.Аталмыш ырымдар мен тыйымдарды жүзеге асырып, ұлттық ұстанымдарды басшылық еткен аналар әркез сапалы да,саналы ұрпақ өмірге әкелген.Дәлірек айтқанда,қазақ дінді тектіліктің бастауы деп біледі. Сонау ламаизмнен, даоцизмнен, тәңірішілдік, буддизмнен бастау алып Исламмен жалғасын табатын адами қасиеттер сананың, зерденің оянуы, жетілуі, ар тазалығы, инабаттылық пен қайырымдылық иірімдерін қалыптастырады, тектілікке жол ашады. Қысқаша түйіндесек,ата-бабадан ұласқан **тектілік-рухани тазалықта ғана тамыр жайып,келер ұрпақ бойынан** табылады.Ал,тектану ғылымының өзі: «Генетикалық тұрғыда адамның бойындағы жақсы қасиеттердің белгілерін тұқым қуалау арқылы 75-80 пайызын тектен,ал, **қалғанын тәлім-тәрбие, қоршаған әлеуметтік** ортадан алады»- дейді.Тектілікті танып білу, сондай қиын болмағанымен,жеңіл-желпі, ат-үсті айқындай қоярлық амал-айласы да жоқ,сұңғыла адамтанушылардың қолынан келетін терең түйінді,парасат пайым нәтижесі екені анық.Тектіліктің бірінші белгісі әулеттің өсіп-өнгендігімен сипатталады. Егер, тұқымында белгілі бір дарын иелері болса, ол қан арқылы келесі ұрпаққа берілетінін қазақ ертеден дәл білген. Сондықтан, «көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық» деп жар таңдауда текке қарауды ең бірінші өлшем ретінде ұстанған.Текті ғылыми тұрғыда, тірі ағзалардағы **тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтарын анықтайтын генетика ілімі зерттейді.** *Тұқым қуалаушылық* дегеніміз организмдердің келесі ұрпақтарында ата-бабаларына ұқсас белгілердің сақталу қабілеті және осы қасиеттің негізінде түрдің біртектілігінің сақталынуы болса, ал, ***өзгергіштік***- организмдердің өз аталық-аналықтарынан басқа, жаңа белгілерге немесе қасиеттерге ие болу қабілеттілігі.1865 жылы чех ғалымы, сопы Грегор Мендель тұқым қуалаушылықтың негізгі заңдылықтарын зерттеп, «Өсімдік будандарымен жүргізілген тәжірибелер» еңбегін жазған болатын.Бұл ғылымның атауын 1906 жылы ағылшын ғалымы В.Бэтсон генетика деп атауды ұсынды(«geneo»-латын тілінен «шығу тегі»дегенді білдіреді). Ядролық тұқым қуалаушылықтың негізгі тасымалдаушысы клетка ядросында орналасқан хромосома.Әрбір хромосоманың құрамы химиялық компоненттерден тұрады. Кейде клетканың микрос-копиялық өлшемі кезінде ұзындығы бірнеше сантиметрге жететін ДНҚ-ның (дезок-срибонуклеин) бір алып молекуласынан тұрады. Мысалы, адамның ең үлкен хромосомасының ұзындығы 7-смге дейін жететін бірінші хромосомасы болып табылады. Адамның бір клеткасындағы бір хромосомадағы ДНҚ молекуласының жалпы ұзындығы170-смге жетеді. Ғылым осылай дегенімен, халқымыз «түбін білмеген тексіз, тегін білмеген түбін білмейді, тегі мен түбін білмегеннен келелі кеңес шыға қоймайды»деп кесіп айтқан.Академик Д.Кішібековтың пайымдауынша, текті болуға ата-баба, ана, туған жер, өскен орта әсер етпей қоймайды, бірақ, осылардың ішінде ең бастысы – **әр адамның өз басы, ақыл-есі, парасаты, жігері, алдына қойған бік мақсаты, жаманнан жиреніп, жақсыға ұмтыла білуі**. Сонда ғана, адам дараланып, сомдалып, тұлғалық дәрежеге көтерілуі мүмкін. Осылайша,қоғам қашан да тектілерге сүйенеді. Текпен берілеін қасиеттерге өнеге-үлгі, инабаттылық, кішіпейілділікті жатқызуға болады.Себебі, баланың бойындағы бұл қасиеттер әке-

шешеден бастау алады.**Адамгершілік, азаматтық, қайраткерлік, қолбасшылық, зиялылық, діншілдік, әділеттілік те адам бойына текпен дарыса керек-ті.**Ал,кейбір дана аналар Жан иесін жатыр да танып білген. Мысалы,Тобықтының анасы Айпара былай деп танымпаздық танытқан. Шынжыр балақ,шұбартөс Ырғызбайым, Тоқпақжалды, торайғыр Көтібағым,Әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым,Сірә да оңбас Торғайым...,-деген сөздерін осы күнгі ұрпақтары үнемі таңырқай еске алып отырады,»-екен.Анасының осы айтқанындай, төрт ұлынан тараған ұрпақтарының сипаттары тура келетін көрінеді.Осы тектес мысал, қыпшақ анасының айтқанынан да байқалады.Анай шешей Қыпшақтың зайыбы болыпты. Қыпшақтың-Бұлт, Торы, Ұзын, Көлденең, Қарабалақ, Қоңыр деген алты баласы болған екен..Анай шешей:.«1)Бұлтың бітті бойыма, ұрлық кірді ойыма;2)Торы бітті бойыма, билік кірді ойыма; 3) Ұзын бітті бойыма, ерлік кірді ойыма; 4) Көлденең бітті бойыма,сауда кірді ойыма;5) Қарабалық бітті бойыма, байлық кірді ойыма,6)Қоңырың бітті бойыма,момындық кірді ойыма»–деп толғанады екен.Тектану тәрбиесі мен өнегесі осылай шаранадан шайқалып, танымдық бесігінде тербеліп,жүрекке рух болып қонақтауы, ананың құрсағындағы шақтан басталатынын текті аналарымыз тым ерте аңғарған.Сондықтан,осы кезден бастап,сырттай әсер етіп,ықпал жасау үшін сан түрлі амалдарды қолданған,әдіс тәсілдерді керектенген. Айталық,кіндікшеше дайындауға өте мән беріп,текті аналарды таңдауында үлкен мән бар.Себебі: «Шарананың ақыл,-ой,мінез-құлқы,өнері,дән-дәулеті, абырой даңқы, ерік-жігері адамшылығы кіндікшешеге тартады»-деген өмірде дәлелденген қазақи адамтану заңдылығы бар.Жалпы,баланың келешегіне болжам жасауда,оны танып білуде,қазақ танымы бойынша,кіндікшешенің өнері, білімі,мінез-құлқы,талантты,үлгі-өнегесі маңызды міндет атқарады.Мұның ғылыми негізі мынау:жарық дүниеге келген Жан иесінің алғаш дидарласқан, оның денесіне қолы тиіп, кіндігін кесіп,түйген, *анасы- кіндікшеше*-**бойындағы қуат пен әлеуетін,жүректегі нұрлы жылуын шақалаққа беруші бұл әлемдегі алғашқы Адам**.Нәресте ана жатырында болған шағында *онсегіз мың ғаламмен жасар байланысын* толық жасап,ата-тегінен алар барлық тұқым *қуалауға тиісті «еншісін»* алып,жарық дүниеге шыға келгенде алғаш аялы алақанына салып,***жерден көтеріп алған адамға ұқсамауы,тартпауы*** мүмкін емес қой!!)

Мұның бәрі қазақтың тектану амалын тереңдетіп,түсінігін ұлғайтып,адамтану іліміне жаңа сала пайда болуына әсерін тигізді.Сондай-ақ қазақтардың этникалық ерекшелігін танытатын әрі оның қиын-қыстау кезеңдерінде тегінен көз жазып қалмауына және басқа халықтармен ассимиляцияға түсіп кетпеуіне себепші болған.Жеті ата мен ру шежіресін білу көшпелі қоғамда өмір сүрген қазақтар үшін өмірлік қажеттілік болды.Ал, халқымыз оның тәжірибесін ықылым заманнан-ақ қолданып келеді. Тіпті, тұқым тектілігінің организмдік-биологиялық түбір-түйіні барын XIV-XV ғасырларда өмір сүрген ғұлама, шипагер Өтебойдақ Тілеуқабылұлы дәлелдеген.«Адам заты,тіршілігі, тоғалығы, мінсіз бітістігі әуелде ата-анада жар-алмақ, одан туылған ұрпаққа жалғас-пақ... Алланың адам затын жаратқандағы берген ең зор бағы, бақыты, дәулеті-тек қана мінсіз бітістік. Міне, бұл-тұлғалық, мүшелік мінсіздік.Мінсіздікте, тұлғалық тоғалық ніл-қан. Мінсіздікте,тұлғалық тоғалық ширама-арқау.Міне, бұлар-тұлғалық бітістік,мінсіздік толықтық. Олайы, тұлғалық бітісте кемістік болмаса, арқанда мүшелерінде сырқаттық зақым қалдырған зардап болмаса, науқастық бейнет тартпаса,одан артық бақ қайдан болмақ. Сондықтан бұрынғылар: Ауыз дәулет-мінсіз бітіс. Көз дәулет-жұптылық іс. Көз, мұрын дәулет-малдық толыс,-деп ғақлиялық тұжырыммен түйіндеген» (Ө. Тілеуқабылұлы. Шипагерлік баян. Алматы, 1996). Жеті атадан үш жүзге дейінгі біртұтас туысқандық білім бірнеше ғасырлар бойы «қазақ халқы-бір атаның баласы,бір тамырдан тараған» деген ұстанымды қалыптастырған.Жеті атасын тарата білу арқылы әркім көрші рулармен байланысын білген,сөйтіп бүкіл қазақтың біте қайнасқан туыстығына көз жеткіз-ген. Осылай,жетіаталық ұстаным қазақ халқының этнобиологиялық,этномәдени,жалпы рухани - тұтастығын табиғи түрде қамтамасыз еткен. Жетіаталық ұстанымға негізделген,туыстық байланыс адамтану білімі,оның ұласпалы қоры әрбір қазақтың тегін білсем, танысам деген ынтасын оятқан.Ата тегін,жүзін саралай білген қазақтың әр азаматы,атамекенінің кез келген шалғайында өзін туысқандарының ортасында шалқып жүрген алып бір отбасында ғана емес әулеттің еркін мүшесі ретінде сезінген. Нәтижесінде бір әулеттік ғана емес ұлттық біртұтас зерде қалыптасып,жер басып жүргендер ғана емес,баяғы ата бабалар да тірілер санасында тірлігін жалғастырған. Халықтың мұндай зердесі әрбір қатардағы далалықтың тарихты айқын елестетіп, жан-жүрегімен сезінуіне себепші болған. Тектану амалы әрбір қазақтың,бүкіл халықтың құлағына күн сайын бабалары туралы тек жақсылықты құйып,рухани тектілікті дәріптеп,ұлттық сенімін орнықтырған.Ата-бабамыз - дың«Тектіден текті туады,тектілік тұқым қуады»,-деген ұлағатты сөзі текке айтылмаса керекті. Сөйтіп,тектану ілімі қазақ халқының өткенінен болашаққа деген сенімін мың сан ұрпақтар-арқылы



сабақтастырып – отыратын тетік ретінде танылған. Жетаталық ұстаным бабалар рухы алдында әрбір қазақ пен бүкіл халықтың іштей жауапкершілік сезімін оятқан. Осы ұстаным аясында қазақ өмірінің моральдық кодексі,салт-дәстүрі мен тыйым–жораларының негізі қаланған.Сөйтіп,**туыстық қарым-қатынас қалыптары күнделікті моральдық санаттан** бірте-бірте **заңдық мәртебеге** ұласқан. Мұндай құқықтар мен міндеттер жүйесі бір тұтас әдеп деңгейінде көрініс тапқан.Әдепті бұзғандар қатал жазаланып, ең ақыры туған жерінен қуылған яғни гиперотбасынан аластатылған.Жеті ата ұстанымы барша халық бойында еш мәжбүрлеусіз мейлінше тегеуірінді рухани бірлік сезімін терең сіңірді.Ол- этникалық тұтастықтың қуатты арқауы,темір қазығы болды.

### 1.4§.Текті жанның көкірек көзін ашу

Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш - білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ-егеменді елдің берік тірегі. Біз білімді ұрпақ, білімді тұлға дегенде рухани жан-дүниесі бай, білімі мен біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастырған тұлғаны айтамыз.Мұндай тұлғаны қазақ КІСІ деп атаған. Қазіргі жаңа қоғамда тек білімді болу жеткіліксіз, сондықтан әрбір кісінің бойында адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, отансүйгіштік және тағы басқа да қасиеттер болуы керек. Жалпы адами асыл қасиеттердің жиынтығын қазақтар **имандылық** деген жалғыз ауыз сөзге сиғызған. *Кісі **қалыптастыру дегеніміз текті жанды** имандылыққа баулу болмақ*.Себебі иман ұғымы қазақ үшін; а)ислами- діни түсінік ғана емес,ататектен ұласқан наным-сенімдік рухани ұғым. ә).имандылық барлық діндер мен наным сенімге ортақ ұғым. **Имандылық деген бір ғана сөздің бойына ар, ұят, ынсап, қанағат, төзімділік сынды барлық жақсы сапалар сыйып тұр**.Имандылық барлық әлемдік діндерге тән қасиеттердің бірі.Оның түбірі иман,яғни **ақиқатқа, шындыққа жетелер сенім тірегі**, бар бет-бейненің, мінездің айнасы .Қазақтың жүзі жылы жанды жолықтырса, «бетінен иманы төгіліп тұрған адам» дейтіні сондықтан. Қазақ даласына ислам діні Ясауи бабамыз негізін қалаған түркілік сопылық ілімінің талдауы негізінде орныққаны белгілі. Қазақ халқы имандылықты аса қадірлейді.Тіпті о дүниеге аттанарда да адамға: «иманың жолдасың болсын» деген тілек айтылады. Қазақта кісіге берілетін ең жоғарғы баға «иманжүзді» деген аса қастерлі бір ауыз сөз бар. Осы бір ауыз сөзге тәрбиенің барлық түрі сыйып кеткен. Сондықтан да,**тәрбиелеу қазақ ілімінің асыл өзегі-имандылық болып табылады.**

Біз бұл жолы кісінің көкірек көзін ашып,көңілін тазартып, санасын нұрландыру сопылық тәжірибесіне қысқаша тоқталмақпыз.Сопылық философияда адам "ұлғаю-өсу" және жануарлық қуаттары арқылы физикалық әлеммен ортақ ерекшеліктерін сақтаса, ал "адамдық рухы" арқылы метафизикалық әлемнің ерекшеліктерін көрсетеді. Адамдағы көңілдің өзі жауһар ретінде бірнеше "рухани қабаттардан" тұрады. Сопылық философияда оларды рет-ретімен "қалб", "рух", "сыр","сырдың сыры", "құпия", "ішкі құпия" деп атайды. Бұл рухани күмбездер-рухтың дәрежелері. Әрбір дәреже жеті немесе он сатыдан тұрады.Олар рухтың кемелденуіне сай "тәуба", "қылует" "пақырлық", "сабыр", "иман", "қанағат" – сияқты жеті түрлі сатыдан өтеді. Рухани тәрбиеден (сайр-ус-сулук – рух тәрбиесіндегі даму жолдары мен әдістерін қамтитын сопылық психотехникалық әрі практикалық мектеп) өтпеген адам "көңіл көзі ашылмаған" деп есептеледі. Бұл әл-Фарабидың тілімен айтқанда, "*рух белсенді санаға көтерілмеген*" деген сөз. Ондай адам тек нәпсінің қажеттіліктері мен құлқынның құлы болудан әріге бара алмайды. Адам бұл әлемге "көркем іс пен амал" шеңберінде сынақтан өту үшін жіберілген және жауапсыз жаратылыс емес, жауапкершілігі бар аманат тасушы болмыс. Олай болса адамның әлемдегі уәзипасы – өзінің діні бойынша "көркем іс-амалдар" атқару арқылы рухындағы сырлар мен "рухани күмбездердің" құпиясын ашып, "*кемел адам*" дәрежесіне жетіп, "таухид" шындығына ұласып, Ақиқатқа (Тәңі'рге) қауышу. Яғни, адам осы жолда бірнеше сатылардан өтуі керек. Ясауи бұларға "дариялар", "асулар" деп қарайды. Олардың **біріншісі** – *дін жолында көркем іс-амалдар атқару;***екіншісі** – *рухтың сыры мен мәніне жету;* **үшіншісі**-*кемел адам болу;***төртіншісі** – *таухид шындығына жету;***бесіншісі**-*Хақпен қауышу*.Осы асулардан өту үшін әр түрлі психотехникалық-эмпириялық әдістер де қолданылған. Жалпы, сопылық дүниетанымдағы адамның басты мақсатына жету жолында қолданған әдістемелік жүйесіне қысқаша «өлмес бұрын өлу» деп анықтама беруге болады. Бұл жолды адам өз еркі және қалауымен таңдағандықтан, сопылар оған "ерікті өлім" деп те қарайды.Сопылық философиядағы "ерікті өлім" процесі "сайр-ус сулук" деп аталатын рух тәрбиесіндегі даму жолдары мен әдістерін қамтитын сопылық психотехникалық мектептен өтеді. Осы мектептен өтпеген адам физикалық (суфли-ең төмен) әлем мен метафизикалық (улви-ең жоғарғы) әлем арасында қалып қояды. Жаратылыс табиғаты жағынан адам жоғарыда айтылған екі әлемге де ортақ болғандықтан сопылық терминологияда адамды "көпір әлемі" деп те атайды. Сопылық тәжірибе адамға ішкі тазалық, рухани

тыныштық, бақыт сыйлайды. Ал ішкі тыныштық адамға үш түрлі пайда береді: біріншіден, адамның рухы мен сана әлемінде тепе-теңдік орнайды; екіншіден, адам өзін қоршаған сыртқы әлеммен үйлесімділікте болады; үшіншіден, Тәңірмен рухани тұтастықта болу арқылы адам кемелдікке (құлдық дәрежесіне) жетеді. Өзін іштей арылтып, кемелдікке жеткен адам "қоғамға" оралады. Өзінің бойындағы танымдық-моральдық, кісілік құндылықтары арқылы қоғамдық дерттің дауасы болады. Осы жолдағы оның ең басты ұстанымы-"үлгі болу, басқаларға өнеге көрсету. Сопылықтағы ұстаз бен шәкірт арасындағы байланысты, ондағы сұхбат–диалог және оқу-тәрбие әдісінің жүйелі түрін тариқаттан көруге болады. Бұл әдістің басты ерекшелігі – адамзатқа үлгі болу, яғни өзің жасап үйрету және көрсету арқылы тәрбиелеу. Жалпы сопылық философияда адам – басқа ешқандай философиялық жүйелерде кездеспейтін дәрежеде жоғарғы мәнге, ерекше орынға ие болмыс. Бірақ бұл мән, **көңілдің пәктігі мен тазалығына қатысты.** Егер адам жүрегі, көңілі кір болса, адам хайуаннан да төмен дәрежеге түседі. Сондықтан Ясауи философиясында көңілдің пәктігі ең басты шарт. Көңіл, рух, жүрек ұғымдары – барлық діндер мен мәдениеттерде адамның рухани қырын білдіретін негізгі қуат көзі.Жүректің философиялық, тарихи, мәдени, психологиялық қырларына жеке-жеке сан түрлі зерттеулер жүргізілгені белгілі.Түрік ойшылдарынан бастап, қазақ ғұламаларының бұл турасындағы педагогикалық-психологиялық тұжырым-ұстанымдары,ғылыми түйіндері бір төбе. Жүрек дәстүрлі дүниетанымдардың көпшілігінде батырлық, **күш пен тіршіліктің көзі, рухтың ұясы, орны ретінде қабылданған.**Исламда барлық ғылым саласы **жүрек, рух, көңілге** қатысты. Көңіл ұғымы исламда орталық ұғым. Мысалы, кәлам иман мен имансыздық сияқты ақаид (сенімдік доктрина) мәселелерінде тікелей жүрекпен қатысты түсіндірмелер жасайды. Фиқх, ислам құқығы да ғибадаттардың дұрыстығының шартын көңілге қатысты ниет пен ерік функцияларынан іздейді. Ислам философиясы (Кинди, Фараби, Ибн Сина) өкілдері **жүрек, рух, жан, сана (ақыл)** туралы жеке-жеке рисала жазып, танымдық орталық ретінде таныған. Әйтсе де, ислам философиясы тарихында жүрек, рух, көңіл туралы сопылардан артық, жан-жақты, терең талдаулар жасаған ешкім жоқ. Өйткені, сопы, сопылықтың ең бірінші пайда болуының себебі "**рухтың арылуы, көңілдің пәктелуі**" болатын.Сопылық таным да басқа исламдық ғылым салалары сияқты көңілді «Құран» мен сунна шеңберінде қарастырады. Жалпы сопылықта көңіл туралы үш түрлі көзқарас бар. Бұларды «біріншi, көңілдің (рух) мәні танылмайды. Екінші, рухтың мәні танылса да, тілмен жеткізу мүмкін емес.Үшінші, көңілдің мәнін түсіндіруге болатын тезистері арқылы тұжырымдауға болады. Адам-екі түрлі тән мен жаннан тұратын болмыс. Тән қажеттілігі мен жан қажеттілігі арасында айырмашылық бар.Тән қажеттіліктері қанағаттандырылған соң талабы тоқтайды, ал жан қажеттіліктері қанағат тапқан сайын артады, шексіздікке ұмтылады. Бұл жерде жан деп көңілді айтып отырмыз.Көңіл-тән және рухани әлемнің орталығы.Дененің тіршілігі жанға қатысты, өйткені денедегі қанды жүргізіп, айналысқа енгізуші күш -жан.Жан-сонымен қатар сезім қуаты мен қабілетінің орталығы, рухани болмыс. Бәлкім Ясауи осы ерекшелігіне байланысты көңілді адам болмысының сұлтаны деген.

Ой мен ойлау орталығы – ми, көңілден келген әсердің ықпалымен шабыттанып пікір, идея туындатады. Яғни, көңіл өзінің сезімдік қабілеті арқылы ми түгіп бүкіл мүшелерді меңгеріп, басқарып отырады. Абыржыған, ашуланған, қуанған адамның көңіл хәлдері адамның ойына, еркіне, ниетіне әсер етіп, оның іс-әрекетінде көрініс табады. **Көңіл-руханилығы жағынан ақиқаттың көрінісі**. Ақиқаттың көрінісі болуды оған Алла жүктеген. Дегенмен, мына дүние сынақ алаңы болғандықтан көңілді жатсынуға, шарттануға мәжбүрлеп, алдауына түсіре алады. Көңіл алданса, болуы тиіс биіктіктен көріне алмай да жатады. Бұл жағдайда көңіл (жүрек) иесін бұл дүниеде, ақиретте бақытқа жеткізуші емес, керісінше сорға батырады. Сондықтан көңілді (қалб) өзінің жаратылыс мақсатына сай бағыттап, бақылап, құдайлық мақсатпен үндестіру үшін оны дамыту, тәрбиелеу өте маңызды мәселе болып қала бермек. Өйткені, көңіл өте пәк, жас бала сияқты тез алданады, жұбанады.Ясауидің көзқарасы бойынша, дүние-сынақ, кедергі асулар көп, ал нәпсі – шайтан адамға өз дегендерін оңай қабылдатуға шебер. «…Нәпсім мені жолдан ұрып қор айлады.Телміртіріп халайыққа зор айлады.Зікір айттырмай Шайтан бірле жар айлады» Ал көңілдің досы -ақыл. «Құранда» көңілдің дүние ләззаты мен құндылықтарына алданып, қор болмауы үшін ескертулер көп: "Ей, адамдар! Алланың уәдесі әлбетте хақ. Абайлаңыз, дүние тіршілігіне алданып қалмаңыз. Айлакер шайтан Алланың алдында сізді ұятқа қалдырмасын" (Фатыр 35/5). Ясауи көңілдің шайтанға алданбай Алланың құзырына ұялмай баруы үшін көптеген қағида-ережелер ұсынады:«…Тілге ал "Ла илаһа илла-Алланы", Көңілге сал әр демде-"ағаһ" бол "Масиуаға" ақылды болсаң көңіл берме,Шайтан лағын, өз жолына салады екен. Бұл жерде бірінші зікір –Алланы ұмытпау, ғафыл болмау, дүниеге көңіл бөлмеу ұстанымы ретінде шайтанның құрығынан алыс болудың шарты. Ол үшін де адам рухының жоғарғы сапалық тазалық категориясы "қалб-и салим"



дәрежесіне жету қажет. Қалби салим болуды Құран аяттарында қалай түсіндірсе, Ясауи де өзінің «Көңілдің айнасында» оның жолдарын, өсу сатыларын "дария", "кеме", "асу" символдары арқылы өте анық, түсінікті түрде айшықтаған. Адамдағы көңіл материалды, яғни көзге көрінетін, рухани, көзге көрінбейтін әлемдерді тұтастандырып, біріктіріп тұрады. Көңіл осы екі әлемде "төреші" болуы үшін өзін дамытып, кемелдендіріп, шыңдап «көзін ашуы» тиіс. Себебі: «…Заһир көзі ғафлетте, "Батин көзі" ашылса ешқандай "перде" қалмайды. "Жан көзі" — қайран болып, "иман нұры" арқылы көре бастайды. Сыр көзі-"фана" мақамында "өздің өзі" (рухтың рухы) арқылы көреді.…Көңіл көзі жарылмадан тағат қылса, Хақ дергаһында қабыл болмайды" . **Ясауи үшін көңіл ішкі және сыртқы әлемнің орталығы болу үшін көзін ашу қажет.** Сонда ғана жанның да, тәннің де амалдары оң болады. Міне, көңіл тән үшін де, жан үшін де өте маңызды рөл атқарады. Дегенмен, адамды адам еткен оның мәні, рухы болғандықтан, сопылық философияда көңілдің рухани рөлі тәнге қатысты қырына қарағанда әлдеқайда жоғары тұрады.Сондықтан осы руханилығы жағынан өте нәзік сырлар мен құпияларды хикметтер арқылы адамның адалдығын, мән-мағынасын қамтамасыз ететін күш - көңіл. Алланың аманатын арқалайтын күш иман болса, соны ең алдымен бойға дарытатын ақыл, ой, тіл, сана емес, көңіл, жүрек. Бірақ, адамның болмыстық табиғаты бойынша, жақсылық пен жамандықтың, тақуа мен асылықтың, иман мен күпірліктің күрес алаңы да осы көңіл. Көңіл сондықтан әле-әлгенше бір қалыпты бола алмайды. Сондықтан ол үздіксіз бақылау, тізгіндеу, тәрбиелеуге мұқтаж. Көңіл – айна. Оған Алла да, періште де, шайтан да қарайды. Періште қарап кетсе, оған иман, ізгілік, игі амал, рухани хәлдер сыйлайды, ал шайтан қарап кетсе, күпірлік, күдік, күмән, жаман амал, шаһуат, әуестік, менмендік ұялайды. Көңіл өз айнасына қарауға тек періштеге ғана рұқсат беретін хәлге жетуге тырысуы шарт. Көңілді ондай хәлге жеткізу үшін сопылықта негізгі әдіс – зікір, яғни, Алланың аты, заты, көмегі, қуатын шақыру. Сонда ғана көңіл зікірмен тыныштық, бақытқа кенеледі.Ал көңілдің тыныштығы иманның артуына, бекуіне мүмкіндік береді. Сонда ғана көңілдің перделері ашылып, көрінетін және көрінбейтін әлемдердің сырлары аян болады. Барлық сырларды бүгіп жатқан әлем оқылуға дайын кітапқа айналады. Көңілдің өзі бір кітап. Кітап кітапты, яғни, әлемді оқиды. Міне, Алланың бірінші аяты "оқы!" дегендегі сыры осында жатыр. Бұл пайғамбарларға ғана берілген нәсіп болатын. Сопылар осы нәсіптен үміттенеді, сондай болуға тырысады, пайғамбардың берекетіне, құтына ұмтылады.Ясауи көңілдің Аллаға, оның қалауына сай болуы үшін сау болуы керектігін, яғни, қалб-и салим болуы үшін де онда иман, тәубе, мағрифатуллаһ, ғашықтық, тақуалық – қорқу, зікір, мойынсұну керектігін айтады.Иман-көңілдің (жүректің) сенуі мен қабылдауы, Хақты білуі және сезінуі. Иман-Ясауи көзқарасында тікелей көңілдің, жүректің ісі. Құранда "…Арабтар "иман келтірдік" деді. Сен айт: "Сіз әлі иман келтірмедіңіз. Бірақ, біз сырттай мұсылман (мойынсұнуға) болдық деңіз. Иман әлі жүрегіңізге енбеді"Негізінде иман-адам (сенуші субъект) мен Алла (сенетін объект) арасындағы байланыс. Бұл байланыстың негізінде сенімділік пен растау жатыр. Бұл растау көңіл мен амалдың бірдей, бірге расталуы, қалыптасуы. Адам мен Алла, яғни субъект пен объект арасында өзара бірін-бірі шақыру, үндеу бар.Алланың шақыруын аян, адамның Алланың шақыруына құлақ асуын "инаба" дейді. Ал адамның Алланы шақыруы зікір ету, ұлықтау, мінәжат ету, жалбарыну, дұға жасау, намаз оқу арқылы жүзеге асады. Иманды көңіл айнымас. Имансыз болса, көңіл тас жүрек, соқыр, ауру бола бастайды. Иман-көңілді белсенді қылатын қуат. Құранда иман аяттарды түсіну үшін көңілді жарықтандыратын нұр ретінде сипатталады; Иасауи бабамыз да, шариғат сатысындағы иманға "иман-и бостан", тариқат иманына "иман-и гүл", хақиқат иманына "иман-и нұр", мағрифат иманына да "иман-и сыр" деп нақты дәрежелерін ажыратып көрсеткен. Хикметтерде: «…Бастағы көз ғафлетте, "жан көзі" ашылса, Ешқандай "перде" қалмайды. "Жан көзі"-қайран болып, "иман нұры" арқылы көре бастайды» Иманның қызметі көңілдің, рухтың амандығын, қамтамасыз ету. Жүректе иман болмаса, тәндегі ғибадаттың ешқандай құны жоқ .Ыбырай атамыздың: :"…Имансыз еткен жақсылықтың пайдасы жоқ. Мәселен, біреу намаз оқыса да, ол намаздың керектігіне көңілі дұрысталмаса, әлбетте, ол намаз болып табылмайды."Құдай тағала ешкімді жамандық жолға бұйырмайды, мынау жамандық, мынау жақсылық деп көрсетіп, адам баласына қай жолға түсе де ықтияр береді", - деп адамның жамандық, яки жақсылық іс-әрекетін Алла тағала істетті дейтін насиқатқа қарсы шығады.Мал -мүлкінен, дәулетінен иманын жоғары бағалаған қазақ «Ер жігіттің үш байлығы бар: бірінші-иманы,екінші-ырысының тұрағы, үшінші-дәулетінің тұрағы» деп аталы сөз қалдырған.

Жүрегінде иманы жоқ адам-бақылаусыз адам. «Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды» (Абай). Құдайдан қорықпаған, имансыз адамға сенім артуға болмайды.Ал иманды адамның жүрегінде әрбір әрекетін қадағалап,бақылап тұратын ішкі сенім бар.М.Жұмабаев өзінің "Педагогокасында" былай дейді: "Діни сезімі күшті адам Тәңірдің барлығына, құдіретіне сеніп, оның махаббатын алуға,

қаһарына ұшырамауға, ізгілікке ұмтылып, жауыздықтан безбек"Абай:«Құдайдан- қорық, пендеден- ұял» «Әрбір ақылды адамға иман парыз, әрбір иманды адамға ғибадат парыз».« Құдайшылық- жүректе. Қалпыңды таза сақта.»-дейді. Абай:"Имансыз елден ұят қашады" деген Хз. Мұхаммед пайғамбардың хадисін келтіріп,«қазақтың хәлі осы-имансыздық"-дейді.Көп ішінде жалғыз қалып күңіренген, "Ішім толған у мен өрт, сыртым-дүрдей" деген Абайдың мұңы "…көкірегімді тесіңдер, қан мен мұңға толды әбден" деген Ясауидің жанайқайымен үндесіп жатыр.Ата-бабаларымыздың; «Егер,текті жанның көкірек көзін аша алсаң,ол-кісілігі мол кісі болады,керісінше,көкірек көзін аша алмасаң, текті жан болғанымен,ол- «кісі киік»-ше меңіреу, надан, қараңғы болып далада қалады»-деп ескерткен.

Жеткіншектерді өмір ортасының қарама-қайшылықтары қызықтырады, бұл жастағылардың қажеттілігі-өздерінің айналадағы адамдарға деген қарым-қатындсын, әлемдегі өзінің орнын табу. Ал бұл қажеттілік басқа адамдармен қарым-қатынасу арқылыы қанағаттандырылады. Бұл қажеттілікті қанағаттандыруда әдебиет пен өнердің атқаратын рөлі ерекше. Әдебиет жасөспірімнің алдына адамзаттық қарым-қатынастардың, мінез-құлықтардың, сезімдердің аса бай да күрделі мәнін ашып береді: ол әрбір кейіпкерден өзін көретін болады, өзінің сезімдері мен құмарлық-құштарлықтарының дұрыстығына жауап іздейді.Ал музыка-адамның сезімдерінің әміршісі. Оның тілі толқу үстіндегі адамға түсінікті. Сондықтан да жеткіншектердің тыңдайтын музыкасына қатты көңіл бөлу керек.Осы педагогикалық-психологиялық заңдылықты қазақ халқы тым ерте аңғарған.Тілі шықпаған сәбидің жан сарайына жету ән-күй,әуен екенін жете сезінген олар,сылдырмақпен ойнатып,бесік жырын айтатын,әр іс-әрекетін әнге сүйеп атқаруының түп себебі осында жатыр.Бұл- дәлелсіз мақтанқұмарлық емес.Айталық,Ботасы өлген боз інгенге басқаның ботасын қалай телігенін көрген шығарсыз.Өлген ботаның терісін басқа інген ботасының үстіне жауып,қыл қобызбен сарнатып,телу күйің тартып,көс-көстеу жырын орындағанда шай қайнатым уақытта,боз інген көзінен жас парлап,алпыс екі тамыры иіп,өз ботасының терісін құшырлана иіскеген боз інген,бөтен інген ботасын өз ботасындай танып,еміізіп тұрады.Бұл ненің күші? Тумса тұсақтың қозысын тастап кететін немесе өз қозысынан өзі жеритін, кей жағдайда қозысы өлген қойға сүті аз қойдың қозысын жағызғанда,аналарымыз,әпкелеріміз,жеңгелеріміз «тәйгелеп» қозыны алдыратын, телитінін жақсы білеміз.Ол ненің құдіреті?Ән-әуеннің әсері.Жапония ғалымдары,күн көзіне еріп,күнбағыс табақшасы (алақаншасы) бұрылатыны тәрізді кейбір гүлдердің музыкаға еріп бұрылатынын анықтаған.Ғылымы шарықтап дамыған елде,ғылым жетістігін барлық орында ұтымды қолданатыны анық.Жапония мектептерінде,түскі үлкен үзілісте,келіп музыка,ән-күй тыңдайтын,тақпақ өлең тыңдайтын,аудио кітап оқытатын, үн таспа еститін арнаулы бөлме,кабинеттер бар.Кәдімгі өзіміздегі шай ішіп,екі жапырақ бәлбауырсағын жеген адамдай,оған рахаттанып,рухани ләззат алған оқушылар,келесі сабаққа өте ынталы қатысады.Оларда ата-аналар мен балалар бірігіп 100 тақпақ,өлең,жыр жаттау деген ғұрып бар екен.Мұның бәрі адамдардың көкірек көзін ашуға арналған шаралар.Сондай-ақ,тіл өнерінің құдыретін түсінгені сонша,алғашқы мектепте шет тілін оқытуға тыйым салып,қазіргі жапон тіліне қосып көне жапон тілін қатар оқытады.Әдебиеті де солай.Бұл турадағы біздің жағдайымыз,айтпасада түсінікті ғой...

Қазақ халқында пенденің көкірек көзін ашудың көптеген жолдары мен амалы бар еді. Олар имандылыққа бірігіп жаңа белеске көтерілді.Жаратушы Құдай адам баласына жалған дүниенің жарығы - күнді, алқара көк ормандар мен ақселеулі даланы, қарлы шыңдары аспанмен таласқан тауларды, ағысы қатты өзендер мен толқындары тулаған шалқар көлдерді, оларды мекендеген аңдар мен құстарды көрсін деп басына екі көз берген. Дүниенің сыртқы түрін көретін мұндай көз аңдар мен құстарда да, жан иелерінің бәрінде де бар. Адам болған соң олар бір-бірімен өзара қатынасып, қауымдастық құрған соң оның тіршілік заңдары-әдет-ғұрыптары қалыптасады. Әр нәрсенің сыртқы түрі, ішкі сыры, мән-мағынасы бар. Өмір асау өзендей мың бұралып ағып жатыр. Оның түбінде не бар? Міне, солардың бәрін көріп, түсіну үшін бастағы екі көз жеткіліксіз. Замана ағымын өмірдің алуан түрлі құбылыстарын көкірек көзімен ғана көріп, санаға салғанда ғана түсінуге болады. Қазақ тарихында бастағы көздің орнын толтырарлық,оны жоқтатпайтын көкірек көзі ерте ашылған қаншама ғұлама-кемеңгер, дана-ақылмандар болғандығына тарих куә. Адамзат қауымы ондай адамдарға бай екендігі баршаға мәлім. Нәресте дүниеге келген сәтінен бастап, оның балғын жүрегінде өмірге деген талпыныс орнайды Ана сүтімен дарыған құштарлық сезім әке тәрбиесімен ұштасып, ол көп нәрсеге қызығады.Есейген сайын адамның білуге құштарлығы артып,таным көкжиегі кеңейе түседі.Көкірегін кернеген асыл армандарын іске асыру үшін адам үнемі ізденіс үстінде болады.Өзіндік дамуды мұрат еткен адамның көкірегі ояу, дүниетанымы кең болады. **Көкірек көзі ашық сөзі** ***рухани өсіп-өнген, жетілген, кемелденген*** **деген ұғымды білдіреді.**



Халқымыз *білімді, саналы, парасатты адамды* – **көкірегі ояу**;*сезімтал түсінігі мол адамдар* – **көірегі жүйрік**; *терең ойлы, зерделі адамды* – **көкірек көзді**; *кең пейілді, жомарт, адал адамды* –**ақ көкірек** дейді. ***Көңіл-күйі, сезімі, ішкі жан-дүниесі бай адамды көкірек сарайы кең*** деп сипаттайды. «Кең сарай,көкірегім дала желдей. Кеудесі жақсылардың алтын сандық.» *«Ілімге толса көкірек, Ашылар көзі сананың». «Бойда қайрат, ойда көз болмаған соң, айтпа сөз (Абай)*
***Қазақ ұғымында көкірек көзін ашу да,үлкен өнер, ашатын да өнер-білім***.Қазақтың жазу-сызуы жойылып, жаппай сауатсыздық жайлап,қараңғылық пен надандыққа бой алдырған дәуірі болған.Сол бір заманда жұрттың көкірек көзін ашатын негізгі құралы өнер,өмірлік білім,сенімі болған еді.Фараби бабамыз: « **тәрбие-білім-білікке негізделген өнер арқылы оларға этикалық қайырымдылық дарыту тәсілі**. Оқыту сөз арқылы жүзеге асырылады, ал **тәрбие кезінде адамдар мен халыққа белгілі қимыл-әрекет дағдысын егеді**...»Қорқыт Ата бойынша: «Тәрбиелеу дегеніміз үлгі өнеге көрсету, әдеп,өнер ұқтыру. Өнердің алды-әскери өнер және **музыкалық өнері**»-дейді.Өнер білім арқылы адамның көкірек көзін ашудың амал айласын,құрал-тетігін қазақтың барлық ұлық-ұстаздары,ақылман-ғұламалары өте ашық айтып,дұрыс көрсетіп кеткен.
Жеке адам ғана емес, ұлттар мен ұлыстардың парасаттылық дамуы да осы көкірек көзінің ашылуына байланысты.Бұл тұрғыдан алғанда Абай заманында қазақтың қай деңгейде болғаны айтпасақ та түсінікті. Мешеуліктің басты бір себебі қара танымаған көзде ғана емес, құлақтың құлқында деп білген ақын сол мінді түзетуге күш салды. «Көңілсіз құлақ, ойға олақ» деп дұрыс тыңдай білмеген адамның не жақсы, не жаман екенін ұға алмайтынын, **құлақ көңілді болмай санаға сәуле түспей-тінін, көкірек көзінің ашылуын қиындатып, ойлау күшін тежейтінін оңай жатталып, жадында жақсы сақталатын асыл сөзбен еске салды**. Ала білу мен бере білуді тең ұстау, зорлық-зомбылыққа қатаң тыйым салған әділетті қоғам болу үшін оның әрбір мүшесінің көкірек көзі ашық, жақсылыққа құштар жаны ізгі болуға тиіс. Сондықтан да Абай: « Атымды адам»- қойған соң оның надан болуы кешірілмес айып деп білген. Жаратушы құдайынан тілегені, бар арманы туған халқының **көкірек көзін ашып, надандықтан құтқару болған**. Ұлттың адамзат көшінде өзіне лайықты орын алып, замана талабына сай өркендеуі үшін белгілі адамдар тобының надандықтан құтылып, парасатты азамат болуы жеткіліксіз. Ұлттың өзгелермен терезесі теңелуі үшін оның **ұлттық сана деңгейі көтерілуі шарт**. Жалпы ұлт жетілмей, қараңғылық тұманы басып тұрғанда талаптылардың көбін сол тоғышарлық құрдымы тартып кетеді. Осыны көкірек көзімен көре білген ақын «халқым надан болған соң, қайда барып оңайын» деп күйінішін айтып кеткен. **Адаммын деп жүрген әрбір азаматқа ұлт деңгейін көтеру үшін оның көкірек көзін ашуға қызмет ет деп өсиет қалдырған.**
Туған халқының болмыс-бітімін бейнелеп, тайға басылған таңбадай көрсете отырып, көкірек көзін ашуға бар күшін, өнерін жұмсады.

Қазақ үшін өнер де өнер-сөз өнері,саз өнері,ән-күй, жыршылық,ақындық, шешендік, қол өнері басқа ұлттарға қарағанда өз ерекшелігімен өте биік дәрежеге жетуінің негізгі себебі ұлттың көкірек көзін ашу қажеттілігі еді.Мысалы, саз бен әуен адам бойындағы мүлгіп жатқан жақсы сезімдерін оятып, рухы мен миына тыныштық сыйласа, шаршағанда жүйкесін дем алдырып,ойына көркем пікірлер салады Ән - күй. Бала бесік жырын тыңдап өсуі тиіс.Өйткені, алғаш рет баланың жан сезімін тербейтін, рухани жігер беретін – халық әуені. Қазақтың ән - күйлері сарынды, кең тынысты, шалқы-малы болып келеді. Жанға жағымды нәзік әуендер адамға эмоционалдық-эстетикалық әсер береді Абайдың: «Құлақтан кіріп, бойды алар

Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй», - дегеніндей кейбір әуендер мен әуездер ешбір сөз айтылмаса да, адамның ішкі дүниесіне ағыла құйылып, өзінше бір әлемге жетелеп терең ойға шомдырады. Мысалы, қазақтың кейбір күйлері орындалған уақытта көз алдына кең байтақ жер мен ондағы әсемдіктер елес береді. Көктемдегі көңіл-күйді білдіретін, жауған жаңбырдың тырсылын елестететін, көңіліңді сергітіп, керемет ойға жетелейтін жұмсақ та нәзік әуендердің бар екені баршаға белгілі. Отанды,бірлікті, ерлікті уағыздайтын, ата-ананың қасиетіне байланысты, адам баласын адамшылық пен имандылыққа баулитын музыка мен әндерді тыңдау әрі айту ұлттық салтқа, айналып,жалпы халықтық сипат алуының тереңіне үңілсеңіз,оның жалпақ жұрттың жан сарайын, көкірек көзін ашу талабынан туындағанын байқаймыз. Біздің халқымыздың музыка өнері және оның адам сезіміне әсері мен қуат күші жайында айтылған тұжырымды ой мен татымды пікірлерінің бастауында Әбу насыр әл-Фараби тұрады.Сан ғаламға негіз боларлық ой қалдырған бабамыздың саз өнері жөніндегі«**Бұл ғылым (яғни музыка) өзінің байсалдылығынан айырылған адамдарды**

**түзетуге, қызба адамды қалпына түсіруге,байсалды адамды ылғи да бір қалыпта ұстауға құдіреті әбден жетеді»** деген тұжырымы халқымыздың тәжірибесінде музыкалық терапияның болғанына ғылыми негізі болары хақ.

Халқымызда ауыз әдебиетінің ішінде ең көп тарағаны - өлең. Оның адам өміріндегі маңызы туралы ұлы Абай былай деген: «Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кіреді денең.
Өмірдегі қызықтың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы бос қақпай өлең-селең».

Бұл жерде ақын сөзінің өлеңге, өскелең өмірімізге тікелей қатысы бар. Ана әлдиі, бесік жыры, қыз ұзату, келін түсіру, мереке, салтанат кештері, ақыр соңында, адамның дүниемен қоштасуы – бәрі-бәрі көз алдыңыздан өтеді. Мұның бірі - қуанышты, бірі мұңды болып келгеніне қарамастан, бәрі адамның жүрек тебіренісі мен сезім-түйсіктерінің оянуымен байланысты.Бұларсыз адамның көкірек көзі ашылмайды,жан сарайы қуаттанып,қоршаған әлемді тани алмайды.Ал,Қорқыт Ата өнерді игерсең, дәлірек айтқанда,күй өнерін меңгерсең ажалдан да құтыласың,болмағанда ғұмыр жасыңды ұзарта аласың деп өсиет қалдырған.Осыны есте тұтқан қазағым: «Рухтана шапқан қазақтан ажал да сескенеді»-деген ғой!Фараби бабамыз, музыка құдыретін жете ұғынып,халқына оны игертудің амал-айласына қатысты тоериялық және практкалық оқулығын жазып қалдырды.Алайда оның игілігін, европалықтар бізден бұрын көрді,бұл оқулық Европада ешбір өзгеріссіз алпыс жыл бойы керектенілген екен. Білім арқылы көкірек көзін ашу қазақ тәрбиелеу ілімінде тым ертеден қалыптасып, оқу-ағартушылық филиософиясы арқылы ол даму жолын тауып,әсіресе XX ғасырда ерекше табыстарға қол жеткізді. Ислам өркениеті Ұлы Дала өлкесіне тарау арқылы ғылым-білім,мектеп-медіресе қатарлы оқу-білім ошақтары өте баяу болса да, оның көне дамымаған түрлері келсе де, қазақ қоғамында жылжу болды,қазақтың көкірек көзін ашу амал-айласына сіңісе отырып,өз орнын тауып жатты.

### 1.5§.Адам бойындағы асыл қасиеттер-кісілік құнары

Адамға қойылатын басты талап-асыл да ізгі адами қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу.Өйткені адам-өзінің имандылығымен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты.Оның бірерін жіпке тізіп көрелік: Иманды, Қайырымды.... Бұлай санамалай берсең адам бойындағы асыл қасиеттер талай жүзге жетер. Ал,топтастырып зерделесек сегіздің арғы не бергі жағында екенін аңғаруға болады.Сондықтан да,қазақ атамыз жігіттерін «сегіз қырлы болсын» деген ғой. Адам-Аллаһтың көркем түрде, ерекше махаббатпен жаратқан жаратылысы. Барлық әлемдердің Раббысы жаратқан мақұлықтарының ішінде адамға ғана *ой-сана, ақыл берді. Сөйлеу қабілетіне ие қылды*.«Аллаһ сендерді аналарыңның қарнынан еш нәрсе білмейтін түрде шығарды да сендерге есту, көру және ойлау қабылетін берді. Әрине шүкіршілік етерсіңдер» (Нахыл сүресі, 78-аят).Адам бойындағы барлық күшін қоршаған ортадан,алыс-жақын дүниеден алатыны белгілі. Соны сезіну, тану, білу арқылы ұғады, білімін .арттырады, ойын толықтырады. Бірақ құдыретті сананың сан қилы саяси, философиялық, ғылыми, көркем әдебиеттің, діни қорытындылардың негізі-түрткісі, қайнар көзі сол объективті дүние, қоғамдық болмыс, өмірдегі түрлі іс-әрекет, шешілмеген, шиеленіскен мәселелер.Рухани бастаулар мен жан әлемінің тылсым дүниелері адам болмысына сәт сайын әсер етіп,ықпал жасайтыны осы заманда айқын сезілуде.Ал оларды бейнелеп, талдау керек. Ондай мәселелерсіз ой да шарықтамайды, дүние де толығырақ түсін-ілмейді, оны зерттеу де мүмкін емес. Ғылыми жаңалықтар, данышпандық тұжырымдар, ғажайып шығармалар, жан-дүниеңді қозғайтын ән,тәтті күйлер – осылардың бәрі ақыл-ойдың нәти-жесі,сананың сан қилы құбылыстары.

**Ақылдылық** –бұл жан-жақты жетілген білімді, салмақты да байсалды қарапайым да кішіпейіл, аса ізетті адам қасиеті.«Ақылды адамға екі дүниеде жол ашық » деген Ж.Баласағұн.Қазақ мақал-мәтелдерінде де«Ақылды кісі азбайды»,«Ақылды адам ақымақтан да бірдеңе үйренеді», «Ақылды айттырмай біледі» деп ерекше мән берген.Ақыл-адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін аса маңызды қасиет.Абай дана«Үш-ақ нәрсе-адамның қасиеті: **ыстық қайрат,нұрлы ақыл,жылы жүрек**» десе «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым бола алатын **адал-еңбек,мінсіз –ақыл,таза –жүрек**.Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» -деген Ш.Құдайбердіұлы.Ежелгі ойшылдар еңбектерінде ақылдың екі деңгейі болатыны айтылады. Ол -пайым және парасат.Пайым-ақылдың табиғи күші, ол әрбір адамға тән. Есі дұрыс әрбір адамның тіршілік дағдыларын қай дәрежеде меңгергендігіне байланысты ойлау жүйесінің ең төменгі буыны.Парасат-ойдың мүлдем жаңа таным-білімдерді қорыта алатын және шындықтың аса терең мәнін танып біле алатын жоғары жасампаздық қабілеті.Ақыл-ой дамуының ең жоғарғы



дәрежесі-даналық (өмірлік тәжірибеге сүйенетін терең ақыл). Даналық-адамзаттың сан ғасырлық таным процесі мен өмір тәжірибесі нәтижесінде жинақталған рухани ілім-білімді игеріп, оны ұрпақтан ұрпаққа ұлағатты ой-пікір, өнегелі түсінік, ізгілікті іс-әрекет түрінде жеткізе білетін адам қасиеті,тұлғаның тиімді анализбен, адамдар өміріндегі күнделікті және ғылыми оқиғаны алдын-ала жобалауымен және бағалауымен байланысты интеллектуалдық дамуының ең жоғары деңгейі, табиғи интелектінің (құраушы) бір жағы. Ол болып жатқан оқиғалар туралы ақпаратты өңдеу мен бейімделуге тікелей байланысты. Сонымен бірге даналық интеллектуалдық жетілудің ерекше жағдайы ретінде танылады.Даналық – ауқымы кең, күрделі құбылыс, оған бір жақты, кесімді анықтама беру мүмкін емес. Ол, әдетте, надандыққа қарсы мәнде де қолданылады.Даналық-адамгершілікті танудағы, табудағы, табыстырудағы құбылыс, қасиет, құрал. Даналықтың тәні «талап, еңбек, терең ой, ар-намыс, ынсап, сабыр ғой»,жаны-туралық пен әділетте,сезімі-рух, ыстық жүрек, өң-шырайда, тегі-ынсап пен рахаттану да, адалдық үшін күресте. Ақылмен ғана іс әрекет ететін болсаң-нәтижесі дұрыс болмайды, ал ақыл мен жүрек біріккенде -парасат пайда болады. Парасаттылық ақ пен қараны,жақсы мен жаманды ажыратуға мүмкіндік береді. Демек, кез келген нәрсені,құбылысты сабырмен, түсіністікпен қабылдап, сүйіспеншілікпен пайымдау жасасақ – жаман ойдан арылып, жанымыз жай табады, күдіктен, мазасыздықтан, үрейден арылтады. Рух-деген адам бойындағы бір қуат. Ол қуат адам бойында кездесетін барлық жақсы қасиеттермен жасайтын барлық игі істерінің қайнар көзі. Рухтың мекені-адамның жүрегі. Жүрек жылуы, махаббат ,ар-ұят, қайрат, мейірімділік, жақсылық, адамшылық осы жүректен туындайды. Рухтың табиғаты материалдық зат емес, оның табиғаты-асыл нұр.Күн адамның рухы болса, күн сәулесі –ақыл. Себебі ақыл-рухтың құрамдас бөлігі Адам бойындағы барлық жақсы қасиеттер рухтан туындайды, ал жаман қасиеттер нәпсінің көрінісі болып табылады. Адам денесі тұтас болғандықтан оның ішінде билік үшін үнемі осы екі қуаттың-«рух пен нәпсі» күресі жүріп жатады.Адамның ішінде болмайды аласы,Оларды бұзатын нәпсінің таласы.(Шәкәрім.) Рухани бай адам-ең алдымен әділ, шыншыл, мейірімді, кешірімді, қанағатшыл, ақылды болады. Осындай қасиеттері бар адамда адамшылық мол кезігеді. Адамгершілік ұғымында да осы аталған қасиеттер мен бірге аяушылық сүйіспеншілік, жан аямай еңбек етушілік т.б. көптеген сапалар кездеседі.**Мақсаткерлік** – бұл адамның өз мінез-құлқын көздеген мақсатына алаңсыз бағыштауы, мұны өзінің ұстанған бағыт-бағдарына танымы мен сеніміне, асыл арманына бағындыра алуы.«Мақсатсыз өмір сүрген адам неткен бейшара» депті орыс жазушысы И.С.Тургенев. «Адамдарды алдына қойған мақсатымен бағалау керек» деген белгілі саяхатшы Миклухо-Маклай. Мақсаткер адам ылғи да жалындап жанады, бықсу дегенді білмейді, ол жеңілмеу үшін күреседі.Адам:ақиқатты түсіне алғандағана;жақсыға ұмтылғанда ғана;дұрыс әрекет жасағанда ғана;жүрегін **сүйіспеншілікке** толтырғанда ғана байсалдылыққа, мақсаттылыққа қол жеткізеді.Ал адамның жан дүниесі **сүйіспеншілік** болғанда ғана өзгеріске түседі.**Сүйіспеншілік** қорқынышты білмейді, сүйіспеншілік өтірікпен өш.**Сүйіспеншілік** тілдің ұшында, ақылдың шыңында емес – ол ***жүректің төрінде***.Сүйіспеншілік кешірімділер мен жаны жомарттармен бірге, өзімшілдік ала берсем деп ойлап, жақсылықты тез ұмытып кететіндермен сыйыспайды. **Сүйіспеншілік**-барлық руханилықтың тамыры, барлық шығармашылық пен ізденістердің мәні, барлық талпыныстардың қиылысқан тұсы, адамдардағы шабыт көзі.Қиянат жасамау, яғни басқаларға зиян келтірмей өмір сүру-бұл сүйіспеншілік пен ынтымақтастық рухы, кешіре білу, қайырымдылық, қоршаған орта мен өзгелерге қамқорлық, бауырмалдық және теңдік сезімі ұлттық сана, өзгелердің мәдениеті мен түрлі рухани дәстүрлеріне деген құрмет.Ұлттық рух-ұрпақ тәрбиесінің арқауы.Ұлттық рух дегеніміз-өз ұлтыңа деген ерекше сүйіспеншілік. Ол сүйіспеншілік қайдан пайда болады? Егер де ұлттың топырағында туып өссең, оның болмысын қаныңа, жаныңа, тәніңе сіңірсең, тілін меңгерсең, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын білсең сүйіспеншілік пайда болады. Жалпы,**Сүйіспеншілік** атты адамның асыл қасиеті Жасағанның сыйлаған нәзік сезімі,ерекше несібесі.Оның нышаны тілі шықпаған «жанды баға» нәрестеден де сезіліп тұрады.Сүйіспеншілікті Яссауи бабамыз,Абай данамыз Аллаһты танудың жолы,оны «көрудің» ерекше көзі десе Шәкерім атамыз Әлемді танудың,саналы іс-әрекеттің басы деп көрсетеді.Данышпан Абайдың мына бір шумақ өлеңінде осы ойлар

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жол осы деп әділетті.
Осы үш сүю болады ИМАНИ ГҮЛ,
Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл

Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл,-деп берілген..

Хәкім Абай мұнда пенденің әуелі жаратқан иесі Алланы, сосын барша адамзатты және әділеттікті сүюді, яғни осы үш ұлы сүюдің жиынтығын «имани гүл» деп атағанын көреміз. Шындығында, иман ақиқаты осы үш махаббаттан тарайды десек, артық айтқандық емес.Тәрбиелеу қазақ ілімінде мынандай тұжырым бар: «Басына бақ жұғысып,құт қонатын қазақтың ұлы құлықты,қызы қылықты келеді.Себебі-қазақ, Алладан сұрап, қалап алған ұрпағын олар қанша көп болса да, «Алла аманаты , Тәңір сыйы»,- деп көріп,оларды-«*Сүйіспеншілік бесігіне бөлеп,Махаббат жөргегіне орап,Мейірім уызымен ауыздандырып өсіреді.*» Сондықтан қазақ баласына сүйіспеншілік,махаббат,мейірім, сыпайылық, имандылық қатарлы асыл қасиеттер ана сүтімен беріліп,дамып жетіледі.Қазақ ұрпағын жетімсіретпейтін себебі осында.Жетім өскен ұрпақ аталмыш бесікке бөленбей мейірімділік уызына жарымайды.«**Мейірімділік**,- деп жазды К.Бови,- *мылқаулар сөйлей алатын, кереңдер есте алатын тіл*» »,- деген сөздеріне жүгінсек, ізгілік қазақтың қанында бар қасиет екендігіне көзіміз әбден жетед. Сүйіспеншілік аталатын нәзік сезімнен көптеген адами сапалар туындап,*махаббат алақанында әлпештеніп,жайсаң мінездер қалыптасады*.Перзенттік борыш,ата-аналық махаббат,туысқандық мейірім,достық мейірім, ұлтжандылық, отансүйгіштік,елжандылық,бауырмалдылық- осы асыл қасиеттің тарамдалып жетілуі,көгеріп көркеюі.**Қайырымдылық**-айналадағы адамдарға ізгілікті іс жасау. Қайырымдылық бар жерде қатыгездікке жол жоқ. Өзгелер үшін жасалған ізгілік адам жанын нұрландырады,адамдық мәртебесін көтереді.*Қайырымдылық-халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі.* "**Қазақтардың**,- деп жазды, осы халықтың өмірін, тұрмыс-салтын алғаш зерттеушілердің бірі А.И.Левшин(1799-1879)- **басқа Азия халықтарына қарағанда ...қайырымдылық, адамды аяу, қарттарға құрмет көрсету, баланы аялап, жанындай жақсы-көруі-айрықша қасиеті**".Біздер - жылуы жоқ үйден без, қайырымы жоқ биден без" деп, осынау қасиеттен жұрдай адамның жұртқа қадірі болмайтынын бірден кесіп айтатын халықпыз.Адам өміріндегі ең игі істің бірі-қаріп-қасірге, кедей-кепшік, жарлы-жақыбайларға қамқорлық жасау. "Құран кәрімде"де қайырсадақа беру - әр адамның мұсылмандық парызы делінген. Қайырымдылық - кең мағыналы ұғым. Мәселен, отбасындағы үлкеннің кішіге қамқорлығы, кішінің үлкенге ізеті, баланың ата-анаға, әке-шешенің бала-шағасына мейір-шапағаты, ұл мен қыздың ер жеткен соң еліне қызмет етуі – қайырымдылықтың түрлі көріністері мен қайнар көздері.**Халқымыз өз ұрпағына осы қастерлі қасиетті ес біліп, етек жаба бастаған кезден үйретіп, мұны тұрмыстық салтқа, адамгершілік дәстүрге айналдырып отырған. Халық "бір үйлі жансың, бір-біріңе меймансың", "бір-біріңді сыйласаң - жан семіреді" -деп, қайырымдылық қасиетті ұрпағына мирас етіп, ерекше кадір тұтып, қастерлеп келгенін біздер еш уақытта естен шығармауымыз қажет.**Сабырлылық – адам бойына екі жолмен дарыды, бірі туа біткені де, екіншісі адам өзін-өзі тәрбиелеу жолымен келеді. **Мейірімділік пен ізгілік** – егіз қозыдай осы екі қасиет басқаларға (әке-шеше, ағайын-туыс, таныска көңіл бөлу ) олардың сеніміне ие болуды айналадағылармен өзара дұрыс қарым-қатынас жасау,адамға эмоциялық жағынан тиімді, кісінің шат-шадыман тіршілігі үшін маңызды. Үйде де, түзде де кісіге ізгілік, имандылық пен қара, оның қамын ойлау, оған мейірімділік пен мейірмандық білдірген жанашырлық пен қамқорлық жасай білу кісіліктің, ұнамды мінездің көрінісі..Ұлтжандылық дегеніміз - өз ұлтын сүю және өз халқы үшін аянбай еңбек ету, ұлттық мүддені қорғау, қайда жүрсе де өз ұлтының баласы екендігін ұмытпау, сонымен қатар басқа ұлттың өкілдеріне құрметпен қарап, өз халқының мүддесіне сай саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени мәселелерді шешуге атсалысу.Ал, **отансүйгіштікті** ұлтжандылықтан бөліп қарауға әсте болмайды. Бұл екі ұғым бірін-бірі толықтырып отырады. **Отансүйгіштік дегеніміз** - өз жеріне, өз халқына деген сүйіспеншілік қана емес, сонымен қатар өз Отанын анам, жаным, жүрегім, өмірім, қаным деп қарап, өмірін қиюға даяр бола алу. Отансүйгіштік - әр заман ғұламалары адамның осынау қасиетін қастерлеп, сөздерінің небір дәмді ой түйіндерін арнаған.Мәселен, М.Әуезов: «Отан анам, Отаным сенен аяр жаным жоқ,сенен іркер күшім жоқ»десе, В.А Сухомлинский:« Отан - өз бесігің,өз үйің, өз бесігіңді ұмыта көрме» дейді. «Ең зор ізгі ерліктерді Отанға деген сүйіспеншілік тудырған » дейді Ж.Ж. Руссо.**Борыш пен жауапкершілік** – бұл адамның әке-шеше, үй-іші, тума- туыстарына қатысты перзенттік парызынан туындайтын қасиет.Мұның негізінде өзін әлпештеп, адам етіп өсіргендердің алдындағы жауапкершілігін бар санасымен терең аңғара алып түсіну, сондай-ақ, осы арадағы өз парызы мен қарызын қалай ақтау жолын ойластыру жатады. Борыш пен жауапкершілікті түсіне білуден адамның имандылығы мен адамгершілігінің дәрежесі байқалады.Сондай-ақ,оның биік дәрежесі, ауыл алдындағы,ру алдындағы, ұлт алдындағы,Отан алдындағы өз міндетін қалай орындап,қайтып сенім мен үмітін ақтау,жету сияқты өршіл талаптар жатады.**Ар-ұят** – халқымыз «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның



садағасы» деп арды жаннан да қымбат есептейді.**Ұят-адамгершілікті сақтай білудің, имандылықтың жотасы.** Бұл жан толғаныстар арқылы бет-бейнеден, инабатты іс-әрекеттерден байқалады. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деп халық ұятсыздықтың негізі қанағатсыздық, ұрлық, мақтаншақтық, өтірік айту, адамгершілік қалыпты бұзу деп есептейді. Дана ойшыл Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында: «Адам болмысының мәні және әдебін ашатын ұғым ретінде ар-ұят алынады. Адамның адамгершілігін, оның тұлғасын ардақтайтын және көкке көтеретін ар мен ұят. Адам бойындағы ар-ұят сезімі оның ибалығын, қайырымдылығын, бақытын, әділетті ұстанымын, парасат-пайымын, қанағатшыл құлқын асқақтатады. Ар-ұят-бұл адамның көркем мінезділігінің, тәрбиелілігінің белгісі. Ар-ұят дегеніміз адам бойындағы кісілік пен кішіліктің арлылық пен сыпайылықтың негізі» делінген.

**Адалдық пен шыншылдық** – адал адам шынайы да, шыншыл адам. Адалдық сөздің таным мен сенімге ұштасуы,оның іс-әрекетке қайшы келмеуі. Адал да шыншыл, әділетті болу-еңбекпен білім алуға, жалпы іс-әрекетке дұрыс көзбен қарау, инабатты, тіршілікке тиянақты болу деген сөз.Адалдық пен шыншылдық бар жерде әділет, кішіпейілділік, қайырымдылық пен қарапайымдылық та еріп жүреді, бұлар кісінің атақ пен абыройына дақ түсірмейді.**Достық** – адамды асқақтатады, ол жан мен тәннің гүлдене түсуіне көмектеседі.Оның маңызды белгісі – берік әрі терең эмоциялық жақындық. Ол- адамның бір-біріне сөз жүйесінде де, іс жүзінде де адал және шынайы болу, өзара терең мүделік, бір-біріне терең сенім, қайғы мен қиыншылықта өзара терең мүдделік,бір-біріне терең сенім,қайғы мен қиыншылықта өзара қол ұшын беру,өзара жауапкершілік пен қамқорлық. Жалқау, менмен, мәдениетсіз, самарқау, салдыр салақ адамдар бір-бірімен дос болып көгермейді.Достыққа байланысты Шал ақын «Достық аспандағы жарық жұлдыз, теңіздегі гауһар тас» деп бейнелейді. Жұлдыз да, асыл тас та кіршіксіз мөлдір. Бұл екеуін ешкім де еш құдірет те кірлете алмайды. Достыққа кішкене сызат түсті дегенше, құдай ұрды дей бер. Егер шын дос табылса малбасыңды соның жолында құрбан ет. «Досыңның кішкене сыйын көптей көр, досыңа қанша көп берсең де аздай көр» дейді сөз зергері Машһүр Жүсіп.Адам бойындағы асыл қасиеттер-кісіліктің туындап қалыптасуының құнары.Кісіні қалыптастыру үшін оның тамырын тереңге жайып,осы құнардан нәр алатындай дәрежеге жеткізу шарт.

1.6§.**Мінез байлығы-кісілік ырыс**

Жерімізді ұланғайыр кеңдігімен, мұндағы табиғат сұлулығының әсерінен ғасырлар бойы қалыптасқан дарқан, жомарттық, адамға деген мейірімділік пен өнерпаздық, қазақ биосферасының өзіндік ерекшелігінен туындаған асқан қонақжайлылық, жойқын соғыс пен қуғын-сүргінге ұшырау салдарынан тірнектеп жинаған рухани мұраны өсер ұрпаққа жеткізу ниетінен қалыптасқан балажандық, үнемі мал шаруашылығымен айналысудан қанымызға сіңген малжандылық, ешуақытта басқа жұрттың жеріне көз алартпаған бейбітшілік саясат, өзі тиген дұшпанның қабырғасын қақыратқан көзсіз батырлық, «мың өліп, мың тірілген» кездердегі керемет шыдамдылық пен барға қанағатшылдық – біздің ұлттық мінезіміздің жоталы бітістері, халқымыздың ұлттық мақтанышы.

Белгілі бір ұлт өкілдеріне тән, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын мінез-құлық пен психологиялық қарекет ерекшеліктерін-ұлттық мінез дейміз. Мәселен, қазақтар өзінің «бас пайдасын ғана» ойла-майды, онымен қатар ағайын-туыстарының, ел-жұртының да қамын ойлай жүреді. Бірінің басына қиындық, қайғы-қасірет түссе, оны барлығы бірлесе жұбатып, жәрдемдесіп, қайғысын көтеріседі. Ал, егер бірінің басына қуаныш келсе, оны да бірге тойлап, қуанышын бөліседі. «Ағайын – бір өліде, бір тіріде» деп, бір-біріне мал-жанымен, жылы сезімен қарайласа жүреді. Алда-жалда, қазақтың қандай да бір азаматы ағайын-туысына қарайласпай, қарақан басының ғана қамымен оқшаулanып кетсе, ондай адамды қазақ қоғамы қатты айыптайды. Қазақтың бұл мінезін:

Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін!
Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисін!
Бай болып, халқыңа пайдаң тимесе,
Батыр болып, жауыңа найзаң тимесе,
Жұрттан ала бөтен үйің күйсін! – деп Төле бидің атынан айтылған шумақтарынан-ақ анық аңғаруға болады. Өзінің ұзаққа созылған тарихындағы қалыптасу жолында қазақтар да өзге халықтар секілді қадір тұтуға жарайтын ұлттық психологиялық «кешендерді» бойына сіңіріп келді.Оның қатарында ұлттық мінездің көптеген нышандары-жауынгерлік мінез, кеңпейілділік,бауырмалдық, мейірімділік, жомарттық, қонақжайлылық, балажандық, сонымен қатар, батырларға тән аққөңілдік пен аңқаулық, тағы басқа да көптеген жағымды қасиеттер бар. **Мінез-саналы өмір жүйесінде нәзік болмыспен қабаттас дарыған, адамның табиғиқалпы, сыр-сипат,**

**іс-әрекет, бет-бағдар ерекшеліктерінің психологиялық жиынтығы.Ақыл мен мінез кісілік парқын, парасаттылығы мен бітім-келбетін, өмірге жарасымдылығы мен қабілеттілігін анықтаушы, сондай-ақ бірін-бірі толықтырушы, жетілдіруші саналық категория**.Пейілге бай болу үшін мінезге, жүректегі ізгілікке, мейірім мен таза ойға да бай болу қажет. Адам бойындағы асыл қасиеттердің өзегінде **мінез, жүрек, мейірімділік пен таза ой** жататыны сөзсіз.Адам баласының мінез құлқы- тәрбие мен тәлім арқылы,тек білім мен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, құдіретті,қасиеті мол адамшылық атаулының көрінісі. Мінездің мәні мен мағынасы кең ұғымды. Өмір ағымының барлық кездері мен кезеңдерінде адамның ой-толғамына, талғам-сезіміне, көңіл- күйіне, қам-қарекетіне тікелей қатысты және әсерлі, кісілік бейнесінің саралануына ықпалды.Бар болмысын,сезім серпінін, көзқарасын айна-қатесіз, қаз қалпында елестетер шарайна Қазақ ұғымында мінездің нышаны ататектен беріледі.Ататектен мінез нышандары берілетіндігін Фараби бабамыз: «адам жақсы мінез-құлыққа жетілгенге дейін *оның өзінің табиғатына біткен әлеуметке сай келетін мүмкіндіктерді іске асыру қажет* .»-десе,Абай атамыз; бала екі түрлі мінезбен туады деп санап та көрсеткен.ДжонЛокк(1632-1704)-тың«...*олардың тумысынан болатын мінез-құлық қасиетін* толық өзгертеміз деп есептемеуіміз керек,»- деген ескертуі тағы бар.Мінез-құлықтың даму,жетілуі, өзгеріп көркеюі тәрбие,үлгі өнеге байланысты екенін қазақ ойшылдары тым ерте пайымдаған.Жібек мінез,биязы әдепке баулудың теориялық мәселелері әл-Фараби, Ыбырай, Абай,Шәкерім, Жүсіпбек т.б. еңбектерінде кеңінен қолдныс тапқан. Фараби бабабыз бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын **мінез-құлық тәрбиесін** қояды.Фараби мінез-құлық тәрбиесінің құрал,әдістерін белгілеуде Аристотельдің адамдағы барлық мінез-құлық, қасиеттерді туа біткен емес, жаттығу, әдеттену машықтану нәтижесі деген қағиданы басшылыққа алып, әры қарай дамытып әкетеді.Ол адамда жақсы әдет-мінез қалыптастыруда ерік- қайратына көп мән береді, өйткені сезім мен рухани нәпсі мен парасат мұқтаждықтары бір-біріне қарама-қарсы келгенде санамен шешу ерікке, өзін-өзі билеуге тіреледі.Мұндай жақсы ниет, оң істер бара-бара адамның дағдысына, жақсы қасиетіне айналып, ол тәрбиелі жақсы мінез-құлықты болып өседі. Бұл айтыл-ғандар Фарабидің "Бақытқа жол сілтеуінде" былай дәйектеледі:"***Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші-бұлар адамшылық қасиеттер*** болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден **абзалдық пен кемелдікті** табамыз және осы екеуінің арқасында біз *ізгі ***игілікті және қайырымды адам*** боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал ***мінез-құлқымыз мақтаулы болады***.Біз мінез -құлық сапаларының абзалы да, оңбағаны да жүре-тұра пайда болады дейміз. Адамда қалыптасқан мінез-құлық болмаса,онда ол жақсы немесе жаман мінез-құлыққа тап болғанда, қарама-қарсымінез құлыққа өз еркімен көшіп кетуі мүмкін.Адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына немесе жақын жұғысудың арқасында бір мінез- құлықтан басқа бір мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе-әдет болады, ал **әдет деп мен белгілі бір әрекеттің жиі-жиі және ұзақ уақыт қайталануын** айтамын.Мінез-құлықтың қалыптасу жолдары өнерді үйрену жолдары сияқты. Мысалы, жазу өнеріне шебер жазғышқа тән әрекеттерді сол адамның орындап машықтануы арқылы жетеді. Басқа өнерлердің де келу жолы дәл осындай...Абзал әрекет жөнінде де істің жайы осылай сияқты ол адам жақсы мінез-құлыққа жетілгенге дейін оның өзінің табиғатына біткен әлеуметке сай келетін мүмкіндіктерді іске асыру қажет.Адамда белгілі бір мінез-құлық қалыптасуы үшін осыған сай келетін әдеттер берік орын алулары керек».Фараби мұнан басқа жүйелі түрде жаттығу, машықтану, сендіру, еліктіру, үлгі көрсету т.б. тәрбие және өзін-өзі тәрбиелеу әдістерін қолдануды ұсынады. Практикалық дағды, шеберліктерді,жақсы мінез-құлықты дарытуда ол тәрбиеленушінің мінезін және басқа жағдайларды ескере отырып екі педагогикалық әдісті-жұмсақ және қатаң әдісті ұштастыруды көздеді.

Фарабидің ілімі бойынша адамның рухани бет-пердесі, мінезі мен жүріс-тұрысы қоғамдық орта, тәрбие әсері, адамның еркі ауру сияқты көптеген объективтік және субъективтік себептердің әсерімен қалыптасады, өзгереді.Фарабидің пікірінше, тәрбиеге көнбейтін,жөндеуге,түзетуге болмайтын жас болмайды.Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек.'"Жаман қылық-ол жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек"-дейді ғұлама. Фараби-"Бақытқа жету жолы" атты трактатында жастарды батырлық,жомарттық, қайырымдылық,қанағаттылық, шешендік, т.б. қасиеттерді қалай тәрбиелеу жолын баяндайды. Ізгілендіру Фарабидің педагогикалық идеясының негізгі өзегі болған, ғұлама білім берудің ізгілендіру принципіне негізделуі қажет екендігін өз уақытында ғылыми тұжырымдалған ой-пікірлерімен айқындап кеткен.Міне,бүгінгі таңда Фарабидің көрегендігі мен ғұламалығы дәлелденіп, мыңдаған жылдар өтсе де, жаңа білім беру парадигмасы ретінде ізгілендіру танылып отыр.Әл-Фарабидің педагогикалық ілімі бойынша тәрбие мен тәлім мәселелері өзара тығыз байланысты бір-бірін толықтыра жүргізілуі тиіс.



«Философияны үйрену үшін алдын-ала нені білу қажет?» деген еңбегінде ол ғылым мен философияны жетік меңгеру үшін бірінші алғы шарт етіп адамның жан тазалығын, ар тазалығын, әдеп-тәрбиелігін қояды. Әл-Фараби балаларды жүйелі оқытуға 7-8 жасынан беруге *нұсқаған.Басқа ғылымдарда оқып үйренуде ғұлама ең әуелі тіл мен логиканы білім* алуды ұсынады. Әл-Фараби ғылым, білімді қалай болса солай жаппай жүйесіз үйрене бермей, адамның ақыл-парасатына, мінез-құлқына әсер етіп, практикалық іс-әрекетіне пайдалы болатын жақтарына баса көңіл бөлуді ұсынады.Әл-Фараби "Адам өз өмірінің қожасы, сондық-тан өз бағытын өзі жасауы керек.Ол не нерсеге де ұқыптылықпен қарап,жиған-тергенін орынсыз шашпай, кез келген адамға сырын ашпай,өзінің мақсат мүдделері жөнінде достарымен ғана бөлісіп отыруы керек. Осылай-ша өмір сүрген адамның ғана ар-ождан таза болады" деген. Әл Фараби өлеңдерінің негізгі тақырыбы өмірдің мән-мағынасы жайлы толғау, оқу мен білімді мадақтау, адамгер-шілікке шақыру.Адамгершілік турасында дана бабамыздың: "Шын мағынасындағы білімділік-тамаша адамгершілік сипат" деген ұлағатты пікірін мойындай отырып, жас ұрпақты білім нәріне қандыру да педагогикалық парыз екенін ұмыт- пағанымыз абзал. "Ұстаз ескерер тағы бір жайт"-дейді Әл Фараби, бұл шәкірттің мінез құлқындағы жағымсыз мінезді, ұнамсыз қылықты болдыртпау, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру. Педагогикалық пікірінде Фар-аби, әсіресе мінез тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. «Мінезділік бақытты болудың негізгі шарттарының бірі.Кейбір адамдар қолындағы бақытынан оп-оңай айырылып қалады, кейде бақытсыздыққа ұшыр-айды. Оны мұндай күйге түсіретін - өзінің нашар мінезі. Сондықтан, жаны мен тәнін тәрбиелеуді бесіктен бастаған жөн,» - дейді ғұлама бабамыз Әл-Фараби.

X-XI ғасырдың аса көрнекті ақыны, есімі күллі шығыс елдеріне мәшһүр болған данышпан-ойшыл энциклопедист-ғалым, белгілі қоғам қайраткері Жүсіп Баласағұн "Құтты білік" дастанында ерекше мән беріп, зор шабытпен жазылған аса маңызды мәселелердің бірі -адамдардың бірін-бірі құрметтеуі, ізет көрсетуі, сыйласуы болып табылады. Атап айтқанда, мұнда жастардың қарттарға, қариялардың жастарға, әкімдердің өз қол астындағы қызмет-шілеріне, жалшылардың өз қожалар-ына,балалардың өз әке-шешелеріне,ата-ананың өз пер-зенттеріне деген ізгі құрметі қандай болу керек деген сауалға жауап берілген.Жақсы мінез құлық, әдептілік, кішіпейілділік ең алдымен адамның тәлім-тәрбиесіне байланысты деп түйеді. Сондықтан жас нәресте өмірге келісімен-ақ оны тиісінше тәрбиелей бастау - әке-шеше-нің қасиетті борышы екенін айтады. Ақын әсіресе жастарды өркөкірек, тәкаппар, қуыс кеуде болудан көбірек сақтандырады.Кішіпейілділік - үлкенге де, кішіге де, жарасатын қымбат қасиет: «Кісілік қымбат, кішілік қымбат,Ұлық болсаң кіші бол,» Ақын кісіні адамгершілік арнасынан шығарып, жұртқа әдепсіз, дөрекі, надан етіпкөрсететін кейбір мінез-құлықтарға көркем сөзбен сипаттама берді. Мұндай жағымсыз мінездер: мал-мүлікке тоймайтынашкөздік, сараңдық, мейірімсіздік, ашушан-дық, т.б деп көрсетеді. Әке-шешеден тәрбие көрген, әдепті жандар қашанда нәпсісін тия білетін, жомарт, бауырмал, сабырлы, инабатты болып келетінін айтады. Ж.Баласағұни «Құтты білік» дастанында: «Адам болмысының мәні және әдебін ашатын ұғым ретінде ар-ұят алынады. Адамның адамгершілігін, оның тұлғасын ардақтайтын және көкке көтеретін ар мен ұят. Адам бойындағы ар-ұят сезімі оның ибалығын, қайырым-дылығын, бақытын, әділетті ұстанымын, парасат-пайымын, қанағатшыл құлқын асқақтатады.Ар-ұят – бұл адамның көркем мінезділігінің, тәрбиелілігінің белгісі. Ар-ұят дегеніміз адам бойындағы кісілік пен кішіліктің арлылық пен сыпайылықтың негізі» -делінген.

Ұлы ойшыл Абай адамның өсіп, жетілуіндегі тәрбиенің рөліне ерекше тоқтала келе, өзінің он тоғызыншы қара сөзінде "*Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді*",-деп ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді. Абай "сүтпен біткен мінез сүйекпен

бірге кетеді" дейтін теріс көзқарасты әшкерелеп, адам **мінезі өмір барысынан сабақ алып, өзін қоршаған әлеуметтік орта әсерінен өзгеріске енеді, ол іс-әрекет арқылы көрінеді деген тұжырым жасайды. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моральдық, иманды-лық тұрғыдан қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді**.Әдептілікті, сыпайылықты, құмарлықты,тәуел-сіздікті, беріктікті жақсы мінезге жатқызса, сенгіштікті, арсыздықты, мақтаншақтықты, қулықты, жауыздықты т.б. жаман мінез деп есептейді.

**"Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір,өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал"** – дейді. Яғни адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады.Абай: **"Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой**

**деметтің бәрі ақымақтық", –** дей келе, адамды тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның рөлінің ерекшелігін саралап көрсе-теді."*Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның өзінің замандастарының бәрі виноват",* -дейді.Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге байланысты екенін дәлелдей келіп, өзінің отыз жетінші сөзінде:"*Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім",*– деді.
Абай адам болам деген әрбір талантты жастың бойында адамшылықтың қандай нәрі, ізгілікті сипаттары басым болу керектігін алғаш рет «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде саралап берді.Бес нәрседен қашық бол,Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз,-деп,толық адам немесе инсаниятың кәмелат-тығы туралы тезис жазған-ұстаз. Абай дана,қазақтың педагогика тарихында алғаш рет **тәрбие оқулығын** жазып қалдырған.**Оның ерекшелігі**:-*жасқа да,жасамысқа да,қарттарға да қажет бәріне ортақ-оқулық.* Абай адамгершілік, әдептік нормалары жайында көптеген пікірлер қалдырды,оны жинақтап айтсақ:Оның бірінші қоятын талабы - мораль жағынан ұстамды, таза болу, сыпайы мінезді, жақсы құлықты, әділетшіл, шыншыл болу. Әдепсіз, арсыз, байлаусыз, сұрамсақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді сияқты жаман мінездер мен әдеттерден, жарамсыз қылықтардан сақтанып, өзін одан жоғары санап, ондай қылықтарды бойына лайықсыз көрсе ғана,адам парасатты болады . Абайдың қоятын екінші талабы - тұрақтылық. "Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегеніне тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын" дейді.Үшінші талабы – әділет-шілдік. Әлеуметтік міндеті - дүниені белсене құрушы адамның бірі болып, халқы, Отаны үшін қызмет істеуі.Ақын мейірімділік қасиетке терең мән береді (төртінші қара сөзі).Абай атамыздың «Балаға көбінесе үш алуан адамнан мінез жұғады. Біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан. Солардың ішінде, бала қайсысын жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады» деген дана сөзі бар. Сондықтан да, ата-ананың балаға берер тәрбиесінің рөлі жоғары.

Адамгершіліктің ақ туын жоғары ұстаған Шәкәрім атамыздың тәлім-тәрбиесінің, ұстаған қағидаларының жас ұрпаққа берері мол. Сонау атадан келе жатқан ұлттық құндылығымыз рухани-адамгершілік байлығымыз. Түркілер туралы орта ғасырдағы көрнекті ғалым Махмұд Қашқаридың"Түркі тілдерінің лұғатында" былай деген: "Ұлы Тәңір (Тенгри) айтады: Менің бір тайпа қосыным бар.Оларды түркі деп атап, күншығысқа қоныстандырдым.Кейбіртайпаларға ренжісем, түркілерімді қарсы аттандырамын!" Сондықтан түркілерге Тәңірдің өзі арнайы ат қойған. Жер жүзінің ең биік, ауасы таза бөлігіне қоныстандырып,"Өз қосыным" деп атаған. Оған қоса, "түркілер көрікті, өңі сүйкімді, жүзі мейірімді, әдепті, үлкендерін құрметтей білетін кішіпейіл, уәдеге берік, мәрт және сол сияқты көптеген жақсы қасиеттерге ие болған ашық-жарқын жандар" деген.Міне, осы сипаттың бәрін **өмірдегі шынайы бейнесі, жан дүниесі, кеудесі шалқақ, асқақ пенде,мейірімді, әділ, адамгершілігі** мол жас ұрпақтың бойында қалыптасқанын тілеген Шәкәрім өлеңдерінің тұнығы-рухани тәрбие. Жаман әдет тастауға ұнасалық! Мына мінез қалай деп сынасалық! Тұп-тура бетімізге айтысалық! Ашуланбай,ақылмен шыдасалық! Кейде бірге жүрелік, кейде ойналық! Ойнап,күліп кешікпей ой ойлалық! Ойынымыз аз болсын ойымыз көп! Ойдан талап етпеген іс қоймалық!Демек, келешек жас ұрпақ идеялы да берік, еңбек сүйгіш те ақжарқын, күрескер де батыл, әбзал жанды имандылық, адамгершілігі мол мұрагер етіп, тәлім-тәрбие беру ісінде ақын өлеңдері құдіретті құрал ретінде қолданыла береді. «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым бола алатын **адал-еңбек,мінсіз–ақыл,таза–жүрек**.Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» -деген."Ар ілімін" былай тұжырымдайды: Бірінші-әрбір **адамда діни таным** болуы қажет, екінші-**ғылыми танымы** болуы керек, үшінші-"**Ар ілімін**" меңгеруі тиіс-дейді, және оны үшке бөледі:1. Мейірім-ділік.2.Ынсаптылық, 3. Әділеттілік, міне осы үшеуі бойында болған адам, нағыз "Толық адам" бола алады.

Ж.Аймауытов "*адам мінезінің, ақыл-қайратының әртүрлі болуы тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... Адам баласының ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі сықылды бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспеген-дігінен*"-дейді.Ол тәрбиенің екі түрлі болатынын: **дене тәрбиесі және жан (рух)** тәрбиесі болып бөлінетіндігін атап көрсетеді.Аймауытов балаға әсер ететін нәрсе медресе (мектеп) және тәрбиеші (мұғалім) деп санайды.Автор ең алдымен бала тәрбиесіндегі отбасының рөліне ерекше тоқталады."*Баланы бұзуға, яки түзеуге себеп болатын бір шарт жас күнде көрген өнеге.Ол өнеге әке-шешенің тәрбиесі арқылы қалыптасады. Ата-ананың берген тәрбиесі баланың мінезіне салған ізге байланысты.* "Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі" деп атамыз қазақ тауып айтқан. Балаға *қайырымдылықты, қаталдықты ,кішіпейілділікті, күйгелектікті,шыншылдық өтірікшілікті беретін кім* ? Ол, әрине, **ата-ананың тәрбиесі**. Баланың бойына басынан сіңірген мінезді қайта түзету қиындық келтіреді. **"Сүтпен сіңген мінез сүйекпен**



**кетеді" деген сөз ата-ана тәрбиесінің күштілігін көрсетеді...** »-деп автор бала мінезін қалыптастырудағы жанұя мүше-лерінің, әсіресе әке-шешенің ықпалын айқын ашып берді. Ол отбасында теріс тәрбиеленген баланы қайта тәрбие-леудің үлкен қиындық келтіретінін айтады.Ж.Аймауытов өнегелі үйелменнен бұзық мінезді баланың шығуы немесе тәрбиесі нашар отбасынан да тәрбиелі, өнегелі баланың өсуі мүмкін дей келеді де, бұл айтылғандар өскен ортаның, замандас, жолдас-жора, құрбы-құрдастың ықпалынан, соларға еліктеуден болатынын дәлелдейді. *Тәлімгер-ғалым бала тәрбиесіне туған елдің әдет-ғұрпы мен салт-санасының да белгілі мөлшерде әсер ететінін ғылыми тұрғыдан дәлелдей түскен.* Ойын-сауық, өлең-жырды естіп өскен елдің баласы өнерге бейім болады, діндар елдің баласы діншіл келеді. Жастайынан кемдік, жоқшылық, қағажу көріп өскен ауылдың баласы жасқаншақ, бұйығы болады *деп қоғамдық салт-сана, әдет-ғұрыптың тәрбиеге тигізетін ықпалына тоқталады.*
Ж.Аймауытов"**Тәрбиенің негізгі мақсаты-мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу**" деген қағиданы қуаттай келіп,"**Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, айтып ұқтырғаннан гөрі, бала көргеніне көп еліктегіш болып келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек**"–дейді.
Адам-Аллаһтың көркем түрде, ерекше махаббатпен жаратқан жаратылысы. Барлық әлемдердің Раббысы жаратқан мақұлықтарының ішінде адамға ғана ой-сана, ақыл берді. Сөйлеу қабілетіне ие қылды ***Ислам діні-адамның мінезінбір жүйеге келтірді. Оған дүниедегі өзінің орнын көрсетті. Дін адамдардың ойларын биледі, адам сияқты өмір сүруге үйретті, оның рухын оятты.Дін – адамды оқытушы, оған күш беруші ғана емес, дін – адам мен Құдайдың (Алла тағала, Жасаған, Жаратқан) өзара байланысы арқылы, адамды жақсылыққа қарай бастаушы, тіпті, қажет болған жағдайда адамды Құдайдың атымен қорқытып, оны дұрыс жолға салушы.***

Алла жіберген әрбір пайғамбарының міндеті-иман мен имандылыққа уағыздау деп саналған. ***Имандылық-Алла тағалаға иман еткен адамға бітетін көркем мінез.Олай болса,көркем мінез бен биязы әдепті игерудің басы имандылықта жатыр.***Имандылық тәрбие адамның өзін-өзі іштей де сырттай да көз жүгіртіп, **толықтырып отыратын адам тәрбиесінің жоғарғы сатысы**.Біздерге бұл тәрбиеге жету үшін Құран хадис ғылыми еңбектер ұлттық сананы оятатын тәрбиелік мәні бар нәрселерді пайдалануымыз керек. Ұрпақты Аллаға деген сенімінің беріктігін пайғамбар-ымызға деген шапағатын, ата-анаға деген құрметін ұстазға, білімге деген ұмтылысын өз жерінің тарихына деген махаббатын арттыра білу. Сонда ғана ондай адамнан мейір шапағат, адамгершілік, парасаттылықты, қайырымдылықты күтуге болады. Оған жеткізетін адамның иманды мінез-құлық тәрбиесі. Яғни көркем мінез. Алланың мінезі. Біз қазіргі таңдағы ұрпағымызға керекті имандылық тәрбие.Ол: Иман-дылық.Парасаттылық.Әдемілік. Әдептілік.Мейірімділік. Инабаттылық. Салауаттылық т.б. адами құндылық-тармен сабақтасып жатыр.Онда иманның мынадай белгісін де бойға тұту керек:Басы-сенім.Нұры-шындық.Демі-пәктік,тазалық.Тірегі-ықылас,ниет,тілек.Жемісі-сабырлылық,қайырымдылық.Дәрісі-ар-ұят.Жапырағы тақуалық. Атамыз қазақ алдымен сырт пен іштің бірлігін пір тұтқан, «иман» ұғымының жан тазалығынан бастау алуын қамдаған, ***көркем мінез-құлықтарды кемелдендіру*** үшін келген Пайғамбарымыздың **ар тазалығына негізделген имани іліміне** адал болған. Содан кейін барып ниет пен амалдың бірлігін өсиет еткен.Қазақта имандылық сөзі,кісілік,ізгілік қасиеттерді білдіреді. Иман - жүректегі нұр, имандылық соның сыртқы пішіні.
**Имандылық-Аллаһ Тағалаға иман еткен адамнан туған көркем мінез.**Имандылық мінезі әрбір мұсылманның бойынан табыла бермейді.Атам қазақтың адамгершілік ұғымын имандылық сөзімен беруінде ерекше мән бар. Өйткені, адамгершілік пен имандылық арасында үлкен айырмашылық бар. ***Адамгершілік – барлық адамның бойында бола алатын адамның адамдық болмысынан (кісілігінен)туған қасиет. Имандылық әлемнің Жаратушысы, Ұлы Досына деген иман атты сүйіспеншілігінен туған аса ізгі кісілік қасиет.***Көркем мінез-шариғатта тым ашық көрсетіледі. Алланың мінезі жұмсақтың, сабыр, айыптарды жасыру. Су мұзды ерітكендей көркем мінез күн оларды ерітеді. (жоялы). Ал жаман мінез ғамалды сірке балды бұзғандай бұзады (жоялы). Имани қасиеттерге баулу тұрғысында мұсыл-маншылықтың тигізер септігінің молдығын қазақтың алғашқы ағартушыларының бірі Ыбырай Алтынсариннің "Мұсылманшылықтың тұтқасы" атты еңбегінен анық түсініп- түйсінуге болады. Онда былай айтылған:"...Пенденің көңілінде болатын пиғыл екі түрлі еді. Бірі-көркем,бірі-бұзық сипаты. Аят пен хадисте білдірілген жаман мінездер алпыс түрлі. Мұның бәрін бұл кішкене кітапта баян етуге болмайды, бірақ сол алпыс түрлі жаман мінездің шығатын түп асылы жеті түрлі мінезден десіпті.Біз осы жеті түрлісі турасында ғана айталық:Біріншісі: дінге сенбеу, дінсіздік.Екіншісі: діннен бөлек өз ойынан шығарған уағыз яки діннен тыс өз

білермендік.Үшіншісі: менмендік,өзімшілдік.Төртіншісі: мақтану, өзін-өзі көрсету. Бесіншісі: қызғаншақтық, күншілдік.Алтыншысы: сарандық.Жетіншісі:дүние шашқыштық, ысырапшылық. Бұларды аят пен хадисте жағымсыз, ұнамсыз мінез-құлықтар деп айтады. Осыларға қарсы құлық жетпіс сегіз түрлі. Олардың шығатын түп асылы тағы да жеті түрлі мінезден болса керек. Бұларды алсақ хамида, яки мақтаулы, игілікті мінез- құлықтар деп атайды.Олар:Біріншісі: имандылық.Екіншісі: жаман мінез-құлыққа қарсылық, яки күй, яғни ең жоғарғы әділдік.Үшіншісі: адалдық, ақ көңілдік. Төртіншісі: сыпайылық, момындық, шын берілгендік.Бесіншісі: адал ниетпен кеңес, өсиет беру.Алтыншысы: жомарттық, кеңпейілдік, қайырым.Жетіншісі: шариғат бойынша дұрыс заңды:Мұнада малын орынды, үнемді жұмсау Иманшаратта:"Құдайға құлшылық еткен пенденің көңілін кірлетпе. Өз сенімі бар адамды сыйла. Еш нәрсеге сенбейтін,ешкімді сыйламайтын мәңгүрттен қорық.Иек астындағыны көрмейтін көңіл соқырларынан құтыл. Қорғансыздың көз жасын төкпе.Ата-анаңа мейірімді, халқыңа қайырымды бол, жасы кіші болса да сен деп сенсіремей,сіз деп іптипат көрсет. Сіз деп сөйлеу кішіліктің белгісі.Жау іздеме,дос ізде.Билікке ұмтылма, бірлікке ұмтыл.Иманды сенім, ұлшылдық, тазалық, арды қанағат деп түсін" деген парасатты ақыл кеңестер берілген.Хазірет пайғамбар ғ.с. былай деп бұйырған: мен үшін алты нәрсеге уәде берсеңдер жәннатқа кірулеріңе кепіл болайын,*біреулерің сөйлегенде өтірік айтпасын,қашанда уәде етсе айнымасын, қашанда аманат етілсе қиянат етпсең.Харам нәрсеге қараудан көздеріңді жұмыңдар,харамнан қолдарыңды тыйыңдар және абыройларыңды қорғаңдар, зиянқорлықтан аулақ болыңдар*

Қазақ халқы - мәдени бай мұрасы, өзіне біткен табиғи ерекшелігі бар, сергек ой, сезімтал жүрек, дәстүрлі тәрбие,әдіс-тәсілдері бар халық.Оны толығырақ түсіну үшін, дүниетаным тегіне үңілген жөн.Көне түріктердің түсінігі бойынша: Дүние негізі, топырақ,су,от,ауадан тұрады.Тәңірі саз балшықтан жаратқан адам осыған сай төрт негізді болады. Ал,мистикалық таным бойынша адам табиғат туындысы болғандықтан, өсіп өнген, ағаш,жан-жануар тегімен,Жер,Су, сондай-ақ,аспан шырақтары Ай,Күн, жұлдыздармен тамырлас келеді.Олармен байланыс,ықпалдастары негізінде Адам әлемінде нешетүрлі түсініктер, пайымдаулар қалыптасқан.Жоғарыдағы төрт текке сай,қазақ адамтану ілімінде кісілерді төртке топтайды.-топырақ тегі басым адамдар:-су тегі басым адамдар;-жел тегі басым адамдар;-оттегі басым адамдар(жел -ауа,от-оттегі).Осы негізде адамдардың мінез-құлқын,қарым-қатынас үйлесімдігін түсіндіреді.Сондай-ақ,әр адамның өзіне тән жұлдызы,ағашы,жан-жануары бар деп көріп,олардың мінез-бітісін соларға оқшату орын алған.Сондықтан,адамның мінез бітісін,тағдырын олардың дене мүшелері мен бет әлпетінен бедерінен т.б. іздеп анықтау барша халыққа адамтану амалдарын туғызған.Мұның бәрі, қазіргі психологиядағы темперамент туралы түсініктің бастапқы нышаны болар.Сондығынан да,Фараби бабамыз «Темперамент туралы» трактат жазған-ды.Бүгінгі психологияда бала мінезін төртке жіктейді

.Флегматик(сабырлы)-салмақты, баяу,жайбарақат жүретін бала,оның эмоциясы бір күйден екінші күйге ауысуы оңайға түспейді.Флегматикке асықпайтын сабырлылық тән.Сезімі сыртқа шықпайды десе де болады,бірақ ашуланса,оңай жұбанбайды.

Холерик(күйгелек)-өте шапшаң,күшті жылдам, жалынды, сезімді бала.Ол-көбіне ашушаң,күйіп-пісуге әзір тұрады,үлкендердің ескертуіне құлақ аса бермейтін, ерекше көңіл бөлуді талап ететін бала.

Сангвеник(шырақ)-бала сезімдері ауыспалы мінезі ашық,көңілді,тез тіл тапқыш,айналадағы жағдайға тез бейімделгіш ,әрбір іске епті,белсенділігі басым,зейінді, қиналмай сөйлей алады.Еңбекке шабытты,тез жалығады, сезімі құбылмалы.Үнемі бір нәрсеге қызықтырып отырмаса, енжарлық,ынтасыздық басады,терең ұғынуға ұмтылмайды,көңіл-күйі құбылмалы, ызақор,ұрыншақ.

Меланхолик(тұйық)-баланың сезімталдылығы баяу,кез-келген әсерге жауап бере бермейтін,уайымшыл,мұңшыл,көңіл-күйі ұзаққа созылады. Менмен, өзімшіл,мінезі тұйық, болады.Сезім тереңдігі мен тұрақтылығы,сезімталдық тән,жаңа ортаға бейімделуі баяу.

Мінез-құлықтың туған ай,күн,жұлдызға белгілі дәреже де тәуелдігі,өскен ортасының ауа райына,табиғатына байланыстылығы әлдеқашан дәлелденген.

Бір оқиға ойға оралып тұр. Т.Жылқыайдар(1895-1963) атамыз Қарқаралының Кентінде өмірге келіп,сонда тұнық табиғат ортасында өсіп-өніп,ғұмыр кешкен адам. Ауылдан ұзап шықпайтын,осы өлкенің көлі мен суын,орманы мен нуын,даласы мен тауын қыстап-жайлап,бала шағынан асыр сап, аунап-құнап, аралап-кезіп, тіршілік етіп ,табиғат сұлулығына малшынып өсті,саналы ғұмыры осында өтті.Атаны ,мен,бір ретте,машинамен Қарағанды қаласындағы інісінің үйіне жеткізіп салдым.Жол бойы жан-жануарлардың тұрғызылған мүсіні,табиғат кескіндері көптеп кезікті.Бәріне зер салып отырған,атамызға бір де-бірі ұнамады. Қарағандының дәл шетіне таяп келгенде,аппақ болдырып



күмістей жылтыратып қойған бұқаның мүсіні тұр екен,ата,өз-терісіне-өзі симай кетті-ау,білем;-пах,табиғатты осылай да,қорлайды екен,ә!!М-м-м...»деп,орындыққа шегініп отырып, қолды бір сілтеді.Менің ойлағаным:-Япырай,атаның мүсінге деген талғамы неткен биік еді.Табиғатты қорғаңдар, өрттен сақтаныңдар деген жазуы бар,екі суретте,он шақты мүсіннің (марал,бүркіт,тауешкі,ат,т.б.)бірде-біреуінің ұнамағаны қалай?

Ата екеуімізді інісі көшеде күтіп алды.Үйге кірдік. Кіре берістегі дәліздің дәл ортасындағы қарсы қабырғаға ақ ат мінген біреудің суреті ілініпті. Қасындағылардың да,ақ аттының да әскери киімі бар екен.Ештемеге көңілі түсіп,көзі қуанбай келген, атамыз; әлгі суретті тесіле қарап, тамашалап тұрып;—Пай-пай,келістіріп отырып,сызған-ақ,екен! Аттың қылшығына дейін,көзге көрініп,қолға ұсталатындай,айқын тұр ғой!-деп,масаттана сөйледі.Шал мінезінің парығына бара алмаған,мен,үлкен залға келіп,атаның інісінің жанына жайғасқан соң,бүтінгі бастан кешкен, жәйді, ағатайға әңгімелеп бердім. Ағатайым, сәл жымиып,алды да,әңгімені арыдан бастады:

-Бұл ақсақалдың осы мінезін ерте аңғарып,ана суретті іздеп тауып,әдейі іліп едім.Бүгін,оны көріп, тамашалап, ағаның мейірленгенін көріп мен де қуанып отырмын. Інішек,атаң ғұмыр бойы табиғат ортасында,одан алыстамай тірлік еткендіктен, табиғаттың сұлулығы мен әсемдігіне әбден тойып,көзі қанығып,көңілі марқайған. Табиғаттан асқан сұлулық пен әсемдік жоқ қой,бұл жалғанда!Атаң сол себепті жолда кездестірген,біз қолмен салып,тұрғызған мүсіндер мен суреттерге қанағаттанбайды. Бірақ,шын талант иесінің қолынан шыққан, нақтылы төлтума еңбек, табиғаттан тояттанған,ләззат алған адамның да,көкейіне қонып,басын игізеді.Бұл,суреттің төл иесі, талантты қазақ,қазақтың шалы сүйсінетіндей дәрежеде сызған, бейнелеген, кескіндеген, жазған.Ал,атаның мінезіне төл табиғаттың еткен әсері, тигізген ықпалы қашан да айқын аңғарылып тұрады, оның еш,оғаштығы жоқ-деп,ағатайым,әңгімесін аяқтады.

Адамның қадір-қасиеті,көпшілік жағдайда, мінез-құлқына қарай бағаланады. Талай-тағдырға да оңды-солды әсер етеді. Келісті мінез өмір кеңістігінің төріне шығарады, теріскейлігі қазан-ошақ басынан асырмайды.Демек, мінезді еркінсітпей, әманда, ақылға жүгіндіру ләзім.Әбден қалыптасқан және өмір қалпына үйлесімділік тапқан мінез-құлық "адамның екінші табиғаты – әдетке" айналады. Ол, жинақтап айтқанда, күнделікті тіршіліктегі жөн-жосық, жол-жоралғы. Тұрмыстық қағидалы дағды.Үйреншікті тәртіп. Ұлттық негізді тәлім-тәрбие тәжірибелері.Көркем мінез – адамның эстетикалық-этикалық сәні мен мәні.Бұл тұрғыдан ұлттық деп атауға келерлік бірнеше мінез бітістеріне тоқталайық.

Қазақ халқы сонау есте жоқ заманнан өзінің қадір – қасиеттерін қызғыштай қорғап, көздің қарашығындай сақтап, бұған шаң жуытпай, өз ұрпағын ауыздандарып келген ел. Халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі имандылық пен адамгершілігінің басты белгісі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының практикалық көрінісі. Әрине «Тауына қарай аңы, заманына қарай заңы», «Әр елдің салты басқа, иті қара қасқа» дегендей, әлеуметтік өзіндік ерекшеліктері болғандығы белгілі.«...Өз ұлтын сүйген адам өз ұлтының бақыты үшін өз бақытын құрбан қылады» (М:Жұмабаев)«Дүниеде туған еліңнен артық ел де, жер де жоқ»(Ғ.Мүсірепов)«Ұлттың мақтанышы – жеке адам мен ұлт үшін бұзылмас заң. Кімде – кім өз ұлтын құрметтемесе және оны мақтан тұтпаса – ол адам сөзсіз арамза қаңғыбас» (Б.Момышұлы)

Көшпелі өмір тіршілігі қара күшке мығым, қиыншылыққа төзімді, құбылмалы табиғат жағдайына тез икемделгіш болумен бірге, жан – жүйесі жағынан да жан – жақты жетілген, кемел адамдарды қалыптастырды. Үйде де, түзде де бала ес білгеннен бастап із кесіп, жол
сақ, қияндағыны шалатын болды. Аң аулап, мал бағып,күнделікті күйбең тіршілікпен жүрсе де жас өскін ақынның сөзін, жыраудың жырын, әншінің әні мен әуенін қалт жібермей тыңдап, ел аузындағы ұғымды мақал мен мәтінді,ертек пен жұмбақты, терме мен шежірені жадында сақтап, халық даналығын өзіне рухани азық етіп отырды. Әрдайым көшіп – қонуға дайын отырған қазақтар үшін аң – құс аулау, мал бағып күзету, жалаңдаған ұры-қары,тонаушыға тап болу-тұрмыстың дағдылы машығына айналды. Әрбір көшпенді әрі жауынгер, әрі малшы, әрі шаңырақ иесі болып саналды.Көшпелі қауым бірін-бірі жақсы білді, әр адамның қадір – қасиеті, оның жасына, жол – жоралғысына, әлеуметтік ортадан алатын орнына қарай белгіленіп отрырған. Мұндай қауымдастық адамаралық қатынастарды қаршадайдан көріп өскен бала да өсе, ер жете келе ортақ мүделілікті, көзқарас сәйкестілігін, кісілік белгісін түсініп, жеке бастың өзіне бұра тартуына мүмкіндік бермеді. Психологиялық тұрғыдан «біраузызды» болып қауымдасқан жандар үнемі өздерінің рулық одағына етене сіңіскен салттар мен дәстүрлерді ұстанды. Осыған орай көшпелі тұрмыс төлміне лайықталаған бата беру, ант ішіп ақталу, айтысқа, дау – дамайға төрелік айту сияқты этностық таптауырындар (стереотип) кең өріс алды.

Әрине, осы топтық санамен бірге әркімнің жеке басының әлеуметтік және биосфералық факторларға орайлас жеке-дара, жас, жыныс ерекшеліктерінің де болатындығы еске алынды. Мәселен, көшпелі халық қыз баланы ерекше қадірлеп, қастерлеп, әлпештеді. Оны әдемілік пен әдептіліктің, сұлулық пен іңкәрліктің символы деп, ал мінезі жайсаң, әдепті жігітті «қыз мінезді жігіт» дейтін болды.

**Мақсаткерлік** -бұл адамның өз мінез-құлқын көздеген мақсатына алаңсыз бағыштауы, мұны өзінің ұстанған бағыт-бағдарына танымы мен сеніміне, асыл арманына бағындыра алуы. «Мақсатсыз өмір сүрген адам неткен бейшара» депті орыс жазушысы И.С.Тургенев. «Адамдарды алдына қойған мақсатымен бағалау керек» деген белгілі саяхатшы Миклухо-Маклай. Мақсаткер адам ылғи да жалындап жанады, бықсу дегенді білмейді, ол жеңілмеуүшін күреседі.Адам:– ақиқатты түсіне алғанда ғана;– жақсыға ұмтылғандағана;– Дұрыс әрекет жасағанда ғана;– Жүрегін Сүйіспеншілікке толтырғанда ғана байсалдылыққа қол жеткізеді.Қазақ баласы ас ішіп,аяқ босатып,кеш батса ұйықтап,таң атса мал соңына түсіп салпақтап мақсатсыз ғұмыр кешкен емес. Ол әуелі ата-баба өсиетін орындады,материалдық және рухани ұлан асыр байлық жинады, адамшылықтың асыл қасиеттерін бойына сіңірлі,.Осы байлықтарын ұрпағына ұлағаттап игертіп, аманаттап тапсырып отырды.Кең байтақ Отанын,туып өскен жерін жанқиярлықпен қорғап,арын,рухын басқаға таптатпай асқақтатып артына,ұрпағына қалдырды.Осы батырлық,ерлік,жауынгерлік дәстүрі негізінде сан түрлі адами асыл қасиеттерді қалыптастырды.

**Адалдық пен шыншылдық**.Бұл екеуі бір-бірімен біте қайнасқан мінез бітістері. Адал адам – шынайы да шыншыл адам. Адалдық – сөздің таным мен сенімге ұштасуы оның іс әрекетке қайшы келмеуі. Шыншылдық адамның азаматтық борышына, ар-ұжданына қалтқы -сыздығы. Адал да шыншыл әділетті болу - еңбек пен білім алуға жалпы іс әрекетке дұрыс көзбен қарау, инабатты тіршілікте тиянақты принципті болу деген сөз. Адалдық пен шыншылдық бар жерде әділет, кішіпейілділік, қайырымдылық та еріп жүреді, бұлар кісінің аты мен абыройына дақ түсірмейді.

Жасында ерке болып, ата-анасынан именбей, бейпілауыз сөйлейтін, қисынды-қисынсыз өтірікті беті шімірікпестен айта салатын адамның есейе келе тек өз басының ғана қамын ойлап, керек десе басқа түгіл, өз отбасын да алдайтын екі жүзді суайт адам болып кетуі ғажап емес.

Мұхаммед пайғамбар адалдық пен шыншылдық туралы хадистерінде былай деген:«Уа, адамдар. Тәңірден қорқыңдар, риздық несібені адал жолмен табуға талпыныңдар. Ешкім өз несібесі таусылғанша өмірден өтпейді.Ерте ме кеш пе әйтеуір бір өлімнің бары хақ.Сондықтан тіршілікте он жолда жүріп адалдыққа ұмтылыңдар, арамдықтан аулақ жүріңдер. «Шындықтан залал-зиян көресіңдер де әділ сөйлеңдер. Сонда береке табасыңдар. Пайда көріп тұрсаңдар да өтіріктен сақтаныңдар. Бәрібір өтіріктің құйрығы бір тұтам. Қауіп-қатер көрсеңдер де шындықты іздестіріңдер. Өйткені шындықта құтылу бар. Басың кессе де шындықты жақта. Абайдың бұл тұрғыдан айтқан нақыл сөздері жастардың рухани дүниесін тәрбиелеуде ерекше маңызы бар."Адамшылықтың алды – махаббат, әділет, сезім". Абайда бұл үшеуі бірлікте, олар жеке-жеке күйінде жарамсыз. "Әділет ізгіліктің анасы", "Кімде әділет жоқ болса, оның ұяты да жоқ". Ал, ұят жоқ жерде, туыстық, бауырмалдыққа, махаббатқа орын жоқ. Себебі – ұят жоқтық барша адамгершілік қарыздарлық нормаларына сенімді жоғалтады: "Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ"Адамды ұят келтіретін барша жөнсіз істерден сырт ұстайтын, оған жібермейтін күш адамның бойындағы ұстамдылық.Бұл болмаса, ақыл қанша сезініп тұрғанымен, адам баласы ұят келтіретін қылықтан құр болмайды. Әрілте, ұятты сезінуге ақыл керек, егер ақылдың көзін қайратсыздық, әділетсіздік, жігерсіздік, байлаусыздық бүркесе, ақылды кісінің де адамшылдығы бұзылады.Сол үшін де Абай: "Адам баласының көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып, Ақылдылық, аларлық жүректе жігер, қайрат байлаулықтың жоқтығынан азады", - дейді.

Түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы аса көрнекті ақыны, есімі ислам әлеміне машһүр болған ойшыл қайраткер Ахмет Яссауи " Диуани хикмат" ( Даналық кітабы) атты өлеңдер жинағында әділдік жолына түсу, ақиқатты іздеп табу, адамдың рухани өмірінің таза болуы сияқты құбылыстарды ислам дінінің шарттары арқылы түсіндіруге әрекет жасады. Соның өзінде, ақын әлеуметтік қайшылықтар мен теңсіздіктерді сынап, халық мүддесін ескергісі келмеген тәкаппар жандарды әшкерелеп отырды. Халықты ізгі қасиеттерге, адамгершілікке үндеді:

Ғарип, пақыр жетімдерді қылған шадман,
Құлдық қылып, ғазиз жанды еткін құрбан.
Тағам тапсаң, шын көңілмен күткін мейман,
Халықтан естіп бұл сөздерді, айттім міне...
Пақыр жетімдерді әркім сүйер,
Риза болар ол пендеге пәруәрдігер.



Ей, бейқабар, болма күмән, сені асырар.
Хақ Мұстафадан естіп айттым мұны...
Дүние үшін қам жеме, хақтан өзгені деме.
Кісі малын сен жеме, сират көпірінде тұтар.
Әйелің, қарындас, ешбір болмас ол жолдас,
Әлек болып ғаріп бас, өмірің желдей өтер...
.Алла жайын айта алмай, өліп кетсем,
Ессіз өмірім арманда өтер достарым...
Хақиқат дариясынан ішкен кісі,
Өзі мұңлық, көңілі сынық көзі жасты..
Хақ қаһарынан қорқып, жасын төкпегендер,
Тозақта жүз мың азап тартар достар...
Әділетсіз зұлым патша болғаны-ай,
Ордасына өңшең қудың толғаны-ай.
Бірін бірі жиналысып қолпаштап,Су төгілмес жүр ғой бәрі жорғадай.»

**Мейірімділік пен қайырымдылық**. Кісілігі мол адам деп қиналғанда, басыңызға қиын жағдай туғанда қасыңыздан табыла білетін, өзгелерден өзін жоғары санамайтын, үлкенмен де, кішімен де жақсы қарым-қатынас жасай алатын адамды айтамыз. Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді.Бұл тазалық белгісі.Тазалықтың екі жағы бар, бірі – тән тазалығы, ***екіншісі,– жан тазалығы. Тән тазалығын былай қойғанда, жаны таза адам деп ешкімге жамандық ойламайтынбөтен ойы жоқ, ниеті ақ, пейілі кең, әр нәрсеге адалдықтың көзімен қарайтын, қиянатсыз адамды танамыз***. Бұл тазалықтың ар жағында мінез, жүрек,мейірімділік пен таза ой жатқаны белгілі **Қарапайымдылық**. Қарапайымдылықтың белгісі адамның өзін өзгелерден артық ұстамау, бәрін бірдей тең дәрежеде көру екені мәлім.Ол мінезге бай, жүрегі кең, мейірімді, таза ойлы адам. **Арлылық** Ар-ұят адамның ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Өлімнен ұят күшті» екенін терең түсінген адам қашан да өз ісіне жауап бере алады. ***Намысшыл, ары биік, ұятты жанды мінезді, жүректі, мейірімді, таза ойлы адам десеміз***. Имандылық дәстүрін қастерлей біліп, иманды адам болу-кісілік борыш.Иманы кәміл адам мейірімді болады. **Мейірімділік** – адам бойындағы қасиетті сезім. Ата мейірімі, әке мейірімі, ана мейірімі, отбасындағы адамдардың бір-біріне деген мейір-шапағаты-әдептік әсем құбылыс, түйсікті баурап алатын түсінік, ұлағатты ұғым, адамгершіліктің асқар шыңы. Мейірім адамның мерейі үстем болу үшін, ол ойлаған жақсылық, әсерленген әдептілік, жақсы көрген адамдарының жан саулығы мен ден саулығы оны қуанышқа бөлеуі тиіс.Яссауи ғұлама: «Махаббат дәмін татпаған, жар сүйіп, қызығын көрмеген, үйін ойлап дүние таппаған, ойсыз-қамсыз шайтандыққа бой алдырғаннан иман қашады.»-деген.Халқымыз ұрпағын мейірімділікке тәрбиелеп, қатыгездіктен қашып, қаталдықтан сақтандырып отырған. Еліміз ер-азаматтарын мейірімді болса екен деген ниетпен Мейірман, Мейіржан, Мейірбек деген аттармен атап, жастарды үнемі мейірімділікке баулыған."Көпті жамандаған көмусіз қалады" деп, халқымыз мейірлі болу -- өз халқын сүю, бірлікшіл болу екенін уағыздайды. Мейірімділік рәсімдері бата беру, байғазы беру, базарлық беру, көңіл сұрау,көңіл айту, жұбату т.б. жөн-жоралғылар арқылы іске асырылады.Ал мейірімділіктің іс жүзінде бір көрінісі-қайырымдылық. **Қайырымдылық**-мүдделі, кіріптар, көмекке құштар адамдарға, табиғатқа, жан-жануарларға іс-жүзінде жақсылық жасау.Табиғатты қорғау, қайырымдылықтың қалыптасқан халықтық үрдісі, оны орындай білу-парыз. Адам өзінің қайырымдылық борыш-тарын терең сезініп, тебірене іс-қимыл жасауға міндетті. Қазақ халқының меймандостық дәстүріндегі имандылық әдебі-осының айғағы.Меймандостық- кісілікке, адамгершілікке сену, оған құрметпен қарау, кісілік тәрбиесінің көркем көрінісі, тәлімді тәжірибенің жемісі. XI ғасырда өмір сүрген ислам оқымыстысы Ж.Руми:«Адамның болмысы-ішінде әр түрлі аңдар мекендейтін орманға ұқсас.Біздің бойымызда таза-лас, жаман-жақсы, имани-қайуани сияқты мыңдаған қасиеттер бар.Егер ішкі жан шаһарында қасқыр үстемдік ете бастаса, адамның қасқырға айналғаны. Жақсылықтар мен жамандықтар да жасырын жолдар-мен жүрекке келіп, құйылып тұрады. Сәт сайын адамның жүрегінде бір нәрсе бас көтереді. Сол себепті адам кейде жақсы сипатқа, кейде жаман сипатқа айналып отырады» – деген екен

**Ар, намыс, ұят**.Ерді намыс өлтірер, қоянды қамыс өлтірер.Ер жігітке өлімнен ұят күшті.Жігіттің құны жүз жылқы, ары мың жылқы. Ақылың болса арыңды сақта:Ар-ұят керек әр уақытта.Ел намысы - ер намысы.Ер жігіт елінің ұлы, намысының құлы. Намыс-мінездің айбыны. Адами кие мен қасиетке шаң жуытпас, кір жұқтырмас қайсарлық. Абыройға дақ түсіртпес өжеттілік.Адам құқы мен еркіндігінің оққағары, берік бағаны, таптырмас тірегі. Шайпау, сұмаң сөзге қытым. Кісілік құндылықтардың сақтық қоры. Өмір мәнділігінің өзегі.Өктемдіктен араша. Жосықсыздыққа айбар, осалдыққа жігер. Адамгершілік соты, әрі айыптаушысы, әрі қорғаушысы.Серттің семсері. Арсыздық тарамын қиып түсер алдаспан. Бір жағынан күйкі тіршілікке қорлану, озбырлыққа күйіну. Ездікке, ынжықтыққа қынжылу.Жігерсіздікке, босбелбеулікке, іске алғысыз-дыққа мызалану.Астамшылыққа, қол сұғанақ-тығына, әулекілікке ашыну.Мансапқорлыққа, жағымпаздыққа, жалтақтыққа шіміркену. Адамның еңсесін түсірер, абыр-ойын төгер, кісілігін кемітер жалалы әрекеттерге, қарау қылықтарға кешірімсіздік.Мұхаммед пайғамбар: "Ер жігіттің үш намысы бар. Бірі – иманы, екіншісі-Отаны, үшіншісі – отбасы" деп ар-ожданның руханияттылығын жоғары бағалаған7 Өлімнен ұят күшті.Мал сақтама, ар сақта.Малыңа сүйенбе,арыңа сүйен.«Жақсы жігіт ақыл-ына жеңдіріп іс қылар, жаман жігіт оңай істі күш қылар» Опасызда ұят жоқ, Ұятсызда опа жоқ. (Ә. Науаи)Маңайлама,ар-ұяттан безгенге,Мыңдап алғыс инабатты сез-генге.Пәле-жала жолын ұят кеседі,Ұятсыздық - ердің емсіз кеселі. Ашық мінез, пәктік, ұят серік боп,Жарасады қуанышқа көрік боп. Адал ар мен ақ көңіл де еленер - Екі жалған бақытына бөленер.Ұят-жаман ойдың жүгені. (Ж. Баласағұни)Көп сөзден ұял-тек отыр.(Ш. Сүлеймен)Ұят-сыз адам иттен де жаман.(С. Сараи)Өлімнен ұят күшті.(«Орхон жазу ескерткіші»)Арсыз-адамның қоры. Бар бәледен ұят сақтайды.Барлық жақсы істің байламы да ұятта.Бұл жалғанды бұзатын-арсыз адам.(Ж.Баласағұни)Ұяты бармен - ұрыс, Ұятсызбен - ұстаспа. (М. Қашқари) Адамның жеке басы дегеніміз-оның кісілігі.Ал, кісілік дегеніміз-адамның абыройы, беделі, дәрежесі. Бұның бәрінің ұйытқысы-әдептілік. Ендеше, адам өзінің өмір сүру салтын, ғұмыр кешу жолын осы әдептілікке негіздеуі керек. Әдептілік адамның жеке құлқын жолға қояды, оны қоғамға пайдалы адам етіп шығарады.Бұл тұрғыдан алғанда адамдардыңқоғамдық өмірі осыған байланысты болып келеді. Яғни, қоғам жеке адамдардың жақсы болуын қалайды. Ал, адамды жақсы ететін-әдеп. Бізде «ар» сөзіне ғылымитұрғы-дан қандай анықтама беріледі? «Шәкәрім» энциклопедиясында А. Тоқсамбаева: «Ар – адам-гершілік сана, этика-философиялық категория. Адамгер-шілік қазақ халқында адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиын-тық мағынасын білдіретін ұғым - өлшем болса, Ар оның шығу тегі, бұлақ бастауы. Арды адам бойындағы жақсы қасиет-тердің өлшемі, адамгершілік санасы деуте негіз бар», - дейді.

***Намыс адамның жан дүниесі мен Отанының, отбасының, ұлтының, қоршаған орта мен қоғамының*** **мәнін сезінуімен оянып**, соның **амандығы мен бүтіндігі үшін күресінен көрініс** табады.Адам өз бойындағы ең асыл құндылық иман, ар - ождан қазынасы екенін танып білгеннен кейін, оны қорғау, ұлғайту қамымен ғылым, білім іздеп еңбектенсе ол шынмәніндегі намысты тапқаны күмәнсіз.«Ар, ұяттың анасы - әдептілік»халық даналығы ***Ұят, ар адам-ды әдепті, ізетті болуға жетелейді.*** Адам кейде өзінің бір оқыс қылықтар-ына, тұрпайылық көрсеткеніне, дұрыс істемегеніне ұялады. Ұялудың өзі жақсы қасиет. Ал оны болдырмау одан да жақсы.Сыпайылықтың қазақы бір танымы, негізінен қыз-келін-шектерге тән иба, ибалық. Кейбіреулер ойлағандай, бет моншағы төгілген ұяңдық, жасық-тық, жалған ұялшақтық емес, өзін де, өзгені де қадірлей білер көргенділік.Ерен ұстамдылық, иманжүзділік, жылы лебіздік. шарапатты түсіністік, келеңсіздікті жатырқау.Ұлттық таза ғұрыптылықтың, әдептіліктің және көркем мінезділіктің ерекше үйлесімділігі.Ұят, ұяттық-арлы мінез. Адамның ойына, бойына, болмысына лайықсыз, адамгершілікке жат, ар-ождан нормаларына сыйымсыз, әдеп тінін сөккен зымияндықтан бұрқанған, сыртқа теппей, ішкі жан-жүйе ұшынатын нәзік сезімнің күйзелісі. Ұлы ойшыл Абай ұятқа екі түрлі мән берген."Надандық ұят,-деген ғұлама,-жас баланың сөз айтуға ұялатыны сияқты ақылы қысқа, өрісі тар, ойы таяз жанның ұялмайтын нәрсеге ұялуы. Шын ұят-абыройға, шариғатқа теріс,



ақылға сыйымсыз сөлекет қылықтан ұялу.Бұл тек есті адамға тән қасиет. Ал біріншісі өзі істеген қатеден, нәпсіге еріп қылған қылығынан ұялу "Малым жанымның, жаным арымның садақасы" дейтін қазақтың Жасаған Ие құдіретіне сенімді, ата мекен, өмір жаннаты туған елін, жарық дүниеге әкеліп өсірген, қанаттандырған ұясын ту көтерер намысты халықтың атаулы ұранына меңзегендей. Абыз бабалардың: "Малсыз болсаң да арсыз болма; әрлі болғанша арлы бол; арыңды жеме, барыңды же; ар жазасы бар жазадан ауыр; ер жігіт елінің ұлы, намысының құлы" деген өсиеті біздің заман адамдарына арналғандай. Тек маңызын түсіну абзал.Намыс бір сырлы, көп қырлы: **жеке бастық намыс, құқықтық намыс, кәсіптік намыс, азаматтық намыс, ұлттық намыс**. Аталуы әртүрлі болғанмен, бәрі адамдық қасиет пен мүдденің жыртысын жыртады, абырой мен беделді қорғайды. Бәрінің себебі мен нақтылы салдары, заңдамалығы мен рухтылығы бар.Намысты қорғау азаматтық парыз. Оны кіршіксіздендірмеу үшін арлана білу, арсыздықтан түңіліп жиіркене білу шарт. ***Бір күні Ар, Ұят, Намыс үшеуі бас қосады. Олар өткен - кеткенді әңгіме етеді. Әңгіме арасында үшеуі өздерінің өмірдегі пайдалары туралы айта бастайды. Мен адам бойына кішкентай бөбек күнінен әдептіліктің нәрін себемін,-деді Ұят.Ал мен болсам адам баласына өзінің ғана емес, досының, туысының басқа адамдардың ағаттық істеріне жауапкершілікті сезіндіремін - дейді Ар.Сонда Намыс тұрып: Мен болсам, адамға өзі,досы, туысыменқоса бүкіл отбасы, сыныпты, мектебі, ауылы, тіпті елі үшін жауапкершілігін сезіндіремін, - дейді.Осылардың айтқанын сырттарынан бақылап, тыңдап тұрған Әдеп: О, достарым, мен сендердің сөздеріңе толық қосыламын, үшеуіңнің де өмірдегі пайдаларың - адамды әдепті ету. Өйткені ұятты, арлы, намысшыл адам - нағыз адам. Үшеуің де адам баласына ауадай қажетсіңдер, біріңді - біріқ толықтырасыңдар. Сондықтан да мәңгілікке ажырамастай туыс болыңдар деп бата беріпті. Содан бері намыс - ағасы, ар - інісі, ұят - кіші інісі болып, бірге өмір сүреді екен. Сондықтан да «ұяты бар бала арлы бала болып, арлы бала намысшыл бала болып өседі» деген осыдан қалған екен.***

Қазақ халқының әдеп-қалпы көшпенділер мәдениетінің, салт-дәстүрінің уақыт ілгері жылжыған сайын кезеңімен өзгерген, әр дәуірде, әр қоғамдық құрылымда өмір елегінде екшеліп, талғамына сай сұрыпталып, ұлттық сипатын сақтай отырып жетілдірілген мінез-құлықтың ақ адал үлгісі.Әдеп – мінездің анасы. Дүниедегі игіліктің, имандылықтың баршасы анадан, ана киесі мен қасиетінен бастау алып таралатыны сияқты, рухани мінез әдептен, әдептіліктен өрбиді.Әдептілік – ана сүтімен санаға сіңетін уыз мінез. Адамның есі кіргеннен, жастайынан даритын, ешкімнің ақыл-кеңесіне зәрусіз, жамандықтан ада табиғи қасиет. Мәдениеттіліктің, зиялылықтың, сыйластықтың, қадірлестіліктің шаршы төрі. Ең алдымен туған халқына, ұстанған дініне, ұлттық діліне құрмет. Кісіліктің көркі, этикалық нұсқасы, әсемдік өрнегі, адамның асқақ абыройы.**Кеңпейілділік**.Жаны жомарт, әрқашан адамдарға тек қана жақсылық ойлайтын, қайырымды адамды жақсы көрмейтін кім бар? Кеңпейілді адам кем болмайды.Сарандық оған тән емес. Ол бар кезде де, жоқ кезде де әрқашан сізбен бірге.Пейілге бай болу үшін мінезге, жүректегі ізгілікке, мейірім мен таза ойға да бай болу қажет. Түптің түбінде адам бойындағы осынау асыл қасиеттердің өзегінде мінез, жүрек, мейірімділік пен таза ой жататыны сөзсіз. Ендеше, адамды арлы да қарапайым, адамгершілік пен кеңпейілділікке бай ететін осы қасиеттер екенін бәріміз де сеземіз,игерсек деп талпынамыз. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы кісілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез құлқы- тәрбие мен тәлім арқылы, тек білім мен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрінісі болып табылады

Пайғамбарымыз бек көп хадистерінде көркем мінезді (ахлақ) мадақтаған. Өзінің өмірінде күллі адамзатқа үлгі болған. Оның мына сөздері қазір де маңыздылығын сақтауда;"Шынында мен көркем мінезді тәмамдау үшін жіберілдім""Сендердің иман бойынша ең әдемілерің – мінез-құлық бойынша ең әдемілерің" "Аллаһ Тағаланың ең сүйікті пенделері ахлақ жағынан ең әдемі пенделер" "Ей Аллаһым! Сенен денсаулық, есендік һәм

көркем ахлақты тілеймін!” “Шүбәсіз, Аллаһ Тағала жұмсақ мінезді, ақ жарқын кісіні жақсы көреді” “Ынсап –діннің жартысы-дүр!”“Ұят-иманнан-дүр.Адамдардан ұялмайтындар, Аллаһ Тағаладан да ұялмайды” “Даналықтың басы-Аллаһтан қорқу”“Уәдені орындау-иманның беріктігін көрсетеді“Адамдардың ең қайырлысы – адамдарға ең пайдалысы” Бір-біріне қайырлы, мейірімді, шапағатты бол, қол беріп амандасып жүріңдер, сонда көңілдегі түйткіл кетеді.Бір-біріңе қайыр-садақа беріңдер, себебі ол сүйіспеншілікті оятады, жамандықтың алауына су боп құйылады.Мүсәпірге қайыр берсеңіз ол - садақа боп есептелінеді, ал оны туған туысқа үлестірсеңіз ол әрі адамгершілік. Адамзаттың денелеріндегі барлық мүшелері қайырымдылық жасауға ұйғарылған; әрбір күн, таң атқаннан бастап екі адамның арасында қайырымдылық жасаудан басталады. Малды күтімге алу немесе оған жүк арту – адамның оларға жасалған қайырымдылығы; жылы сөз - қайырымды іс, ғибрат жасауын орынға аттаған әрбір қадам қайырымдылық іс және жол үстінен ауыртпалық жасап зиянын тигізген әрбір затты алып тастау - ол да қайырымылық іске жатады. Кімде де кім соқыр адамды 40 қадам жетектесе, ол міндетті түрде жұмаққа барады. Мен жетімнің кепілдігіне алған адаммен о дүниеде де біргемін. Досың залым болсын, мүсәпір болсын –бәрібір жәрдем беру керек. Мүсәпірге көмектескен мақұл, залымға неге жәрдем беруіміз керек деген сауал туады. Оған берілген жауап: Оны зұлым болудан қайтарсаңыз, оған берген көмегіңіз сол болады. Алла Тағалаға отбасының ішіндегі ең сүйіктісі – жетімді асырап, жақсы тәрбие беріп отырған отбасы-дейді. Өлгеннен кейін өкінбейтін адам болмайды. Жақсы адамдар бұл дүниеде қайырлы істерді көбірек жасамағанына жаман адамдар райдан қайтып тәубеге келмегені үшін өкінеді. Қайыр-садақа, жәрдем-көмек беруді әуелі өзіңнен баста. Егер бір нәрсе өзіңнен артылып қалса, оны бала-шағаңа бер, одан артылып жатса, туған- туыстарыңа бер, олардан да артылып жатса, басқаларға бер. Жүрегінде тозаңның түйірінің салмағындай тәкәпарлық болған кісі, жаннатқа кірмейді. Ал бұзық мінез қатыгездік туралы айтатын болсақ. Адамды құдай жаратқанда бірдей етіп жаратты, оған бой, өн күш-қуат айла берді.Дүниенің жарығын, бақытты қызығын берді, кең дүниенің төрінде еркін өмір сүруді жазды. Бірақ адам баласының бәрі бірдей таза, адал ниетті бола алмайды. Біреуі өтірік айтты, біреуі ұрлық етеді, енді біреулері қан құмар алдаушы болады, нашақор болады,Олар "бұл ісімізді ешкімге де білгізбелік" деп есептейді. Одан емес. Аллаға оның барлығы да аян. Жақсылық пен жамандлықтың таразыға түсер өлшемдер, әрбір жан иесінің жауап берер кезі болады. Ол – қиямет күні. Кісі өлтіру, әлсіздікке зорлық қылу, әйел адамдарды қорқыту, зорлықпен күш көрсету, біреуге өтірік куәлік беру, біреуге нашар көзімен, біреуге жақсы пиғылымен қарамайтын әкімнің билігі, әділ қазылық жасамау, аңқау адамдарды алдау, озбырлық жасау – мұның бәрі тыйым салынған харам істер екенін жан иесі білуге міндетті. Дінге жай құлшылық тұрғысынан қараушылық – дінді толық түсінбегендік, толық бағаламағандық болады. Әрине, құлшылықсыз дін болмайтыны рас, бірақ, құлшылық діннің негізгі ұстындарының бірі, бәрі емес. Аумалы-төкпелі заманда ғибадатын жалғастырғандар үлкен рухани ләззәт алады, олардың Аллаһ Тағалаға деген сенімі, өз-өздеріне сенуге жетектейді. Құран Кәримдегі “ғасыр” сүресі, сондай бір зобалаң замандағы адамдарды суреттейді; “Ғасырға (заманаға) ант болсын! Адам баласы, шынында, зиянда! Иман еткендер, салих (жақсы, хайырлы) ғамал (іс) істегендер, бір-біріне хақты үгіттегендер мен сабырды насихаттағандар ғана зиянда емес!” Демек, адам баласының бәрі зиянға ұшырайтын сондай ғасырда төмендегі 4 топтағылар ғана зияннан сақтанбақ;

Иман еткендер (сенімділер, мұминдер)
Жақсылық жасағандар
Хақты (туралықты) үгіттегендер
Сабырды үгіттегендер

Біздерге бұл тәрбиеге жету үшін Құран хадис ғылыми еңбектер ұлттық сананы оятатын тәрбиелік мәні бар нәрселерді пайдалануымыз керек. Ұрпақты Аллаға деген сенімінін беріктігін пайғамбарымызға деген шапағатын, ата-анаға деген құрметін ұстаға, білімге деген



ұмтылысын өз жерінің тарихына деген махаббатын арттыра білу. Сонда ғана ондай адамнан мейір шапағат, адамгершілік, парасаттылықты, қайырымдылықты күтуге болады. Оған жеткізетін адамның **иманды мінез-құлық тәрбиесі.** Яғни көркем мінез. Алланың мінезі. Біз қазіргі таңдағы ұрпағымызға керекті имандылық тәрбие. Имандылық тәрбие адамның өзін-өзі іштей де сырттай да көз жүгіртіп, толықтырып отыратын адам тәрбиесінің жоғарғы сатысы. ***Ғылым- білімнің жоғарғы сатысы деп қарасақ, имандылық – тәрбиенің жоғарғы сатысы деп қарауымыз керек.*** Ақылы сергек, ойы таза адамдар ғана діннің қадірін білмек, терең ойламақ, таза иманды болмақ. Үйткені, иман дегеніміз сенім. Сенім-ғылым, білім болғанда ғана хасіл болады, бекиді. Ғылымсыз, білімсіз адамда қандай сенім болсын?! Ол неге сенгенін, не үшін сенгенін біле ала ма?! Міне, сондықтан, Исламият ойы, ұжданы сау адамдардың болғанын қалайды, соны бұйырады. Иманы берік, ойы тың адамдар тың ойлайды, харам нәрселерден, қылмыстан, құлдыраушылықтан аулақ болады. Олар дүниедегі һәм ахиреттегі жауапкершіліктен қорқады. Төмендегі хадистер осы мәселелерді анықтайды;“Шүбәсіз, Аллаһ Тағала жұмсақ мінезді, ақ жарқын кісіні жақсы көреді”“Мұсылман – тілінен һәм қолынан өзге мұсылмандар амандықта болатын адам” “Өзінің бауырына үш күннен артық кек сақтау мұсылманға халал болмайды” “Садақалардың ең абзалы-ренжіскен адамдарды татуластыру”“Бір пенде басқа бір пенденің айыбын жапса, Аллаһ Тағала да қиямет күні оның айыбын жасырады”“Егер біреудің жамандығынан оның көршілері толықтай амандықта болмаса, ол адамның иманы кәміл емес деген сөз”“Жақсылық жасаңдар! Күдіксіз, Аллаһ жақсылық жасаушыларды сүйеді!” “Аллаһ ысырапқорларды жақтыртпайды!”“Ынсап – діннің жартысы-дүр!” “Ұят- иманнан-дүр. Адамдардан ұялмайтындар, Аллаһ Тағаладан да ұялмайды”“Даналықтың басы- Аллаһтан қорқу”“Уәдені орындау-иманның беріктігін көрсетеді”“Шүйіншілеңдер, сескентпеңдер!Жеңілдетіңдер,қиындатпаңдар!” “Адамдардың ең хайырлысы – адамдарға ең пайдалысы” Жетілген мінез-құлық үш нерсенің - жүректің, ақылдық және қолдың бірлігі мен келісімі. Бала өз жүрегін тыңдауға үйренсе, жүрегінің айтқанын істейтін болса, өмірден өз орнын табады.Мінез-құлық-әркімнің кейпін көрсететін айнасы Мінез байлығы-кісілік ырысы.

## 1.7§Адамтану қазақ ілімі

Бұл өмірде адамдардың жан-дүниесін танып-білудің, әрқайсының сана-сезімімен санаса келіп, олардың жеке-дара өзгешеліктерін түсіне білудің маңызы айрықша. Ол әрине, өзара қарым-қатынас жасау, сыйласу барысында анықталатын қасиеттер. Тек есте болатын бір жағдай, жеке адамның әртүрлі ерекшеліктерінің дамып, қалыптасуы оның өзі өмір сүріп отырған ортасына, ондағы қоғамдық қатынастарға (экономикалық, саяси) тәуелді. Өмірдің бір орында тұрмайтыны белгілі. Адамның айналасындағы жағдайлар үнемі өзгеріп отыратындықтан, оның әртүрлі психикалық өзгешеліктері де біртіндеп өзгеріске түседі. Соған қарамастан, адамның сыртқы кескін-келбеті, жүріс-тұрысы, сөйлесу, сәлемдесу әдебі, ұйықтау, отыру мәнері арқылы-ақ оның қандай мінезді, ақыл-парасатының, ерік күшінің, белсенділігінің қаншалықты екенін аңғаруға болады, деп есептейді адам тану бойынша зерттеу жүргізушілер.**Адамның жүзіне қарап** отырып мінез-құлқын білуге тырысу мәселесі біздің арғы ата-бабаларымызды да қатты толғандырған. Олар сол кезден-ақ адамның бет әлпеті мен мінез-құлқының арасындағы ішкі байланысты іздей бастады. Соның нәтижесінде ерте заманда-ақ ,біркездегі Пифагор, Сократ, Гиппократ тәрізді атақты ғалымдар негізін салған **физиономистика ғылымы** өмірге келді. Орта ғасырға таман физиономистер бет-әлпетті жеке-жеке алып қарап, бет пішіні мен мінезін байланыстырды. Ал қазіргі физиономистика ғылымы болса, бет-әлпетті қарсы алдынан, қырынан және айрықша жеке ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөліп зерттейді. Ғасырлар сынынан өтіп, толыға, зерделене түскен бұл ғылым әр дәуірдің өзіне тән ерекшелігіне қарамастан, өз болжамдарындағы дәлдігін, өткірлігін әлі жойған жоқ. Бұл ілімнің тұжырымдары алғаш көрген адам жөнінде дұрыс пікір қалыптастыруға әжептәуір жәрдемдеседі. Әрине, адамның мінез-құлқын бетіне қарап отырып біржолата жіктеп, нүктесін қойып тастауға болмайды. Физиономистика ғылымының мақсаты тек адамды тануға көмектесу. Оның дәл келетін де, келмейтін де

тұстары бар. Сондықтан,толық тану мақсатын да, родология, нумерология, генетика, астрология қатарлы көп салаға бөлініп жан-жақты зерттеу жүргізілуде. Ал,қазақ халқында бұл ғылымдарлың барлығының тоғысқан арнасы ретінде аламтану дәліреғінде адам сыншысы деген атпен дамып,қазірде,балатану,тектану,карттану,жұлдыздама ашу қатарлы бағытпен қанат жайып келеді.Адамтану аты тым ортақ жалпы таным ретінде саналып жүр.

Адам баласы жаратылысынан бері көкейінде дамыл таптырмай мазалап, өмірінің соңына дейін айықпас дерттей жабысқан бір сұрақпен арпалысып келеді. Жаратылысының мәні мен мақсатын дәлдеп айқындай алмаған адамзат баласы осынау сауалдарының жауабын сонау ықылым замандардан бері іздеу үстінде. Солардың қатарында даламыздың данасы Шәкәрім де ой толғап, отыз жыл өмірін арнаған «Үш анық» еңбегінде күрмеуі шешілместей болған сұрақтардың жауабын ақыл танитындай етіп дәлелді сөздерімен қадап танытқан. Ол аталмыш еңбегінде: «Тіршілік туралы адам арасында көптен бері айтылып келе жатқан екі түрлі жол бар. Бірі, дене өлсе де, жан жоғалмайды, өлгеннен соң да бұл тіршілікке, тіпті, ұқсамайтын бір түрлі өмір бар. Сондықтан жалғыз ғана дүние тіршілігінің қамын ойламай, сол соңғы өмірде жақсы болудың қамын қылу керек дейді. Мұны ақирет — өлгеннен соңғы өмір жолы дейді. Енді бірі, бұл әлемдегі барлық нәрсенің бәрі өздігінен жаралып жатыр, оны былай қылайын деп жаратқан иесі жоқ, һәм өлген соң тірілетін жан жоқ дейді. Менің ойымша, осы екі жолдың қайсысы анық екенін табу ақылы сау адамға қатты міндет» [1. 7], – дей келе сөз соңында: «Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты.

Кейбір діншілдерді қорлыққа түсіріп жүрген шатақ дін мен жалғандық. Әйтпесе Жаратушыда білім бар, өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар! Жанның екі өмірде де азығы: ұждан (совесть) деумен ешкім де еш нәрседен кемдік көрмейді. Тіпті, бұл жоғарылаудың ең зор жәрдемі. Үш анық дегенім міне осы...» [1. 34] – деп түйіндейді.

Өмірдегі ең қиын дүниелердің бірі – адам тану. Адам танудан қателесіп, қаншама рет санымызды соғып қалып жатамыз. Ал енді біріміз бір көргеннен-ақ адам тану қасиетіне иеміз. Алғашқы қатарда болсаңыз, олқылығыңыздың орнын түзеуге асығамыз. Адамтануда,қарапайым, мағлұматтың өзі маңызды.1. **Тәжірибе**. Адамдарды айыра алу үшін, ең алдымен жетілу, кемелдену керек. Яғни, бұл көре, жүре келетін, сіңетін қабілет. Тек қана жасқа байланысты емес, тәжірибемен де ұштасады. Адам табиғатына үңіле білу керек. Адам табиғатына үңіле алатын заманауи мамандарымыз да бар. Олардың қазақ адамын, кісіні тану амалы дәл келе алмай жататыны тағы бар.Алайда олардың ортасында да несиқты сұңғылалары бар,жасалуға тиісті түзетулерін жасап,қазаққа тән тестілер мен диагностикасын құрғандар да кезігеді. 2. **Ұқсастық**. Адам баласы көбіне өзге адамды түсіну үшін бір жақты көзқарасқа жүгінеді. Өзімен салыстырады, өз ойларын ортаға салады. Бұл қателік. Ешбір адам бір-біріне ұқсамайды, әр адам – жеке тұлға. Сол себепті, өзіңізді оның орнына қоя біліңіз. Кім білсін, алдыңыздағы адам барлық асыл қасиеттердің иесі болар...Ал,қазақ адамтанушылары болса өзін өзге арқылы танып келген.Мысалы, ханын ,өзінен бұрын қарашашысы таныған.Өзінен бұрын отағасын немесе отанасын көршісі таныған.Ал,кәзіргі шақта,ұстазын,өзінен бұрын шәкірттері танып қоялы. 3.**Өзіңді тану**. Өзгеден бұрын өзіңізді таныңыз. Сіз қандайсыз? Қандай адамдардың қатарындасыз? Қандай адамдармен қарым-қатынас жасағыңыз келеді? Өзіңізді түсінбей жатып, өзгені қабылдау мүмкін емес нәрсе және үлкен қателіктерге апарып соқтырады. Өзіңізді тану тағы да оңайға түспейді.Оған да,терең білім,орныққан тәжірибе,белгілі уақыт қажет.Осы заманда өзін-өзі танудың кезеңдері мен сатылары, жолдары мен жобалары жан-жақты анықталған.Оның өзінде мамандардың көмегі өте қажет 4. **Жеке қасиеттер**. Тәжіри-белік жұмыстар ашық мінезділердің адамдарды жақсы танитындығын көрсетеді. Адамның мінез байлығы тым терең болғандықтан оны жете тану үлкен білгірлікті,кең аумақты білімділнікті әрі кең тынысты қырағылықты қажет етеді. Алладан берген,ата-тектен ұласқан,немесе оқып-тоқып, ізденіп-талпынып тауып алған дарын,талант,тамаша қасиетсіз адамтанушы болу жоқ. 5.**Тыңдау**. Аз сөйлеп, көп тыңдаңыз. Өзіңізді қызықтыратын сұрақтарды еркін қойып



отыруға қысылмаңыз. Және ұсақ-түйекке дейін сараптауды үйреніңіз. 6. Қиындық. Кімнің кім екені басқа іс түскенде ғана анықталады. Қарапайым күндері адамдардың бәрі жақсы, бәрі идеал. Ал нағыз өзін көрсету керек болғанда, жақыным дегендеріңіздің бәрі қашып кетіп жатады. Әрине, солай екен деп, жаңа сынақтарды ойлап табудың керегі жоқ, тек аңғарымпаз болыңыз.7.**Шыншылдық**.Қарым-қатынаста қарапайымдылығын жоғалтпайтын және әрдайым шындықты айтатын адамға қай кезде де сенім артуға болады. Дәл осындай адамдар саған бірінші болып қол ұшын соза алады. Ал сіз адамды дұрыс тани аласыз. Бұл өмірде адамдардың жан-дүниесін танып-білудің, әрқайсының сана-сезімімен санаса келіп, олардың жеке-дара өзгешеліктерін түсіне білудің маңызы айрықша. Ол әрине, өзара қарым-қатынас жасау, сыйласу барысында анықталатын қасиеттер. Тек есте болатын бір жағдай, жеке адамның әртүрлі ерекшеліктерінің дамып, қалыптасуы оның өзі өмір сүріп отырған ортасына, ондағы қоғамдық қатынастарға (экономикалық, саяси) тәуелді. Өмірдің бір орында тұрмайтыны белгілі. Адамның айналасындағы жағдайлар үнемі өзгеріп отыратындықтан, оның әртүрлі психикалық өзгешеліктері де біртіндеп өзгеріске түседі. Соған қарамастан, адамның сыртқы кескін-келбеті, жүріс-тұрысы, сөйлесу, сәлемдесу әдебі, ұйықтау, отыру мәнері арқылы-ақ оның қандай мінезді, ақыл-парасатының, ерік күшінің, белсенділігінің қаншалықты екенін аңғаруға болады, деп есептейді адамтану бойынша зерттеу жүргізушілер.Кімнің кім екенін кескін-келбетіне қарамай-ақ, ісінен де білуге болады. Бұл орайда біздің данагөй қазақ былай дейді:Туыстың кім екенін, басыңа іс түсіп, жалалы болғанда білерсің.Бауырдың кім екенін, жаның күйзеліп, жаралы болғанда білерсің.Достың кім екенін, өмір өткелдерінен өтіп, саналы болғанда білерсің.Жолдасың кім екенін, басыңнан бақ тайғанда білерсің. Баланың кім екенін күш-қуатың кетіп, қартайғанда білерсің. Келіннің кім екенін, жағдайың кетіп, жантайғанда білерсің.Әйелдің кім екенін, шаңырағың шайқалғанда білерсің.

Адам тану – даналықтың қайнар көзі. Ағат айтқан бір сөзі, жаңсақ басқан бір қадамы, өтініш, тілегіңді кешеуілдетуі – асығыс шешім қабылдауға, ол кісі туралы теріс пікірде болуға негіз емес. Өйткені, оның әртүрлі себебі бар болуы мүмкін. Ал адамдардың кейбірі сылтау, себеп айтуға ұялады, тіпті арланады да. Осы есіңізде болсын. Кінәсіз бола тұра ақталғысы келмейтіндер де, «менің ақтығыма сенеме, сенеді, сенбейді ме, өзі білсін», — дейтіндер де бар. Оның бәрі адам жанының күрделілігінен.Жүсіп Баласағұни айтқан екен: «Кісі танымақ болсаң, ісіне қара», — деп. Адамның уәдесінде тұра білуі, өзгеге жақсылық жасауы, малға да, жанға да мейірімді болуы, жомарттығы, кеңпейілділігі, қарапайым, мәдениеттілігі, еңбекқорлығы оның қандай адам екенін айтқызбай-ақ танытады, өскен ортасы мен алған тәлім-тәрбиесінен де мол мағлұмат береді. Ал мұның сыртында адамның киген киімі мен үйінің тазалығы, ұстаған құрал-жабдықтарының, көлігінің жағдайы, қатысатын ойын-сауығы, әуес әдет-ғұрыптары да оның жан-дүниесінің айнасы. Бұл орайда біздің қазақ тағы да былай дейді:Жігіттің астындағы атын көріп, жетер жерін біл.

Атының ер-тұрманын көріп, жігіттің шыққан тегін біл.
Үстіндегі киген киімін көріп, кісілігін, жігіттігін біл.
Сөйлеген сөзін тыңдап, алған білімін, тәлім-тәрбиесін біл. Алайда біздің қазақ осылай деп отырып, ойын былайша да қорытады.Алтын табақтан ас ішкенінің керегі не, ішкен асының дәмі болмаса.Ұзақ ғұмыр кешкенінің керегі не, ғұмырының мәні болмаса.Еңсесі биік шаңырағының керегі не, астында сәні мен әні болмаса…

Абай атамыз жақсы адамның кім екенін отыз сегізінші сөзінде былайша талдап берген. Ол үшін, оның *Хауас сәлим* деген ой-тұжырымына назар аударайық. Хауас сәлим – араб сөзі, оның қазақша мағынасы ***адамның өзіне тән болған дұрыс қасиеті***, *мінез-құлқы*. Бұл дұрыстыққа адам қалай жеткен дегенді Абай былайша түсіндірген. Адамның Хауас сәлим, яғни, жақсы адам атануы үшін, оған алты шарт қажет, олар: **жақсы тән саулығы, жақсы туыс, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаз**. Міне, жақсы адам болу үшін қажетті шарттар. Бұл – жақсылықтың өлшемдері. Ал енді, Шәкәрім қойған сауал, «*Ең жақсы адам не қылған кісі?*» дегенге келсек, оған жауапты тағы да Абайдың өзінен

табамыз. Абай айтады, жоғарыда айтылған қасиеттері болған соң, оның *«аты адам болады»*, яғни, жақсы адам атанады. Бірақ ол қандай істерімен жақсы атанбақ, олар: *«Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық...»*(2-т.,190-б.). Жақсы адамның алдында үнемі осындай үш мәселе болмақ, солардың нәтижесінде оның **адамдығы айқындалмақ**, яғни, жақсы адам атанбақ.

Мамандардың айтуынша, қоғамдық орында сөз сөйлейтін болсаң, кәсіп таңдап, жұмыс іздесең, біреумен танысып, әңгімелесуге ниеттенсең, бастықтарыңнан еңбекақыңды өсіруді өтінгің келсе, ең бірінші, бойыңды түзе, кескін-келбетіңе, киім-кешегіңе көңіл бөл, айтатын сөзіңді алдын-ала дайындап ал, өзіңе-өзің сенімді бол. «Біздің қимыл-қозғалысымыз өзіміздің жеңісімізді белгілеп келеді. Біз өзіміздің қимыл-қозғалысымызды меңгеріп алуымыз керек», -деп жазушы Георги Еллиот айтып кетпекші, адамның дене бітімі мен іс-әрекеті оның психологиялық бейнесін өзгертуге, тіршіліктегі жапа-машақатты кедергілерді жеңуіне көмектеседі.Қоғамдағы кез келген адамның іс-қимылына үнемі адамдар тарапынан баға беріліп немесе сынға алынып отырады. Оны бір сөзбен мораль десек те болады. *Мораль* дегеніміз салт, мінез-құлық, ереже. Кейде мораль ұғымын этика немесе әдептер жүйесі деп те атауға болады. Философияда этика ғылымы моральды зерттейді. **Адам өз сенімі мен іс-қимылын қоғамдағы моральмен үйлестіре білсе**, онда оның **адамшылық деңгейі** туралы айтуға болады. *Адамшылық-қайырымдылық, адалдық, шыншылдық, еңбексүйгіштік, тәртіптілік, ұжымшылдық, жеке басқа тән мінез-құлықтарын реттей білетін сана мен қасиеттерді біріктіретін тұлғалық сипат.*Адамның іс-қылықтары белгілі ережеге бағынады. Егер ондай ережелер болмаса, кез келген адам қылығының жағымды немесе жағымсыз екенін анықтау қиын болар еді. Сондықтанда, ортақ сипаты бар ережелер адамгершілік қалыптары деп аталады. *Қалып* - кез келген жағдайда адам не істеу керек деген ереже немесе талап. Адамгершілік қалып адамды алдын ала өрескел әрекеттен сақтандырып немесе жақсы, ұнамды әрекетке бағыттауы мүмкін. Қоғамдағы адамгершілік қалыптар адамның қоғаммен, ұжыммен, басқа адамдармен ара қатынасын анықтайды. Қалыптар қатынастарға топтастырылып(кәсіби, ұлтаралық, т.б.) адамгершілік принциптерге бағынады. Мәселен, әр ұлт өкілдерінің қарым-қатынасы белгілі принциптерге негізделеді.*Мораль* түсінігі жалпы барлық қарым-қатынастар жиынтығын қамтиды, оны барлық жағдайда, түрлі жердегі қарым-қатынастарда басшылыққа алады. Оларды адамгершілік ұғымдары деп атайды. Оған *жақсылық, шындық, парыз, намыс, қадыр-қасиет, бақыт* ұғымдары жатады.Қоғам өмірдегі мораль талаптарын қабылдай отырып, адамгершілік идеал түсінігін қолданады, яғни адамгершіліктің үлгісі, оны үлкен-кішілер тегіс пайдалы, ойға қонымды, әдемі санайды. Белгілі бір әлеуметтік топқа қатысты адамдар, моральдық қалыптар, себептер, ұғымдар, идеалдарды *қоғамдық адамгершілік сана формасы* ретінде қабылдайды. Мораль қоғамдық сана формасы ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаның адамгершілік санасының да формасын бейнелейді, *адамға рухани адамгершілік және өздік ерекшеліктері, сезімдері тән*. Әр тұлғаның жеке басына тән сезімдері қоғамдық санамен жетіліп отырады. Әр **адамның қабылдаған принциптері, қалыптары, идеалдары, ұғымдары сол адамның басқаларға, өзіне, еңбегіне, табиғатқа қатынасын білдіреді**.Олай болса,*адам деген қайдан шыққан,неқылған жан екендігін білудің сыртында, өзі өмір сүрген ортаға қалай үйлесін тіршілік ету қажеттілігі туындайды.*Осы негізде сәбилік шақтан балаға ағайын туыс,әулет мүшелерін тану қажеттілігі туады. Қазақтың алтыға дейін ауылыңды,жетіге дейін жеріңді таны дейтін себебі осы.Балалық шақтың сәбилік кезеңнің соңына келе немесе ортамен қарым-қатынас жасауының кеңеюі барысында дос іздеп,жолдасын табуға тиіс болады. Бұл турада Бауыржан атамыз:«...адамның ең басты қасиетінің өзі-туған күнінен бастап жалғыздықпен күресіп,арпаласуы,ізденуі болмақ..Әйтпесе шын мәніндегі жалғыздық түпсіз қара түнек,шыңырау,ауыр жүк.Сондықтан,*адам баласы туа сала айқайлап жылап, қасына адам жинайды,анасын іздейді.Дос іздейді.Махаббат іздейді.Қоғамнан өз орнын,тіршіліктің мақсатын іздейді. Өмірі үздіксіз ізденумен* өтеді.Алайда табиғаттың өзі жаратқан



жалғыздығын түбірімен жоғалта алмайды.Бірақ оны жеңу,күресу-өмірдің мәні,адамның ұлылығы болмақ .»-деген.Ендеше адамтану білімі ең әуелі,жас өскінге керек.Оған өзін-өзі тануға, айналасын білуге,дос табуына, келе-келе сыңарып таңдап табысуға,одан асса,тіршілік жасауда,өмір сүруде,адамдар мен тіл табысып,үйлесімді тірлік етуде бұл білімнің маңызы зор- ақ.Қазақ қоғамында ұзақ жылдар бойында ол білімнің мол қоры жинақталса да,ол бір ізге түсіп,реттеліп,зерделенбей келе жатқаны өкінішті.Дос табу жолы қарапайым болға-нымен,оның да қалтарыс бұлтарысы бар. Достық! Осы бір қасиетті сөзді әрдайым ілтипатпен айтамыз.Өйткені өмірдің мәні де,сәні де ең алдымен шынайы достықта,сыйлас-тықта. Адамның бір-бірімен достасуы өмірге нәр беріп,көңілге шаттық құятын аса мәнді құбылыс.Иә,достық- біздің туымыз, ұранымыз.Достық ел мен ел,халықтармен халық арасын байланыстыратын дәнекер. Достық адам мен адамды туыстыратын,адамның мейірін өсіретін,мәртебесін көтеретін,рухани дүниесін байытатын ұлы күш.Достасу дегеніміз-ең алдымен,адамның біріне-бірінің сенімі,бірін-бірі терең түсінуі,біріне-бірінің қалтқысыз көңіл күйі,біріне-бірінің жолдастық көмегі,ақыл кеңесі.Достың мәні мен маңызы туралы адамзат қоғамында өмір сүрген даңқты адамдардың,ғұлама **ғалымдардың, ақындар мен жазушылардың**, ойшыл,өнер қайраткерлерінің оралмағаны, айтпағаны жоқ деуге болады.Себебі достық жалпы адамзатқа тән қасиет.Мәселен:«Айнымас досы бар адам-ең бақытты адам»(араб), «Жақсы дос нағыз-қазына» (қытай), «досы көпті жау алмайды», «жүз сом ақшаң болғанша,жүз досың болсын»(қазақ) барлығы ұқсас мазмұнмен бағалаған.Әл-Фараби данамыз,достық туралы тамаша тәлім айтқан. *«Достықтың екі түрі болады.Оның бірі-адал дос та,екіншісі айнымалы дос.Адал досқа үнемі ілтипатпен қарап,одан айрылып қалмау жағын көздеген дұрыс,адамдар бір-біріне жақсылық,өзара қамқорлық жасауы қажет. Жақсы достың сенімін ақтаған абзал.Осындай достар ащы-тұщыны бірдей татысып,нені болса да бірдей көретін болады.Жалған досқа адам өзінің құпиясын,мінез құлқындағы кемшілігін айта берудің қажеті жоқ.Осындай жалған достарды адал жолға түсіру үшін қажымай-талмай жұмыс жүргізген ғанибет.Бір-біріне дұшпан көңілді адамдардың да екі түрі болады.Бірі-өшпенділігі мол,жауылығы басынан асқан адамдар да,екіншісі-көре алмаушылықтан жауыққандар. Бұлардың біріншісінен ерекше сақ болып,олардың ой-пікірін үнемі қадағалап,біліп жүру,осындай адамдардың арам ниетін біліп қана қоймай,тиісті жерінде аямай әшкерлеу қажет.*

*Бейтарап адамдардың да жолдастық достық жөніндегі ұғымдары мардымсыз болады.Бұлардың өшпенділікпен жұмысы жоқ,кейде дұрыс ақыл-кеңес беретіндері де кездеседі. Бірақ,олардың айтқан пікіріне сын көзбен қараған дұрыс. Бейтарап адамдардың адалдығына көз жеткенше оларға дос адамдай беріліп кетуге болмайды.Жақсы ой-тілектері араз адамдарды татуластыруға,олардың арасындағы қарым-қатынасты қайта орнатуға жәрдемін тигізеді.Сондықтан бұларға көңіл бөліп,іс-әрекетіне демеу беріп отыру керек. Ақымақ адамдарды да асқан төзімділікпен тәрбиелеп, байыптылықпен қарым-қатынас жасап отыру керек.»*

Ертеректе ел ішінде Әйтімбет деген сөзге шешен кісі болыпты.Бір отырыста Әйтімбет шешенге замандастары:

-Достық нешеу ?-деп сұрақ қояды.Сонда Әйтімбет тұрып:

-Достықтың екі түрі болады.Бірі адал достық та, екіншісі -амал достық.

-Дұрыс-ақ.Енді оларды қалай ажырата аламыз? дегендерге:

-Адал достық өмірлік нұсқа болады,амал достықтың өрісі қысқа болады.,адал дос қашан да жаныңнан табылады. Ал,амал досты басыңа іс түссе,іздеп таба алмай қаласың деген екен.«Жаман дос көленке-басыңды күн шалса қасыңнан қалмайды,бұлт шалса маңыңнан табылмайды»(Абай) Ал,А.Байтұрсынов:

Адамға адал жолдас табу қиын
Көбісін дос жасайды ақша,бұйым,
Досым деп көрінгенге сене берме,
Ахмет,бар болса егер баста миың.

Ә.Нұршайықов-достық қағидасын терең талдаған ойшылдардың бірі. «Анадан туған әр адамның жүрегінің түбінде достық пен махаббаттың ұрығы жатады.Жерге түскен әрбір ұрықтың өнуі үшін Күннің нұры,топырақтың қызуы қажет. Сол сияқты әр сәбидің жүрек түпкірінде жатқан достық пен махаббат ұрығының өніп,өсіп,гүлденуі үшін едәуір уақыт керек.Баланың есі кіріп,сана сезімі оянып,кемелдене бастаған шағында оның жүрегіндегі,достық пен махаббат бүршік жаруға талпынады. Бірақ бұл екеуінен бұрын балдырған-бөбектер арасында жолдастық басталады.Өйткені, жолдастық-достық пен махаббаттың бірінші баспалдағы.Жолдастық достыққа жетелейді.Адал достық асыл махаббатқа апарады»Адамгершілігі қалыптасқан әрбір адам басқаға баянды достық жасауды-өзінің борышы деп есептейді.Абай дана, «досыңа достық-қарыз іс,дұшпаныңа әділ бол» дейді.Достық тек дос болған адамға жасалмайды,халқымыз «адам болсаң, адамға достық жаса әманда»деп уағыздайды.Бірақ достың да досы бар, «айнымалы»дос тек өзін ғана достық жасауды ұнатып,өзгеге достық жасағанын бұлдайды. Халық:«Ақымақ достан, ақылды дұшпан артық»деген.«Келіп-кетіп, көп жүріп, «мен досыңмын» деп жүріп,жоқ нәрсені шатады, сөйтіп құдай атады»,-деп ұлы Абай атамыз жалған достың жамандығын әшкере етеді. Доссыз,қимас жолдассыз өмірде мән жоқ екені белгілі.Бір-екі рет сыйласуға, қадірлесуге,құрметтесуге келген тәп-тәуір адамның аяқ астынан құбылып,ойламаған жерден бөтен мінез танытып,сыр білдіріп қойса оған не дерсіз?Дос-жолдас болып жүріп байғұс жүрегіңнің дал-дұлын шығарып кетсе,ол адам тірі жүрсе де-өлі. «Өлді кейі,кейі-жау», «жүрегім менің қырық жамау»-болатыны да рас. «Достың көңілі бір атым насыбайдан қалады» Жүректің қалауымен ғана ғұмыр кешкен жанның келешегі кемел,алды жарқын!» «Жаман дос көлеңке:күн ашықта қойныңда,күн жабықта мойныңда»-дейді.Жақсы дос достықты-борышым, адамгершілік міндетім деп есептейді, достығын бұлдамайды, есептес-пейді.Халықта «ажырасар дос ердің артқы қасын сұрайды деген мақал бар. «Есептескен» дос достық жасай алмайды,Достық-бұлдауға, есептесуге қарсы, қасиетті ұғым. Достықтың жоғарғы асқары-халықаралық достық. Дос болу- киелі ұғым.Ертеде дос болу үшін ер азаматтар, «Ақсарбас» айтып сойып,малдың бауыздау қанына жейделерін матырып, оны ауыстырып киіп,жүректерін түйістіріп,ғұрып жасап,рәсім өткізген. «Кеуделері түйіскен,қанды көйлек киіскен» достардың бұл рәсімі:-бір-біріміз тамшы қанымыз қалғанша достықты сақтаймыз»- деп,серт беріп,ант-су ішудің бір түрі. «Жанымыз жақын,жүрегіміз бір болады»-деп кеуделерін түйістірген.Кәзіргі құшақтасып амандасу соның салдары.Дос болу-дың,қазақ халқында,әр дәуірде әр түрлі рәсімдерін қалыптастырған. «Серттесу», «Анттасу», «Уағдаласу», «Ант-су ішу», «Ақ дәм тату». «Қару алмасу» т.б.

Бүгінгі таңда достасудың рәсімдері ізгілік пен сыйластыққа негізделген,ынтымақ бірлікке жетелейтін салтанат түрінде өткізіліп келеді.Ал,оның деңгейі,өткізілетін рәсімнің аумағына сай болып жүр. Шынайы достықтың арқауы-олардың өмірге көзқарастарының,тұрмыс салтының,моральдық бейнелерінің, рухани азығының,ақыл-ойларының,сезім дүниелерінің ұқсас келіп,бір арнаға құйылып жататындығының тазалығы.Мұндай достық –мәңгілік. Шынайы достар бір-біріне қол ұшын беруге әзір Қуаныштары мен реніштерін бірге бөліседі.Бірінің абыройына, беделіне,бақытына екіншісі де бар жан тәнімен шаттанады. Өмірде бұрыс басқан қадамдары болса,бір-біріне ашық та батыл айтып,жөн сілтеп отырады.Дәлірек айтқанда, бір-біріне ұстаз.Бүгінгі таңда,дос таңдай білу өте маңызды. Кәзіргі қазақ қоғамы көптеген этнос ұл-қыздарына,көптеген наным-сенімді көзқарасты жастарға, ұстамы мен құндылықты бағалау дәрежесі әртүрлі топтарға толы.

Өмірлік серігіңізді тани аласыз ба? Жар таңдаудың жалпыға ортақ қағидатын (рецептісін)ешкім де тағайындап, әзірлеп бере алмас.Алайда әр ұлтта,әр кезеңге сәйкескен, өмірлік жарын танып табуға жәрдем болар, ақыл-кеңес,бағыт-бағдар баршылық.Қазакем де бұл тұрғыда жетерлік дәрежеде,тәжірибе жинақтаған. Шаңырақ көтеріп, тұрмыс құратын жасқа жетіп, үйленуді ойға алған жастардың алдынан шығатын бірінші сұрақ -жақсы жар таңдау. Біз ақ некелі жарын «Құдай қосқан қосағым», «жан жарым» деп құрметтейтін халықпыз. Әуелі Алланың, сосын өзінің қалауымен екі жас бірін-бірі тауып, өмірлік серігіне



айналып жатса құба-құп. Алайда қазіргі таңда болашақ жарымды қалай тапсам екен деп жүргендер де аз емес. Міне, сол жандарға өзінің сыңарын таңдауда есте сақтауы тиіс келесі кеңестерді ұсынамыз: **Мейірімділік**. Көпшілігіміз махаббатты ғашықтықпен шатастырып алып жатамыз. Ғашықтық – физикалық тұрғыдан ұнатудан пайда болатын өткінші сезім, ал махаббат сыйластық пен мейірімділіктен құралған «піскен», кемелденген сезім. Мейірімділік пен сыйластыққа құрылған шаңырақ ешқашан шайқалмайды

Міне, сондықтан некелеспес бұрын ол адамның бойында мейірімділік бар ма, байқап көріңіз. Не туралы айтатынын тыңдаңыз, айналасындағылармен қарым-қатынасы қандай, оларға көмек беруге дайын тұра ма? Сіз қандай да бір қиын жағдайға тап болғаныңызда қол ұшын созды ма немесе дайын ба? Осы сұрақтардың жауабын іздеңіз. Бұл өте маңызды. **Ортақ мақсаттар**. Алдымен сіз өзіңізді таныңыз, мақсаттары-ңыз бен армандарыңыз қандай, олар сіз таңдаған адамның мақсаттарымен сәйкес келе ме? Неке екеуіңіздің ойларыңыз бір жерден шығып, сол мақсаттарыңызға бірге ұмтылсаңыздар ғана сәтті болмақ. Егерде екеуіңіз екі жаққа тартқылап, «екі жарты бір бүтін» болмасаңыздар ол отбасының болашағы бұлыңғыр. Екеуміз екі түрлі адам болдық, сезіміз жараспады деп ажырасып кетіп жатқандар тап осыдан шығады. Сондықтан әңгіме барысында болашақтарыңыз туралы сөз қозғаңыз. Ол неше бала болғанын қалар едің, оларды қалай тәрбиелегің келеді, келешегіңді қалай елестетесің деген сияқты қарапайым сұрақтардан тұрады. Отбасы – ортақ мақсаттар мен мүдделерден тұратын одақ екенін естен шығармаңыз. Бар болмысымен қабылдаңыз. Сіз таңдаған адамның міндетті түрде бір кемшілігі болады. Мінсіз адам жоқ шығар. Сондықтан кемшіліктерін бетіне басқаннан гөрі күліп отырып «жеңуге» тырысыңыз. Отбасы болмай тұрып өзіңізден: «Мен осы адаммен кемшіліктеріне қарамай өмір сүре алам ба, осыған көне алам ба?» деп сұраңыз. Қарым- қатынастарыңыз берік болуы үшін бағына білу керек және төзімділік ауадай қажет. Сіз де «мінсіз» емессіз, сондықтан болашақ жартыңыздан да «мінсіздікті» талап ете көрмеңіз. «Жақсы жұбай – жарым бақыт» дейді. Жарыңыз – өмірлік серігіңіз, балаларыңыздың әкесі, анасы. Жақсы жар кезіксін десеңіз, өзіңізді тәрбиелеуге тырысыңыз.Бұл кеңестен бұрын өткен-кеткен ұлы бабалар мен ақылман ұстаздардың ақылын есту пәзім *Әйтеуір, біріміз Төлегеннің Жібегіндей, Абайдың Әйгеріміндей аруды аңсап жүрміз, ал екінші тарап қиялына Мұхаммед (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) пен оның сахабалары секілді иманды, парасатты жігіттердің образын сақтап қойған. Төңірекке қарасаң, жігіт те, қыз да көп. Бағың ба, сорың ба әрбірінің маңдайында жазулы тұрған жоқ. Білмейсің. Алайда, бізден бұрын өмір сүрген және ең жақсы жар бола білген ізгілер жар таңдаудың әдістерін, қағидаларын, маңызын жан-жақты айтып кеткен. Жаңалық ашудың қажеті жоқ. Әсіресе, күллі тіршіліктің Иесі болған Алланың көкейіне құйғанын ғана сөйлейтін Мұхаммед Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өсиеттері әр адамға дұрыс бағдаршам болмақ. Егер адам баласы сол сапихалы салтымызға сіңген, имандылыққа құрылған қайталанбас қағидалар бойынша жүрсе, онда үйлену аса түсіністікпен, сүйіспеншілікпен орындалар еді. Нәтижесінде, олардан дүниеге келетін ұл-қыздар иманды, көркем мінезді, ибалы болмақ.Сонымен, Дана, Біліуші, Игілік Беруші, әр нәрседен Хабардар болған Раббымыздан жәрдем сұрай отырып, жар таңдауға қатысты қағидаларды топтастырып көрмекпіз.*Кезінде Абай атамыз үйленерде негізге алынатын бірқатар ұстанымдарды былай деп тізіп берген:

*«Жасаулы деп, малды деп байдан алма*
*Кедей қызы арзан деп құмарланба.*
*Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,*
*Ата-ананың қызынан ғапыл қалма», – дейді*

Көрдіңіз бе, отбасын құрудағы негізгі мәселе өмірлік серіктердің байлығы немесе арзандығы емес. Олардың ар-намысы, ақылы, ұяты басты назарға қойылып тұр. Ұят бар жерде иман бар екенін ескерсек, ең алдымен имандылыққа мән берген дұрыс. Алланың соңғы елшісі, ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінің бірінде «Әйел алса төрт белгісін көздейді,
Бұл төртеуден кездеспейді өзгесі.

Бай әйелді біреу іздеп жүреді
Енді бірі сұлуға көз тігеді.
Бірі тілер тұқымы асыл, тектіні,
Қуаныш боп ұлықтығы, бектігі.
Бірі нәзік, имандысын таңдайды,

Оны тапса, көңілде алаң қалмайды,- деп жігіттерге насихат айтқан Жүсіп Баласағұн бабамыздың негізгі ойы даналықтың бұлағы болған хадистен бастау алады.Ердің әйел таңдауына қатысты, Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын):*«Әйелге төрт нәрсесі үшін үйленеді: байлығы үшін, тегі үшін, сұлулығы үшін және діні үшін. Сен діндарды (иманына қарап) ұнат. Алла қолыңды кеңітеді.*(*Яғни,әйел иманды болса үйге берекет кіреді*Х.Алтай)» деп өсиет етеді (Бұхари, Муслим, Насаи, Ибн Мәжәһ). Иманды жар – тәрбиелі ұрпақ мәйегі, еркектің иманының жартысы, жанының тыныштығы мен тынымы, көзінің қуанышы.«Балама әйелді өзім таңдап алып беремін. Байдың байлығына қызықпаймын, бидің билігіне қызықпаймын, асыл пышақ қап түбінде жатпайды, деген. Келінім ақылды болса, ұлымның елге даңқы кетеді. Би түскендей үй болу әйелден. Әйелі жақсы болмай ер оңбайды. Ердің бақытын кетіретін де әйел, ерге бақыт әперетін де әйел». Осындай ой құшағында жүрген Төле биді Түркімен еліне билік айтуға шақырады.Аттары болдырып, шөлдеп-шөліркеп келе жатқан жолаушылардың алдынан бір топ атты қыз-келіншек көрінеді. Ол топтың ішінде Данагүл дейтін кедейдің қызы да бар еді.
— Әй, қыздар, тоқтаңыздар, аттарыңыздың басын тартыңыздар. Жоғарыдан бір қатар аттылар келе жатыр, алдынан кесе-көлденең өтпейік, арасында ер бастаған батыр бар шығар, сол ерге ақыл айтқан ақсақалы бар шығар, батасын алып, алғысына бөленейік. Атты кісілер алдымыздан кесіп өтсін. Сонан соң жүрсек те ауылымызға жетерміз, – дейді Данагүл. Төле би мұны алыстан көріп, қыздарды шақыртады. Данагүлдің бұйрығымен қыздар аттан түсіп, жаяу келіп сәлем береді. Данагүлді сөзге тартып, даналығын байқаған Төле би құда түсіп, өзіне келін еткен екен. Жүсіп Баласағұн бабамыз бір өлеңінде:

«Жақсы болсын тегі, заты, ұрығы,
Пәк, ұятты болсын жанның тұнығы.
Дұрыс үйдің қызын ал, қол тимеген,
Сенен өзге еркек жүзін көрмеген» деген екен. Қазақтың әйелзатын танып білуі өте терең әрі тым көлемді және де тым тереңнен сыр шертеді. Тәрбиелеу қазақ ілімі тарихында,әйел затының сынын айтып,олардың ортақ табыстары мен кемшіліктерін топтап көрсеткен адамтанушылар қашаннан болған.Мәселен Қорқыт атамыз төртке жіктесе,Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы) –да төртке бөлген.Ал,Ақан сері сегізге сыныстырған болса Ақыт хажы оларды беске топтаған. Ақыт әйел затын,әуелі,жақсы жаман деп екіге бөледі.Жақсы әйел туралы:«...Кей ұрғашы жарандар,еркектен артық ақылы.Адамды білер айырып, әдеппенен сөз байлап,бек біледі мақұлды.Анық білер айырып,алыспенен жақынды. Берсеңдағы жүз байтал жібермейді хақынды.Баласы жаман болмайды,шешесі болса жатынды.Атағы жақсы қатынды, еркектен деме оны кем. Бапты қатын тамағы,балмен шекер асындай. Қылап болса қатының,келтіреді сынынды.Мінезді болса қатының,мамық төсек көрпедей. Жақсы қатын қоима,алған ерін риза қып,мінезімен алдамай.

...Жаман қатын белгісі,бетіңе қарап күле алмас,жүз жыл жолдас болсаң да,мінезіңді біле алмас.Ер қарызы аманат,таза сақтап жүре алмас.Мейман келсе үйіне ,баласын ұрып жылатар,орағытып құманын,от басына құлатар.Өлшеусіз ішіп ас-суын,елден соғым сұратар.Сондай қатын ерінің бақ-дәулетін құлатар,балаға болса шарқая,мінезі болар тез қатар,теріс қарап теңкейіп,төсегінде ол жатар.Керегінде өз байын құлағынан тартып оятар....Сараң қатын сарғайтар. Дәнін құйып татырмай.

...Олақ болса қатының,кетіреді сынынды.
...Қасаң қатын мінезі,қойға мінген керіктей
...Бошалаң қатын қимылдар,кешкі күнді ертедей.
...Бошалаң қатын қалғиды;Көбірек қонақ қонғанда, отбасында бұлғақтап....



Ақымақ болса қатының,кепшігі жоқ ермен тең. Қаһарлы болса кәрі енең,күнде соққан борандай.Баласы оның жүреді жадырап бойын жаза алмай.Қарғысшыл болса кәрі қатын,баласын қарғап озаңдар.Байы кәрі жас қатын,таныған соң шамасын,күнде би боп қожаңдар.Ақыттың бұларға айтқан өсиеті: «...Ораза, намаз ұстаңыз,жамандықты тастаңыз. Күн шығарып тұрмаңыз,ер әмірін бұрмаңыз.Өтірік ,өсек қумаңыз, шалқар түсте тұрмаңыз. Біреу өсек сөз айтса,оған көңіл бұрмаңыз.Күйеуіңе жағыңыз,өлгенше сыйлап бағыңыз,өтер күнің қаша ма, болса дәулет-бағыңыз.Үлкендерден бата алып,әдепті келін аталып,көп сауапты табыңыз.Ата-анаңмен керіспе,жамандық қуып теріспе.Біріңмен бірің өш болып,кер биедей тебіспе.Күндесіңмен ұрыспа,абысыңмен жұлыспа.Ала көзбен қараспа,жоқ нәрсеге таласпа.Жамандыққа ермеңдер, бұрыс жолмен жүрмеңдер.Әдепті болсаң жарайды,әдебіңе қарайды.Ыржиып күлсең біреуге. ойыңды бөтен санайды. Жалғанда күтпей дініңді,өлгенде көрме ғазапты... Ақтамберді жыраудың мына бір сөзіне қараңызшы, «Мінезді болса алғаның - күнде сонар қызбен тең, Жаман болса алғаның - астыңнан өткен сызбен тең». Мұнда мінездің көркемдігіне, яғни рухани құндылыққа баса назар аударылған.,.!» Бұрынғылардан қалған аталы сөздерге қарап, ата-әжелеріміздің де бұл тұрғыдағы ұстанымдарын байқаймыз. Мысалы, «Жақсы әйел басыңа қарайды, жаман әйел жасыңа қарайды»,- дейді. «Жақсы әйел теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас», деп тағы да рухани құндылыққа алдымен көңіл бөлгенБүгіндері қауым ортасында еріне қатынасына сай бажайласақ, әйелдердің үш түрін кезіктіреміз. (Жоғарыда айтылған,ғалымдардың атаған әйелдер тобы қазір де бар.Осы замандық тұрпатынан мына үш түрлісі басымдырақ байқалады).

1.Ерке әйел (ол еркектің қызы секілді ерке болып, күйеуіне әкесі секілді арқа сүйейді, ақылына, тәрбиесіне мұқтаж болады.

2. Дос әйел (еркек онымен сырласады, ақылдасады, қиыншылықтарда демеу күтеді).
3. Анаң секілді әйел (еркекке анасы секілді қамқор болады, ақылын айтады. Еркек оның құшағына кіріп, анасы секілді еркелеуі, мейірімін күтіп тұруы мүмкін)Осыдан хабардар болған әрбір қыз не жігіт өзіне кім керектігін анықтап алуы тиіс. Өйткені, ол – өзін ең жақсы танитын адам. Ер жігіт жоғарыдағы әйелдің қай түрімен тұра алады? Қыздың қандай әйел болуға шамасы жетеді? Осы сұраққа жауап іздеу барысында, өзі қалайтын адамның қасиеттері, сипаттары анықтала бастайды. Содан кейін ниет еткен адамды зерттеу үдерісі шығады. Мұндайда, қызды не жігітті жақсы танитын адамдармен сөйлесіп, жан-жақты сауалдарға жауап алғаны абзал.Өмірлік серігіңді табу оңай емес. Кейбіреуіміз бірден ертегідегідей жарасып кетсек, кейбіреуіміз күдікпен күн өткіземіз. Сондай жағдайдағы басты қателігіміз қыздардың сезімге беріліп, жанымыздағы адамның көзге ұрып тұрған кемшіліктерін ақтап алып, өзімізді алдап, кейін сан соғып қалатынымыз. Әрине, көп нәрсе бұйырмысқа да байланысты. Болашақ өміріңінің барлық түсын алдын-алу да мүмкін емес. Дегенмен, кеш болмай тұрғанда сіздің өміріңізді тең бөлісетін адамды тану жолында аянбауымыз керек. Осы мақсатта келесі жағдайларға назар салайық:

**1.Анасымен қарым-қатынасы.** Ер жігіттің анасына деген қарым-қатынасын бүкіл әйел затына қарым-қатынасының айнасы десек те болады. Анасын қалай сыйлап, құрметтесе, сізді де, сізден туылған қыз баланы да солай құрметтейді деген сөз. Ал егер жігітіңіздің анасымен дөрекі сөйлесіп, оған ренжіп жүргенін, оған лайықты қамқорлық көрсетпейтіндігін байқасаңыз, бұл қауіпті жағдай деп біліңіз. Әрине, алабұрткан сезімге мас болып жүргеніңізде, сізге деген қатынасы бәрібір ерекше, бәрінен жоғары сияқты көрінуі мүмкін. Тіпті, анасына суық қарауы келешекте ене мен келін мәселесінде сіздің сөзіңізді сөйлейтін болады деп қуантуы да ықтимал. Бірақ, қуануға асықпаңыз. Уақыт өтіп, лаулап жанған сезіміңіздің оты басылғаннан кейін тап анасынының жағдайында екінші кезекте сіз тұрасыз. Туған анасын сыйламаған ұлға сізге қол көтеру, сізбен қош айтысу түкке де тұрмайды.

**2.Ұмтылысы мен бағыты.** Жаныңыздағы жігітіңіздің ұмтылысына, бүгінгі аяқ алысына мән беріңіз. Мәселе оның бай немесе кедей екендігінде емес. Бүгінге дейін қандай үлкен-кіші жетістіктерге қол жеткізді? Жас десеңіз, өзінің арман-мақсатына қарай қандай кішігірім амалдар жасалынды? Талпынысы қандай? Оның өмір салты сол мақсатына сай ма? Әлде,

диванда жатып армандау мен бос бөспешілдік пе? Еріншектің ертеңі, жігерсіздің сылтауы бітпейді. Бүгінгі ер жігіт-ертеңгі отбасының асыраушысы. Сондықтан, жарайды уақыт өте түзеліп кетер деп өзіңізді бекер алдамаңыз.

**3.Өмірлік ұстанымы.** Сіз тоқталған жігіттің өмірге көзқарасы, ұстанымы қандай соған үлкен мән беріңіз. Аузынан шығатын қағида, заңдары өзінің ісінен байқалады ма? Әлде бәрі тек сөз жүзінде ғана ма? Бірге жүргенде қоғамдық орында өзін қалай ұстайды, белгілі бір орын алған жағдайлардағы әрекеті қандай? Әйел затына уайымға салыну, эмоцияға берілу заңды нәрсе болса, ал ер жігіт ар-намыстан, іріліктен жаралуы тиіс. Сондықтан, келеңсіз жағдайларда ол сабырлы болып, ұсақ-түйекке мән бермей, сөзге тірелмей, болған нәрседен әдемі, лайықты шыға білсе, қуана беріңіз. Себебі, жігітіңіздің бүгін бөтен адамдармен қарым-қатынасы қандай болса, ертең екеуіңіздің отбасыңыздағы тұрмыстық өміріңіздегі жағдайларға да қатынасы сондай болады.

**4.Қаражатқа қатынасы.** Қазақта «мырза жігіт», «жомарт жігіт», «мәрт жігіт» деген ұқсас ұғымдар бар. Сонымен бірге, заманның ағымына сай бәсеке, жалған намыс, даңқойлықтан туатын ысырапшыл, шашпа жігіттер де бар. Жігітіңіздің ақшаға қарым-қатынасына назар аударыңыз. Жігітіңізде әуел бастан орнымен беріп, орнымен жарататын, ақшаға ұқыптылықпен қарайтын сау қатынас болғаны жөн. Байдың баласы еді, бізде ондай проблема болмайды деп шатаспаңыз. Біріншіден, егер жігітіңіз еңбектің не екенін білмейтін, дайынға ие болған болса, оған әкенің малы мал болмайды. Ол бұрыннан белгілі нәрсе. Ал, тіпті жоқтан шығып байып кеткеннің өзінде қаражатқа лайықты көзқараспен қарай алмаса, бергенді көтере алмай, көргенсіздігін істейтін болады. **5.Өзіне сенімділігі**. Жігітіңіздің өзіне сенімсіз, не керісінше шектен тыс сенімді болмағаны дұрыс. Негізі тым сенімділік сенімсіздіктен шығады. Яғни, өзінің бойындағы кем тұстарын (комплекстерді) жасыру мақсатында өзіне көп алу. Сенімсіз жігіт ертең сіздің дос-жараныңыз, төркініңіз, не өзіңізге қатысты дау-жанжал, қызғаншақтықпен мазаңызды тауысатын болады. Өзіне сенімді жігіт барлық жағдайды өз уысында ұстай алатын болғандықтан жер қозғалмаса анау-мынауға қозғала қоймайтын зіл болады. Сәйкесінше, сізге бейбіт өмір қамтамасыз ете алады. 6.**Сізден биіктігі**. Өмірлік серігіңіздің бар жағынан сізден биік болғаны дұрыс. Өнер, білім, тәжірибе, дүниетаным. Ол үшін арланудың қажеті жоқ. Сізден биік адаммен ғана өсесіз. Түсінігі кең адаммен ғана бақытты боласыз. Өзі өсуді білетін адам, сіздің де жан-жақты рухани, танымдық өскеніңізді, білім алғаныңызды, жұмыс істегеніңізді, қоғамда өзіңіздің орныңыздың болғанына дұрыс қарайтын болады.

Сіздің отбасы, бала-шағадан басқа өзіндік әлеміңіздің болғанын түсініп, оның сақталуына жағдай жасай біледі. Сіздің бұл өмірде әйел атынан басқа адам баласы, тұлға екеніңізді біліп, құрметтеп, өзіңізбен санасатын болады.Осы тектес ортақ ақыл-кеңестің сыртында,қызға немесе ұлға арналған жар таңдауға байланысты жеке адамның **тәжірибесінен бастап, ата-анамыздың уағыз өсиеті,діни хадис ескертпелер тым мол. Қаймана қара қазағым, қалыңдықты былай таңда дейді:«Қатын алсаң қайыс белді торыдан ал,ол болмаса аққұбаның зорынан ал,ол екеуі болмаса қажымайтын қарадан ал.Осы үшеуі болмаса,өзі сары көзі көк, былжыраған сөзі көп,дәл осыған тап боларсың.»Жар таңдау негізінде,батыр,шешен, ақын, сал-серілерге тән болған. Жетім ұлдар мен жоқшылық қолын буған жігіттерге қыз таңдамақ тұр ғой,көп әйел алмақ тұр ғой,бір ғана қалыңдыққа қол жеткізу оңай болмаған. (Кірме,күшік күйеу.)** Жар таңдау тек жігіттерге ғана тән емес,ерке шолжаң немесе көрікті де кербез, байдың қыздары таңдаудың кесірінен отырып та қалатын.Олар көн етіктіге бармайтын, көк етіктілерге өтпейтін.Сондықтан,қазақ,беталды менсінбеушілікті, таңдаудағы өрескелдікті ұнатпай; «Тым таңдаған,тазға жолығады»-деп ескерткен.

Адамтанудағы ең қажетті де,салмақты білім таланттану. «Адамның бойында туа бітетін қандай да бір іске деген қабілет негіздері болады, оны қолдаса - дарындылығы байқалады, әрі қарай дамып, жетілдірсе - талантқа айналады. Дамытпаса, қабілет негізі ( орысша айтқанда - задаток) түрінде қалып қояды. Ал дарын - ол бір нәрсеге ерекше қабілеттілік



(мысалы, ән салуға, математикаға т.б.), ал талант - ол талаптанып дарынын жетілдіру. Адам бұл қасиетін жетілдірмесе, дарын күйінде қалып қояды, оны кәсіпке айналдыра алмайды», - дейді психологтар. Мәселен, әйгілі орыс ақыны Лермонтов бала кезінен-ақ өзінің ерекше дарын иесі екенін сезінген әрі онысын жетілдіре білген. Дарын - қандай да бір істі өте жақсы әрі басқа адамдардан өзгеше (жылдамырақ, жақсырақ, тереңінен түсініп, сезініп) атқара білу қабілеті. Ол адамның бойына туа бітеді. Талант, дарын ұғымдары туралы Википедия мынадай анықтама береді: «Талант (грекше talanton - ауыспалы мағынада: қабілеттер деңгейі) - арнайы қабілеттердің дамуының биік деңгейі. Талант деп қандай да бір іс-әрекеттің, әсіресе табысты шешілуіне жағдай тудыратын аса үздік қабілеттіліктердің ұштасуын атайды. Дарындылық - адамның белгілі бір іске деген айрықша қабілеттілігі, өмірдің қандай да бір саласында өзін ерекше қырынан көрсетуі». Мәселен, баланың саусақтары дәлме-дәл әрі нақты әрекеттерді жасауға бейім болса, болашақта одан тамаша скрипкашы шығуы мүмкін. Ал келесі бір баланың басқалармен салыстырғанда ой-қиялының күштілігі, ауқымдылығы мен тереңдігі сонша, ол жаңа образдарды қиналмай ойлап табады. Егер ол суретші немесе жазушы болса, оның дарыны - бойына туа біткен қабілет негізі кәдеге асады. Талант адамның тек туа біткен, генетикалық себептелген ерекшеліктерінің немесе дарынының нәтижелері ғана емес. Өткен ғасырдың 50-60-шы жылдары ғалымдар А.Мещеряков пен И.Соколянский өздері жүргізген зерттеулер нәтижесінде әрбір қалыпты адамның бойында туа біткен қандай да бір таланттар нышаны болады, ал олардың даму дәрежесі түгелдей дерлік адамның алатын тәрбиесіне байланысты деген тұжырымға келді. Ал 1980-ші жылдар басында американдық психолог, клиникалық психология және нейропсихология саласының маманы Говард Гарднер «Ақыл-ой шегі» (Рамки ума) деген кітабын шығарды. Мұнда ол талант пен интеллектінің тоғыз типін айқындады. Атап айтқанда: - вербалды-лингвистикалық (жазу мен оқуға байланысты қабілеттер, көбіне журналистерге, жазушыларға, заңгерлер мен лингвистерге тән). - сандық (математиктер мен программистерге тән); - есту (музыканттар, лингвистер, тілтанушылар); - кеңістікті сезіне білу қабілеті (дизайнерлер мен суретшілерге тән); - физикалық (спортшылар, бишілер); - тұлғалық (эмоциялық); - тұлғааралық (мұндай талантқа ие адамдар көбіне-көп саясаткер, шешен, саудагер, актер болады); - қоршаған ортаға деген талант (бұл талантқа жануарларды үйретушілер мен жер өңдеумен айналысатындар ие); - кәсіпкерлік (жаңа ұрпақтың заман талабына сай материалдық құндылыққа маңыз беру таланты). Бұл саралау бойынша мәселен, Билл Гейтс кәсіпкерлік және сандық талантқа ие жан десек, Лермонтовтың талантын вербалды-лингвистикалық деп жіктей аламыз. Қандай да бір музыкалық аспапта ойнауды, ән салуды оған ден қойған кез келген адам үйрене алады. Алайда жақсы музыкант қарапайым музыканттан орындау шеберлігімен ерекшеленеді. Ал бұл шеберлік неге байланысты? Ол - адамның қабілеттеріне, яғни аспап пернелерінде ойнай білу, ән салу бейімділігіне байланысты. Біреулер өнердің биік шыңын біртіндеп бағындырса, енді біреулер жетістіктерге басқалардан әлдеқайда жылдамырақ қол жеткізеді. Себебі, оның бойында осы іске деген туа біткен бейімділік бар, оның басқаларға қарағанда бұл іске алғырлығы басым. Демек, басқалар жылдап үйренетін істі ол 1-2 ай ішінде-ақ меңгеріп алады. Яғни, адамның бір істі басқалардан жылдамырақ үйренуі оның қандай да бір іске туа біткен қабілет негізі барын көрсетеді. Бұл жерде маңызды бір нәрсені естен шығармаған жөн - адамның бойына табиғатпен берілген, туа біткен қабілет негізінің болуы - ол тек істің басы ғана. Ол адам сол істі аса шеберлікпен атқаратындай қабілетке айналдырылуы тиіс. «Кез келген дарынды дамыту үшін негізгі психикалық функцияларды (зейін, жады, қиял, логикалық ойлау), сондай-ақ негізгі тұлғалық сипаттамалар - тәртіп, шыдамдылық, ұқыптылық, ынтаны да дамыту керек. Танымдық қабілеттер мен дағдыларды да жетілдіру керек. Атап айтқанда, кең көлемді ақпаратты игеру, бай сөздік қорын қалыптастыру, игергенді жаңамен үйлестіру, қорытынды шығара алу, күрделі мәселелерді шеше алуды, күрделі идеяларды ұғуға үйрету қажет. Сондай-ақ кез келген нәрседен білінер-білінбес айырмашылықтарды ажырата алатын сезімталдықты, ситуацияны талдай алуды, себеп-салдарды көре алуды, болжам құруды,

пайымдай алуды, идеяны іс жүзінде қолдана алуды, сыни ойлауды, білуге құмарлықты, тәуекел ете алуды, ой мен әрекет үйлесімін, жылдам ойлауды, бай қиялды, жоғары эстетикалық құндылықтарды, ішкі түйсігін дамыту керек", - дейді психолог Ж.Қайырова. Қабілеттен кейін келесі кезең - оны талантқа айналдыру кезеңіне аяқ басу қажет. Бұл жерде талантты адам қабілетті адамнан несімен ерекшеленеді деген заңды сауал туады. Таланттың қолынан жаңа дүние туындайды. Ал қабілетті адам бар болғаны белгілі, басқалар атқаратын істі өте жақсы атқарады, алайда жаңа дүние (мысалы, әдеби туынды жазу, сурет салу, күй, саз шығару тәрізді) ойлап таба алмайды. Ал талантты адам қабілетті адам тәрізді қандай да бір тапсырманы тамаша орындап шыға алмаса да, ол виртуозды, суырып салма, яғни жаңа дүниені ойлап табады. Демек, адам өзінің қандай іске бейімі барын қандай да бір істі басқалардан жылдамырақ үйреніп, алғырлық танытуы арқылы біле алады. Егер сол істі тереңінен, сезімталдықпен, басқалардан шебер ұғына, игере білсе, оның сол іске қабілеті бар. Ал бұдан бұрын ешкім жасамаған, ойлап таппаған жаңа дүниені тудыра алса - бұл талант. Ал олардың бұл іске деген туа біткен бейімділігі бар-жоғын қалай білуге болады? Егер олар басқа адамдармен салыстырғанда, бұл істі жылдамырақ, мәселен фотосурет түсіру шеберлігін бір жыл ішінде үйреніп шықса, демек олардың бұл іске бейімі бар. Ал егер бес жылдан соң түсірген суреттері таңдай қақтырарлықтай болса, бұл істі асқан шеберлікпен игеруге қабілеті бар. Енді бұрын ешкім түсірмеген тың тақырыптарда суреттер түсіре бастаса немесе оларды түсірудің тың тәсілдерін ойлап тапса, талантты адам туралы сөз етуге болады. Сонымен, адамның бойына туа біткен бейімділігін қабілетке, ал қабілетін талантқа айналдыру жолы қандай? Оның тек бір-ақ жолы бар: ол -табандылықпен еңбектену, төзімділікпен тер төгу. Әр адам өзінің туа біткен қабілеттерін, қай іске бейімділігін ескеріп барып, сол іспен айналысса, қоғамға да, өзіне де тиер пайдасы мол болары сөзсіз Қазіргі мектеп түлектерінің көкейінде қандай мамандықты таңдасам деген сауал тұрады. Өзінің қабілет-қарымын танып-біліп, жетілдіруге күш салып жүрген жастың бағдары - айқын, мақсаты - биік. Бұл тұрғыда әр баланың бойындағы өзіне тән қабілетіне көңіл бөліп, оның өмірлік кәсібін дұрыс таңдай білуіне көңіл бөлу керек. Балабақшадан бастап, мектеп қабырғасынан түлеп ұшқанға дейінгі уақыт аралығында ата-ана, тәрбиешілер мен мұғалімдер, психолог мамандар баланың тұлға ретінде қалыптасу жолында бойындағы бар қарым-қабілетін ашуға ықпал етуі тиіс. Бұл тұста адамның өзін талантты жан ретінде көпшілікке мойындатуы үшін жылдар бойы тер төгуі қажеттігін де ескеру, ескерту қажет. «Ата-анасы баланың бойынан туа біткен қабілет нышандарын байқай білуі керек. Дарындылықтың бірнеше түрі болады. Мысалы, креативті, айрықша, шығармашылық ойлау қабілеті, жоғары интеллект (болашақ ғалымды 5-6 жасындағы алғырлығынан, зейінділігінен, есте сақтау қабілетінің жоғарылығынан байқауға болады); өнерге, биге бейімділік (оған дарындылық баланың 1,5-2 жасынан байқалады); әлеуметтік дарын (болашақ көшбасшылар). Осы қабілеттерді байқаған соң баланы тиісінше бағыттарда (үйірмелерге беру т.б.) дамытуға болады. Бірақ бұларды аталған жастардан бастап ерте дамытуға асығудың қажеті жоқ. Баланың физиологиялық, психологиялық қалыптасуы оқу іс-әрекетіне дайын болғанда, яғни 6-7 жастан бастаса да, кеш болмайды. Әр азамат өзі таңдаған салада көшбасшы, білікті маман болуға табиғи талантпен қатар зор еңбектің, зейіннің, ынтаның арқасында ғана қол жеткізетіндігі анық. Яғни ұлы Гете айтқандай, "1 пайыз талант пен 99 пайыз төгілген тер" ғана табысқа қол жеткізуге жол ашады. https://www.inform.kz/kaz/article/2836912-тен алынды

Адамтау қазақ ілімінде балатану, ұл-қыз тану әйелзатын тану,еркекзатын тану, қарттану қатарлы өте аумақты,орасан мол білім қоры жиналған.Мәселен,ақын-жазушылар,сал-серілер,би-шешендер адамтануда ерекше еңбек сіңірген, олардың да дарынды, таланттылары болған.Шалақын(Тілеуке Құлекеұлы((1748-1819)сындарлы да ұлағатты пікірлер айтқан. Қазақта «жігіт сыны,қыз сыны»-деген жігіттер мен қыздарды танып білу ережесі,жақсы-жаман қыздар мен жігіттердің ішкі-сыртқы сырын, санасын,мінезін,жүріс-тұрысын,ақыл-ой парасатын бағамдайтын өлшем қалыбы да бар.Ұл және Қыз сынын жырламаған бірде-бір



ақын,жырау жоқ. Адамтанушы Шалақын;«Бір жігіт бар-құр жан,бір жігіт бар-тірі жан,бір жігіт бар-жігіт жан.Құр жан дейтін жігіт кеудесінде жаны бар,ешнәрсені бітірмейді;тірі жан дейтін бар тапқанын киімі мен асқа сатар жақын көрген досын жатқа сатар,қызыл белбеу шоңқима етік,үкі тағып,әркімді бір сықақ қылар;жігіт жан дейтін жігіт-сегіз қырлы бір сырлы болар.»Ал,қыз сынын: «Ерімнің бір тұрманы үзеңгісі,Қыз онбесте келеді түзелгісі, Аяғын көр асын іш деген сөз бар,Шешесін көр қызын ал,сол белгісі.Уа,жігіттер әйел алсаң қарап ал,ақылдысын,Ол сенің ахиреттегі жақын кісің»-деп жар таңдаудың мақсатын ашып берген.«Басына бақ қонатын қазақтың ұлы епті, қызы көрікті болады».

«Жиренше шешен баласын ел-елге қыдыртқанда ұрсып-ұрып жүреді екен.Бұған жұрт таң қалғанда, Жиреншеге бір қыз: «Балаңыз өздігінен бір нәрсе тапқанынша ұра беріңіз»,-дейді. Жиренше шешен бір ғана өз баласын сынап (баулап) қоймай ер,би,шешен бала табатын ақылды қызды да бірге сынайды.Қыздың әлгіндей ашық жауап бергеніне риза болып «сыншы» деп ат береді.Қазақ адамтану ілімінде, адамдардың өресін, білік-тілігін, ақылдылдығын сынаудың көптеген үлгілері мен амал-тәсілдері бар.Қазақ адам-танушыларының ортасында,ақын-жырау,сал-серілер мен абыз-билердің үлес салмағы басымырақ. Қ.Ақан сері қыздар мен жігіттердің талайын көрді, байқады, түсінді,білді.Осы негізде қазақтың нағыз адамтанушысына айналды. Бұл жайында,Ә.Марғұлан:«Ақынның бір жақсысы шығармасында, сол кездегі адамдардың мінезін сол қалпында,болған кейіпте жарқыратып сипаттау. «Замандаста» олардың барлық тобын он алты кейіпке бөледі.» -деп жазған. Ақан серінің жігітті сипаттауы:«Бірінші, адам-ақылы кең,таусылмайтын жанның көркі, оның серігі өнер,өзінің білімімен,шебер қолымен халық бұқарасын бір ғана қуанышқа кенелтетін ой,өнер иесі; Екінші жігіт; ілгері баспайтын байлаулы тұрған сияқты нәрсеге еркі жоқ,меңірeу адам,үшінші жігіт өр кеуде кеудесін жоғары көтеріп,биік таудай зорайып жүреді, төртінші жігіт ауыр мінезді,сезімі жүйрік,бірақ заманына қарай ілгері ұмтылуды білмейді,бесінші жігіт ақылды,өте қу,еш адамға сыр ашып отырмайды.

Ол адам терең ойлы,
Сыр айтып еш адамға бермес бойды
Біреуге жүйрік ақыл бере тастап,
Талайдың қабыл-ғапыл сырын жойды
Түсіріп ақ көңілді қайласына
Ішінен білдірместен бітеу сойды.

Алтыншы жігіт қарқылдаған даң бас,арсызды абыройлы кісі деп,соған бас иеді,жетінші жігіт желдей ескен есер, Көргенін жат адамға сыр қылып айтып, Ішіндегі дертін қозғап бәрін шешер. Баянсыз ұшпа бұлт секілденіп, Дүниеден би опасыз күні кетер. Сегізінші жігіт сегіз қырлы,бір сырлы,ашық сөзді,жарқын көңілді.Ақ иық бүркіттей төңкеріліп,әр ісі мен қылығын танып жүреді.Олар өзіне лайықты сөз табады. Нар кескен қайырылмайтын қылыш болса, Мінез, ақыл ,өнері дұрыс болса. Бір сырлы,сегіз қырлы болса жігіт, Ақылды,сабырлы ер деп соны айтамыз-Тоғызыншы жігіт, қоңыр берік.жел тұрмай қозғалмайды. Оныншы жігіт-қатынжанды.Әйелі не айтса соны істейді, Он бірінші жігіт-өсекші,он екінші жігіт-кербез,сал өзінен басқа адамды танығысы келмейді,дүние малды ойына да алмайды. Ақан серінің осы сияқты фәлсафалық терең оймен айтқан толғау сөздері,өткір сыны,аса білгіштігі,кісіні толған-дырмай қоймайды.» (Ә.Марғұлан).Ақанның адамтанығыштық әлеміне үңілсек,«...терең ойшыл,өте сезгіш, есті,тым шешен болған кісі.Қоскөлге (өмірінің соңында,баласы екеуі ғана келіп тұрақтаған жері) фәлсафалық мұрамен ойға батып келгенде,ол бір ғана әлеуметтік мәселені алдына көтереді, мақсат етеді.Ең алдымен ойлағаны білім, мәдениет,халық бұқарасын қалай ілгері бастыруға болады, соны толғайды.Бұл ретте көп үміт еткені,халық ортасындағы білетін данышпан адамдар, халықтың ой азығы солар.Оны Ақан сері терең түсіндірген.

Ақын көп таусылмайтын жанға көрік
Бастан шыққан сөзіңе тілің серік,
Қалай айтып сөйлесең ерік өзінде

Данышпанның айтқанының бәрі берік .
Атағы өрге шапқан кейбір сабаз
Өзі өлсе де оны сөзі өлмек емес.
Бір мінез әрі дана,әрі шешен
Қолға алса барлық жанды қарық еткен.

Ақан серінің адамтанушылық қабылетін көрсететін «Қыз сипаты», «Жігіт сипаты» деген жеке –жеке өлеңдері де бар. Бірінші бір қыз келер ақшамаңдай, Жамағат үлкен кіші мақтағандай. Анадан туғаннан-ақ болып дана, Әлінше жақсыларды жақтағандай. Құрбысын жауға бермес ол шаһыбаз, Жолдасын сары алтындай сақтағандай. Жүреді теңін тауып ойнап күліп, Сыны жоқ жұмысынан ақсағандай. Екінші бір қыз келер тілі жорға, Ұқсаған жұмақтағы бейне қорға, Ажары ақша беті сағымданып Жарасып құлағындағы алтын сырға. Үшінші бір қыз келер қара шашты, Күлімкөз оймақ ауыз қиғаш қасты Шомылған айдың көлдің аққуындай. Отырар ағажан деп кәрі-жасты. Төртінші бір қыз келер қара торы,Бұлғақтап шекесіне таққан шоғы. Өз ісін өзі білмей жұртқа күлер Білініп жүрсе дағы нәзік жолы. Бесінші бір қыз келер сұрша жайдақОтырар тәуекелге белін байлап, Көңіл жас -кәріні бірдей көріп, Нәпсіні семіртеді майдай шайнап. Алтыншы бір қыз келер толық сары, Бойына тең келмейді жанның бәрі,Лайықты өзіне жар таппаған соң, Кетпейді көкіректен қайғы зары. Жетінші бір қыз келер алым-салым Болғанда мойны қысқа, шашы қалың, Әрқашан осындайға кез келеді, Қашаннан арылмаған соры қалың. Өлеңге жәй ғана көз жүгіртсеңіз, қыздарға, олардың өң түсіне сай жасалған жорамал тәрізді көрінуі мүмкін. Алайда,саусақпен санап отырып,олардың ішкі сарайынан сыр тартқаны,жан дүниесіне терең үңілгені көрініп тұр Жігіт боп гауһар тастай асыл болса, Әлсізге жаны кілең ашыр болса. Әрқашан жігіт сондай тәуір болмас, Не пайда шүберектей жасыл болса. Көзі де,көкірегі де соқыр қараңғының Несі адам түк білмейтін масыл болса, Бір сырлы,сегіз қырлы болса жігіт, Жорғадай тілі майда жүріс болсаАқылды сабырлы ер деп соны айтамыз Еткені берекелі жұмыс болса....Бұл,ақынның «Айтайын жолдастарға бірер кеңестегі»; «Жігіт бар он үш түрлі біз білетін,соларды баяндайын құлақ сал-сан»,-деген ойының жалғасы сияқты.Ә.Марғұлан бабабы-мыздың «он алты жігіт жайын жырлаған»- деуі осыған байланысты болу керек. Ақан серінің әндері-қазақ қыздарының ару бейнесін сомдаған,олардың ішкі жан толғанысы мен күйзелісін,сезімі мен бұлқынысын мөлдіретіп көрсеткен.Бұл түйін –қазақтың барлық сал серілеріне ортақ қасиет. Сондықтан,қазақ қызы,қазақ жігітінің сыр сипаты,бет бейнесі,ішкі әлемі күллі творчествалық еңбектерде айқын бейнеленген. Іздесеңіз олардың жарқын бейнесі қылқаламен де жазылған,фотосурет болып та, сөзбен кестеленіп те бізге жеткен.Осының бәрінен,қазақ ұл,қыздарының қандай болу керектігін армандағаны, мұрат еткендігі туралы толық мағлұмат ала аламыз.Бауыржан атамыздан:-Қыз бойындағы қандай қасиетті жоғары бағалар едіңіз?»- деген сауалға, « Бұл сұрақ бойынша қазақ ауыз әдебиетіне халық поэзиясына жүгінген жөн...»-деуі,жауаптан жалтарып айтқан сылтау емес,ұл мен қызды тәрбиелеу,өмірге дайындаудағы қазақтың ұлттық үрдісі ерте қалыптасқанын көрсеткен ойлы пікір.Сол бір,қисынды үрдіс,асыл мұраны керегімізге жарата алмай келе жатқанымыз өкінішті-ақ. Қыз он беске жеткенде талма мойын,
Он алтыда қыздардың қылса тойын,
Он алтыдан асқан соң болмайды ойын.
Қыз он беске жеткенде кесте алады
Жаман менен жақсыны еске алады.
Жиырмаға жеткен қыз кәрі болар,
Өңі кетіп шырайы сары болар.-деп,бойжеткеннің тұрмысқа шығу жасын,Шалақын (1748-1819) ашық айтып,ол жастағы қыздардың сынын сипаттаған. Шалақын: Екі қатын алғанның дауы үйінде. Жаман қатын алғанның жауы үйінде,Жақсы қатын алғанның тойы үйінде, Жаман қатын алғанның соры үйінде. Салақ әйел ауы да болар тесік, Қолын тығып қасуға оңай десіп, Тағдырда маңдайына жазған болса, Табиғаттың



ісіне амал нешік.-деп әйел сынын да жырлайды.Жалпы,Шалақын адамның жас ерекшелігі мен оның даму кезеңдеріне өте мән беріп,терең түйіндер жасаған жыршы,адамтанушы болған,Әйел туралы деген өлеңінде:-Қарауыл қана дейтін бір қатын болады;Таңертең тұрады, түндікті оңынан ашады,кетіп бара жатқанға көз салып,өтіп бара жатқанды адал алады.Екінші әйел қыналы бармақ дейтін: аз нәрсені көптей қылады,көп нәрсені көлдей қылады, киіміне кір жуытпайды,асына қылшық тұрмайды, дүниесінің бәрі таза болады,ерінің бары жоғы білінбейді.Ер егіз, еңбексіз жалғыз деген, осы талайлы ердің қолына түседі. Үшінші-ашып атар, жатып ішер...бастама етік көрпілдек,сиыр жапасы сырпылдақ-сормаңдай ерге жолығады.»-деп,әйел жұртын ажырата отырып,саралайды.

Қазақтың **карттану** білімі де тым озық деуге болады. Қартаю процесі мен тарихын биологиялық тұрғыдан зерттейтін ғылым саласы – геронтология деп аталады. Геронтология (грекше geron және logos – ілім) – адамның және жануарлар организмінің қартаю заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Кемелдену – көптеген адамдар үшін өмірлерінің ең ұзақ кезеңі болып табылады. Кемел шақ кезеңін адамның жасы және рухының жай-күйі бойынша ежелгі гректер «акмэ» уақыты деп атаған, бұл қандай да бір нәрсенің шырқау шыңын, ең жоғарғы дәрежесін, адам тұлғасының ең жоғарғы гүлдену, «өзіне теңдестірілу» сәтін білдірген. Э.Эриксонның ойынша кемелденудің негізгі проблемасы өнімділік пен инерттілік арасында таңдау болып табылады.Өнімділік түсінігі шығармашылық және өндірістік (кәсіп-тік) өнімділікке ие. Кәсіби өнімділік Э.Эриксон бойынша адам қызығушылығының нәтижесі,идеясы және адамдар туралы» қамқорлық.Кемелденудің маңызды ерекшелігі өзінің және өзгелердің алдында өзінің өмірінің мазмұнына адамгершілікті сезіну.Кәрілік кезеңі. Адам үш түрлі қартаяды. Ерте тәни қартаю-кәрілік белгілерінің мерзімінен бұрын аян болуы.Адамның биологиялық және психологиялық қорғаныс механизмдерінің шамадан тыс тотығуы Қалыпты физиологиялық қартаю-егделіктен кейінгі және жіті кемелінде байқала коймайтын созылып барып анық белгі беретін табиғи құбылыс. Рухани қартаю-тән мұқалуынан бұрын жан жұтап,жүйе жүйке түтіліп,жан көмескіленуі. Қоғамдық ортадан оқшаулануы. Рухани қартаю өте сирек кездесетін құбылыс. Ағылшын психологы В.Генри карт адамдардың бойындағы психикалық энергиясы бойынша үш топқа бөліп қарастыр-ады.Олар:Бірінші топқа өз жұмыс орнында қала отырып қоғам алдында белгілі бір міндеттерді атқаратын, белсенді әрі қуатты болып қала беретін қарттарды жатқызады.Екінші топқа қоғамдық міндеттерді атқармайтын,дегенмен жеке өзінің ісімен (хобби) айналысатын қарттар.Үшінші топқа әлсіз психологиялық қуатқа ие,қолы бос немесе тек өлім ғана ойлайтын қарттарды жатқызады..Социолог А.Качкин қарттардың қызығушылық деңгейлеріне байланысты оларды былайша жіктейді.Отбасылық құндылығы басым тип (отбасы игілігін ойлаушы); - «жалғыздық» типі (өз естеліктері және өзімен-өзі өмір сүруші); - шығармашылық тип (өз уақытын шығармашылықпен ұйымдастырушы); - әлеуметтік тип (зейнетте де қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысушы); - саяси тип (өз өмірін саяси өзгерістермен толықтырушы); - діни тип; - сөнуші тип (өмірін жаңа істермен толықтырмаған, бар күшін икемді пайдалана білмеуші); - аурушаң тип (көп жағдайда ауру емес, тек өздеріне ауру ойлап тауып алушылар).Хронологиялық (календарлық) қартаю-бұл өмір сүрген жылдар саны болып табылады. Физиологиялық (денелік) қартаю – денсаулық жағдайы, ағзаның соматикалық ауытқулар жиынтығы. Оны хронологиялық қартаюмен салыстырғанда классификациялау күрделі болып келеді. Психологиялық қартаю деп адам өзін қарт ретінде ұғына бастаған сәтті айтуға болады. Әлеуметтік қартаю-барлық аталған қартаю түрлерінің белгілеріне негізделген, бірақ ол өткен өмір, басынан өткізген аурулар және эмоциялық сезімдердің қарапайым жиынтығын ғана емес, қартаю түрлерінің синтезі болып табылады. Өткен шақта, қазақтар кәрілікті жетпіс төрт жастан басталады деп санаған. Дән - дәулет,ырыс-береке,мал-мүлкі молайған, тамыры тереңге кетіп, бұтағы төрт құбылаға тең тараған ата қазақ. Үрім бұтағының келешегіне үнемі көңіл бөліп, қайғы уайым ойлайтын,күш қуатына шек келтіре бастаған, қарттық жасы таянған,ақсақал. Қазақ дұрыс қартая білген.Бұл жаста қазақ ақ өңді киімдерді тұтынатын,қол-аяғын,үсті –басын

мұнтазадай таза ұстайтын, бала-шағасы жас баладай мәпелеп, асырап-сақтап, күтіп-бағатын ақуыз балапан жас.Қосағымен қоса қартайған нағыз бақыттылар жасы.. Қарттар-тарих, қазына,ел қазығы.«Есік алды төбе болса,ерттеп қойған атпен тең. Ақылды қартың болса, жазып қойған хатпен тең»,«Ақылды қария-ағып жатқан дария», «Қариясы бар үй-құты бар үй» екені ақиқат. Аталарымыз: «Жас кезімде бейнет бер, қартайғанда дәулет бер» деп тілей. жүріп,қарттық келмей қоймайтын табиғи құбылыс екендігін түсінген.Қазақтың қарттық шағындағы бағым-күтім, қамқорлыққа алу ісі,сыйлап құрметтеу әдет-әдебі орасан асқақ.Оған ешбір ұлт теңесе алмайды. Сондығынан болар қазақ дұрыс та,мәнді қартаяды. Оларда,торығу,мұңға бату, түңілу деген болмайды. Өмірден түңіліп, қалған ғұмырын тәрк ету,үмітін үзу, ішкілікке-нашақорлыққа,ашкөздікке салыну ешуақытта болмаған. Ал,жастығын аңсау,тұрғыластарынан ажырап, жетімсіреу, әрине болған. «Жасым жүзге келсе де,өлгім келмейді,қара жердің қойнына кіргім келмейді десіп», ұрпақтары үшін барлық игілікті жасап,кәдімгі адам болып, Жаратушының берген жасын жасап өмірден озуды тілейтіні рас.Бір де Сырым бала сол өңірге батырлық, билік атағы жайылған Малайсарыға сәлем бере барады.-Уа, қай баласың? -Даттың баласымын.-Қой жая алмайтын жаманнан қолақ-пандай ұл туды деп еді, сірә, сол боларсың?-Болсақ болармыз. Бірақ бір құлақ отыннан бір оқтаулық мүсін шығады деуші еді. Әкем жаман болса, сондай-ақ болар. Өзіңді қазыналы қарт екен десем, қазымыр қарт па едің?- Бала, әкең нашар болғанмен шешең пысық еді. Күндіз келген жырма адамды, түнде келген жиырма адамды ренжітпей атқарушы еді,шешеңе тартқан боларсың.-Шешем пысық болса, оның несін айып көрдіңіз? Әкем би болмаса да, би түсетін үй болыпты. Шешем күндіз келген жиырма кісіні, түнде келген жиырма кісіні ренжітпей аттандырса-қырық адам екен, қырықтың бірі қыдыр деген, онда қыдыр дарыған болар.Шал үш түрлі деуші еді: қазымыр шал, қадырсыз шал, қыдырымпаз шал . Өзіңіз соның қайсысыз? -Балам, сынайын деп айтқан бір-екі ауыз сөзімді көңіліңе алма? Жаманнан жақсы туады-адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады-бір елтіріге алғысыз. Сен де маған шалдың үш түрін айтып қарсы сын қойдың ғой. Кісінің қадірін өзінен сұрамас болар . Қадірсіз десең -халқымнан сұра, қыдырымпаз десең-көршімнен сұра , қазымыр десең-кемпірім өліп, келінге қараған жетім шалмын, келінімнен сұра . Енді келген жұмысыңды айт? Сырымның көңілі жадырап сонда былай депті:- Ауылыңның алдында төбе болса, ерттеулі тұрған атпен тең, аулыңда ақылды қарт болса, жазылып қалған хатпен тең деуші еді. Сәлем беріп, бата алғалы келдім.-Жарайды, балам!

Бауыржан Момышұлы жасы үлкен қарттарды шал, қария, ақсақал, абыз деп төртке бөлген. Отбасы, ошақ қасынан ұзап шыға алмай, түтін аңдып, үй аралап, саяси өсек айтатын қарт – шал. Өз әулетін шашау шығармай уысында ұстап, билік жүргізген қартты қария деп, тұтас бір ауылдың жоқ-жітігін түгендеп, жыртығын бүтіндеп, азаматын атқа мінгізіп, айдынын асырып отыратын қартты ақсақал деп, бүкіл елдің сөзін сөйлеп, намысын жыртып, дау-дамайын шешіп, арғы-бергі тарихтан әңгіме қозғап, тұла бойына ұлттық рух, ізгі қасиеттерді молынан сіңірген қартты абыз деп атаған. Көпен Әмірбек. (Егеулі найзаның жазбасынан) Менің «академик аталарымның» тұжырымын, шет жұрттық ғалымдарының түйіндерімен салыстырып көріңіз.Қайсысы қазаққа жуық екенін аңғаратын боласыз.

©Данышпан Қ.Абай он бесінші қара сөзінде: «Егер есті кісі қатарында болғың келсе,өткенге ой жібер, «күніне бір мәртебе,болмаса жұмасында бір,ең болмаса айында бір,өзіңнен өзің есеп ал», «Өмірді қалай өткіздің екен», не білімге,не ахиретке,не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппін деп ой жүгіртіп отыр»- деп кеңес береді. Ясауи бабабмыздың ғұмырлық есебінен үзінді келтіре отырып,бұл күнде адамтанудың басы бірауыз болса да «есеп тыңдау» басталатынын есіңізге алғайсыз.Өзіне-өзі немесе басқаға есеп беретін кіші де,ересектер де осы заманда,шүкірлік қой,көбейіп келеді.



©©©© Кісі кемелденуде адамның жас ерекшелігі маңызды. Сана-сезімнің, дене күш-қуаттарының дамуы адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты.Ұрпақтың өсіп-жетілуінің бір сатысынан екіншісіне көшуі кездейсоқ емес. Әр жастағы кезеңге тән психологиялық ерекшеліктердің ұштасуын қазақтың сұңғыла ата-әжелері,ойшыл ғұламалары, тым ертеден байқаған...

Жас дегеніміз адам ғұмырының белгілі бір кезеңін белгілейтін өлшем.Жас адамның физиоло-гиялық,морфологиялық және психологиялық дамуының көрсеткіші болып табылады.Кәзіргі кезде адамның жас ерекшеліктерін психология ғылымының жас ерекшеліктер психологиясының салалары:балалық, жас-өспірімдік,жастық,егделік,кәрілік деп аталатын бөлімдері егжей-тегжейлі қарастырады. Тіптен тұқымның жатырдағы дамуын зерттейтің ғылым да бар.Ол,осы шақта өте биік дамуға қол жеткізіп отыр. Сонда айтпағымыз не? Адамтану қазақ ілімінде осы ғылымдардың алғашқы мағлұматы қарапайым түсініктер толығымен кезігеді.Соның бір дәлелі ретінде А.Ясауи бабамыздың кемел кісі жетілдіріп өңдеу қазақ амалының нақты үлгісі боларлық көсем сөзінен үзінді беруді жөн көрдік..

Бір жасымда аруақ маған үлес берді,
Екі жаста пайғамбарлар келіп көрді
Үш жасымда шілтен келіп, халім білді,
Төрт жасымда хақ Мұстафа берді құрма,
Жол көрсеттім, адасқанды салдым жолға.
Қайда барсам, Қызыр бабам бірге, жолда,
Бес жасымда шариғатқа белім будым,
Дін жолында ораза ұстап әдет қылдым.
Күндіз-түні зікір айтып, тәубә қылдым,
Жеті жаста Арыстан Бабам іздеп тапты,
Әр сырымды көрген сайын бүркеп жапты.
"Бихамдиллаһи көрдім", - деп, ізімді өпті.
Сегізімде сегіз жақтан жол ашылды
"Хикмет айт", - деп басыма нұр шашылды
Он жасында ұлан болдың, Құл Қожа Ахмет,
Қожалыққа негіз қойып, қылмай тағат.
Он бірімде рахмет дариясы толып тасты,
"Алла!", - дедім: шайтан менен жырақ қашты.
Әуестік кетіп, менмендік жылжып көшті,
Он үшімде құштарлықты қолға алдым,
Басыма жүз мың пәле қармап салдым.
Тәкәббарды жерге ұрып басып алдым,
Он төртімде топырақ сипат болдым, міне
Он бесімде хор қызы мен жігіттері келді,
Бас ұрып, қол қусырып, тағзым қылды.
Он алтымда барлық аруақ үлем берді,
Айхай, сізге мүбәрак деп Адам келді.
Перзентім деп мойным құшып, көңілім тапты,
Он жетімде Түркістанда тұрдым, міне.
Жиырмаға жасым жетті, еттім мақам,
Құдайға шүкір, қызметін қылдым тамам.
Ұшқан құс, құрт-құмырсқа етті сәлем,
Сол себептен хаққа жақын болдым, міне

## 2.1§. Қорқыт Ата ұстанымы



Қорқыт Ата- **ежелгі түркілердің** ҮШ ғасырда Сыр бойында өмір сүрген **көрнекті ағартушысы,ойшылы, әрі ақын жинаушы, елінің ұлағатты ұстазы** Қорқыт Ата дана- **ақылшы ретінде оның тағылымдық көзқарастары ең алдымен даналық тұжырымдар арқылы берілетін өсиетнамалардан, ғибратнамалардан** тұрады. Ұлттық мәдениеттің алтын арқауы болып табылатын әдеби мұралар мен күйлерді қалдырған Қорқыт Атаның 12 жырдан тұратын поэзиялық кітабының қолжазба көшірмелерінен Қорқыт өмір сүрген дәуірдегі ұлттық мәдениеттің көрініс терін,тәрбие дәстүрлерін байқаймыз.Әсіресе,Атаның адамтанудағы ұстанымдары, бағыт- бағдары,қарапайым ережелері,нақылдарында,жырларында,бата-тілектерінде пайымдаулар-ында тым айқын көрсетілген. **Әрбір жырсоңындағы қорытынды сөздерінің ақыл-кеңес пен батасы,тәлімдік-тәрбиелік ой толғаныстарын байқатады.** Ш.Уәлиханов:«Қорқыт-қазақтың тұңғыш бақсысы, шаманист, бақсы-моңғол сөзі, ол ойшыл, ақын, емші болған. Қобыз өнері, бақсылар сарыны,содан қалған»- дейді Қорқыт өмір сүрген кез-ол бақсының жын-перімен тікелей араласатын сәті, қобызбен күй тартып, бақсылық шырғаланға түсетін кезі десе болады.Халықтық орындаушылар бұл аспапты пайдалана отырып, оның негізінде өзінің жеке ойларын, толғаныстарын,басынан кешкен қайғы-мұңын, сезімдерін, қуанышы мен қасіретін жеткізе білді.Белгілі болған ғылыми деректерге сүйенер болсақ, **Қорқыт сегіз қырлы бір сырлы, қасиетті тұлға, бақсы, көріпкел, әулие, асқан күйші, емші, жырау, тайпа кеңесшісі, қиындықтарға қарсы тұра білген адам.** Бақсылық кез-келген адамға қона бермейтін қасиет. Ол жоғарыдағы «иелер» немесе перілердің таңдаған адамы болады деген ұғым бар.Әлемдік діндерге дейін Евразияға тараған түркі халықтарының ортақ діні Тәңірлік дін болды.Ол көшпелілер қоғамының өмір салтына айналған Тәңірлік дінінің аса көрнекті өкілі болатын. Ш. Уәлихановтың сөзімен айтқанда:-«Қорқыт алғаш қобыз тартып, сарын айтуды үйреткен ең бірінші бақсы» *Қорқыт алдағы күнді болжаған көріпкел және шебер күйші болған. Ол қобызды тек бақсы-балгер мен кезбе дуаналардың қолында жүретін жай құрал есебінде емес, нағыз халықтық музыка аспабы ретінде таныта білді.*В.М.Жирмунскийдің айтуы нша,Қорқыт Ата жыраулар мен жыршыларға тән көне халық поэзиясы ның ерекшеліктерін бойына сіңірген әнші-жырау әрі **болжағыш ақылгөй** болған. Оғыз-қыпшақ қоғамының ішкі-сыртқы істерінің білгірі Қорқыт өз заманында төрт-бес хандықты басынан өткізіп солардың бәрінде де бас уәзірлік қызмет атқарып отырған. Қорқыт ата (VII-VIIIғ)*“өлмейтін өмір кілті өнер де” деп өнерді халық мәдениетінің қасиетті белгісі деп таныған болатын.* Сөйтіп әулие бабамыз “Арыстан-баб, “Ұстаз”, “Аққу”,“Ұшардың ұшуы”,“Кілем жайған” , “Әуіпбай”, “Башпай”, “Желмая”, “Елім-ай”, “Тарғыл тана” “Қорқыт атакүйлерін”қалдырды. Ол қолына қасиетті аспабын алып Тәңірдің ерекше жаратылысы болып табылатын **дін, өнер, философия, музыкалық дәстүрін, ұрпақтарына үлгі етіп** қоғамының салт-дәстүрін жалғас-тырған,қобыздың қасиетті әуені мен ауыру мен дертті емдейтін бақсылардың дем беруші піріне айналған. Әлемдік діндерге дейін Евразияға тараған түркі халықтарының ортақ діні-Тәңірлік дін болды.Ол-көшпелілер өмір салтына айналдырған Тәңірлік діннің аса көрнекті өкілі болатын. Ш. Уәлихановтың сөзімен айтқанда:–«Қорқыт алғаш қобыз тартып, сарын айтуды үйреткен ең бірінші бақсы» Яғни Тәңірлік діннің ең басты идеологыТүрік халықтарының өткен–кеткен тарихында Қорқыттың мәні өзгеше орын алады. *«Ол өң ақырында дүниеде өзгермейтін ешнәрсе жоқ, сынбас темір жоқ, өтпес өмір жоқ деп, мәңгілік өмірді халықтың өн-күйінен іздейді* »-деп пайымдайды академик А.Жұбанов.Ол музыка күшімен қасиетті қобыз үнімен өлімге қарсы тұрған абыздың тірлігі арқылы кер-ініс табады.**Дүниетанымдық,тәлім-тәрбиелік мәні зор ұлттықпедагогикамыздың бастауы болып табылатын Қорқыт атаның жырлары мен өсиет сөздері, күйлері мен аңыз әңгімелері жалпы адамзаттық тәрбие ұлағаттарына үлкен үлес болып қосылады.**



Қорқыт Атаның адамтану әсіресе балатану амалдары оның мақал-нақылдарында айқын тұжырымдалған.Айталық: «Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді.“Батыр туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі»«Қыз анадан көрмейінше, өнеге алмас.Ұл атадан көрмейінше, сапар шекпес Ұл-атаның ері, екі көзінің бірі.» «Дәулетті ,ошағыңның қоры болар. Дәулетсіз ұл болса, атаның көрі болар.Мықты, жүйрік бедеуге қорқақ жігіт міне алмас, ол мінгенше,мінбесе игіАтаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып, тумағаны жақсы.Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала өз басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды”, “Ананың көңілі балада болар”, “Ақылсыз баладан ата дәулетінен қайран жоқ”. Қорқыт Ата өзінің ел-жұртына тағы мынадай өсиет айтқан:“Өтірік сөз өрге баспайды, өтірікші болғаннан, жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық”.“Ұлдың күні қараң,ата өліп мал қалмаса”,“Ата малынан не пайда, баста дәулет болмаса”Қара есек басына жүген кигізсең де, тұлпар болмас. Күңге , ханым болмас.Жапалақ-жапалақ қар жауса, жазға қалмас.Ескі қамыс біз болмас, ежелгі дұшпан дос болмас.Мінген атың қиналмайынша, жол алынбас.Ер малын қимайынша,аты шықпас Қонақ келмеген үйдің құлағаны артық. Ат жемейтін ащы шөп біткенше, бітпегені игі.Адам ішпес ащы су жылға қуып аққанша, ақпағаны игі. Баба атын шығармаған жігерсіз ұл баба белін бүгілткенше, бүгілтпегені игі. Баба атын шығаратын дәулетті ұл болғаны игі.Жалған сөз бұл дүниеде болғанша болмағаны игі.Жердің соны шөбін киік білер.Жайылым жердің көкорай шалғынын құлан білер. Айырым-айырым жол сүрлеуін түйе білер.Жеті бұлақтың хош иісін түлкі білер.Түнде керуен көшкенін қараторғай білер.Ердің батқанын ат білер.Ауыр жүктің салмағын тұлпар білер. Қапелімде бастың ауырғанын ми білер. Елден-елге,бектен-бекке жырау кезер Тізесін бүгіп отырған инабатты әйел көрікті.Самай шашы ағарған баба көрікті.Ақ сүтіне тойғыза-тойғыза емізген ана көрікті. Үлкен шаңырақ үйдің қасына тігілген келіннің отау үйі көрікті. Өнегелі бала көрікті.Бұл ниеттер бата-тілектерінде тереңдей түседі. «Ертеде қазақта Қорқыт деген аузы дуалы бір қарт өтіпті, сол кісімен замандас Бөрі деген әрі бай, әрі би өткен екен. Сол би бала көрмей жүріп, бір жылы ұлды болады. Бұған жарыла қуанған Бөрі би ырым ғып баласының атын Қорқыт атаға қойғызады, сондағы Қорқыт атаның батасы мынау екен: Сөзімді тыңда Бөрі бай, Тәңірі саған ұл берді. Жастайынан бақ қонып, Ұзын болсын өмірі, Баса берсін ілгері, Қолынан туы түспесін! Талықпасын білегі! Ел қорғайтын ер болсын, Мұсылманның тірегі. Аспақ болып барса қарлы тау, Бөгемей асу берсін! Өтпек болса қанды өзен, Бөгемей кешу берсін! Ұран сап жауға шапқанда, Жолын тәңірі оңдасын! Жаратқан ием Бамысқа Жар болып өзі қолдасын! Батырдың қайрат күшіне Еш көлденең болмасын! Баланың аты Байшұбар-Аты Бамыс Байрақ болсын, Атын мен қойдым, Жасын Алла берсін!» Бамыс Байрақ арыстандай азамат болып, жауын жеңіп оралғанда Қорқыт Ата тағы да былай бата берген екен: «Қара тауың құламасын, Бәйтерегің жығылмасын. Ақсақалды бабаңның Топырағы торқа болсын. Ақжаулықты анаңның жатқан жері жәннат болсын. Ұлың менен бауырыңнан Құдай айырмасын, Ақырғы күніңе иманың жолдас болсын. Әумин дегендер Тәңірдің жүзін көрсін. Аты ардақты Мұхаммедтің құрметі үшін, Күнәларыңды Құдай кешірсін! Қара тауға жолықсаң асу берсін. Қанды суғажолықсаң кешу берсін. Ерлік істеп бауырыңның кегін алдың, Құдіретті Оғыз бектерін ауыр жүктен құтқардың, Жаратқан Алла жүзіңді ақ қылсын. Өлім уақыты келгенде иманнан айырмасын, Күнәмізді Аты ардақты Мұхаммед Мұстафаның құрметіне Құдай кешірсін! Елші ердің төрт құбыласы тең болсын! Елде-кісі, сыртта бүтін ел болсын! Наны-тұзы, ішер асқа бай болсын, Киім-кешек, бес қаруы сай болсын. Әскер басы талай істі меңгерсін, Жауға шапса, сол білгені дем берсін. Бек білімді ақылды, адал болсын, ақ болсын, Парасаты, ақылы ізгілерге жақ болсын! Бек бесеуден бойын аулақ қылсын, Білсін сонда, басынан құс ұшпасын. Жақсылардың ісін Құдай оңдасын, Құт дарытып, ырыздық беріп қолдасын. Біліп сөйле, сөзіңде сөл, өң болсын, Сөзің түпсіз қараңғыға көз болсын! Тауып сөйле сөзің оңды, жөн болсын, Сөзің, басыр адамдарға көз болсын! Ел сайлады – қылық, ісің сай болсын! Көңіл, діл, іс, сөз шындығы-сый болсын.

Содан халқы білсін бектің бағасын, Бегі игі боп, атақ даңқы тарасын. Тірлігінде ізгілік көп болсын, Еншісін ал, құр өткен күн жоқ болсын! Көп сөйлеме, сөзің су боп кетпесін, Жұрт зерігіп, сөзден жапа шекпесін! Босқа қарап әр нәрсеге телміріп, Құр қалып, ғаріп боп өмір өтіп кетпесін! (Болат Бопайұлы Жота Қажы)/*Мұндағы Тәңірлік ұғымдардың мұсылмандық түсінікпен араласып тұрғаны дәуірдің қосқан, үлесі. Одан болып,Қорқыт Ата батасының құны түспегендіктен,жаңа вариантын жинаған иесінің атында берілді*/Қорқыт ата ұлттық тәрбиенің мәнді болуы отбасынан басталатынын, ал отбасының құты әйел адам екенін айта келіп, отбасының мәдениетін ұстанатын әйелдерді төрт түрге бөледі: 1. Әйелдің бірі үйдің тіреуі "Ол алыс қырдан, жапан түзден" үйге бір жолаушы келсе, ері болмаса да, ішкізіп жегізіп, сыйлы жандарын үйден шығарып салар. 2.Әйелдің бірі кепкен ағаш секілді. "Таңертең жатқан жерінен тұрып, беті қолын жумастан тоғыз тоқашты бірден аузына салып,толтыра тыққыштап,тойғанынша асап жейді".Бір көнек айранды ішіп,жалап-жұқтап,екі бүйірін таянып алып,әлгі әйел былай дейді:"Қараң қалғыр осы үйдің қожасына келгеннен бері қарным бір тоймады,аяғымнан жыртық шәркей түспеді, жүзіме рең кірмеді.Ерім өлсе,басқаға тисем қандай жақсы болар еді" 3..Әйелдің бірі үрген қарын секілді. Ол "жұлқылап оятқанша орнынан тұрмайды, беті қолын жумайды".Үйінің ол жағынан бұл жағына бір, бұл жағынан ол жағына бір шығып бұрқыратып жатады. Өсек айтып есік тесіктен сығалай тыңдап, түске дейін ауыл қыдырады. Түстен кейін үйіне оралады. Келсе, үйге ит кіргенін, тайынша-бұзау жүргенін көреді.Тауық пен сиыр қораның да ұйқы тұйқысы шыққан. Сонда да көршілеріне келіп былайша айқайлайды: -"Ау, Зылиха, Зүбайда, Ұрубейде, Чанқыз, Чанпаша, Айна, Мелек, Құтты Мелек, қайдасыңдар? Мен-ақ өлейін, көзімді құртайын да кетейін. Төсек орнымның да быт-шыты шығып жатыр…Көрші хақы, Тәңір хақына менің үйімді қарай салсаңдар нелерің кетер еді?! – деп көпіреді. 4.Қанша айтсаң да бөз баяғысындай мелшиген қырсық әйел. "Алыс қырдан, жапан түзден" бір сыйлы қонақ келсе, қожасы үйде болса, былай дейді:Бұл қараң қалғыр үйде ұн жоқ, елек жоқ, түйе диірменнен келмеді. Не әкелсе де, берерім жоқ, — деп, теріс айналып қожасына қос саусағын көрсетеді", деп кейбір әйелдердің мәдениетсіздігін қатты сынайды. "Тәкаппарлықты Тәңірі сүймейді", "Көңілі пасық елде дәулет болмас"т.б. мақалдары арқылы Қорқыт ата жеке тұлғаның мәдениеттілігі оның мінезінен көрінетіндігін дәлелдейді.Қорқыт Атаның әйелзатына берген бағасы, оларға жасаған сыни пікірлері қазақ арасында күні бүгінге дейін ұстаным, мықты қағида болып келеді.Өткен дәуірдің аналары мен әжелері осы қағиданы басшылық етіп,тамаша үлгі көрсеткені туралы әңгімелер көп кезігеді.Жалпы,қазақ халқы«Ер жерді сақтайды ,қыз ұлтты сақтайды» олай болса,.«Руыңды сақтаймын десең -ұл өсір,ұлтыңды сақтаймын десең-қызыңды тәрбиеле»-деген. Д.С.Шорманов:«Дінін күткен шын молда пірден артық,ерін күткен жақсы әйел,елден артық. Мысырда патша болып тұрсаңдағы,болмайды туып-өскен жерден артық» Бірде ел қамымен жүрген жақсы-жайсаңдар жолаушылап келе жатып Сағыз бойында отырған Дербіс батырдың үйіне тап болыпты. Дербіс батырдың өзі үйде жоқ екен, сыйлы қонақтарға жақын жерден алдыра қоятын малдың реті болмай, әйелі Зылиха сол жерде күйеуі Дербіс батырдың жауға мінетін екі атының бірін сойып, қонақтарды құрметтеп аттандырыпты.Әлімнің жақсы-жайсаңы былай шыққан соң «Апыр-ай,Дербістің құты үйіндегі Қаракемпірі екен ғой!» деп таң-тамаша болысыпты. Содан, Дербіс батыр үйіне келеді. Бәйбішесі Зылиха күйеуінің қабағын бағып:«Әлімнің алты жақсысы келіп еді,ақтабан атыңды сойып құрмет көрсеттім» дейді ақырын ғана.Сонда Дербіс батыр қуанып:«Әлімнің алты жақсысына құрмет көрсеттім дегенше, мені алпыс жауымнан құтқардым десейші!»-деген екен.«Жақсы әйел-жігіттің кесек тен соққан кентіндей, сары майға былғаған алуа, шекер, жентіндей»-деп,Майлықожа ақын жырлағандай, еріне қысылғанда сүйеу болып, ақылына ақыл қосқан, жарының мерейін өсіріп,мәртебесін асқақтатқан аналардың өнегесі Қорқыт Ата жырларында бірізге түсіріліп,жүйеленіп жырланған. 1.Кейіпкерлер батыл, тез ашуланып, ашуы тез тарайтын, аттың құлағында ойнайтын, қылышты жақсы қолданатын болған. Кішкентай кездерінен бастап шайқастарда қан төгіп, үлкен жетістіктерге жеткен. Осы жетістіктеріне орай оларға



Қорқыт ата тарапынан есім берілген. Әрі батыр әрі батыл кейіпкерлер тек қана ер жігіттер емес, қыздар да болған. Мысалы: Байрақ әкесіне үйленетін қыздың ерекшеліктерін былай деп суреттеген:«Мен орнымнан тұрғанша орнынан тұруы, атыма мінгенше атына мінуі, дұшпанға барғанымша дұшпанымды алдыма алып келуі тиіс» Байрақ Бәну Шешектің әйел екеніне қарамастан, онымен бірге атқа мініп, садақ атысып, күреседіСейілжан сұлу болса, Қан Төрәліні гәуірлердің қолынан құтқарады. Дирсехан мен Бекіл әйелдерінің берген ақылдарын тыңдап отырған. Бұл эпостағы әйелдер бейнесі сенімді, өз ері мен еліне берілгендігімен қатар өз ары мен жақындарын қорғауда батыл, жар таңдауда ақылды болып суреттеледі. 2.Жырларда оғыз бектері жиі-жиі гәуірлердің тұтқыны болады Бірнеше жылдан кейін тұтқынды құтқаруға бір жақыны келеді.Мысалы: Қазанды баласы Ораздың құтқаруы, Секрек он алты жылдан кейін Алынджа қамалынан бауыры Екректі, Иекенек Дизмерд қамалында тұтқынға түскен әкесі Қазылық оғызды құтқарды. Тұтқынға түскен жақындары туралы жағдай құтқарушысына бұрыннан айтылмайды. Он бес, он алты жасқа келгенде өздеріне дұшпандары тарапынан айтылады. 3.Жырдағы кейіпкерлер барынша жақсы немесе керісінше нашар болып суреттелген.Әр тайпаның бектері жақсы, гәуірлер тобы болса керісінше.Гәуірлер туралы айтыла бастаса жыр «жарымай қалғыр» деген қарғыспен басталады.Бірақ гәуір қыздары сұлу болып суреттелген.Оғыз мырзаларының олармен үйленуі табиғи құбылыс ретінде көрсетілген. 4.Қорқыт ата жырларының барлығы бірдей өрбіп, бірдей бітеді. Жырларда қан төгіледі, бас жарылады, соғыстар болады. Жырдың се гізінде гәуірлермен оғыздардың арасындағы соғыс, екеуі(Бұқашжан, Бәмсі) оғыздардың ішінара, екеуінде(ержүрек Думрул, Басат) соғыс жоқ, бірақ қиын қақтығыстар бар. 5.Әйелге деген құрмет барлық жырларда кездеседі. Кей жерлерде әйелдер алдыңғы орында көрсетіліп тіпті матриархаттық дәуірді елестетеді.Жырдың алғы сөзінде Қорқыт атаның айтқан:«Ұлдың кімнен туғанын ана білер» деген сөзінен әйелге деген құрметті көруге болады.6.Жырларда ананың балаға, баланың анаға деген сүйіспеншілігін жиі көреміз. Қазан Салор гәуір қолындағы тұтқындар арасынан тек қана анасының босатылуын сұрап, әйелімен баласынан бас тартады. Гәуірлер болса Қазанның анасын Жайханның баласына беріп, одан ұл туса сенің аманатың етеміз дейді. Гәуірдің өш алу үшін анасын қолданғаны, бұған қойшының көрсеткен наразылығы, баласының анасына деген сүйіспеншілігі мен құрметін ең салиқалы түрде көрсетіп отыр. Дирсеханның әйелі баласының алғашқы аңшылығы үшін дайындық жасайды, баласының кері қайтпағанына шарасыз қалып, іздеу салып жолға шығады. Ана баласы үшін қандай қиындық болса да дайын еді. Осы сияқты Бөрлі сұлу да баласы аңнан кері оралмағандықтан баласы мен күйеуін іздеп ауыр жолға шығады.Иекенктің анасы болса әкесінің тұтқынға түскенін баласынан жасырып, оның амандығын ойлайды. Дәл осындай жағдай Секректің бауыры Екректің тұтқын болғанында да айтылады. Екі баласының біреуін Төбекөзге жем қылған бір ананың жалғыз баласын аман сақтап қалу үшін Басаттың алдына барып жалынуы- ананың балаға деген сүйіспеншілігін көрсетеді . Пері қызы да сырттан келетін қауіп қатерден қорғану үшін ұлы Төбекөзге сақина берген болатын. 7.Жырларға ортақ сюжеттік сарын,ұлағаттық өнеге ретінде әйелдердің күйеулеріне деген құрметін айтуға болады. Бегіл мен Дирсе ханның әйелдерінің күйеулеріне қолқанат болғандығын, ержүрек Думрулдың әйелі өз жанын күйеуі үшін пида етуі, Селжан сұлудың ұйықтап жатқан Қан Тұралыны жаулардың шабуылынан қорғап күзетуі,Бөрлі сұлудың Қазанға көрсеткен көмегінен күйеулеріне деген құрметті көреміз. 8:Жырда көп кезедесін ортық мотивтердің бірі -қайталанатын жерлердің бірі аңға шығу. Дирсе хан, Бейрек, Ораз, Емреңің тайпасы барлығы да аңшылықпен айналысады. Бектер мен оғыздың үлкендері жиі аңға шығады. Аналары болса алғаш рет аңға шығатын балаларын жолға дайындайды.Қазақтың «Тырнақалды» ғұрпы елес береді. Аңнан қайтпай қалу мен онда кездескен қиындықтар бір-біріне ұқсас болып келеді. Аңға шыққаған бектердің әңгімелерінде болса оғыз жігіттерінің жиналып ішіп- жеп көңіл көтергендері туралы айтылады.

9.Жырдағы кейіпкерлердің бір-бірінен айырылу сарындары да ұқсас болып келеді.Мысалы: елден, анадан, атадан, сүйіктісінен,тайпасынан, бауырынан айрылу.Бірақ Байбөрі баласы

Бәмсі-Байрақ туралы жырдан басқа жырдың соңы қуанышпен, тоймен, үйленумен бітеді. Жырлар қуанышты жағдайлармен, Қорқыт атаның сөздерімен аяқталады. Бірі ұзын бірі қысқа жыр болса да, арасында өзгеше оқиғалар болып тұрса да барлығына ортақ ерекшелік - Қорқыт атаның келіп жыр жырлап, күй шертуі, бата беруі. 10. Жырдағы ортақ ерекшелік, кейіпкерлердің әрі әйел, әрі еркек, әрі ана, әрі ата, әрі сүйікті жар ретінде бір бірлеріне ұқсауы, әр жырда осылардың қайталанып келуінен болады. Бір жырды оқып бітіріп, екінші бір жырды оқи бастаған оқушы өзіне таныс ортаны көргендей болады. Қорқыт-түркілердің оғыз ұлысынан шыққан асқан сәуегей, бақсы, күйшілік, жыраулық өнердің атасы. Қобыз аспабын алғаш жасап, тартқан адам дейді. Жиырма жасқа жеткенде түс көріп, түсіндегі ақ киімді кісі: «Қырықтан артық өмір сүрмейсің», -деген соң, нағашылары сыйлаған желмаяға мініп алып, өлмейтін жер іздейді. Қайда барса да, алдынан жер қазып жатқан адамдар шығады. «Бұл не?-деп сұраса, олар: «Бұл – Қорқыттың көрі,-деп жауап береді. Жан сақтауға жер қалмаған соң, Сыр суының үстіне кілемін төсеп, аңыратып қобыз тартады.Оның жанын алуға келген ажал күйдің әсерінен неге келгенін ұмытып,тұрып қалады.Қорқыт қалғып кеткен кезде ғана қайрақ жылан болып келіп шағады. *Короқыт алдағы күнді болжаған көріпкел және шебер күйші болған. Ол қобызды тек бақсы-балгер мен кезбе дуаналардың қолында жүретін жай құрал есебінде емес, нағыз халықтық музыка аспабы ретінде таныта білді Қорқыт жасынан өте ұғыммал, болып өседі. Ол аспаптардың бәрінде керемет ойнайды. Адам мен жануарлардың үнін, табиғаттағы құбылыстар мен дыбыстарды жеткізетін жаңа бір аспап жасағысы келеді. Қарағай ағашын кесіп әкеліп, одан бір нәрсенің жобасын жасайды. Бірақ әрі қарай не істерін білмей қиналады. Күндер осылай өте береді. Бір күні шаршап отырып, көзі іліпіп кетіп, түс көреді Түсіне періште енеді. Ол балаға: «Қорқыт, жасап жатқан қобызың 6 жасар нар атанның жілігіндей екен, енді оған нар түйенің терісінен жасалған шанақ, ортекенің мүйізінен ойылған тиек, бесті айғырдың құйрығынан тартылған қыл ішек жетпей тұр. Осылар болса, аспабың сайрағалы тұр екен» деп кеңес береді. Қорқыт ұйқысынан ояна сала,осы айтылғандардың бәрін жасап қобызды қолына алған кезде қобыз сайрап қоя береді. Қобыз үнін бар табиғат, ұшқан құс, жүгірген аң- бәрі құлақ түре тыңдапты.* Қорқыт мініп, жер дүниенің төрт бұрышын кезіп, аңызға айналған атақты Желмаяны оның шешесінің жақын туыстары сыйлаған. .Қорқыт-күй атасы, жер үстіндегіән-күй атаулының атасы.«Жер бетіндегі ең тұңғыш қобызды шырғай ағашынан жасап, күңірене күй шертеді, мұң-наласын ақтарып төгеді. Құдіретті күй сарыны бүкіл жер-әлемді қаптап кетеді.Оны естіген барша жұрт басын ала алмай тыңдап, таңырқап қалады. Содан бері Қорқыттың күйі де, қобызы да жер бетін шарлап кезуде. Ал Қорқыт есімі қобыздың ішіндегі, халықтың жүрегінде ұмытылмастай болып сақталған»- деп жазады М. Әуезов. Қорқыт барлық ақын-жыраулардың, жыршылардың,күйшілердің, бақсылардың ұлы ұстазы ретінде саналған. Ол –қара қобызды бүкіл түркі жұртының аруақты аспабына айналдырған ұлы күйші, түркі музыка өнерінің негізін қалаушысы.Қорқыт-қазақ үшін ең алдымен күй атасы, қобызда күй шалу дәстүрін алғаш орнықтырушы.Қорқыт жырлары-имандылық пен изеттілік, адамгершілік пен парасаттылыққа меңзейді. Көбіне Қорқытты күйші ретінде білеміз, өмірде…қайда барсақ да Қорқыттың көрі – деген аңыз кездейсоқтық емес, ол адам баласына айтылған "ескертулер мен пендешілік құлыққа түспеуге меңзеген болжамдар". Қай заман, қандай қоғам болсын саяси әлеуметтік өзгерістер кезеңінде ғұмыр кешкен ұрпақтың өмірі қашан да күрделі. Қорқыт баба да осындай өтпелі кезеңде өмір сүріп, тағдыры айрықша шиеленіске толы болған. Сондықтан да бабамыздың күйлерінде терең философиялық тебіреніс бар. Халқы мен елінің тағдырын, болашағын ойлап, адамдардың қайғы-қасіретіне ортақтасып, мұң-шерін бөліседі. Өмірдің мәні, бақытты ғұмыр жайында тебіреніп ой толғайды. Қобыз – қиын-қыстау тар жолда Қорқыттың талдырмас қорегі, ақыл-ойын өрбіткен,арып-шаршағанда шабыт берген, сергіткен өмір серігі. Сөз жоқ, бұл- музыкалық мәдениет тарихындағы құдіретті құбылыс. Қорқыт Ата жайындағы аңыздардан оның бойындағы төрт түрлі өнер ерекше айқындалады.Бірінші ол, оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы **бақсы, абыз**. Екіншіден-күйші, қобыз сарынын алғаш туындатушы **өнерпаз**.



Үшіншіден- әйгілі **жырау**, оның жырлары оғыз-қыпшақ өмірін бейнелеген әдеби-тарихи мұра.Бұрынғы бақсылар өздеріне ұлы ұстаз ретінде пір тұтып, Қорқыт бабамыздың күйлерін аңырата тартып оның аруағына сиынып отырған екен. Ал, бақсыны Тәңірімен тілдестіретін аспабы-қобыз еді.Төртінші ол,Ұлыстың **Ұлы тәлімгер ұстазы, ақылшы қайраткер** Ал,ұстаздық пен ақылшы болу үшін адамның жас және жеке бас ерекшелігін айыра алатын,оның жүрегінге нұр құйып, сезіміне сәуле түсіретін **адамтанушы кеменгер болуы заңдылық** еді. Адам тани алатын адам ғана тәрбие жолын дұрыс тауып,басқаны өмірге баули алады. Ұстаздық жасау-бұл адамтану,адамның күрделі және қызықты, шымшытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. **Тәрбиелеу өнері мен шеберлік** осы даналықты игеру барысында жеке басқа бақыт болып қонары даусыз. Амал нешік бұл өнер екінің бірінің қолынан келе бермейді.

## 2.2§.Әбу -Насир әл Фараби(870-950)-дің адамтану ілімі.



Фараби ертедегі Қазақстан жерінен шыққан, қазақ топырағында дүниеге келген, ғұлама ғалым.Шығыстың ұлы ойшылы, әрі ағартушысы, әйгілі математик, философ, музыка зерттеушісі, тарихшы болған.Туған жері-Отырар (Фараб) қаласы. Отырар (Фараб) ойшылдарының ең атақтысы, ең ғұламасы - Аристотельден кейінгі"екінші ұстаз", "Шығыстың Аристотелі"ұлы ғұлама. Араб, парсы шежірелерінің деректеріне қарағанда, Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға құяр тұсындағы Фараб(Отырар) қаласында, отырарлық әскербасының жанұясында дүниеге келген. Ол туған жерінің атауымен "әл- Фараби",яғни "Фарабтық" деген атқа ие болған Фарабидің философиялық көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады: ол **дүниенің мәңгілігін мойындады,танымның болмысқа тәуелділігін растады, ақыл-парасат туралы ілімді** саралады.Ол ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ деді. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді деп ескертеді. Ол *«Адамның кемелдігі неде?»* деген сұраққа жауап іздейді.*«Балық су үшін жаралған, құс ұшу үшін, ал, адам бақыт үшін жаралған»* дейді. *«Бақытқа қалай қол жеткізуге болады?»* деген сұраққа *«Білім мен мінез- құлық арқылы»* дейді. *«Ол білімнің мәні қандай? Бақытқа апаратын мінез- құлық қандай?»* деген сұраққа *«ізгілікті мінез-құлық, рухани білім»* дейді. *«Оған қалай қол жеткізуге болады?»* деген сұраққа *« Оған: ізденіс, тәрбиелеу өнері және оқу арқылы жетуге болады»*-деп түйіндеді. **" Біз жақсы мінез-құлық пен ақыл-парасатқа ие болған кезде солардың арқасында міндетті түрде бақытқа жетеміз... Бұл екеуі бар кезде біздің өзіміз және іс-әрекеттеріміз үстем де кемел болады, осылардың арқасында біз шын мәнінде қастерлі, қайырымды, инабатты боламыз".Бұл,Фарабидің адам-тануда ұстанған негізгі қағидасы.**Бүгінгі біздің «жан-жақты дамыған жас» деп жүрген ұғымды, ол,сол заманда тиянақтай білген.*Әл–Фараби Адам дамуын-дағы басты мақсаты интеллектуальды–рухани жетілу арқылы бақытқа жету деп көрсетеді. "Бақытқа жету жолын көрсету" деген трактатында:"Бақыт-ол әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол қандайда бір жетілу болып табылады".Әл–Фарабидің пікірінше,адам- ның жан–жақты жетіліп, бақытқа жетуі үшін жағымды іс–әрекет, ізгі мінез, дұрыс ақыл қажет. Адамның жан-жақты дамуын,ол адам әдебінің жетілуімен сәйкестендір-еді.Адамның жан-жақты дамуы, әл–Фараби бойынша, прак-тикалық ақылдың міндетіне жатады. Практикалық ақыл адамның кәміл дамуы үшін мүмкіндік жасайды. Әл–Фарабидің адамның жан-жақты дамуы ілімінен шыға-тын түйіндер: адам барлық заттың өлшемі, ол-басты құндылық, адам ақылы табиғат құбылыстарын тануда-ғы басты құрал, адамзат қоғамының прогресіне кәміл сенім, адам дамып кемелденуі арқылы көркемділік, сұлулық, үйлесімділік ұғымдарының кеңеюі. Әл–Фараби үшін жан–жақты жетіліп, кемелденген адам-өз күш–қуатын адамдардың игілігіне жұмсайтын тұлға. Ондай адам ақыл мен әдептілікті,изеттілікті үйлесімді тоғыстырады.* Фараби ең әуелі ұстаз, ағартушы, оның бүкіл философиялық, ізденістері мен

пайымдаулары адамды барынша кемелден-діру,дамыту мақсатына арналған.Ол-адамдардышынайы бақытқа жеткізу жолдарын табуды мұрат тұтады.Осы мұратқа жету үшін ғұлама адамдарды дұрыс танып,тәрбиелеу жолын жеке-жеке көрсетеді.Ұстаздың айтуы бойынша **адам ғылым, философия, тәрбие арқылы кемелдікке жетеді**.Ол шартты түрде адамды нағыз бақытқа, мұратқа бастайтын негізгі кредосы – адам дар бақыт жолында **өзара көмек, достық,бейбітшілік қатынаста өмір** сүруі.Ұстаздың пікірінше, оқу, білім алу, ғылым адамы болу, адамгершілік және тәрбие мәселелерімен тығыз байланысты.Мәселен, "Философияны үйрену үшін алдын-ала не қажет" деген еңбегінде бірінші алғы шарт ретінде **жан тазалығын, ар тазалығын** қойған.Ұстаздың негізгі мақсаты-өз шәкіртіне білім беріп, ізгілікті мінез-құлыққа тәрбиелеу деп білсек, сол тиянақты білім, ізгілік ұстаздың өз бойында болуы шарт. Егер де өзінің бойында кездеспейтін болса, онда логика саласында надан деп есеп-теліпіп, қайсыбір мәселеде кімдікі жөн екенін, оныңқалайша жөн екенін ажырата алмайды. Бұл жағдай ұстаз бойында кездесетін болса, сөзсіз оның беделін түсіріп, өз шәкірт-терінің мінез-құлық, іс-әрекеттеріне дұрыс баға бере алма-ғандықтан, олардың арасында түсінбеушілік, кейде бір-біріне деген дөрекілік, жүрген жерде әрине, логика, парасаттылық туралы дұрыс түсінік болуы мүмкін емес . Сол себепті шәкірттің ой-талғамын жетілдіру, оның іс-әрекет жасауына көмектесу-ұстаз парызы. Сонымен, Әл-Фараби бабамыз шәкірт пен ұстаз арасындағы қарым-қатынастың тиімді әдістерін пайдалана білгендіктен, оның ұстаздық шеберлігі жоғары деңгейде бағаланып, оны "ұлы ұстаз" деп танимыз. Әл-Фараби адамға **(медіресе оқытушысы мен қала әкімін деңгейлестіріп)** тәлім-тәрбие беретін адамды (ұстаздық ететін адамды) өте жоғары бағалаған. Оның ойынша,тәрбие-ші адам (қазіргі мұғалім)-«**мәңгі нұрдың қызметшісі**». **Сондықтан ұстаз адамды танып білу ережесін,оларға қойылатын талап-шартты нақты анықтап ұсынған**. 1.Тән ерекше жетілген түрлі іс-әрекетті нәтижелі етіп орындауға ыңғайлы бейім болуы;2. Нені болса да жақсы айыр ып, тез тұжырымға келе алатын; 3.Өзінің түсініп, сезгенін көріп, білгенін есіне жақсы сақтай алатын;4.Көреген ойлы, талғампаз, ақылды адам болуы; 5.Ойын анық, дәл бере алатын, көркем сөйлей алатын шешен; 6.Ілім-білімді,оқу-ғылымды жан тәнімен,үңғыл-шұңғылын ақылой жұмысының үлк ен бейнетін тек ләззат санайтын: 7. Қайда жүрсе де өте ұстамды;8. Өтірік-өсекті, мылжыңдықты жек көріп, шындықты, әділдікті бар ынтасымен сүйе білу; 9. Өр кеуделі, жан мен арын б ірдей кіршіксіз ұстайтын адам; 10.Мал-мүлікке, дүние-жиһазға, мәнсіз ұсақ тіршілікке қызықпау;11 .Табиғатынан әділ, шынайы, шыншыл;12.Басқаға дау, өзіне де қиянат қыңыр-қиқар болмай, әркез шешімге келе алатын байсалдығы мен батылдығы қатар жүре алатын, қорқыныш пен үрейге жол бермейтін адам.Фараби:"Философияны үйрену үшін алдын-ала не қажет" деген еңбегінде:«...Ешбір жанға бағынбайтын басшы-адам, міне, осындай.Ол-имам, ол-қайрымды қаланың бірінші басшысы, ол-халықтың басшысы және жер жүзін мекендейтін елдің басшысы. Өз бойында туа біткен он екі қасиетті ұштастырған адам ғана осындай бола алады. Кімде- кім туған кезінен бастап және жас жеткіншек шағында жоғарыда аталаған шарттарды бойына дарытқан болса және есейгеннен кейін басқа алты шартқа сай келетін болса, біріншісінің орнын басатын екінші басшы сол болады: **Бірінші шарт** - дана болу.-**Екінші шарт** - қалаға арнап бірінші имамдар белгілеген заңдарды, ережелер мен әдет - ғұрыптарды жадында сақтап, жетік білу, өзінің барлық іс -әрекетін осыларға сәйкес жүргізу.-**Үшінші шарт** - бұрынғылардан тиісті заң сақталмаған жағдайда, бірінші имамдардың үлгісімен әрекет жасай отырып, бұл жөнінде тапқырлық көрсету.-**Төртінші**-бірінші имамдар аңдай алмаған нәрсе-лерді,бұрыннан қалыптасып қалған жағдайды да, болашақ оқиғаларды да қалаған кезінде танып-біліп отырарлықтай тапқыр да білгір болу; өзінің осындай іс - әрекетінде ол халықтың әл - ауқатын жақсартуды мақсат етуге тиіс. - **Бесінші** - бірінші имамдарының заңдарын және солардан кейін, солардың үлгісі бойынша өзі белгілеген заңдарды орындауға жұртты өз сөзімен жігерлендіре білу.-**Алтыншы** - әскери істерді жүргізу үшін қажетті дәрежеде қайратты болу, оның бер жағында әскери өнерді қызмет бабындағы өнер ретінде біліп алу...Ұстаздың негізгі мақсаты- өз шәкіртіне білім беріп, ізгілікті мінез-құлыққа тәрбиелеу



деп білсек, сол тиянақты білім, ізгілік ұстаздың өз бойында болуы шарт. Егер де өзінің бойында кездеспейтін болса, онда логика саласында надан деп есептеліпіп, қайсыбір мәселеде кімдікі жөн екенін, оның қалайша жөн екенін ажырата алмайды.Ұстаз ескерер тағы бір жәйт,-дейді Фараби,-бұл шәкірттің мінез-құлқындағы жағымсыз мінезді, ұнамсыз қылықты болдыртпау, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру». **Мінезділік-бақытты болудың шарттарының бірі. Кейбір адамдар қолдағы бақытынан оп- оңай айырылып қалады, тіпті кейде бақытсыздыққа ұшырайды. Оны мұндай күйге түсіретін-сол адамның** нашар мінезі. Фараби де Аристотель сияқты адамды қоғамдық жан деп қарап, өзінің бүкіл педагогикалық- этикалық және басқа гуманитарлық көзқарастарында осы қағиданы басшылыққа алады. Өзінің "Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары" атты трактатының адамзаттың өзара бірлестік пен өзара көмекке зәрулігі туралы тарауында Фараби былай деп жазады: "Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек,ол мұны өзі жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әрқайсысын оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады. Оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі. Міне, сондықтан да, бір-біріне көмектесіп отыратын біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай *кемелділік дәрежесіне жете алады*.»Қоғамды кемелдендіру- бақытқа жетудің басты шарты болып табылады. Тек *кемелденген қоғамда ғана адам ғылым, философия, тәрбие арқылы кемелдікке жете алады* . Ол шартты түрде *адамды бақытқа, кемелдікке жеткізуде қатаржүргізуге тиісті негізгі құралы ретінде мінез-құлық, моральдық және ақыл-ой, интеллектуалдық тәрбиелерге* шешуші мән береді Ұлы ғұлама адамдар арасынан досты дұрыс танып,таңдау әдісін де көрсеткен.Достық!Осы бір қасиетті сөзді әрдайым ілтипатпен айтамыз.Өйткені өмірдің мәні де,сәні де ең алдымен шынайы достықта,сыйластықта.Адамның бір-бірімен достасуы өмірге нәр беріп,көңілге шаттық құятын аса мәнді құбылыс.Иә,достық-біздің туымыз,ұран-ымыз.Достық ел менел,халықтар-мен халық арасын байланыстыратын дәнекер. Достық адам мен адамды туыстыратын,адамның мейірін өсіретін,мәртебесін көтеретін,рухани дүниесін байытатын ұлы күш.Достасу дегеніміз-ең алдымен,адамның біріне-бірінің сенімі,бірін-бі рі терең түсінуі,бір-біріне қалтқысыз көңіл күйі,біріне-бірінің жолдастық көмегі,ақыл кеңесі.Достың мәні мен маңызы туралы адамзат қоғамында өмір сүрген даңқты адамдардың, ғұлама ғалымдардың, ақындар мен жазушылардың,ойшыл,өнер қайрат-керлерінің оралма-ғаны айтпағаны жоқ деуге болады.Себебі достық жалпы адамзатқа тән қасиет.Мәселен: «Айнымас досы бар адам-ең бақытты адам»(араб),«Жақсы дос нағыз-қазына» (қытай), «досы көпті жау алмайды», «жүз сом ақшаң болғанша,жүз досың болсын»(қазақ) барлығы ұқсас мазмұнмен бағалаған.Әл-Фараби данамыз,достық туралы тамаша тәлім айтқан. *«Достықтың екі түрі болады.Оның бірі-адал дос та,екіншісі айнымалы дос.Адал досқа үнемі ілтипатпен қарап,одан айрылып қалмау жағын көздеген дұрыс,адамдар бір-біріне жақсылық,өзара қамқорлық жасауы қажет.Жақсы достың сенімін ақтаған абзал.Осындай достар ащы-тұщыны бірдей татысып,нені болса да бірдей көретін болады.Жалған досқа адам өзінің құпиясын,мінез құлқындағы кемшілігін айта берудің қажеті жоқ.Осындай жалған достар-ды адал жолға түсіру үшін қажымай-талмай жұмыс жүргізген ғанибет.Бір-біріне дұшпан көңілді адамдардың да екі түрі болады.Бірі-өшпенділігі мол,жаулығы басынан асқан адам-дар да,екіншісі-көре алмаушылықтан жауы-ғатындар. Бұлардың біріншісінен ерекше сақ болып,олардың ой-пікірін үнемі қадағалап,біліп жүру,осындай адамдардың арам ниетін біліп қана қоймай,тиісті жерінде аямай әшкерлеу қажет Бейтарап адамдардың да жолдастық достық жөніндегі ұғымдары мардымсыз болады.Бұлардың өшпен-діліктен жұмысы жоқ,кейде дұрыс ақыл-кеңес беретіндері де кездеседі. Бірақ, олардың айтқан пікіріне сын көзбен қараған дұрыс.Бейтарап адамдардың адалдығына көз жеткенше оларға дос адамдай беріліп кетуге болмайды. Жақсы ой-тілектері араз адамдарды татуластыруға , олардың*

*арасындағы қарым-қатынасты қайта орнатуға жәрдемін тигізеді.Сондықтан бұларға көңіл бөліп,іс-әрекетіне демеу беріп отыру керек. Ақымақ адамдарды да асқан төзімділікпен тәрбиелеп,, байыптылықпен қарым-қатынас жасап отыру керек.»* Фараби өзінің саяси-педагогикалық трактаттарында халықты, тұрғындарды мінез-құлықты, ақыл- парасатты етіп тәрбиелеуде қайырымды қала, мемлекеттерге, олардың басшыларына үлкен орын береді.Ол былай деп жазады:"Тұрғындар бір-бірімен шынайы көмекке бірігіп шынайы бақытқа жетуді көздеген қала қайырымды қала, халқы қайырымды адамдар болады. Егер дәл осылай бақытқа жету жолында барлық халық бір-біріне қалтқысыз көмектесетін болса, онда бүкіл дүние жүзі қайырымды мекен болар еді".Бұл Фарабидің адамзатты болашақ бақытқа жеткізу жөніндегі ең басты гуманистік принципі, халықтар достығы- ырыстың басы-ғұламаның түпкі ойы, мынадай сыры міне осы қағидада жатыр. Басқаша айтқанда, адамдар бақыт жолында өзара көмек, достық, бейбітшілік қатынаста өмір сүруі ләзім. "Адамдар туралы айтсақ,-деп жазады ғұлама,- оларды қосатын, байланыстыратын дәнекер тұтқа - адамгершілік болып табылады. Сондықтан адамдар адамзат тегіне жататын болғандықтан өзара бейбітшілік, татулық сақтауы ләзім.» Осы қағиданы басшылыққа алып,әрекет ету,өмір сүру, іршілік жасау Әлем елдерінің барлығына өзекті,ортақ,негізгі ұстаным болып отырғанын осы таңда адамзат қауымы толық сезінуде. Фарабидің адамтану ғылымына қосқан үлесін пайымдау үшін,оның жазған еңбектерін үш бағытта жіктеп қарастыру, талдау орынды болмақ. Біріншi. Фараби «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» атты еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларын «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді. Адам жанына, оның ішкі және сыртқы (хауас) талдау бергенде жүрекке үнемі шешуші мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отырады. Жалпы жан қуаты жөніндегі танымға бұлай қарау мешаиын мектебіндегілерге тән құбылыс. Бұл жөнінде Фараби мен Абайдың ой қорытулары сабақтас, өзара іліктес келеді. Егер әл-Фараби тұжырымына жүгінсек: "...Адам мүшелерінің ішінде ең алдымен жүрек пайда болады, сонан кейін ми, одан кейін бауыр, бұдан кейін көк бауыр... сосын басқалары пайда болады. Бәрінен соң ғана қимылға келетіні "жыныс мүшелері"дей келіп,... жүрек басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екінші, өйткені, ол ағзадағы барлық басқа мүшелерді билейтін болса,оның өзін жүрек билейді", (әл - Фараби. Философиялық трактаттар. -А. , 1973, 289-б.), - деп, жүрекке шешуші мән бере қараса, Абай да: «Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ менің ісім депті. Бірақ, сонда билеуші жүрек болса жарайды» деген тұжырымға келеді. Бұдан екі ұлы ойшылдың да жүрек жөніндегі танымдарының негізі бір екені, тек баяндау түрі басқаша берілгені көрінеді Фарабидің жоғарыда аталған еңбегіндегі адамның жеке басының ең кемелденген (камили инсани) үлгі-өнегесі жайлы арналы танымының негізіне саяды. Фараби «Табиғат ғылымдарының негіздері» жайлы еңбегінде жалпы хауасқа, әсіресе, оның хауаси хамса заһири деп аталатын сыртқы сезім мүшелеріне ерекше назар аударған. Фарабидің қоршаған орта болмысының сырын тануда басты орын алатын сезім мүшелері-хауаси хамса жайлы философиялық ұғымдары: «..тәңірі әуелі жансыз дүниені, есімдіктерді, жан-жануарларды, содан соң ақыл иесі адамдарды жаратқан»– дейтін сатылы танымынан туындайды. Ақыл, дегеніміз бізді қоршаған өмір шындығының сыртқы бес сезім арқылы, яғни, танымның жибили қуаты мен адамның санасында сәулеленуінен пайда болатын рухани құбылыс деп таниды. Абайдың ақыл мен сананың пайда болуы туралы дүниетанымының негізі Фарабидің «Ақыл дегеніміз тәжірибеден басқа ешнәрсе де емес» (әл-Фараби. Философиялық трактаттар, 295-б.) деген ой желісімен өзектес келеді. Фараби жан қуатын қозғалттыратын қуат және танып білетін қуат деп екіге бөліп, адам бойындағы танып білетін қуатты ішкі және сыртқы жан қуаты ретінде қарастырады. Фарабидің адамның дүниені танып білу қуатына (әл-қуат алмутехаййла) ерекше мән бере қараған.Фараби жан қуаты жөнінде өзіндік соны ойлар желісін таратқанда, оларды өсімдік жаны, хайуан жаны, адам жаны деп үшке жіктеп, таным процесін адам жанына тән туma қасиет ретінде қарастырады.Екінші. Ғұламаның ғылыми-философиялық



еңбектерінен оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз.Ол-шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты.Жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт.1.Баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы;2.Ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы; 3.Сабақ процесінің алатын орны.Ғалым дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің ұқсастығына, оның бір-біріне тигізетін әсеріне ерекше мән берді.Әбу Наср Әл-Фараби. өзінің , "Поэзия өнері туралы", "Бақытқа жол сілтеу" туралы трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік,сұлулық,,мейірбандық білім категорияларының бетін ашып, солардың негізін дәлелдеп берді.Этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады.Сондықтан оның этика жөніндегі тұжырымдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі,ол [адам] баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. жасаған қортындының басты түйіні , үшеуінің бірлігінде.Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби , сұлулық хақында былай дейді:«... ол өмір шындығының өзіне тән қасиеті, болмыстың, нақты құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік-тән мен жан қасиеттерінің сұлулығын көрсететін белгі»- деп санайды.Мәселен, Әл- Фараби өзінің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келіп, оны «потенциалды интеллект», «актуальды интеллект»,«жүре келе дарыған интеллект», «әрекетшіл интеллект» сияқты философиялық категорияларға бөліп-бөліп талдайды. Әл-Фараби «жүре келе дарыған интеллект» туралы айта келіп, адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, интеллектің өзі жүре келе, естіп, көріп барып қана дамитынын ескертеді.Сондай-ақ Әл-Фарабидің «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» атты еңбегінде адам бойындағы жақсы және жаман қасиеттердің бәрі жаратылысынан емес, жүре келе, өзін қоршаған қоғам өміріне сәйкес өзгеріп отыратынын айта келіп, төмендегідей тұжырым жасайды:«Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, қайырымдылық пен жаман қылық та адамға әуел бастан жаратылысынан дарымайды. Бірақ қайырымдылықпен немесе жаман қылықпен (байланысты) күйге жаратылысынан бейім болуы мүмкін, оған қандай да болсын басқа әрекеттерден гөрі әлгі (күйден) туатын әрекеттерді істеу оңайырақ болады… Өнер біткеннің бәріне жаратылысынан бейім адамның болуы шындыққа сыймайтыны сияқты, қайырымдылықтың, этикалық және интеллектуалдық бәріне жаратылысынан толық бейім адамның болуы шындыққа сыймайды, ол мүмкін емес». Фараби «Азаматтық саясатта» қоғамды талдауды қаладан бастаса, "Нақыл сөздерде..." ол мұны ең кішкене ұядан, от басынан немесе үйден бастайды. Аристотель сияқты ол үйді бірнеше бөлекке-ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі, ата-анасы мен баласы, мүлкі және иесі деп бөледі.Үйдің өзіне тән мақсаты болады, бірақ қаланың бір бөлшегі болғандықтан ол қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуге арналады, сөйтіп бұл арада адамның өз басының мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыру туралы пікір айтылады. Бұл жерде Фарабидің қала дегенін мемлекет деп түсіне отырып, оның ойларынан үлкен азаматтық биік көріністерін табамыз. Мұнда тек жеке басының мүдделері ғана емес, қоғам мүдделерін жоғары санауы үлкен бір азаматтықтың, адамгершіліктің қасиетті көріністері деп білеміз. Философия-Фарабидің білуінше, адамда ғана болатын "ең ерекше" игілік -ақыл, парасат арқылы меңгеріледі.Ақыл, парасаттың қызметі қалай болса, солай бет-алды жүргізілмеуге тиіс, онда мақсаттылық сипат алады. Оның негізін логика өнері қарастыратын ойлаудың дұрыс әдістері құрады.Фарабидің атап көрсетуінше, адам өзінің бақытқа жету жолын логикадан бастаған жөн.Бір сөзбен айтқанда, Фараби адамдардың өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек , айналадағы дүниені танып-білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды. Әбу Наср Әл-Фарабидің азаматтық,саяси, жөнін

дегі ойлары "" ("Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері") трактатында қаралады. Бұл трактаттың тақырыптары әр түрлі болса да, негізінен бір мақсатқа-адам мен қоғамның арақатынасы, оның жетілуіне арналған. Еңбектің өзіне тән бір ерекшелік сипаты-төндік және рухани құбылыстардың салыстырылып отыратындығы,тіршілік істерден бойын аулақ салмайды, қайта адамдардың ақиқатқа жету жолына түсуіне көмектесуге тырысады. Бұл арада ол дін мен философияны салыстырады. Оның пікірінше дін философияға ұқсас: екеуі де жоғары принциптерге, бір заттардың бастамаларына түсінік береді. Бірақ философия дәлелдеуді, дін сенуді керек етедіҮшінші.Ертеде және орта ғасыр да философиялық және медициналық білім бірімен-бірі тығыз байланысты болған. Әл-Фараби өмір сүрген заманда жаратылыстану ғылымының дамыған саласының бірі медицина болды Әл-Фарабидің медицина ғылымдарының теориялық мәселелерін терең білгендігі оның еңбектерінен белгілі.Орта ғасырдағы медицина мен философияның дамуына "Медицина каноны" атты және баска да еңбектерімен сүбелі үлес қосты. Ғылыми бағыттардың жіктелуіне арналған "Бесінші трактатында" адам тіршілігіндегі мидың маңызы туралы баяндай келіп, орталықтары мен сезімтал және қозғалтқыш болатындығы **туралы пікір** айтады.Әбу Наср Әл-Фараби медицина саласында"Адам ағзалары жөніндегі Аристотельмен қарсы **жазылған трактат**", "Жануарлар ағзалары", "Темперамент туралы" т.б. еңбектер жазған, онда негізінен медицинаның теория мәселелерімен айналысып, медицина өнерінің пәнін, міндет-мақсатын анықтап беруге тырысады **Оны сол кезде «емдеу шеберлігі ғылымы» деп атады.** Ол «Медицинаның міндеті - тек адам ауруларының себептерін анықтап қоймай, адамның денсаулығын сақтау жолдарын, ауруды жою жағын да зерттейді» - деп көрсеткен. Әл-Фарабидің медицинаға ерекше көңіл бөліп адам ағзасының (организмінің) кейбір тұстарын зерттегенінен мысал келтірейік: «Қайырымды қала» еңбегінде жүрек туралы өте құнды пікірлер айтқан, мысалы, «жүрек - табиғи жылылықтың көзі». Басқа мүшелерге жылылық нақ осыдан тарайды, олар жүректен нәр алады; «жүрек - басты мүше, мұны тәннің ешқандай мүшесі билемейді» және т. б. Шынында да, жүрек жұмысы өздігінен жүзеге асады. Жүректің соғуын ешкім тоқтата алмайды.. Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби , сұлулық хақында былай дейді:«...ол өмір шындығының өзіне тән қасиеті, болмыстың, нақты құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік-тән мен жан қасиет терінің сұлулығын көрсететін белгі»- деп санайды.Мәселен, Әл- Фараби өзінің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келіп, оны «потенциалды интеллект», «актуальды интеллект»,«жүре келе дарыған интеллект», «әрекетшіл интеллект» сияқты философиялық категорияларға бөліп-бөліп талдайды. Әл-Фараби «жүре келе дарыған интеллект» туралы айта келіп, адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, интеллектің өзі жүре келе, естіп, көріп барып қана дамитынын ескертеді.Сондай-ақ Әл-Фарабидің «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» атты еңбегінде адам бойындағы жақсы және жаман қасиеттердің бәрі жаратылысынан емес, жүре келе, өзін қоршаған қоғам өміріне сәйкес өзгеріп отыратынын айта келіп, төмендегідей тұжырым жасайды:«Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, қайырымдылық пен жаман қылық та адамға әуел бастан жаратылысынан дарымайды. Бірақ қайырымдылықпен немесе жаман қылықпен (байланысты) күйге жаратылысынан бейім болуы мүмкін, оған қандай да болсын басқа әрекеттерден гөрі әлгі (күйден) туатын әрекеттерді істеу оңайырақ болады… Өнер біткеннің бәріне жаратылысынан бейім адамның болуы шындыққа сыймайтыны сияқты, қайырымдылықтың, этикалық және интеллектуалдық бәріне жаратылысынан толық бейім адамның болуы шындыққа сыймайды, ол мүмкін емес». Фараби «Азаматтық саясатта» қоғамды талдауды қаладан бастаса, "Нақыл сөздерде..." ол мұны ең кішкене ұядан, отбасынан немесе үйден бастайды. Аристотель сияқты ол үйді бірнеше бөлекке-ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі, ата-анасы мен баласы, мүлкі және иесі деп бөледі.Үйдің өзіне тән мақсаты болады, бірақ қаланың бір бөлшегі болғандықтан ол



қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуге арналады, сөйтіп бұл арада адамның өз басының мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыру туралы пікір айтылады. Бұл жерде Фарабидің қала дегенін мемлекет деп түсіне отырып, оның ойларынан үлкен азаматтық биік көріністерін табамыз. Мұнда тек жеке басының мүдделері ғана емес, қоғам мүдделерін жоғары санауы үлкен бір азамат-тықтың, адамгершіліктің қасиетті көріністері деп білеміз. Философия-Фарабидің білуінше, адамда ғана болатын "ең ерекше" игілік -ақыл, парасат арқылы меңгеріледі.Ақыл, парасаттың қызметі қалай болса, солай беталды жүргізілмеуге тиіс, онда мақсаттылық сипат алады. Оның негізін логика өнері қарастыратын ойлаудың дұрыс әдістері құрады.Фарабидің атап көрсетуінше, адам өзінің бақытқа жету жолын логикадан бастаған жөн.Бір сөзбен айтқанда, Фараби адамдардың өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек , айналадағы дүниені танып-білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды.Әбу Наср Әл-Фарабидің азаматтық,саяси, жөніндегі ойлары "" ("Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері") трактатында қаралады. Бұл трактаттың тақырыптары әр түрлі болса да, негізінен бір мақсатқа-адам мен қоғамның арақатынасы, оның жетілуіне арналған. Еңбектің өзіне тән бір ерекшелік сипаты-тәндік және рухани құбылыстардың салыстырылып отыратындығы. ,тіршілік істерден бойын аулақ салмайды, қайта адамдардың ақиқатқа жету жолына түсуіне көмектесуге тырысады. Бұл арада ол дін мен философияны салыстырады. Оның пікірінше дін философияға ұқсас: екеуі де жоғары принциптерге, бір заттардың бастамаларына түсінік береді. Бірақ философия дәлелдеуді, дін сенуді керек етедіҮшінші.Ертеде және орта ғасыр да философиялық және медициналық білім бірімен-бірі тығыз байланысты болған. Әл-Фараби өмір сүрген заманда жаратылыстану ғылымының дамыған саласының бірі медицина болды Әл-Фарабидің медицина ғылымдарының теориялық мәселелерін терең білгендігі оның еңбектерінен белгілі.Орта ғасырдағы медицина мен философияның дамуына "Медицина каноны" атты және басқа да еңбектерімен сүбелі үлес қосты. Ғылыми бағыттардың жіктелуіне арналған "Бесінші трактатында" адам тіршілігіндегі мидың маңызы туралы баяндай келіп, орталықтары мен сезімтал және қозғалтқыш болатындығы **туралы пікір** айтады.Әбу Наср Әл-Фараби медицина саласында "Адам ағзалары жөніндегі Аристотельмен қарсы **жазылған трактат**", "Жануарлар ағзалары", "Темперамент туралы" т.б. еңбектер жазған, онда негізінен медицинаның теория мәселелерімен айналысып, медицина өнерінің пәнін, міндет-мақсатын анықтап беруге тырысады **Оны сол кезде «емдеу шеберлігі ғылымы» деп атады.** Ол «Медицинаның міндеті - тек адам ауруларының себептерін анықтап қоймай, адамның денсаулығын сақтау жолдарын, ауруды жою жағын да зерттейді» - деп көрсеткен. Әл-Фарабидің медицинаға ерекше көңіл бөліп адам ағзасының (организмінің) кейбір тұстарын зерттегенінен мысал келтірейік: «Қайырымды қала» еңбегінде жүрек туралы өте құнды пікірлер айтқан, мысалы, «жүрек - табиғи жылылықтың көзі». Басқа мүшелерге жылылық нақ осыдан тарайды, олар жүректен нәр алады; «жүрек - басты мүше, мұны тәннің ешқандай мүшесі билемейді» және т. б. Шынында да, жүрек жұмысы өздігінен жүзеге асады. Жүректің соғуын ешкім тоқтата алмайды. **Әл-Фараби тек өз пікірлерін айтып қана қоймай, ұлылардың ұлысы Аристотель,К.Галеннің зерттеулеріне өз көзқарасын** білдірген. Әл Фараби жеке **еңбектерінде** жаратылыстанудың көптеген мәселелеріне тоқталады. Әбу Наср Әл-Фараби ежелгі гректің ұлы астрономы Клавдий Птоломейдің еңбектерін түсіндіре, кемелдендіре отырып, өз тарапынан да теориялық (математикалық), практикалық мәні зор қорытындылар жасап, соны идеялар, пікірлер айтады. Мысалы, ол тарихта тұңғыш рет Шолпан планетасының Күннің бетін басып өтуін бақылайды,"Астрологиялық болжамдарда не дұрыс, не теріс" деп аталатын еңбегінде ол астрологияны ғылыми астрономиядан бөліп қарап, Аристотельдің логикалық шығармаларында айтылған қағидалар мен жаратылыстану ғылымдарының жетістіктеріне сүйене отырып, белгісіз, кездейсоқ құбылыстарды алдын ала болжауға болатынын немесе болмайтынын ажыратуға тырысады.Әбу Наср Әл-Фарабидің

бұл пікірлерінің кейіннен ықтималдар теориясының , логикалық негіздерін қалыптастыруда маңызы зор болды Әл-Фараби - артына ірілі-ұсақты 150- ге жуық ғылыми еңбек қалдырған данышпан. Оның ішінде адамтану Фараби іліміне тиянақ болған негізгі қағидалар мен ұстанымдар тым мол болумен қатар,телегей теңіз терең,асыл да айқын өшпес мұра. Өкініштісі олар ғылыми айналымға толық кіріп,ұлттық топырағында гүлдене алмай келеді.

**2.3.§ Жантану жаршысы-Ж.Баласағұн.**



Түркі тілдес халықтардың XI ғасырдағы аса көрнекті ақыны, есімі бүкіл шығыс елдеріне мәлім болған данышпан ойшыл, тұлғалы ғалым,белгілі қоғам қайраткері Ж. Баласағұнның моральдық-этикалық мәселелерді көтеретін «Құтты білік» дастаны мемлекетті басқару әдістерін, адамгершілік принциптерін, қоғамдық-саяси мәні бар түрлі ережелер мен заңдарды, әдет-ғұрыптар нормасын қамтыған, энциклопедиялық дәрежеде жазылған көркем туынды болып табылады. Қарахан әулеті билік жүргізген дәуірде ұлан-ғайыр өлкені алып жатқан осы мемлекеттің басқару тәртібін белгілейтін ережелер, сондай - ақ, *қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқын айқындайтын тиісті заңдар* жоқ еді. Міне, елдегі осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен Ж. Баласағұн өзінің "Құтты білік" дастанын жазды. Демек, дастан белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған. Дастанда патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлерінің мен елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, төуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың,т.б.*қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәреже-десі,ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады*.Ақын мәселені әміршi-патшаның өзінен бастайды.Ел-жұртты басқаратын адам-ақыл-парасаты ұшан- теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, білім мен өнерге жетік, қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақта-майтын жан болуы шарт екенін айтады.Ел басқарған әкімдерді күншілдік, ашкөздік, сауық-сайранға құштарлық, қатыгездік, көкшілдік сияқты жаман қылықтардан сақтандырады.Бұдан кейін ақын патшаның көрер көзі,естір құлағы "хас хажиб",яғни бас уәзір міндеттерін тізбелеп, зор біліргіштікпен айтып шығады. Бас уәзір халықтың талап-тілектерін патшаға, ал патшаның айтар ой-пікірін, жарлықтарын халыққа жеткізіп отыруы тиіс"Құтты білікте"елшіге қойылатын талаптар егжей-тегжейлі сипатталып жазылған.Елші ерекше зерек, өзі көрікті, көп тіл білетін, шешен, жақсы ақын, құрбегі, жұлдызшы (астролог), түс жори білетін, музыкант сияқты көптеген қасиеттерге ие жан болуы қажет. Ақын сөзімен айтқанда, "елші ердің төрт құбыласы тең болсын, елде-кісі, сыртта-бүтін ел болсын!" –дейді.Дастанда осындайша елдегі барлық лауазым, кәсіп иелеріне қойылатын моральдік-этикалық талаптар сипатталып көрсетілген.Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. **Біріншісі**, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жарардай әділ заңның болуы.Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде **Күнтуды** патшаны көрсетеді. **Екіншісі**, бақ - дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі **Айтолды** бейнесі арқылы жырға қосылған. **Үшіншісі**, ақыл -парасат. Ақыл -парасаттың қоғамдық-әлеуметтік рөлі уәзірдің баласы **Өгдүлміш** бейнесінде жырланады. **Төртіншісі**, қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш **Одғүрміш** бейнесі арқылы әңгіме болады."Құтты білікте" өмір мәні пайымдалып, жалпы адамзаттық рухани байлықтар-мұрат, дін, этика, өнер және даналықтың мәні сараланған. Ж. Баласағұн ақиқатқа жету жолын адам мен әлемнің, ұлы ғалам мен микро-ғаламның үйлесімді болуы туралы қағидаға негіздейді.Төрт құдірет-от, су, ауа, жер жайлы өзелгі дәуірдің философиялық түсінігіне сүйене отырып, ойшыл әлем осы төрт-тағанның үйлесімінен жаралған деп санайды. Осындай тағы бір төрт-таған;әділет, бақыт, ақыл және қанағат ерекше бейнеленіп, жырдың төрт кейіпкерінің бойына жинақталған. Бұл жалған дүниені ақыл таразысына салып түзетуге болатынына да сенген тұлғалы ғалым өлеңдік үйлесімділік негізінде әділетті адамзат қоғамын құруды армандады. Сондықтан ол ғылым мен білімге зор мән берген. Жалпыға ортақ парасаттың, танымның нәтижесі ретіндегі білімге көшуі адам мүмкіндігінің жүзеге асуы деп біледі. Ғұлама білімнің туа біткендігі жайлы пікірге қарсы шығып, оған парасатт іс-әрекеттің нәтижесінде қол жеткізуге болатынына сенеді. Білімге молынан сусындаған адам ғана көп нәрсеге қол жеткізе алады.Оның пікірінше, білім даналық, денсаулық және жан толысуы. "Құтты білікте" ол, ең алдымен, *даналық* яғни қазіргі түсініктегі теориялық зерде *мұралы ой толған*, даналық табиғатын, оның ерекшелігін,*туа біткен қабілеттер мен кейінгі білім жинақтаудағы адамның өз рөлі, таным процесінде ақиқатқа ұмтылу*, т.б.мәселелерді қарастырады.**Ойлау қызметі** тек адамға ғана тән, жануарларда жоқ қасиет деп біледі ол. Егер сезім алдамшы болса, онда оған толық сенуге болмайды, ал ақыл, зерде әрқашан адамға қызмет етеді, оның жалғандығы жоқ. "Құтты біліктің" негізгі айтар ойы- адамның адами жетілуі мен кісілік кемелде-нуі,сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты, құтты ету. *Кісілік кемелдену жолына түскен адам- өзінің қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл жан.* Дастан оқыр- манына *құт-берекемен, бақытқа өз адамгершілігін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырады.* Ондағы "өзіңді сақтау" ,"өзіңді ұмытпау" қағидасы адамның адамшылығын танытар қасиеті- ***адамгершілік пен кісілікті жетілдіруге бағыттталған*** . Ақын өтпелі өмір мен өлім жайында терең толғанады. Оның ойынша, екіңштің ең ауыры өлшеулі өмірде дүние қызығы мен тән тілегі жетегінде кетіп,*діл тазалығын сақтай алмаудан* туады, сондықтан адам өзінің кісілік қасиетімен бірге өмірдің өткіншілігін де ұмытпауы қажет.Мұнан өзге Ж.Баласағұн. шығармалығына ізгілікке құштарлық пен іңкәрлік, сопылық танымдағы Алланы сүю, *ілім мен адам сырына терең* бойлауға ұмтылушылық белгілер тән. Ж.Баласағұн ұлттық мәдениетті өркендететін адам білімді, ақылды болу керек дейді"*Ақыл-шырақ қара түнді ашатын, Білім-жарық, құрым саған шашатын" "Ақылды, білімді адам қылмыс ісіне (мәдениетсіздікке) бармайды* " деп, ұлы ұстаз тәрбие мен білімнің



біртұтастығы және тұлғаның әдептілігін (әдебін) қалыптастыратынын баса айтады. Ақын надан адам әдептілікті қор етеді деген ойын:"Наданға төрден орын тисе, қор етеді,Данышпанға босағадан орын тисе, төр етеді," деп жетелі сөзбен жеткізеді. Білім – байлық, азаймас һәм жоғалмас, Еш қарақшы, ұрыға да тоналмас,-деп, ұлы ғалым, философиялық ой түйінінде білімді адамның мәдениетті қасиеттерін жоғары бағалайды. Ж.Баласағұнның ойынша, ұстаздық өтетін адамдары аз, оқып- үйренуге ұмтылатын шәкірт жастары жоқ жұрт ешқашан надандықтан құтыла алмайды. Нағыз надандық хат танымағандық және оқып- танымағандық емес, көңілдің жан- дүниенің көрсоқырлығы.Сондықтан ақынның ойынша, әрбір адам үшін қараңғылықтан, надандық-тан құтылудың ең дұрыс жолы-адам ешбір басқадай жолмен емес, тек қана дұрыс өмір сүру арқылы өз әлемін таба алады. Мысалы: От парызы-жану.Қант парызы-оның тәттілігі. Сол сияқты біздің парызымыз да ар-ұждынымызға құлақ түру. «Құтты білік», бір сөзбен айтқанда, адамшылық мектебі. Бұл мектепте адам баласының басындағы ақыл-сезімнен ажалға дейінгі жақсылы-жаманды жай-жағдаяттардың сан қатпар қалтарыстары өлең өрнегіне түскен.Адамды адамға надандық емес, адамдық қана ұқтыра алмақ. Дана халық қашанда надандыққа, тасыр-лыққа өжелден ақыл, білім, тілді, сезімді қарсы қойған. Ақынды арқа тұтқан. «Құтты біліктің» дәстүрі де осы дәстүр.Бұл әсәет кейін талай-талай ірілі-ұсақты шығармалар да жалғасын тапты. Бұл еңбек өз уақытында Қытай, Үндістан, Араб, Парсы ғұламалары тарапынан жоғары бағаға ие болды. Баласағұнды-«түрік Конфуцийі» атандырды.Ж.Баласағұн өз шығармасында заманның бұзылғандығы, достардан жапа шеккендігі туралы баяндайды. Ол адамдардан кісіліктің жоқтығы, ағайын-достық арасындағы қарым-қатынаста жаттан айырмашылығының болмауы, халық арасында иман, сенім мен жақсы қасиеттің қалмағанын өкіне баяндайды. Сонымен бірге, жігіттікке ашынып, өкініш, қарттық туралы да айта келе, ол өзіне ақыл-кеңес беру арқылы, қоғам мүшелеріне ықпал еткісі келеді. Ақынның дастан жолдарында айтылған мына сөздері:«Сөзді тура, ащы, қатты сөйледім, Тұғу сөзді ұғар түзу ел дедім.Оқушыға аса ауыр келмесін, Ашық айтып, көрінгенді тергедім!» (*Құтты білік / Көне түрк тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай./ –А, Өлке, 2006. – 622 б.*), - оның шын мәнінде ел жағдайына немқұрайлы қарамағандығын көрсетеді Жалпы ақын адамның кемелдену жолдарын айқындайды. Оның барлық көріністері өлең жолдарында айтылады және оның сапалық белгілері мынада деп ойлаймыз: *1.Адам баласының қадір-қасиеті-білім мен ақылда. Ол адам кемелденуінің алғашқы жолы.Ғылым іздеу-мұсылманның бір парызы; 2. Тілдің пайдасы мен зияны бірдей; 3.Ізгілік – адамзат үшін ең қажетті қасиет; 4.Дақ пен дәулетке мастанба,ол бір орында тұрмайды; 5.Әділеттің жолын қу, шыншыл бол; 6.Сараңдық пен ашкөзіктен аулақ бол;7. Иттердің басшысы арыстан болса, иттер де арыстандай күркірер, ал арыстандардың басшысы ит болса, иттің тірлігін қылар;8.Төсіз кісі уәзір бола алмайды. Бек қандай болса, уәзірі де сондай;9.**Намысшыл ер бол; 10. Өз пайдаңнан гөрі ел пайдасын ойла.Қайырымды бол*** (*Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. 5 томдық шығармалар жинағы.2 том. – Алматы, 2008.*). Құтты білік" дастанының сюжеттік желісі негізінен шығарманың бас қаһармандарының өзара әңгімесінен, сұрақ-жауаптарынан,бір -біріне жазған хаттарынан тұрады. Төрт түрлі ізгі қасиеттің символдық көрінісі ретінде бейнеленген негізгі төрт қаһарман қоғамның көкейкесті мәселелері туралы әңгімелеседі. Мұндай сұхбатта олар ел басқарған әкімдер қандай болуы керектігін, оқу - білімнің қажеттігін, әдептілік пен тәлім-тәрбие мәселелерін дидактикалық-философиялық тұрғыдан сөз етеді.Мәселен, ақын әдептіліктің алуан түрін жырлай келіп, солардың ішіндегі ең бастысы-тіл әдептілігі деген түйін жасайды. Баласағұнның жақсылық пен жамандық жайында айтқан мына бір ойын келтіре кетпесімізге болмайды: "Егер ол мейірімділер күшті, ал қатыгездер әлсіз болса, біз ауыр ойлардан тұншықпас едік.Егер әлемде әділдік заң болса, тағдырымыздың қатыгез-дігіне нараза болмас едік"..Жүсіп Баласағұни өзі туған түркі дүниесі халқының салттарын әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін жақсы біледі, оның рухани өміріне тереңдей енді.Қандай да бір ұлы педагог секілді ол энциклопедист-философ, психолог, тарихшы,лингвист, этнограф, фольклорист, әдебиеттанушы болатын.Ғалымның айту-ынша, ***егер адамда ізгілікке қарсы тұратын белгілерді жеңетін күш жоқ болса, онда ұялмады сапалар жойылады***,жоғалып кетеді.Бұлқұндылықтар мен олардың қарама-қарсылықтарының ұлттық түсіндірмесі мынадар: біріншісі – ақыл, оны ашулану, өшігу күңгірттендіреді. екіншісі -достық, оны күншілдік бұзады; үшіншісі - ұят, оны тойымсыздық, ашкөздік жояды; төртіншісі - жақсы тәрбие; оған нашар орта әсер етуі мүмкінбесіншісі-бақыт, ал оны қызғаншақтық бүлдіреді.Тәрбие дәстүрлерін жетік білген Баласағұн мінез-құлық әдептерін жүйелеген. Жүрсін бектер бес нәрседен алыстап, Есі болса, жұрнақ болса намыстан. Ұшқалақтық - бір, екіншісі - сарандық,Үшіншісі - ашу, оған егіз надандық. Қырсығың – сор, бетті жер ғып жүргізер, Бесіншісі - өтірік, жерге кіргізер. Бек бесеуден бойын аулақ ұстасын, Біксін сонда басынан құс ұшпасын.Ең қорлығы – өзімшілдік, сараңдық, көрсетеді: Олар жұқса, ағаны тек қамқорның,- деген үзіндіден адам бойындағы ғұлама көрсеткен адамгершілік, асыл қасиеттер мен атағындық жолға түсірер жағымсыз қылықтарды айқын көреміз. Адал достық пен амал достықтың сипатын былай саралайды.

Екі түрлі достықтың бар есебі,
Сол үшін жұрт табысады, сенеді.
Бір достық бар Тәңірді алған арага,
Болмайды онда қалтарыс та, жала да.
Тағы бірі тек пайда үшін достасар
Мұнда адамдық болмас түбі қоштасар.
Достасыңдар Тәңірді алып ортаға,
Жүгін бөліс, ашуланба, шаршама.
Бұл дүниеде тілеме одан еш пайда,

Алда Құдай берер, кетпес ешқайда.
Егер пайда үшін дос боп табылса,
Ақ жүректі туыс, жолдас, бауыр тұт,
Сопарға сен, болмас қайғы, ауырлық.
Дос, туыс сол қуанышта қуанар,
Қайғы келсе, қасыңда боп уатар.

Ақын жеке тұлғаның мәдениеттілігі оның мінез- құлқынан, іс-әрекетінен, әсіресе тілінен айқын көрініп тұратынын айта келіп:

"Тіл – арыстан есік бақдан ашулы,
Сақ болмасаң, жұтар, ерім, басыңды"…
Ақыл, білім, тілмашы – тіл, бұл келіп,
Жарық тегіп, өлжіретер тіл деп біл.
Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,
Қор қылар тіл, кететұғын бас болар.
«Тілімнен көп жапа шектім, есебім,
Бас кесілмес үшін тілді кесемін.
Сөзіңді бақ, басың кесіп алмасын,
Тіліңді бақ, тісің сынып қалмасын!»
"Тіліңді бақ, басың аман болады,

Сөзді қысқа айт, жасың ұзақ болады",-деп тіл мәдениетін сақтай білмеген адамның қайғылы қасіретке ұшырайтынын ескертеді."Құтты білік" поэмасы түрік тіліндегі энциклопедиялық шығарма болып табылады.Оны жазуда автор саяси еуенді басшылыққа алғандығын аңғару қиын емес. Ол қарахандар әулетіне жоғары дамыған Мавераннахр,Шығыс Түркістан төріңді аудандарды басқарудың жолдарын үйретуге тырысты. Әрине, шығарма тек саяси трактат көлемінде қалып қоймай, орта ғасыр дәуірінің ғылым, мәдениет салаларын да қамтиды.Адам тағдыры, өмірінің мәні, орны мен әлемдегі рөлі жайындағы мәселелер де қаралады.Сонымен бірге, Баласағұн философиялық, шамандық, исламдық дүниетанымда болғандығы мәлім.Философияны поэзия арқылы жеткізу орта ғасырлық шығыстық үрдіс еді. Екінші бір қыры - исламға дейінгі әр түрлі нанымдар.Шығармадан шамандық түсініктер көрінеді. Исламдық идеология да елеулі орын алады. Бұл жайында А. Н. Романов пен С. Н. Иванов: "Жүсіп Баласағұнның "Құтты білік" поэмасы-ең алғаш, ең кене, әсіресе жалпы, мұсылман идеологиясының негізінде, осы идеологияны уағыздаушы ретінде түркі тілінде жазылған шығарма",-деп баға береді. Баласағұн ғибратында суреткерлік, ойшылдық, ғұламалық, философтық қасиеттердің үйлесім табуынан, ғылым даналығының біртұтастығынан көрінеді. Түркі мәдениетінің нәрлі бұлағынан сусындап, мұсылман өркениетінің куатты нәрімен толысқан ойшыл өз шығармасында адамның қоғамдағы орны мен қызметін түсінуге ұмтылып, мінсіз қоғам жайындағы өзінің биік философиялық мұраттарын баяндайды.Жүсіп Баласағұн XI ғасырдағы ұлысты кемелдендіру үшін ең әуелі отбасындағы әдептілік қарым-қатынасты қалыптастыру керек дейді."Әкені сыйламаған ұлдан без, ананы сыйламаған қыздан без" дейді. Әдеп отбасындағы тәрбиенің алтын арқауы екенін айта келіп : "Кісілік қымбат емес, кішілік қымбат, ұлық болсаң кішік бол",-деп түйіндейді.Кісі-кісілік қасиетімен анықталады. Кісілік қасиетті Ұлы Даланың Ұлық ұстаздарының қай-қайсысы да саралап көрсеткен.Соның ішінде ұлт өкілі-Кісі қандай адам болу керек,ол қалай қалыптасып жетіледі дегенге тамаша талдау жасаған ғұлама- Ж.Баласағұнның орны ерекше.Айталық,Ұлы Ұстаз:Кісілік-адамгершіліктің негізгі тұтқасы, адамилықтың биік шыңында тұратын құнды қасиет.Адамды адам етіп құрмет-теудің, бағалаудың белгісі ретіндегі сапалық көрсеткіші,-деп көріп,кісілікке тән сипаттарды былай бөліп көрсетеді: «тіл – адал сөйлеп, шындығын айту; әділет - әділдікті сақтау, ар-намысты қорғау; жомарттық – қайырымды, кеңпейілді, ақжүрек және қол кең болу; қайсарлық – елін-жерін қорғау, жаудан сақтану.» Ж.Баласағұн адамның бойындағы кісілік қасиетін жоғары қоя отырып, кісі ділі, тіні, негізі – кісілігімен ғана Адам деген құрметке ие екендігін ашып көрсетеді: «Кісі екенсің, тінің сенің – кісілік, Кісілерге адамдық от кешіріп... Кісілікпен танытасың затыңды, Кісілікпен шығарасың атыңды. Кісілерді кісі еткен кісілік, Кісілікпен аты шығар кісінің... Кісі ізгісі – қайрымды кең кісі, Ел сарасы, кісіліктің белгісі... Әділдік –құт. Құт құрығы- кішілік. Әділдіктің заты – туған кісілік. *Елдіктің өзегі – білік, кілті – тіл, қадір-қасиеті – кісілік.* Ғұламаның «кісіліктің» мәнін ашып көрсету бойынша айтқан даналық тағлымдары тым терең,әрі құнды.Текті жанды –Кісілікке жеткізу үшін - кісіліктің өлшемі ретінде *Ж.Баласағұн ілімі* бағалануы тиіс. Адам баласының адамгершілік қарым- қатынасындағы атаға, руға, ұлтқа бөліп, адамдық асыл сезімдерге жол бермей, күндестік, бақталастық, дүние таластықты тудыруға, әдепті бұзып, адамгершілікке қиянат көрсетіп, қылмыс жасау текті сыйламаудан, адамдық қасиеттерді қастерлемеуден туындайды Ж.Баласағұн *тектілікті тұқым қуалаушылық шеңберінен шығарып, адамгершілік асыл қасиет деңгейіне к* өтереді. Онтектіліктің тұқым қуалау арқылы да адамның бойына тарайтынын жоққа шығармайды. Оны мына ой-пікірлері дәлелдейді: Елік ойын мәтелдеді, балады: «Текті ердің текті ұрпағы қалады!»... Тегі жақсы болса, жақсы адам да Жақсыларды құрмет тұтар әмәнда. Ғұламаның *данышпандығы тектілікті тәрбие арқылы қалыптастыруға болатын тұлғалық сапа ретінде анықтауы* болып табылады. Оның негізгі мәні – «әкеңді сыйласаң, атаңды құрметтей білесің, бабаңды қастерлеп, бабаның өнегесін орындайсың да, еліңе



елеулі, халқыңа қалаулы, бүкіл адам баласына лайықты әрекеті мен әдептілігі бар жан екендігіңді танытасың» деген ой-түйін: Текті атаның баласы туыс іздейді, Тексіз атаның баласы ұрыс іздейді. Асыл болса кімнің ата-тегі егер, Одан елге пайда тиер, сене бер! Тәрбиенің жетекші роліне сүйене отырып, тек - адамдық қасиет, өйткені әрбір тұлғаның тегі – Адам, сондықтан оны тұлғаның бойында қалыптастыруға болады деген тұжырым жасайды: «Бектер сөзі тілді буып алмасын,Текті сөздің тек әділін арнасын... Ізгі іс істесең – текті тірлік сүргенің, Жауыздығың - көрге тірі кіргенің.» Ж.Баласағұнидің тәрбиелеу ілімінде адамгершіліктің асыл сапалары, негізгі өлшемдері болып табылатын қайырымдылық, кішіпейілділік, жомарттық, әдептілік, сыпайылық, сабырлылық, инабаттылық, имандылық, достық, жолдастық сияқты қасиеттердің мән-мағынасы айқындалып, оларды дұрыс ұйымдас тырылған тәрбие арқылы кісі бойында қалыптастыруға болатындығы айтылады. Ғұламаның ойынша, тұлғаның рухани дамуы оның бойындағы жақсы және жаман қасиеттердің бірін-бірі жоққа шығаруы арқасында мүмкін болады. Мәселен, надандықты парасаттылық, күншілдікті достық, жауыздықты қайырымдылық, сараңдықты жомарттық жойып, адамгершілігі мол, рухани дүниесі бай жетілген тұлғаны тәрбиелеуте мүмкіндік береді



## 1.4§ Адамтанудың соны жолын тапқан Ахмет Ясауи

Ислам дінін түркілер арасында ендіру өте қиынға соққан, себебі ислам діні келгенге дейін түркі дүниесінде өзіндік ата-бабадан мұра болып қалыптасып қалған салт-дәстүр, әдет-ғұрып ұшан теңіз еді. Оның үстіне көптеген басқа діндерде кірісіп қанатын кең жайған болатын. Солардың бәрін жеңіп олардың ішіндегілерді қажетінше пайдаланып қолдануы үшін өзіндік ерекше қағида жасауға тура келді. Мұндай қағида жасап шығу үшін, бұрынғы қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып, басқа дін қағидаларын жақсы жете білуі керек еді. Оны білмей тұрып жаңа ислам дін қағидасын қалыптастыру мүлдем мүмкін емес болатын. Міне солардың бәрін електен өткізіп бір жүйеге түсіріп халыққа пайдалануға өз тілінде сайратып алып келгеннен кейін жаңа түрдегі ислам дінін қабылдау қиынға соққан жоқ. Бірақ мұны жасап шығу үшін Ясауи талай тер төкті. Сол үшін өмірін сарп етті. Соңында жер астына тірідей түсті.Адамтанудағы Ясауи ілімі тым терең болғандықтан оны жіктеп қарастыру ләзім. Қожа Ахмет Ясауидің дүниетанымдық негіздерінің жеті принципі. 1Алланы сүю /Тәңірге ғашықтық/.2.Ықылас пен шын жүректілік.3. Адам сүйіспеншілігі.4. Білім.5. Асқа құрмет.6. Әйел-еркек жұптылығы.7. Жақсы көру /дінге, тілге, ұлтқа, жынысқа бөлмей/.

**Алланы сүю** /Тәңірге ғашықтық/.Ахмет Ясауи хикмет-терінің негізгі сарыны осы Алланы сүюге бағытталған. Себебі бұл сопылық ағым Аллаға қауышудың бірден-бір жолы болып табылады. Аллаға махаббатпен тек оны сүю, оған ғашық болу арқылы ұласу мүмкін, Аллаға махаббатпен ұласу,жақындау дегеніміз, «Махаббаты жоқтың дініде, иманы да жоқ...» деген ұғымды меңзейді. Иман туралы Ясауи хикметтеріндетөмендегідей жазып кеткен.«Тән сөйлемес, жан сөйлемес, иман сөйлер»Яғни Ясауи «Иманды» сөйлеткен, ғашықтық жайында мына шумақтардан оқуға болады. Ғашықтық жолында күндіз-түні жылағандар,Жаннан безіп белін бекем байлағандар. Қызмет етіп Хақ сырын ұғынған-дар,Түн ұйқыны арам қылып налан болар.Осылай ғашықтар туралы жырлаған, ғашықтық жолының ауыр, қиын екендігін жасырмай баса айтқан. Соған шыдағандар ғана Алла дидарын көре алады, онымен қауышады. Болмаса жарым жолда жете алмай қалады, сол үшін бұл жолға түссең бәріне көнуің керек. Егер бұларға көнбесең, иланбасаң бұл жолға қадам баспа деп ескерткен. Сопылықтың негізгі мақсаты ғашықтық жолына түсу, Алламен қауышу, бірігу. Яғни Алланы сүйе білу үшін, оған махаббаты, ғашықтығы болуы керек. Ал бұл дәрежеге жету үшін, тек сопылық жолға түсуі қажет. Сопылықтың не екендігін Мұхаммед /с.ғ.с/ пайғамбарымыз жәбірейіл оқиғасында анықтап түсіндіріп берген. Онда мұсылмандық үш сатыдан, ислам, иман, ихсаннан тұрады. Мұндағы ислам дегеніміз – діннің сыртқы жағы, иман – ішкі жағы, ихсан – ақиқаты. Бұлар сопылық анықтамалар. Құран мен хадисте намаз сөзінің кездеспей, оның орнына «салат» сөзінің болуы сияқты исламның алғашқы дәуірлерінде де сопы

/тасауф/ сөзі болмаған еді. Ол дәуірлерде сопылықты білдіретін «ихсан» сөзі болатын. Сонымен «ихсан» /сопылық/ ақиқатқа жету жолы болып табылады. Сопылық жолға түсіп тәңірге жақын болу туралы Ясауи өз хикметтерінде төмен-дегідей жырлап өткен. «Қайда жүрсең көңіл жұмсақ сыпайы болғын,Көре қалсаң мүсәпірді сырлас болғын.Махшар күні тәңірге жақын болғын,Менменсіген хапайықтан қаштым міне. Мәдинеге Расул барып, болды ғаріп,Ғаріптікте азап тартып, сүйді жанып.Жапа тартып, жаратқанға келгені анық,Ғаріп болып ауыр жолды бастым міне.Ғашық есігін мәулім ашты, маған сыйлы,Топырақ қылып әзір бол деп мойынымды иді.Қара нөсер қарғыс оғы келіп тиді,Найза алып жүрек бауырым сұқтым міне.Ділім Жаным құрбан, аямаймын жоқ дүр малым,Хақтан қорқып отқа түспей күйдім міне.»Міне осын-дай сарынмен «Хикметтер» тереңдеп кете береді. Мұндағы негізгі мақсат Алланы сүю, оған шын ғашық болу. Бұл ғашық-тық Мұхаммад /с.ғ.с/ пайғамбардан мирас болып қалғанды-ғында жасырмай баса айтады. Оның керген қиыншылық-тарын, ғашықтық жолында тартқан тауқыметін де жырлайды. Яғни Алланың жолына түсу, оны сүю, оған мінсіз ғашық болу оңай іс емес, әркімнің қолынан келе бермейтіндігін ескертеді. Сонда да болса соған ұмтылуға, жол көрсетуге әрекет жасайды. Аллаға ғашық болу, оны сүю ханға да қараға да бірдей екендігін, Алла алдында кім болса да тең дәрежелі болатын-дығын ашық айтып отырған.

**Ықылас пен шын жүректілік** Ықылас тек Алланың ризашылығы үшін құлшылық ету, «өзімен сөзі» бір болу, екіжүзділік риякерліктен қашуды «ықылас» дейді.Дін Алла үшін, тек Алла үшін мұндай Алла үшін құлшылық етудің аты, «ықылас», яғни, шын берілу, адалдық шын жүректілік «өзі мен сөзі» бір жерден шығатын, риякерліктен аулақ жүретін, екіжүзділікті қару етпейтін. Дінді кейбіреулер өз дәрежесін, мансабын көтеру жолында, көрініс үшін қолданады. Аллаға көзбояушылықпен жалған құлшылық жасайды. Мұндай діндарлықты, риякерлікті, басқаша айтқанда «ширк» дейді. Ол Аллаға ортақ қосу, одан басқа да табынатын, сиынатын Тәңір жасау деген сөз. Оның соңы күпірлікке дейін жалғасуы мүмкін.Дін жолына, тек қана адамдардан мал-мүлік алып, баю үшін, жоғарғы дәрежелі мансаптыққа көтерілу мақсатынмен өткендер бұл фаниде мұраттарына жетулері мүмкін, бірақ о дүниеден алар несібесі жоқ. Ахмет Ясауи бұған көп көңіл бөлген. Ол жаманнан қашуды, оның орнына ықылас, шын жүректі болуға шақырады. Ықыласты болған мұсылман, Алла жолында әрқашан таза, кіршіксіз қызмет етеді. Мұндай дін *жолындагы момын Алланы шын журегімен сүйеді. Бұл туралы өз «Хикметтерінде» көптеп жырлаган. Ол іші адал, кіршіксіз таза болмаган, көзіне жасы ақпаган, халыққа дәруіштік, діндарлықпен танылгандардың соңгы демдерінде риямен шіріген имандарының жоқ болатындыгы жайында көп айтады. Өзінің кейбір байқаусызда өткізіп алган күналарында жасырмаган, сол күналарды жою үшін жақсыларды іздегендігінде жырлаган. Ягни Аллага құлшылық еткенде мұсылманның бес тұтқасын, парызын кіршіксіз орындауга тырысқан, әрі басқаларды да соган шақырган.*

*Адам сүйіспеншілігі.Бірінші сүю, Аллага махаббат болса, екінші сүю Алланың сүйіп жаратқан құлы адамга деген махаббат, сүйіспеншілік. Себебі адам бүкіл он сегіз мың галамдагы жаратылгандардың ішіндегі ең құрметтісі, мәртебесі жогарысы. Өйткені адам «болмыстың өзі, дәні», адамның дертін бөлісу, аяушылық ету, жәрдедесу, көмектесу, қол ұшын беру оган деген махаббатты, сүйіспеншілікті білдіреді. Бұл исламның дәл өзі. Исламда бір-біріне қол ұшын беру, көмектесу, жәрдесмдесу мәселелері туралы құранда көптеп келтірілген. Оның ішінде әсіресе, жетім-жесірлерге, кедей кепшіктерге, жалгызбастыларга, гариптерге, пақыр міскіндерге, т.б. өмір сүруге мұқтажды болган адамдарга жәрдемдесу исламның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл туралы мұхаммед /с.г.с./ пайгамбарымызда, Қожа Ахмет Ясауи т.б. ислам әлемінің гұламалары жырлап өткен. Ясауи өз хикметтерінде Мұхаммед /с.г.с/ пайгамбарды өзіне пір тұтып, оган өзінің үмбет екендігін және де оның айтқан сөздерімен істеген істерін бұлжытпай орындауга угызлайды. Гаріп, пақыр, жетімдерді сүюді Мұхаммад /с.г.с/*



*пайгамбардың мұра етіп қалдыргандыгын үздіксіз жырлап отырады. Оган үмбет болсаң, жолын қуушы екенсің, сенде гаріп, пақыр жетімдерді сүйе біл, сол сияқты, таза, кіршіксіз мөлдір бол, махаббатында күмән болмасын деп үйретеді. Бұл үшін аят, хадистерде айтқандарга көбірек құлақ сал дейді. Тагдырдың басқа салганына қанагат ет, берген ырзыққа риза бол деп угыздайды. Мұхаммад /с.г.с/ пайгамбардың ең құдіретті кеші Миграж түні болса, сол миграждан қайтіп келгеннен соң да гаріп, пақыр, жетімдердің хал жагдайларын сұрагандыгын жыр етеді. Ягни Мұхаммад /с.г.с/ пайгам-барымыздың адамга деген сүйіспеншілігінің, махаббатының шексіз кіршіксіз таза екендігін білдіреді.*

*Жалаңаштар мен аштарга қанагат болган Мұхаммед,*
*Кемтарлық көрген үмбетке шапагат болган Мұхаммед.*
*Түнде жатып көз ілмей тілейтұгын Мұхаммед,*
*Гариппенен жетімге құрмет қылган Мұхаммед.*
*Гарсы-күрсі базарына қамқор болган Мұхаммед.*
*Сегіз пейіш бәріне ие болган Мұхаммед.*
*Жетім, пақыр, гарінке пана болган Мұхаммед.*

*Осылай Мұхаммед /с.г.с/ пайгамбардың адамдарды қалай сүйетіндігін жырлай отырып оның сөзіменен ісін өзіне жол бастаушы мұра еткен. Оның соншалықты ұлы тұлга бола тұрып, гарсы-күрсіні аралап, сегіз пейіштің есігін ашып Алла дидарын көріп қайтқан миграж кешінің өзінде, мен-менсінбей келісімен гаріп, пақыр, жетімдердің жагдайын сұрап білген-дерін паш етеді. Оны өзіне сабақ тұтады, менде сондай бол-сам екен деп армандайды. Ягни Қожа Ахмет Ясауи адамды сүюде оган махаббатта болуда, Мұхаммед /с.г.с/ пайгамбарга ұқсасам екен деп армандаган және келешек ұрпаққа соны өсиет еткен.*

*4.Ясауидің білім туралы түсінігі.Жогарыде айтып өткен- дей, сопылық жолга түсу үшін үлкен-үлкен төрт мақамды басып өту керек. Міне осы төрт мақамнан, тагы да он-оннан мақамы бар. Әуелгі төртеуін шаригат, тариқат, магрифат және ақиқат мақамы деп айтады. Осы төрт мақамының біріншісін алып қарайтын болсақ, шаригат мақамы, ол тагы да он мақам-га бөлінеді дедік, сол он мақамды қарастырып шыгайық.*

*1. Әуелі иман келтірмек, Хақ тагаланың бірлігіне, барлыгына, сипатына және затына.2. Екінші - намаз оқымақ тұрар.3. Үшінші - ораза тұтпақ тұрар.4. Төртінші - Зекет бермек тұрар.5. Бесінші - хаж тәуап қылмақ тұрар.6. Алтыншы - мүлайім /сыпайы/ сөйлемек тұрар.7. Жетінші - Гылым /білім/ үйренбек тұрар.8. Сегізінші – Хазірет Расул сәлләллаһу тагала әлейһи уәссаләмнің сүннеттерін мүлтіксіз орындамақ тұрар. /Құран және хадис/.9. Тогызыншы - Әмірі магруфты мүлтіксіз орындамақ тұрар /шаригат қагидаларын насихаттау/. 10. Оныншы – Нәһи мүнкәр қылмақ тұрар. /жаман істерден қайтару/.Сонымен жогарыдагы он мақамнан көрініп тұргандай, «Білім «шаригаттың ең негізгі қагидаларының, мақамының бірі болып тұр, ягни жетіншісі, білім адамдарды ақиқатқа жетелеуші және жаратыл-гандардың Жаратушысын тану жолы болып табылады. Міне осындай кәусар бұлақтан сусындаган Қожа Ахмет Ясауи де өз «Хикметтерінде» білім, гылым туралы жырлап өткен. Ягни ол галым болу оңай емес, ол жолга түскен адам, көп қасірет шегеді, соган шыдасаң гана түс, болмаса гылымды, білімді мазақ етпе дейді. Егер осы қиын жолдарды басып өте алсаң гылым, білім шыңына шыга аласың, хақ тагалага жақын боласың деп ескертеді. Алла жолындагы білімге қадам басу, күйіп жанып шоқ басумен тең, Хақ зікірі тек қана жанменділде айтылатындыгын еске салып отырады. Мүриттеріне, Хақ жолына түсу үшін ұстаздарына, пірлеріне адал қызмет ету керек екендігін ерекше түсіндіріп өтеді.* .

*Көшпелі түркі қауымын имандылыққа шақыру арқылы Қожа Ахмет Яссауи ілімі барша түркі халықтары мәдениетіне үлкен өзгеріс енгізді. Дәстүрлі түркілік*

дүниетанымның негізі сыршылдық (мистика) дін екендігін ескерсек, сопылық танымның түркі мұсылмандығының ең маңызды ерекшелігін қалыптастырудағы себептерін ұғыну қиын емес. Бұл құбылыстың табиғилығын дін феноменолы тұрғысынан қарасақ,діндердің таралуындағы ескі ұстанымдардың толығымен жойылмайтынын, жаңалары сол құндылықтар, түсінік, ұғымдар негізінде өз орнын табатынын көруге болады. Көбінесе діндерде ескі ұстанымдар мистикалық институттармен тұтасып, "халық діндарлығы" түрінде тіршілігін жалғастырады. Бұл құбылыстың көрінісін Қожа Ахмет Ясауидың сопылық-моральдық ілімінен көруге болады. Оның "құрма" символизмі арқылы Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға байлануы, осы құбылысқа Арыстан бабтың "себеп" болуы, өмірін пайғамбар өміріне ұқсатуға тырысуы, пайғамбарға ұқсаудың ишараты ретінде ұлынын атын Ибраһим қоюы, пайғамбар жасына келгенде тірідей "жерасты мешітіне", яғни қылуетке түсуі, осының бәрі оның іліміндегі көшпелі түркілерге исламды таратудағы маңызды әдістемелік, құбылыстық ерекшелік әрі жаңалық болып табылады. Жетілген адам болмысының таза рухани-моралдік жағынан толыққандығының өзіндік бір үлгісін жасап шығарған оның ілімінде, мистикалық бейнелер мен қоғамдық өмірдің шынайы бейнелері қатыстырылып, өзіндік бір талғау мен шыңдалу, салыстыру мен ұмтылдыру сияқты стимулдарға айналған деуге де болады. Бірақ тұлға аскеттік өмір стилінде болған жағдайда ғана өзіндік бір жаңа руханияттық өрлеу сатысына көтеріледі, ол психологиялық, философиялық, педагогикалық арналар арқылы өзінің бағдарын айқындап алатындығы туралы айтылады. Нәтижесінде, діни ғашықтық сезім адамды кемелдендіруге алып келетін негізгі қозғаушы күш болып саналады. Көшпелі мәдени құндылықтарды сақтап, оның тіршілік етуін қамтамасыз еткен, "білектің күші, найзаның ұшымен" қорған болғандар - сол қоғамның төл перзенттері-алыптар. Сондықтан қуат пен құдіретті айшықтайтын бұл батырлық, ерлік, алыптық сияқты құндылықтар көшпелі адамдар үшін мақсат, үлкен мұрат болатын. "Қорқыт Ата" кітабындағы Байындыр Хан, Қазан Хан, Бамсы Байрақ,, Боғаш Хандардың әрбірі алып тұлға, батыр, ер. Өйткені қоғамның мұрат еткен адамы осындай болу керек.Ал Ясауидің қоғамға қабылдатуды мақсат еткен идеал адам типі -кемел адам, яғни сопы, дәруіш. Қорқыт Ата дүниетанымы бойынша әрбір адам батыр, ер болуға ұмтылуы тиіс болса, Ясауиде барлық адам "кемел адам" болуға ұмтылуы керек. Көшпелі мәдениеттегі ең негізгі құндылық болып табылатын батырлық, ерлік, алыптық ұғымы ислам мәдениетінде де дәріптелетін, мұрат болып саналатын басты құндылықтар. Дегенмен, Ясауи сопылық ілімі арқылы батырлықтың білекте емес, жүректе екендігін, адамдық мәннің сыры оның рухы арқылы ашылатындығын басты тұғыр қылып көрсетті. Осының негізінде батырлық, ерлік, алыптық ұғымы мазмұны жағынан тереңдетіліп, толықтырылды. Көшпелі мәдениеттегі негізгі күш материалды қуат, батырлық, білектілік ретінде дәріптеліп, "қанша батыр болса да, жауға салма жалғызды, қанша шешен болса да, дауға салма малсызды" деген қағида бойынша шектеліп, таразыланып қойылатын болса, ал Ясауи ілімінде батырлық жүректе, ал жүрек болса, шексіздікті-Тәңірді де сыйдыраалатын адамдағы ең асыл жауһар (субстанция) болып дәріптелген. Бұрын "көп қорқытатын" болса, енді ол жүректіліікпен, яғни Құрандық аяттармен азықтанған ар тазалығымен тереңдікке жетіп,Абайша айтқанда "мыңмен жалғыз алысатын" дәрежеге, рухани кемелдікке көтеріледі.Өзінің орнын анықтау үшін қоғамға тайсалмай кіріп, етене араласа алады. Яғни "өзіндік менін" "қоғамдық менмен" үйлестіре алады, диалог-сұхбатқа түседі. Еркін сұхбатқа түсу үшін алдымен рухтың тазалығы, сенім,жауапкершілік сезімі қалыптасуы керек. Өйткені адамның бойындағы сезім, қорқыныш, үрей,жауапкершіліктен қашу сияқты психологиялық хәлдерді реттеп отыратын күш - иман нұры болып табылады.Ясауи кемел адам



типін мақсат еткен ілімін қоғамға мойындату,қабылдату үшін дәстүрлі түркілік дүниетанымдық ұстындарға жүгінеді. Бұл ұстындар көшпелі мәдениеттің төңірегінде қалыптасқан түсініктер, категориялар, құбылыстар, ұғымдар екені анық. Көшпелі адам үшін табиғаттың барлық элементтері ерекше мән мен киелиліктің объектісі ретінде көрінетін болса, Ясауи ілімі сол мән мен киелиліктің объектісі ретінде адамды көрсетіп, табиғаттың адам игілігі үшін Тәңір тарапынан жаратылғандығын, барлық әлемнің адамға сәжде етіп тұрғандығын уағыздайды. Барлық жаратылғандардың жаратылыс мақсаты - адам және оның игілігін қамтамасыз ету.Ясауи ілімінде табиғат өзінің жаратылыс мақсаты мен мәнін толық біледі, сезінеді. Табиғатқа бұл қызметті Тәңір бергендіктен, оның еркі Тәңірде. Ал адамның еркі өзінде, сол ерікті қалай қолданғанына байланысты Тәңір алдында жауапқа тартылады. Ясауи ілімі - сол ерікті қалай қолдансақ адамдық мәнге жетеміз, Тәңірге лайықты құл боламыз деген сұраққа жауап іздеу жолы, адамдық мәннің ақиқатын табу, өзін-өзі тану жолы [1]. Ясауи ілімі адамның ішкі тыныштыққа жетуі арқылы қоғамда бірлік пен тыныштық орнатуды, адамды іштей бөліну мен ыдырау психологиясынан арылтуды мақсат етеді. Ясауи адамның ішкі әлеміндегі ыдырауды реттеуге ықпал ететін күшті уағыздайды, ол - Тәңірге деген махаббат. Ясауиде адамға жөн сілтер, жол көрсетуші серігі - ақыл (басираткөңілдің көзі). Адам ақылы арқасында періштеден де үстем тұрады. Ақыл -адамның өзін-өзі тануына ықпал ететін Тәңір тарапынан берілген қуат. Адам өзін-өзі тану арқылы менмендік, көкшілдік,ашу, өтірік, жамандық, құмарлық сияқты адамның ішкі әлемін балталайтын пессимистік психологиядан арылады. Ясауи адамды имандылық, тобашылдық, қанағат, махаббат, сабыр, игілік, жомарттық, шыншылдық, әділет, қарапайымдылық, өзара сүйіспеншілік және құрмет сияқты сезімдерді байытуға үндейді. Ясауи ілімінде адамның кемелдікке жетуі теориялық (шариғат) және практикалық (тариқат) таныммен қаруланып қана қоймай, оны өзінің хәлі арқылы рухында сезініп, жүзеге асыруы шарт. Яғни, таным "суық теория" мен "құрғақ практика" шеңберінде қалып қоймауы керек. Ясауи ілімінде теория-"қал (сөз)", практика да "хәл (іс)" өзара тұтастықта болғанда ғана толық мәнге ие болады. Сондықтан да Тәңірге махаббат арқылы ұмтылу шарт. Ясауи иманды әл-Фараби сияқты рационализациялау арқылы емес, хәл ілімінің табиғатына сай "өз рухында сомдау" арқылы күшейтуге болатындығын айтады [2]. Ясауиде қоғамдағы моральдық-этикалық нормалардың бұзылуы иманның әлсіздігі мен нәпсінің үстемдігінің көрінісі болса, ал, оны қалпына келтірудің негізгі жолы-махаббат. "Ғашықсыздың иманы да, жаны да жоқ, ол-хайуан", - деген Ясауи, әл-Фараби сияқты иманды философиялық жолмен түсіндіру арқылы емес, тікелей сопылық құндылықтармен рухты тәрбиелеу арқылы иман нұрымен ақиқатқа жетелеу керектігін уағыздайды. Ясауидің дүниетанымдық концепциясының теориялық негізін шариғат пен мағрифат құраса, ал практикалық негізін тариқат белгілейді. Сонымен Қорқыт Ата мен Әзіреті Ясауи -түркілік дүниетанымның бірін-бірі толықтырып тұратын екі кезеңнің өкілдері. Ал Ясауидің уақытында өркениеттің түлеу процесі нәтижесінде бұрынғы құндылықтар мен ұстындар шайқалған. Қоғамдағы осындай әртүрлі келеңсіздіктер мен хаостың орнын толтырып, реттеу үшін Ясауи өзінің төл ілімін ұсынған. Ахмет Ясауидің моральдік этикалық көзқарасына діни-философиялық сараптама жасау, оның қазіргі таңда жас ұрпаққа беретін пайдасын және ислам сопылығына қосатын үлесін анықтау, сонымен қатар оны тәрбие беру ісінде қолдануды мақсат ету. Себебі, сопылық жол адамды жоғары моральдық–этикалық құндылықтарды өз бойына қалыптастыруды басты мақсат етіп қояды.

*1.5§ Адамтанудағы Қ.Абай (1845-1904) ілімі.*



*Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек – үшеуінен тұратын Абайдың толық адам танымы Аристотель, Әл-Фараби негіздеген ақыл, жан, тәннен тұратын адам болмысын ойға оралтады. Адам болмысын осы үшеуінсіз я үшеуінің бірінсіз елестету мүмкін емес. Тән Абайдың өзі жазғандай, жанға баспана болу үшін қажет, тәнсіз жан өзінің жасампаздық қызметін атқара алмай қалады. Ал жаны бар тән, дене әлі адам емес, жан-жануар, жәндіктер деңгейіндегі болмыс қана. Жан мен тәнге ақыл қосылғанда ғана адам болмысы пайда болады. Яғни ақыл, қайрат, жүрек немесе ақыл, жан, тән – үшеуімен адам болмысы түгел, толық болады. Тәні мен жаны бар айуаннан адамды биік ететін – ақылы. Сөйтіп Абай өз өлеңдері мен қарасөздерін көп ізденіп, көп толғанып, байырғы төркінінен тартып ойлы, тамырлы, терең туынды етіп жазған. Нәтижесінде толық адам, жәуәнмәртлік, иманигүл танымдарын жарыққа шығарды.Абай да-этикалық мәселені, мораль философиясын тереңдеп сөз еткен ғалым, ойшыл, ақын. М.Әуезовтің «Ол адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қойды» деген ойы ақын танымын терең танудан туған. Абай үшін ақындық мұрат емес, оның ақындығы - адамгершілік танымының құралы ғана. Ол белгілі бір адамгершілік қасиеттерді іш тартып қана қоймай, сонымен бірге адамгершіліктің, адам болу мен кісіліктің өзі тапқан қалыбын, жүйесі мен жолын жасайды. Адам тану мен адамгершіліктің мәніне, сырына үңіле түседі. Қайтсем адам атын асқақ, асыл етем деп шарқ ұрады. Жалпы, діни-философиялық ойдың даму тарихында «адам» ұғымының алатын орны орасан десек те, оны белгілі бір жүйеге түсіріп, тиянақты түсіндіруге көш басы болған философ - Сократ. Абайдың толық адам танымы туралы сол Сократтан басталатын Платон, Плотиндердегі сүюді сүйеніш, тірек еткен адам, қытайлардың дао іліміндегі әбден жетілген адам шығыс ойшылдары мен суфизмдегі камили инсан мен бенделіктің кәмалаттығына ұмтылған адам және Ирандағы жәуанмәртілікпен сабақтасып, туыстасып жатады. Абайдағы адамшылық мәселесі құбылыс ретінде толық адам арқылы көрініп, ең түпкі мәні махаббат пен әділет, ізгілікке дейін дамып, ұштала түседі. Абайда толық адамның мәні мен негізіне үңілген белгілі бір жүйе бар. Сол жүйені мынадай күйде көруге болады:а) толық адам: ақыл, қайрат, жүрек; ә) ақыл, жүрек; б) жәуанмәртілік: ақыл, рақым, әділет; в) жүрек: әділет, рақым, мейірім,сүю, т.б. г) әділет; д) сүю;е) ізгілік, қайырымдылық, бақыт. Абайдың адам болу жайындағы жүйелі танымы «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінен басталады. «Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек, Өнерсіздің қылығы әле көрмек.Шыға ойламай, шығындап қылық қылмай Еріншек өздігінен көпке көнбек.» Ақынның сөз қолданысында «Ер» сөзі көбінесе кісілікті кісі бейнесінде келеді. Ал кісілікті кісі ақын армандаған толық адам ұғымымен төркіндес. Осы бір ғана шумақта кісілікті кісінің әдемі-ақ бейнесі берілген. Әрбір сөзді ерекше електен өткізіп барып айтатын ақынның «бойды жеңбек» тіркесінің мән-жайы орта ғасырдағы шығыс ойшылдары мен ақындарында молынан сөз болған. Олардың ойынша, адам болудың жолына түскен кісі ең алдымен тәндік тілегін тежеп, жанының зиянды құмарын шектей білуі керек. Абай «бойды жеңбек» деп осыны айтып отыр. Ақын өлеңіндегі «көпке көнбек» сөзінің де тарата түсуді тілейтін төркіні бар. Ол көпті көбінесе тобыр, ақылсыз, надан кейпінде суреттейді. Керісінше, жеке адамның көш бастаушы көсемдігіне ерекше көңіл бөледі. Әл-Фараби де жеке адамның, бас әкімнің тұлғасына назарын көбірек аударып, олардың адамгершілігі мен білімділігі қоғамда қайырымдылықты жүзеге асырудың негізгі шарты деп білген. Мұндай таным Жүсіп Баласағұнда да бар. Абай - осы танымен жете таныс ақын. Оның ойынша, әрбір адам өзін тану арқылы үнемі адамдығын*



*жетілдіру жолында жүрмек. Ал «бар ақылы көзінде тұратын» ақымақтың тірлігі - өмір арнасында ақылсыз, ойсыз аға беру, өлгенше «көкірек көзі ашылмай» қалғып өту. Ақын өлеңдері мен қарасөздерінде таным жайын көп айтады. «Шыға ойламай, шығындап қылық қылмай» жүрген надандардан кісінің мәртебесін артық ететін де - осы таным мәселесі.Абай үнемі ебін тауып кісінің адамгершілігін ұштай түсумен болады.Адамзат тірілікті дәулет білмек,Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек.Ақынның өзі айтқандай, адамда екі түрлі қуат бар: жан қуатымен ақыл таппақ та, тән қуатымен мал таппақ, еңбек етпек. Ақын екеуінің де адалдықпен болғанын қалайды. Және осы ойының жүйелі түрде қалыптасқан таным екенін кейінгі өлеңдерінде сапалы өсудегі қайталауымен дәлелдеп отырады. Ақын толық адам туралы танымын өмірінің соңына дейін алып барады. 1902 жылы жазылған «Тоты құс түсті көбелек» атты мәні терең өлеңінде тағы да осы үш қасиеттің тұтастығын танығандай боламыз: Адамзатқа не керек:Сүймек, сезбек, кейімек. Харекет қылмақ, жүгірмек, Ақылмен ойлап сөйлемек.Ақын шығармаларымен біршама таныс оқырман екінші жолдан жүректі, үшінші жолдан қайратты, соңғы жолдан, өзі де айтып тұрғандай, ақылды оп-оңай аңғара алады. Адамзат үшін қажет үш қасиеттің осы шумақтағы бөлінбес бірлігін кездейсоқ құбылыс дей алмаймыз. Абай адам бойындағы барлық асыл қасиеттер мен қабілеттерді бір орталыққа біріктіріп, оларды өзі таныған үш қасиет арқылы толық адам бойына жинақтайды. Ақыл,қайрат, жүрек үшеуінің «бір кеудеден табылып,одан толық адам туатын танымы - ұлы ақынның зор табысы. Абай айтады, осы айтылған қасиеттері болған соң, оның «аты адам болады», яғни, жақсы адам атанады. Бірақ ол қандай істерімен жақсы атанбақ, олар: «Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық...» (2-т., 190-б.). Жақсы адамның алдында үнемі осындай үш мәселе болмақ, солардың нәтижесінде оның адамдығы айқындалмақ, яғни, жақсы адам атанбақ. Енді осы адамды жақсы кісі атандыратын үш мәселеге қысқаша тоқталайық.Сөз алдымен, Алла тағаланы танымақтық туралы. Алланы тану оған тек сену емес. Алланы тану оның кереметтерін тану, оны Жаратушы деп түсіну, мойындау. Жаратушыны танып-білуге тура жол жоқ, оны біз тек қана өз құдіретімен жаратқандары арқылы білмекпіз. Жаратушы не жаратты? Бар болмыстың бәрі Жаратушының кереметтері, яғни, Жаратушыны тану деген сөз – бүкіл жаратылысты тануға талпыныс. Жаратушы идеясын мойындаған адамның жаратылысты тану арқылы Алланы танымақтығы айқын. Бұл – Алла тағаланы танымаққа бастайтын жол, ғылым жолы. Адамның «өзін танымақ» дегенге келсек, бұл мәселе төңірегінде психология, философия ғылымдарында көптеген теория, концепциялар бар. Адам өзін қалай танымақ, әрине, өзгелер арқылы. Демек, бұл адамтану ілімінің өзекті саласы. Бұл арнайы білім саласы.Себебі,Алла Тағала он сегіз мың ғаламның әр бөлшегін жаратқанда оған өз білімін сіңірді және,ақыл-ойын сиғызды.Осы Жаратушының ақыл-ойы, білімін пенде аян арқылы ала ма, «көкірек көзі» арқылы тани ма, оқып біле ме, әйтеуір, алуы тиіс,әрі ол іс оның өз қалауы.Бұл әрекетсіз Алланы танымақ жоқ.«Дүниені танымақ» деген мәселе дүниетаным деген ұғымды білдіреді. Философияның басты қызметінің бірі осы дүниетаным. Абай оны өлеңдерінде «дүние көркі» деп те атайды. Дүниенің көркін сезіну, білу, тану адамның өзіне нұр, көрік беретін қуат. Абай айтқан адамның асыл қасиеттерінің бірі – нұрлы ақыл да осыдан шықпақ. Ақылдың нұрлы болуы мақсатында атқарылатын іс –дүниені танымақтық.Абай діни қағидалар шеңберінде қалмаған ойшыл. Діндегі сөзді ғана қайталап айтып отырса, ол хакім бола ма? Абайдың хакімдігі сонда, ол әр істің басталуымен себебін іздеуші. Сондықтан, ол «ақыл сенбей сенбеңіз», – деп өзі айтқандай, не істі болмасын сау ақылға салады. Ақын Алланың өзіне де, сөзіне де күмән келтірмейді.*

*Мәселе, Алланың өзі кім, сөзі не, соны тану керек. Алланы танудың қиыншылығын, ол «Алла деген сөз жеңіл» деген өлеңінде ашық айтқан. Алланы сөзбен, ақылмен емес, жүрекпен сезу қажет, оның барлығын тану сезім арқылы болмақ. Және де Абай айтады, Алланың өзі бар, ол да рас, сонымен бірге, адамның сөзі бар, бірақ оның растығында үнемі күмән бар. Неге олай? Жауапты тағы да отыз сегізінші сөзден табамыз. Абай айтады: «Алланың сөзі – қаріпсіз, дауыссыз» (2-т., 193-б). Керемет шындық. Пайғамбарымыз біздің түсінігімізде сауатсыз болған. Ол қаріп танымаған. Пайғамбарымызға Жаратушыдан аят аян түрінде келген. Пайғамбар білімі – аян білімі, біздің білім – қаріп арқылы болатын білім. Абай «Әуелі аят, хәдис – сөздің басы» дейді. Аят-дүние көркі туралы сана. Аят сөз басы, бірақ ол адамның ойынан туған дүние емес, Мұхаммед пайғамбарымызға өлең кейпінде түскен аян. Рас, Мұхаммед харіп танымаған. Біз әдетте харіп танымаған адамдарды сауатсыз дейміз. Бұл біздің қалыпты жағдайдағы қолданылатын түсінігіміз. Білім адамға харіптерді тану, яғни, оқу жүйесі арқылы беріледі, бұл дәстүрлі жағдай. Сонымен бірге адамға білімнің харіпсіз (әріпсіз) берілетіні болады. Харіпсіз білімге ие адамдар адамзат тарихында болған. Сондай адамдардың бірі – Мұхаммед пайғамбар. Ғайса пайғамбар да осындай білім иесі болған. Аят Алла сөзі. Ол Абай айтқандай, «харіпсіз, дауыссыз». Аят – пайғамбарға ұйып келген сана. Ол кейін харіпке, дауысқа түсіп, Құран кітапқа айналған. Аяттың көпшілікке түсініксіз болуы санаға қонымды мәселе. Жаратушының «сөзін» тіл арқылы түсіну даулы. Тіл адамзаттың қазынасы, оны біз танимыз, білеміз, мейлінше тіршілігіміз үшін қолданамыз. Аят болса өзге «тіл». Ол – Жаратушының тілі. Ол тілде харіп жоқ, бір қуат бар. Ертеде Платон адамзаттың білімінің мәнісі «еске түсіру» деген ой айтып еді. Оның пайымдауынша, біз білген әрі білетін білімдер әу бастан белгілі, ол адамға өзінің туma болмысымен келеді деген. Білімді болу – бұрыннан бар нәрселерді еске түсіру. Қазіргі білім, ғылым кеңінен өрістеген заманда принцип деген парадигмалық сана қалыптастырғанбыз, ол әлі білін болмаған мәселелерді тану үшін қолданылатын тәсіл. Принцип дегенде біз бағыт анықтаймыз. Бағыт деген – жол көрсеткіші. Жол тану және таңдау осы аяттардан бастау алған.*



*2.6§Адамтану асқары- Ш.Құдайберді (1858-1931) ілімі*

*Философиядағы өзекті мәселелердің бірі-адам проблемасы. Шәкәрім өз дүниетанымында ең өзекті мәселелердің бірі ретінде адам мәселесін қарастырады. Адам туралы мәселелерді қарастырғанда ол «Адам деген не?», «Жан дегеніміз не?», «Адам қайдан пайда болған?», «Табиғатты жаратушы күш бар ма?» деген сұрақтарға жауап іздейді.Шәкәрім өз философиясында барлық нәрсенің жаратушы негізгі түп себебі бар екендігіне еш күмән келтірмейді. Түп себептің білімділігінде, құдіреттілігінде, шеберлігінде өлшем жоқ және дүниеде барлық нәрсе себепсіз жаратылмаған деп таниды. Мәселен, «адамның дене мүшелері: құлақ, мұрын, ауыз сияқты мүшелерініз мақсұтпен жаралғанын көресіз.Ғылым жолымен өсімдік ағаштарының тамыры, өзегі, қабығы, жапырағы, гүлі сияқтылар бірде бір бұл мақсұтсыз деп айта алмаймыз»,-деп жазады Шәкәрім. Ол адамның дүниеге келуін табиғи процесс екендігін анықтайды. Атаның шаһуатының көп қой мәні,Ананың құрсағында қан болғаны.Кұс пен адам болар деп кім айта алар Өлі қан мен жаны жоқ жұмыр-тқаны?Басында оның киімі шаһуат еді,Қызыл қан, ақ жұмыртқа киген әні?Оның жаны — баяғы ескі жаны. Сезімнің зорайып, азаймағы —Қандай түрде болғаннан оның тәні,Қайда барса ол өзін «өзім» дейді.«Өзім» деп денені емес, жанды айтқаны.Сол жаннан тіпті «өзімдік» жоғалмады, Есеп емес сан өліп, сан қайтқаны [1; 200].Шәкәрім бұл жерде адам тән мен жанның бірлікте, біртұтастықта болатындығын айта отырып, тән адамда биологиялық қажеттіліктерді қажет етсе, адам жанынада азық керек, ол рухани азық секілді. Жан мен дененің бірлігінен*



*адамның көңіл-күйі, мінез-құлық қалыптастыратындығын айтады. Егер адамның жаны деneden басымдау болса, ғылымға-білімге жүгінеді, ал дене жаннан басым болса, онда адам мал-мүлікке, атаққа қызығады. Оны біз мына өлеңінен байқай аламыз.Кейде жақсыны іздейміз, кейде жаман,Көңіл неге қызықса-соған таман,Дене жеңсе, түпсізге қызығамыз,Жан билесе жаманнан қалмақ аман[1; 236]. Дене өлген-мен жанның өлмейтіндігін Шәкәрім өз философиясында ескертеді. Жан дене секілді емес, дене өледі, өзгереді деп таныған. Ол адам мәселесін қарастыра отырып, адамның өз болмысына сай өмір сүруге шақырады. Адам жаман әрекеттерден аулақ бола тұра адам өз әрекеттері арқылы орынды іске аяқ басуға шақырады. Адамның бойындағы жаман әрекеттермен күресетін басты құндылық ар ілімі деп таниды. Шәкәрім өз философиясында дүниені танушы, адамды адамдық негізге жетелейтін, ең негізгі қасиеті ретінде ақыл-ойды қарастырған. Адамды басқа тірі жандылардан өзгешелендіретін оның ақыл-ойы.Осы ерекше қасиетті тану адам-танушылардың ежелгі арманы болды.Шәкәрім-Қазақ философиясында ар, ұят, ынсап, қайғы мәселелерін философиялық логикада тұңғыш рет қарастырған ойшыл. Өз философиясында ақыл-ой, ұждан мәселелерін анықтаған. Ұждан дегеніміз — ынсап, мейірім, әділет. Бұл екі өмірге де керек іс. Жанға азық болатын құндылық. Ақыл-ойдың жиырма сегіз түрін көрсеткен. Соның ішінде сау ақыл деп соған ерекше тоқталған философ. Шәкәрімнің дүниетанымы көбіне мораль философиясы мен ар ілімін қамтиды.Шәкәрім дүниетанымында тәңір, нұр, күн, табиғат -қасиетті, киелі ұғымдар.Еңбекке шыда, ебін тап та,«Сабырдың түбі — сар алтын».Өзімшіл болма, көпті ардақта,Адамның бәрі — өз халқың [1; 180].Адам тек қана өз тағдырымның алдында жауаптымын демей, барлық адамзаттың тағдырының алдында жауаптымын деп өмір сүруге шақырады. Адамзатқа ортақ бір-бірін қор қылмауға, адамзатқа ортақ мүддеде өмір сүруге үндейді. Ар бір адам адамзатқа ортақ мүддені қорғауға, «адам» деген ұлы ұғымды қор етпеуге шақырады. Шәкәрім Құдайбердіұлы ар-ұят мәселесін бірінші орынға қояды. Ар дегеніміз не? Оны қалай түсініп білеміз? Хайуандар әлемінде ар мәселесі жоқ деуге болады, демек, ар адамға ғана қатысты ұғым. Егер адам адамшылығын жоғалтса, оның өлгенімен бірдей. Бар жазадан ар-ұят жазасы ауыр. Біреуді алдап өтірік айтуға болғанмен, адам өз-өзін алдап өз ұжданының алдында орынсыз іске аяқ баса алмайды, ең жаман іс саналы болсаң, сен өз-өзіңді алдай алмайсың. Адам өзіне-өзі сыншы болып дұрыс қадам жасай білуі ғибрат аларлық іске қадам жасай білуі, оң деп білді.Сабыр, сақтық ой, талап болмаған жан,Анық төмен болмай ма хайуанан.Ынсап, рахым, ар-ұят табылмаса,Өлген артық дүниені былғағаннан [1; 129]!Шәкәрім дүниетанымындағы негізгі мәселелердің бірі — ар ілімі.Ұят, ар тек адамға ғана қатысты. Ар-ұяты жоғалған адам- ол адам, бірақ ол адам надан адам танылған.Ар деген адамның сыры, құпиясына қазық болатын рухани субстанция, ар — адам ісінің төрешісі. Ар — адамның өз соты. Әр адам өзінің арының алдында жауап бермек. Шәкәрім халыққа ар білімі деген арнайы білім керек деп таныды. Арлы адамның мойындағы ұяты, жігері, намысының, қайраты бар адамды айтамыз. Адам арсыз болса, ол адамдық негізден айрылмақ. Адамды адам қылып тұрған оның арында. Егер адамды арсыз деп алсақ, онда біз «адамзат» деген ұғымнан айырылып қаламыз.Ар-адамның ішкі сыры, бізге беймәлім құпиясы. Әдетте біз біреудің ішкі сырын біліп алғымыз келіп әдеттеніп жатамыз, онымыздан өнімді іс шықпақ емес.Әрбір адам өз сыры ешкім біліп болмақ емес, ол адамның «жеке архиві», оны ол өзімен әкетпек.Адамның сыры тек өзінің құпиясы. Адам арының тазалығы оның іс-әрекетімен өлшенбек. Ар тек жеке адамға қатысты қолданылатын ұғым. Арсыздық-адам бойындағы ең жаман қасиет, ол судың тұнық болғаннан гөрі, лай болғандығын қалайды. Ар-ізгіліктің өлшемі, оның көрінісі. Ізгілік тек жеке адамдарға ғана қатысты емес, ол адамзатқа тән. Адамның әлемде пайда болуының өзі ізгіліктің өлшемі,*

*оның көрінісі.Дүниеге ізгілікті әкелуші адам. Сонымен адамның адамшылығы дегенде қадап-қадап айтатын ұғымдар «ұят», «намыс», «ар» осы үшеуі адамшылықтың негізгі салалары, арналары. Олардың бірінсіз адамның адамшылдығы толық емес. Әрине, «ұятсыздық», «намыссыздық», «арсыздық», «надандық» адамшылдыққа тікелей қатысты ұғымдар, бірақ олар адамшылдықтың өзі емес, оған қайшы келетін түсініктер. «Ар-ұят», «ұждан» Шәкәрім бұл ұғымдарды адамзат өмірінде ерекше орын алып, екі дүниеге де керек іс деп қарастырған.Тумақ, өлмек-тағдырдың шын қазасы,Ортасы-өмір, жоқтық қой-екі басы.Сағымдай екі жоқтың арасындаТіршілік деп аталар біраз жасы.Жоқтық, барлық-жоғалмақ араласы,Үш ерікciз болады мағынасы. Нажағайдай жарқ етіп өшпек болса, Өмірдің он тиындық жоқ бағасы. Өмірдің өкінбейтін бар айласы,Ол айла-қиянатсыз ой тазасы.Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,Таза жүрек, тату ДОС-сол шарасы [1; 155].Адамға бұл ғұмырдың өткінші екендігін ескерте отырып, адамға ең керегі таза ой, жүректі таза тұнық ұстау. Мынау өмірдің ластанған лайымен таза жүректі былғамау. Тұнық, мөлдір су секілді адамда жүрегін таза ұстау, темірдің өзін дат басады, адамның да жандүниесі солай кірлемек. Адам сол бір ғана берілген өмірінде үнемі адамшылдыққа ұмтылып, адамға ортақ іс қалдыру, ізгілікке аяқ басуы шарт. Шәкәрім өз дүниетанымында «менің ішкі дүниеме кірер бұрын, бес сауалға жауап бер» деген.Бірінші сауал: Алланың адамды жаратқандағы мақсұты не?Екінші сауал: Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?Үшінші сауал: Адамға өлгеннен соң рахат-бейнет бар ма?Төртінші сауал: Ең жақсы адам не қылған кісі?Бесінші сауал: Заман өткен сайын адамның адамгершілігі түзеліп бара ма, бұзылып бар ма?Осындай адамзат ойланарлықтай бес түрлі сұрақ қойған [2].Бірінші сауал: Алланың адамды жаратқандағы мақсұты не?Алла тағала адамды нендей мақсатпен жаратқан. Адамды Алла ізгі іс, ізгі мақсұтпен жаратқан. Шәкәрім бұл сұрақты тек адамға ғана қатысты қойған. Сондықтан адамда ең негізгі оны адам етіп тұрған адамшылдығы, ақыл-ойы. Ақыл-ой тек қана адамға ғана тән. Адам сондықтан сол ақыл-ойға тән әрекеттер жасау шарт. Адамды басқа тірі тіршілік иелерінен өзгешелендірген ақыл-ойы.Осы ақыл-ой арқылы адамдар өзінің жаратушысын тануы, өзін-өзі тануы. Адам өзінің бір ғана берілген ғұмырын қор қылмай тек орынды әрекетпен, адамшылдыққа сай өмір сүруі. Адамдық болмысын түзеу, адамға сай құндылықтырға қол созу, адам өзінің бойындағы ізгі қасиеттерді сақтау, бір ғана берілген ғұмырын қор қылмай адам деген атта өмір сүру. Өзін тану, өзін жаратқан Алланы тану. Алла тағаланың адамды жарату мақсаты — жаратушы болуының айғағы. Адамның мақсаты — Жаратушыны тану.Екінші сауал: Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?Ол үшін жалпы адамды мынандай мәселелер ойландырады:-тіршіліктің мәні (немесе оның пайда болуы);*
*-тіршіліктің адамға қатынасы (өмір, өлімнің мәні);*
*-тіршілік адамға қажет пе?*

*Жалпы Шәкәрімнің дүниетанымында тіршілік дегеніміз жан мен тәннің бірлігі.Сынау үшін жаратқан бір иең бар, Тексерілмей қалмассың бір кезінде. Адамға тіршілік не үшін керек дегенге, жақынға, туысқа, барлық тірі организм иелеріне жақсылық қылу үшін берілген. Адамды адам етіп тұрған қасиеттін жоғалтпай, «адам» деген атта ғұмыр кешу үшін берілген. Тағдырды тағдыр ететін адам, сол адам өзінің қоғамда артқы ұрпағына ізгілікті істер қалдырып, адамдық негізге сай ғұмыр кешу. Алла тағала адамды өмірде белгілі бір кезенде өмір сүргізіп, сынауға жіберген секілді. Адам кез келген өзінің атқарған іс-әрекетіне жауапты. Адам өзін адам етіп тұрған ізгі қасиеттерінен айырылмай, орынды іске аяқ басуы шарт. Ол үшін адам өз-өзін табиғилығын өз болмысына сай өмір сүру шарт секілді. Адам тек қана биологиялық қажеттіліктермен ғана шектелмей, артқы ұрпағына ізгілікті істер қалдыру үшін керек. Адамға ақыл-ой берілген осы бір ғана берілген өмірінді*



*зия қылып өткізуге болмайды. Сол адамдық болмысына сай өмір сүруің шарт.Адамға тіршіліктің керегі-ғұмыр кешу, ізгілікті істерге қол созу, адами болмысына сай өмір сүру.Үшінші сауал: Адамға өлгенен соң рахат-бейнет бар ма?Шәкәрімнің дүниетанымында көтерілген бұл мәселе әлі күнге дейін даулы мәселе. Жұмақ пен тозақ жайлы кім айтсада-тек қана болжам.Уақыт ешқашан кері бұрылмайды, сол себепті өлген адам тірілмейді.Жұмақ-ізгілік, ал тозақ-азап. Күнәсіз адам жұмаққа барады, күнәлі адам тозаққа жан азабын тартады. Санасыз жанға жұмақ пен тамұқтың еш қажеті жоқ. Қайғылы адам-дана адам. Не жақсылық, не жамандық көрседе адам осы өмір сүріп отырған жер бетінде көреді. Адамды адам етіп тұрған ізгі қасиеттерді адам өз болмысына сай өмір сүре отырып жасауы шарт. Не жақсылықты адамзат осы өмірінде жасамақ.Төртінші сауал: Ең жақсы адам не қылған кісі?Жақсы адам қандай адам? Егер дін жолымен келсек, жақсы адам дінге берілген мұсылман. Бұған пайғамбарлар, әулиелер, хакімдер кәміл мұсылмандарды ең жақсы адамдар дейді. Себебі олар атақ, даңқ үшін емес, ғұмыр кешу үшін тертөгушілер, кәміл мұсылмандар тұрмысы өзінің дәстүрлігі мен қарапайымдылығымен қымбат. Кәміл мұсылмандар хакім емес, оның сенері жер, су, аспан, күн мен ай, қысқасы, табиғат. Кәміл мұсылмандар дүниеге деген көзқарасы натуралистік сипатта. Өзінің адамшылдығына сай өмір сүре білетін, адамдық болмысына сай әрекет ететін адамдар өмірде ең жақсы адамдар ретінде танылған кәміл мұсылмандар.Бесінші сауал: Заман өткен сайын адамның адамгершілігі түзеліп бара ма, бұзылып бара ма? Осындай адамзат ойланарлықтай бес түрлі сұрақ қойған.Осы сауалға қатысты Шәкәрім адамның адамшылдығы дегенде жеке бастың мәселесін емес, оның заманға қатысты жағынан айтып тұр.. Мұнда көбіне біз адам арқылы заманды танимыз ба, әлде заман арқылы адамды танимыз ба? Бірақ заманды өзгертуші, бәрін жасаушы адам. Сондықтан «заманына қарай адамы» деген орынды түсінік.Адам өзгеріс жолына түскен сайын құпияға айналмақ, адам құпиясы ашылса, дүние ойран болмақ. Адам құпиясы дегеніміз — адамның өмірі мен өлімі.Шәкәрім оны толық біліп отыр. Замана озған сайын білім молайып, адамдар білімді бола бастайды.Ал білімі молыққан сайын адам өзін адам емес күйге бастай бермек. «Адам емес, күй», — деп отырғанымыз өзінің жаратушысы берген табиғатын місе тұтпай, өзін жетілдірмек мақсатында өз болмысынан шығып кету қаупі. Заман өткен сайын адамның адамгершілігі түзеліп бара ма, бұзылып бара ма деген сауалға бәріне жауапты адам. Адамды өзгертетін ол мына қоғамда дамып жатқан технологияда емес, әрбір адамның өзінің ақыл-ой санасына байланысты болатын әрекеттер. Шәкәрімнің ең негізгі еңбектерінің бірі-«Үш анық». Ол философиялық трактат-адамзат баласының рухани дамуындағы қазақ философиясындағы ең ірі туындылардың бірі. Шәкәрімнің ойынша, әлемде бірде-бір құбылыс өз алдына кездейсоқ болып жатқан жоқ, барлығының түбінде белгілі бір себеп жатыр.Дүниенің ешқандай кездейсоқсыз белгілі бір заңдылықта дамуын негізінде Құдайдың, Жаратушының, Шәкәрімнің дүниетанымындағы бірінші анық. Дүниеде кез келген нәрсе жоғалмайды, олай болса, жан ол мәңгі, жан ажалсыз. Жан өлмейді, ол да тән тәрізді өзіне азық қажет етеді. Жанның ажалсыздығы туралы Шәкәрімнің дүниетанымындағы екінші анық.Жан мәңгі өмір сүрсе, жанға азық керек. Ол-ұждан. Ұждан-бұл Шәкәрімнің философиясындағы үшінші анық. Ынсап, мейірім, әділет үшеуінің қосындысы-«ұждан» деген ұғым.Егер біз әрбір ісімізді «ұждан» деген ұғымға салсақ, адамның кез келген іс-әрекеті оң қадам басады. Бұл үш анықты жеке-жеке қарастыруға болмайды, бұлар бір-бірімен байланысты. Бұлардың әрқайсысының өзіндік әлемі бар.*



### 2.7§ Адамтанушы әулие Мәшһүр Жүсіп(1858-.1931)

Жүсіп Көпеев әкесі Көпейдің (шын аты - Көпжасар) 42 жасында, шешесі Ұлбаланың 18 жасында, Баянауыл, Қызылтау деген екі таудың «Ашамай тасы» деген жерінде, 1858 жылында, қазақша жыл аты «қой», арабша ай аты «ережеп» деген айда, жұма күні, түс бесін уақытында дүниеге келді. Туғанда азан шақырып қойылған есімі-Адам Жүсіп. Кейіннен 9 жасында қисса – дастандарды айтып, ел көзіне түскен кезде жиынды шақырып отырған М. Шорманұлы Жүсіпті ұнатып, тақиясына үкі таққызып: «Өз заманында халыққа Мәшһүр болатын бала екен», деп лепес қылуымен Мәшһүр Жүсіп атанып кетеді.1865 жылдан 7 жасар кезінен халық әдебиеті үлгілерін жинай бастағанын анықтарлық дерек жанұялық архивте сақталған. 1870 жылдары Хамеретдин хазіреттің медресесін бітіріп, мұсылманша орта білім алып шығады. Ауыз әдебиеті нұсқаларымен ерте танысып, халықтық жыр - дастандарды жаттап өседі. Өзінің алғырлығын, сөз өнеріне бейімділігін ол ерте - ақ танытады. Ақындық жолға бой ұруы, түсуі - 15 жасында басталған. Мәшһүр Жүсіп 1875 жылдан бастап біраз уақыт ауылда бала оқытып, қаражат жинайды. Білімін толықтыру мақсатымен 1886 жылы Бұхараға келіп, діни жоғары оқу орнында оқиды. Сосын оқуын Ташкентте жалғастырады. Осы жылдары Орта Азияны аралап, Самарқан, Ташкент, Түркістан, Бұқара т.б. қалаларда болды. Ол осы жылдары түрколог - академик В.В. Радловпен танысып, ауыз әдебиетінің нұсқаларын жинап бастыру ісімен айналасты. Мәшһүр Жүсіп 1887-1890 жылдары бірнеше рет Орта Азияны аралап, Самарқанд, Ташкент, Түркістан, Бұхара қалаларында болады. Араб, парсы тілдерін үйреніп, Шығыстың классикалық әдебиетінен сусындаған. Ол осы жылдары Қазанға сапарға аттанып, түрколог ғалымы В. Радловпен танысып, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен айналысты. Кейін келе Мәшһүр қазақ фольклорының ең жүйелі жинақтаушысы болды.Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының саналы ғұмырында бір сәт те қолынан қаламы түсіп көрмеген, бір жағынан жазып, екінші жағынан өнер-ғылым үйреніп, жатпай-тұрмай ізденіп жүріп, Қазан төңкерісіне дейін 1907 жылы бір жылдың ішінде үш бірдей кітабы жарық көрген алғашқы «Хал-ахуал» кітабы төрт бөлімнен тұрады: 1. «Хал-ахуал» (208 жол), 2. «Баяннама» (248 жол), 3. «Патша хақында» (144 жол), «Ғибратнама» (4 бөлімнен тұрады). 1912 жылы патша әкімшілігінің цензурасы назарына Мәшһүрдің 1907 жылы бастырылған кітаптары алынып, татар аудармашысының тәржімалауынан кейін 3 кітаптың екеуінің мазмұны Ресейдегі патша билігіне қарсы мақсатта жазылған деп танылып, 1912 жылы екінші рет басылған 3 кітап баспахананың өзінде «тұтқындалынып», 12 000 сом айып салынып, 14 кісі айыпқа тартылады. 1912 жылдан бастап қудалана бастағанда, өзінің жинаушылық жұмысын тоқтатпайды.Мәшһүр Жүсіп өмірінің соңғы жылдарында, дәлірек айтқанда, Кеңес өкіметінің тұсында өзінің жазған шығармалары мен ел аузынан жинап-терген ауыз әдебиеті үлгірлерін қағазға түсірумен шұғылданады. Ақын 1931 жылы өзінің ауылында дүниеден қайтады. Айта кететін бір жай - ол қайтыс боларынан бір жыл бұрын өкімет саясатына қарсы оғаштау бір мінез көрсетеді. Күні бұрын бейітін тұрғызып, жаназасын шығарып, өзінің көзі тірісінде өзіне ас бергізеді. «Жетпіс үшке шыққанша балталасаң да өлмеймін, жетпіс үшке шыққан соң сұрасаң да тұрмаймын»,-деген сөзі дәл келеді. Осы бір жайлар ел арасында әңгіме аңыз боп тарап, ауыл адамдарды өлгеннен кейінгі жерде Мәшһүр Жүсіпті әулие тұтып, басына келіп тауап етуді, түнеуді шығарады. Ал, саяси идеология үстемдік құрған кезеңде бұл жағдай көпе-көрнеу ақынға пәле болып жабысты.



таңда,толық жинақталып,әр тараптан таразыға тартылып, зерделеніп, халқына қауышып,жоғары дәрежеде бағаланып отыр.Бұл жерде біз,адам танымақтағы ғұламаның көзқарасын,сондай-ақ,жеке басындағы әулиелік қасиеттеріне қысқаша тоқталмақпыз. Ал М. Ж. Көпейұлының адамтанудағы тұжырымдары ұлттық дүниетанымға негізделген. Ақын адамды Құдай топырақтан жаратқан деген салмақты ой, түйінді сөз айтады. Ол «Алла құдіреті» атты шығармасында: «Айдай әлемді, жанды- жансыз мақұлықтарды Құдай алты күнде түгел жасап шығарған. Адам ата, Хауа ананы Құдай жаратты. «Жұма күні жаратылған адам» дегеніміз сол ғой», - [2, 127 б.] деп ойын нақтылай түседі. М. Ж. Көпейұлының адамтанудағы негізгі қайнары – Ислам діні және Құран Кәрім. Адамның жаратылуы туралы ойларын Құран аяттары мен Хадис сүрелеріне сүйене отырып баяндайды. Мұндай әрекет күллі түркі халықтарына ортақ сипат екені мәлім, алайда, ақынның басты ерекшелігі – Құран аяттары мен Хадис сүрелерін көркем шығармада орынды пайдалана білуінде. Бұл ретте ақын не айтса да құр сөзге ауыз былғамай, хадис, аяттармен нақтылап, дәлел келтіріп, ойын Құранмен түйіндеп отырады. М. Ж. Көпейұлы көзқарасының түпкі өзегі-Алла Тағала. Ұлт санасына тән өзекті мәселелерді сөз еткенде, аузына бірінші Алланы алады. «Мен Құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенімім күшті», - деп, Алланың барлығына, бірлігіне сенеді. М. Ж. Көпейұлы Ислам дінін мойындап, Аллаға шүбәсіз сенген адам. Ол Алланың бар екенін танытатын шығармалар мен хикметтер жаза отырып, Пайғамбарлар мен сахабалардың уағыз-насихаттарын саралай келе, халқының санасына жетерлік салмақты ой айтады. «Құдай туралы» жазбасында: «Әй, адам баласы! Құдіретті Ақыл мен Киелі рухтың Иесі - Құдайды жалғыз жаратушы да жасаушы жарылқаушымыз деп ұғайық та, бұған кәміл сенейік! Бұл – Ұлы ақиқат! Өйткені Жиһандағы ұлылы-кішілі, қарапайым-күрделі жасалыстар мен құбылыстардың бәрі Құдай барлығының айқын дәлелі», - деп, осы айтқандарының бәрі жалғыз Аллаға ғана тән екенін ескертеді. М. Ж. Көпейұлы өзінің шығармаларында имандылық жолын іздеп Аллаға иман келтіру адамзат баласының парызы екенін айтып, шын көңілмен, көркем мінезбен мұсылман болуға шақырады. Қандай ой, түйінді сөз айтса да шариғат шеңберінен аспай, «Ата-тегіміз маймыл» деп, Дарвинизмнің жетегінде кеткен ұрпағының санасын емдеуге бар күшін салады. Ақиқаттан ауытқып, наданлықтың құрсауында қалған халқын адамдықтың ақ жолына жетелейді. Ақынның Ислам дінін насихаттауы, халықты Аллаға құлшылық етуге үгіттеуі – дінді ғана емес, сонымен бірге жақсы адам болудың, жалпы ұлттық болмысты сақтаудың ең пәрменді құралы болғанын аңғару қиын емес. Ақынның мақсаты – адамды жөндеу, қоғамды түзету, адамды нағыз адам қылу. Бұл мәселені көптеген туындыларына арқау етеді. «Табиғат ғибраты» деген шығармасында: «Адам қалай қылғанда адам болады? деген сұрақ қойып, оған өзі былайша жауап береді: «Ұшқан құс, жүгірген аңнан ғибрат алып, солардың мінезіменен мінезденбесе, аш арыстан жүректі болып келсе, палуан жолбарыс білекті болып келсе, досы көп болып, дұспаны жоқ адамнан осы екеуінің жүрегі, білегі табылады»,- деп, әрі қарай ақын: «Жігіт адамның қырағылығы бүркіттей болсын. Зеректігі байғыздай болсын. Жүрісі маймылдай болсын. Он екі қырлы, бір сырлы, отыз аяқты болсын. Орнына қарай мінез қылсын. Сонда адам болып, адам қатарына кіреді", - деген ой түйеді [2, 81 б.]. Осы айтылған нәрселерден ғибрат, үлгі алуға үндейді. М. Ж. Көпейұлы адам жақсы болу үшін алдымен жаман әдеттен тыйылу керек деп білді. Сөйтіп өзі өмір сүрген дәуір шындығын ақтара зерттеп, ішкі- сыртқы сырларына, елдің әлеуметтік жайына, тұрмысына үңілді. Қоғамға сын көзбен қарап, барлық қайшылықтарды көре отырып, елдің берекесін алып, дау-

жанжалды қоздырып, бүліктен пайда тауып жүрген құлардың зұлымдық бетін ашып, қатты сынға алады. Ақын: "Халықтың жақсысының өнері - зорлық, жаманының өнері - ұрлық. Бұл екеуі қолынан келмейтінінің өнері өтірік болып, қара пұл үшін жанын сатып, тірінің түгін қоймай, жұлып алып, өліктен кебін дәметіп, жақсы арын сатып, жаман жарын сатып, шешен сөзін сатып, ата-ана ұл мен қызын сатып, ишандар - Құдайға қылған құлшылығын ғауамлардың нәзіріне сатып, моллалар білген ғылымын дүниеге сатып (жүр). «Ал», «Бер» - деген екі ағайынды: «ал» - деген сөз өліп, «бер» деген сөз тірі қалып жүр. «Бар», «жоқ» - деген екі ағайынды еді. «Бар» - деген сөз өліп, «жоқ» - деген сөз тірі қалып, жыртақой мысалды хәкімдер қасқыр болып, екі даугер - шарылдаған бақа сықылды. Оны жыландай билер сорып жатыр. Бар малынан айырылып, жоқ жанынан айырылып, біреу қасқырдай жан-жағындағысын талап, біреу иттей көрінгенге көзін сүзіп, біреу түлкідей құйрығын бұлаңдатып, біреу маймылдай әркімге бір еліктеп, біреу жыландай сыртынан жылтырап, ішінен зәрін төгіп (жүр). Кейбіреу қабыршығы жоқ балықтай, қолға тұрмай желпілдеп; біреу қарғадай бір боқтан бір боққа ұшып, қонып; біреу сауысқандай шықылықтап, өсек ғылымына маһир (әуес) болып, сау жылқының арқасын тесіп, қанатып; біреу күйкентайдай тышқанға төніп жүр (жүр). Кейбіреу тауықтың қоразындай тұмсығындағысын - «тәж» - деп мақтанып; Кейбіреу тырна сықылды: «Басқаныма жер ойылып кетеді», - деп, өзін-өзі әлдеқандай ауыр көріп», кейбіреу оқпантайдай: «Күндіз ұшсам, көз тиеді», - деп, өзін-өзі түнекке жасырып жүр. Кейбіреу өгіз шағаладай: «Ішкеніме көл таусылып қалады», - деп, дүниені ішпей-жемей жинап; кейбіреу көк кептердей дән үшін көрінгенге құл болып жүр. Кейбіреу шыбындай біресе қантқа, біресе мәжасатқа қонып; кейбіреу келемеж қоңыздай тезек жинап әуре болып; кейбіреу кекілікше өз атын өзі шақырып, ақымақ болып жүр», - деп әшкерелейді [2, 82 б]. Байқап отырсақ, ақын адам бойындағы жағымсыз әрекеттерді әшкерелеу арқылы бүкіл қоғамның шынайы келбетін, ащы шындықты танытып отыр. Тіпті оқып отырып ақынның тап қазір жанымызда тұр ма деп те қаласыз. Бұл ақынның көрегендігін танытса керек. Ақынның ойы - адамды жаман әдеттерден арылту арқылы бүкіл қоғамды түзеу. М. Ж. Көпейұлы «Адам екі түрлі» деген өлеңінде жоғарыдағы айтқан ойларын саралай келе адам баласын істеген ісіне қарай екіге бөледі: Мысалы адамзаттың ағаштай-ды, Қу ағаш мәуесі (миуасы) жоқ, жараспайды... Терек қанша аспанмен таласқанмен, Бұлттан биік болып, бойы аспайды. ...Мәуесі басқа ағаштан көп болғаннан, Көтермес үзім ағаш жерден басын. Қайырсыз болсам бәхил, болдың терек, Басқаға бір отыннан қылмас керек..., деген жолдармен жақсы адамды мәуелі жеміс ағашына, жаман адамды отын болудан басқаға жарамайтын терекке теңеу арқылы бейнелейді. Яғни жақсы мен жаманның парқын халқына пайдасы тиетін азамат пен қоғамға зияннан басқа берері жоқ наданмен салыстыра отырып түсіндіреді. Олардың адамгершілік деңгейінің бірдей еместігін сипаттап, адамгершілікті байқататын басты ерекшелікті «кісілік» ұғымы арқылы көрсетеді: Жақсылық, қайыр, ихсан қылған кісі, Адамның қымбат баға сол жұмысы. Табылмас көзге тотия - ем дәрідей, Қолынан әр жақсылық келген кісі, - [3, 148 б.] деп «кісілік» мағынасын жақсылық жасау арқылы, яғни қолынан іс келетін, біреуге көмек беруге дайын адамды сипаттау арқылы ашады. «Пайдасы көпке тисе әне – кісі» деп, ал «Қолынан келер іске болыспаса, Болмайды одан асар жаман кісі» деп, қарабасынан басқаны ойламайтын адамдарды суреттейді. Ал, «Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» өлеңі ақынның өзі айтып отырған адамды кісілікке жетелейтін өсиет секілді. Мұнда ақын адамды жақсы, жайдары, жұмсақ мінезді болуға, кек сақтамай кеңшіл болуға, кісілігі жоғары адамдармен дос болуға шақырады: Жүрерсің жайлы болсаң, жұртпен тату, Жұмсақ бол, жұғымды бол, болма қату. Кісілігі жоқ жанмен үйір болма, Жолдас болсаң, жолдас бол кісіменен. Мақтаулы жұрт алдына болам десең,



Біреудің ауызға алма жамандығын. Дос, жолдас қылам десең, қауым көпті, Бойыңа үйір қылма өкпе, кекті. Жамандыққа жақсылық мінез қылып, Бола бер бәріне де ыңғайлы, епті [6,10 б.]. Ақын бұл жерде кісілікке жетудің негізгі жолдарын анық көрсетіп отыр. Бұл ойын әрі қарай «Бес қымбат» өлеңінде жалғастырады: «Ең әуелі керек нәрсе иман. Егер жүректе иман болмаса, «Құдай кешірер» дегенмен іс бітпейді; Екінші керек нәрсе – ғақыл. Ғақылсыз адам дінін бұзады;Үшіншісі-сабыр.Сабырлы адам мұратына жетеді; Төртінші-шүкіршілік.Бесіншісі-әдеп.Әдеп бар жерде иман бар»[6, 69 б.] деген толғамдардан халқы үшін тереңнен толған сыр тартқан сыршыл да сыншыл ақын тұлғасын көрміз,Қарап отырсақ, М.Ж.Көпейұлы адам және оның қоғамдағы орны, олардың жақсы-жаман істері жайлы ой толғағанда, «жақсы адам деп кімді айтамыз, жаман адам деп кімді айтамыз?» деген, бір қарағанда жеңіл көрінгенімен, шын мәнісінде ауыр сұраққа жауап іздейді. Жақсы мен жаманның ара жігін ажыратып, адам бойындағы жағымсыз мінездерді әшкерелеп, жақсы адам болудың жолдарын насихаттайды. Бұл ретте, жалпы қазақ әдебиетінде ақындардың көбісі аталмыш мәселе турасында философиялық-діни ой, жыр толғағаны белгілі. Солардың бірі - Абай Құнанбайұлы. Негізінен, ақындарды толғандырған мәселе – адамның барлық жағынан жетіліп, нағыз адам болуы. Мұны Ұлы Абай «Толық адам» десе, М. Ж. Көпейұлы «Түгел адам» деп қарастырады. Бұл сөзінің мағынасын «Төрт асыл, бес береке» өлеңінде ашып беруге тырысады: Бірі – төрт, бірі – бесеу – болсын тоғыз, Ат тезегін әуре боп жинар қоңыз, Тоғызын түгендемей ұстағанды Обалсыз, адам демей, деуге - доңыз. Бірі – тілде, біреуі – көңіл-ойда, Енді бірі теп-тегіс түгел бойда. Бұл үшеуін жүргізсе, қара жолмен, Бәйге алады жарқырап үлкен тойда. «Құдай-бір, жоқ, - деп басқа!»- айтса тілің, Шын білсе, тіліңдегін-жан-ділің. Дініңмен (денеңмен) аянбастан қылып ғамал, Пайғамбар сүннетімен өтсе күнің! Төрт асыл – анық осы бойыңдағы, Орнына келе бермес ойыңдағы. Түгендеп бұл төртеуін қыла алмасаң, Жүре бер тамағыңды тойып-дағы. Мұндағы төрт асылы – Хақты тану, көңіл, тән, тіл тазалығын сақтау. Ақын Құдайдан безген заманда адамға алдымен керегі осы деп біледі. Бұған қоса әрі қарай: Береке – өз қараған басыңдағы, Әдетің (ғадетің) – ұзын өмір жасыңдағы. Оқылған уақытымен бес намазың - Болатын көрде жолдас қасыңдағы!.. Бұл басты әр нәрсеге бастайтын көз, Оңбаймыз көзден, тілден тыйылмай біз. Бойыңа келер мұнан бір береке, Аузыңнан шығармасаң несие сөз. ...Бұ да адамның басының берекесі, Берілсе – қайыр, ықсан, зекет – малдан!...Адамға келер мұнан мол береке, Екі аяқ арасына ие болса! ...Уағда айтқан жерден сөз табылып, Ұстаған жерден қолы тұрса кетпей!.. Береке мұныменен болады бес, Түсерсің енді сөзге, болмасаң кес! Дап-даяр бұлар ойда болмағаны, Хабары болмағаны Құраннан еш! - деп, айтқан сөз, уәдеде тұруды, көз, тіл, нәпсіге берік болуды қатаң ескертіп, бес уақыт намаз оқу мен жетімдерге қайыр-садақа беруді міндеттейді. Осыларды санамалай келе, бес берекеге жатқызады: ...Төрт асыл, бес береке, бір бойынан, Табылса түгел болып әне кісі!, - [7,157 б.] деп «Түгел адам» мәнісін осылайша түсіндіріп береді. М. Ж. Көпейұлы осыларды бойында жинаған адамды «Түгел адам» дейді.М. Ж. Көпейұлы: "Ғылым-білім немен болады? Ең алды құдайды, құдай-тағаланы танымақ. Ол құдайды қайтсе таниды? Әркім өзін таныса, сонда тәңірісін таниды. Ғылым-білімге талап қылушылар алдымен өзін тануын мақсат қылу керек", - дейді. [7, 75 б.].. Қорыта келгенде, М. Ж. Көпейұлы мұрасының түп қазығы ақыл иесі – түзу адамды қалыптастыру. Әдебиеттің ежелден бергі нысаны адам болмысы, адамды түзету болса, ақын бұл тұрғыда қазақ қоғамының азаматын тәрбиелеудің үлгісін сомдап, жеке адамды, қоғамды түзету мәселесін қозғайды. Адам баласының өмір сүру жолында ізденіп, өзін-өзі жетілдіре білсе ғана тіршілікте үйлесімдік боларын шеберлікпен жеткізе біледі Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлының дара тұлға, әулие, көріпкел әулиелігімен бүкіл әлемге есімі танымал жан.Мәшһүр – Жүсіп Көпей-

ұлының есімі ел ішінде аңызға айналған. Ол ақындығы асқан жан ғана емес, халық ауыз әдебиетін жинаушы ғана( ретінде танылған жан емес, ол-әулиелі жан. Ол ауыз әдебиетінен халқымыздың өткен-кеткен жағдайын, тұрмысын,салт-санасын, бай дәстүрін, қилы-қилы тағдырын байқай білген зерделі жан.Мәшһүр оны жаттап өскен, хатқа түсіріп, сақтай білген.Мәшһүр-Жүсіп Көпеев өзінің «Өмірбаян» атты өлеңінде :Бес жаста бісміллә айтып жаздым хатты, Бұл дүние жастай маған тиді қатты. Сегізден тоғызға аяқ басқан күнде, Мұса еді қосақтаған «Мәшһүр» атты,- десе ,43 жасында «73-ке жеткенше балталасаң да өлмеймін, 73-тен әрі қарай сүйресең де аспаймын»-деп ғұмыр жасын дәл болжаса, мүрдесінің жыл беті жабылмаса да, бүлінбегені қасиет емей немене?!

Мәшһүр – Жүсіп Көпеев бір күні Баянауылға бармақ болып, жанына баласы мен немересін ертіп, жолға шығады. Бозбайдан аса бергенде немересі:-Шөлдедім, десе керек. Сонда Мәшһүр:-Алдымызда тұрған бір үйге барайық, сонда сендерді ауқаттандырып алайын,-дейді де иесіз бір үйге алып келеді. Үйге жақындағанда немересі:-Ата, біздің тамағымыз жоқ қой, - десе керек.-Қазір ештеңе сұрамаңдар, асықпай әлденіп алып сапарымызды жалғастырамыз, - деп Мәшһүр бір үйге алып келеді. Өзі бірінші кіріп, жайғасып жерге отырып, соңынан балалары кіреді. Сол кезде ата бір дұғаны оқи бастайды. Кенет өзінен -өзі, алдарына дастархан жайылады. Ұстап келе жатқан тірі жан көрінбесе де ет салынған табақ, түрлі – түсті тағамдар дастарханға қойылады. Шай құйылғын кеселер келіп, босаған ыдыстар жоғары көтеріліп, ауамен қалқып есіктен шығып кете береді. Олардың қайда кетіп, қайдан келіп жатқанын балалардың түсінбегенін сезген Мәшһүр – Жүсіп:-Қорықпай, ішіп –жеп, тойып алыңдар, -дейді.Әлденгеннен кейін, Мәшекең бір дұғаны оқығанда алдарындағы дастархан жоғалып кетеді. Мәшһүр балаларын ертіп жолға шығады.Жолшыбай:-Жаңа ештеңе ұқпаған боларсыңдар, бізді тамақтандырған жын-перілер,-дейді.

Бір жылы Мәшһүр –Жүсіп Көпейұлы мен Шәкәрім қажы бір дастарқанның басында кездеседі. Қысқа да болса біраз әңгімелеседі. Кетерінде әулие:-Аумалы – төкпелі заман келе жатыр, біреуіміздің ажалымыз Алладан, біреуіміздің ажал-ымыз адамнан болар, - депті. Сонда Шәкәрім:-Пешенемізге жазылғанды көрерміз,- десе керек. Екеуі де енді көріспестей қоштасады. Мәшһүр –Жүсіп Көпейұлы ауылдан ұзап кеткен соң, «әулиеге бұл сөзді періштелері айтқызған ба екен?», деген оймен Шәкәрім де еліне қайтады. Арада біраз уақыт өткен соң Мәшһүр –Жүсіп Көпейұлы сапарға шығуын тоқтатады. Ал Шәкәрім болса көп ұзамай ОГП-нің «жан алғыштарының» қолынан қаза табады.

-Шындықты айтқанда, жалғанның бет пердесін жұлып тастап айту оңай шаруа емес. «-Е, не дейсің, о несі-ей, қой одан бетін аулақ қылсын. Таласпай бастасаңдаршы.»-деп, кей уақытта Мәшһүр –Жүсіп Көпейұлы көзін жұмып алып өз-өзімен сөйлеседі екен.-Молдеке, пірлеріңіз не деп кетті? Қызықтырып қойдыңыз ғой,әңгімеңізді айта отырыңыз,-деп өтінген шәкірт-теріне:-Көздерің бар ғой көрерсіңдер. Өздерің көріп, естімесеңдер,сенбессіңдер,-деп жауап береді.

Көшірдім ақ қағазға Рауан сөзін,
Бұлдырап көрмей барад екі көзім.
Дұғаға қолыңды жай жамағаттар,
Мәшһүрдің енді көрмессіңдер басқан ізін,-деп көзі тірісінде елімен қоштасып, дүниеден өткен Мәшһүр –Жүсіп Көпеев – рақымды тәңіріміздің мейірбан жаны. Мәшһүр –Жүсіптің Қасенғали деген әрі жиені, әрі оқушысы, атқосшысы болыпты. Атамыз бір жерге шығар алдында, қайда баратынын айтпайды екен. Арбаны жеткізіп, үстіне жайғасып отырған соң ғана құдай жазса деп бірақ айтады екен. Бір күні Қасенғали:-Ата бүгін ешқайда бармаймыз ба, жол жүріп қалсақ, атты жақындатып қояйын,-депті. Сонда Мәшһүр – Жүсіп : -Бұл сұрағыңды егер көзіне



көріне қалса, періштелерімнен сұра, -деп жауап беріпті.-Е, онда бүгін бір демалайыншы,-деп атасының ақ қағаздарға жазып тастаған хикметтерін парақтап жатып, Қасенғали ұйықтап кетіпті. Бір уақытта көзін ашса, бір кісілер келіпті. Орнынан тұрып, беті-қолын шайып, Қасенғали де столдың шетіне жайғасады. Шай ішіп бола бергенде Мәшһүр –Жүсіп:-Атты дайында, жол жүреміз,-дейді. Түс кезінде қоя берген атты ұстап әкеліп, жегіп:-Ата, дайынмын,-деп Қасенғали белгі береді. Қолма-қол орнынан тұрып, қонақтарынан рұқсат сұрап, атарбаға отырады.-Қай жаққа барамыз?-деп сұрайды Қасенғали.-Бас жіпті қоя бер, жүре берсін. Жануар өзі апарады,-деп жауап береді.Қасенғали аттың басын бос жіберіп шу жануар,деп жолға шығады. Аттардың бет алысы – Бөкенбай тауы. Қалың өскен шөптердің арасымен жүріп келе жатып, тауға жете бергенде атарбаның алдыңғы доңғалағы өзінен-өзі шешіліп қалады. –Бұны түсте ғана қарап, жол жүруге дайындап қойып едім, қап, әттеген-ай,-деп Қасенғали арбадан секіріп түсіп, қайтадан орнына салуға ыңғайлана бергенде:– Болды келдік, бүгін осы жерде түнейміз,-дейді Мәшһүр-Жүсіп.

Қасенғали киізден күрке құрып,біраз әңгіме – дүкен құрып, екеуі де ұйқыға кіріседі. Таң ата Мәшһүр-Жүсіп пен Қасенғали намаз оқып біраз отырады. Болған соң:-Бұл жерде қасиетті ана жатыр.соның аруағы басыма келіп,дұға оқып кет деген соң келіп едім,аманатын орындадым, енді жүрейік,- деп орнынан тұрып атарбаға отырады.

Жұмабектің Серігі Жаңажол ауылында ертеректе Бекболаттың Жұмабегі дейтін адам өмір сүрді.(ол 1970 жылы дүниеден өтті) Жұмабек үйленген соң бірер жыл балалары тұрмай, баз кешсе керек. Күндердің күнінде Жұмабек Ескелдіге қарай қайтып келе жатқан Мәшһүр – Жүсіптің жолын тосып, жолға көлденең-нен жатып алды. Бұған дейін де екі-үш рет ойда жоқта далада Мәшһүр-Жүсіппен кездесіп:-Маған да бір балаңды берсеңші,-дейтін.-Беретін артық балам жоқ,әй,бірақ сен ұрпақсыз қал-массың,- деп Мәшһүр-Жүсіп күліп өте шығатын.Ал осы жолы алдында көлденеңнен жатқан Бекболаттың Жұмабегін көріп, атқосшысын тоқтаттырады. Сәл басын көтеріп, тізерлепотырып:-Мәшеке,мен осы елдегі жалғыз үйлі найманмын. Жігіт жасым артта қалып барады. Күннен күнге, жылдан – жылға ұрпақсыз қалам ба деген үрей жан - дүниемді меңдеп, ішімді өтша жайлады. Үйдегі келініңізбен отасқан-ыма он жылдан асып барады. Жөргек иісіне зармыз. Бір шикі өкпеге лепесіңізді қиыңыз,- деп жалына,мұң шағады.

-Жалғыздық құдайға ғана жарасқан. Құдай тілегіңді берер. Шын егіліп жылап тұрғаныңды көріп тұрмын. Тұр, үйге қайт. Мен ауылға әлдебір шаруамен асығыс қайтып барамын. Кейін тағы бір соғармын. Алла жазса, серіксіз болмассыңдар,-деп жүріп кетеді.Айтқандай-ақ, бір жылдан кейін ер бала өмірге келеді. Нәрестенің есімін Серік деп қояды. Өмірінің соңына дейін Серік ағамыз:-Мәшһүр-Жүсіп атаның лепесі қабылдап, жарық дүние есігін аштым,-деп әрдайым аузынан тастамай айтып жүретін. Сол Жұмабектен қалған тұяқ Серік ағамыз 1999 жылдың ақпанында дүниеден өтеді.

Әулие, дара тұлға Мәшһүр ата-қазақтың мәртебесі, мақтанышы. Бұл күнде шартарапқа болған мәлім, бойында тасқан қайрат, толған дарын-ойшыл, ақын, ағартушы Мәшһүр-Жүсіп атамыз біртуар нағыз дара тұлға.

Павлодар облысы, Баянауыл ауданының тумасы Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлының есімі әдебиетші, философ, аудармашы, білгір шежіреші, жиһанкез, тарихшы ретінде алты алашқа ертеден мәлім болған.

-Мәшһүр – Жүсіптің білмейтіні жоқ екен, - деп тамсанып отырған ұлы Әбдрахманға Абай.-Шәкәрім мен Мәшһүр – Жүсіп – құрдас. Екеуі де дін жолына берілген жандар. Мен де ақынмын, Мәшһүр де ақын. Дегенмен, ол ақын болғанмен құдайға жақын. Сондықтан да Мәшһүр адамзаттың әулиесі ғой, - десе керек...

«Жігіт күнінде жаннан кеш те іс қыл, өлсең өлерсің, өлмесең адам болып шығарсың», - деп қайсар мінезбен қажырлы талабын табандылықпен өзіне де, өзгеге де ұрандай ұсынып қазақ халқының маңдайына қасқайып біткен азаматтар-ымыздың ішінде Мәшһүр – Жүсіп Көпеев есімінің алар орны ерекше.



### 2.8§ Имандылықты жалпақ жұртқа жайған ғұлама

Ақыт Үлімжіұлы (1867-1940)-XIX –ғасырдың соңында XX ғасырдың басында Алтай-Қобда қазақтарының арасында өмір сүрген,дарынды ақын,ислам дінін сонау ит арқасы қиядағы қазақтар ортасына уағыздап,таратушы,белгілі теолог ғұлама, қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі, жасұрпақты имандылыққа тәрбиелеу ілімінің негізін қалаған ұлық ұстаз .Ақыт-өзінен бұрынғы ,Орта азияға Ислам дінін таратып насихаттаған Фараби,Иасауи т.б.дини-рухани ұстаздардың амал-тәсілдерін барлап-байқай келіп,халықты имандылыққа тәрбиелеудің өзіндік жолын ұсынып,оны өзге емес өзі іске асырған ұстаз болды.Ақыттың шыққан тегі он екі ата Абақ керейдің молқы руы.Керей тарихына көз жүгіртсек, қазақ мектебі мен оқу тоқуы- керейлер мен наймандардаң, уақтардан басталатынын аңғарамыз.«Гоби даласында Хара-Хото деген қала болған.Ол, Езен өзенінің төменгі оң жақ жағасын,несториан үлгісімен жасалған.Мұнда кереиттер, үңгіттер(уақтар)наймандар,ойғырлар, тұрған.Онда тарса (несториан) дініне табынатын көп аббаттар, мектептер,көп үйлер болған»(Марко Поло. «Предание о церкв Ионна Крестителя» (Он хана),1956.) Бұл қаланың өзгешелігі-ерте дәуірде қолданған орхон,ойғыр,Сирия жазулары көп табылған,көлөнері бұйымдары кездескен.Шіркеу-аббаттардан қағазға,жібекке жазылған. «тарса»(икон) жазулар шыққан. Оларды түркі мен Сирия тілінде жазған-керейттер, үңгіттер, наймандар,ойғырлар(Пигуевская Н.В.Сирийские и Сиро-тюркские фрагменты из Хара-Хото и Турана. Л.,1940) Ә.Марғұлан атамыздың белгілеуіне көңіл аударсақ: «Сондай крест таңбасы бар құлпы тастың бірі Уюк-Архан өзені бойында тұрған жазу.Оның бас жағында бұғы,қабанның суретін түсірген.Тастағы орхон жазуы «Марымыз,Шадымыз». «Мар»несториан дінін үгіттейтін ұстаз,балаларды оқытқан, Шад-ел басқарушы(Малов,14).Керейлерден қалған орхон жазуы бар бұл құлпы тасУюк-Туран өзенінің бойында тұр. Басына қабанның суретін түсірген. «Жазудың сөзі: «алтын ілгек кісені белімке бұғындым».Тастың екінші жақ үстінде керей мен үңгіттердің қолданатын крест таңбасы тұр.Бұл таңба қазақ керейлерінде осы күнге дейін сақталған. (Малов,16-15)Мұндай крест таңбасы бар құлпы тастар Енесей даласында өте көп(Киселев,ВДИ,№3-8,Малов97)Керейлер мен наймандар өздері хат танып,оқу-тоқуға жетіп қана қоймай,күллі монголға ұйғыр жазуын үйретіп,зердесін ашқаны тарихтан белгілі.(3.,108)Осы дәуірде ұрпаққа ерекше үлгі өнеге көрсеткен,оларға имандылық тәрбиесін дарытқан, әулет мектебінің алғашқы ұстаздарының бірі-Оң ханның бәйбішесі Аймалжин кемпір.Ол өзі ақын,өзі ер, өзі аңшы,көп жыл ел басқарған,әрі сауатты ел Анасы болған.Халқы сауатты,оларды оқытып тәрбие-лейтін ұстаздары бар,арнайы әліп-би болған,мектеп-оқу орны дамыған, сол керейлердің бір тобы-ұрпақтары,Ақыт заманында,Алтайдың күнгейі мен теріскейін мекен етіп тұрған.Амал нешік,бір кездегі жоғарыда айтқандай мәдениетті керейлердің ұрпағы бұл кезде, қараңғылық,надандық құрсауында,бір жартысы монғолдың,дені қытайдың қарамағында қалып,ата жұрты бола тұра,өз жер,өз елінде өгейлік күн кешкен заман еді.

Осындай қауым ортасында дүниеге келген Ақыттың маңдайына,келер ұрпағын, имандылық нұрымен нұрландырып,сауатын ашып,білім-ғылым жолына түсіру міндеді жазылған екен.Оны,Ақыт атамыз абыроймен атқарып, адамгершілік асыл қасиеттерін жас ұрпақ бойына сіңіру амал-тәсілдерін,ұрпағына ұлағат етіп қалдырған.Өмірінің соңы, қаншама аянышты,қайғылы,қиналумен тамамдалса да,



«патшаның ісі уәжін»-деп түсініп,қытай түрмесінде жатып, ауызша айтып аманат-өсиетін қалдырған.Оның мазмұны мынау: 1.Халқым!Алтыбақан ала ауыз болмай,ынтымақты, берекелі болсын.Жалғыз өз ішінде ғана ынтымақты болып қалмастан басқа жұртпен(ұлтпен)де ынтымақты болсын.

2.Көрші жұртпен тату болсын.Оларды ренжітпесін.Бір ауыл өзінің көрші ауылын,бір үй өзінің көрші үйін ренжітпесін.

3.Бір мәселе кезіге қалса,яғни бір хабар естіле қалса дереу оны бүтіндей жоққа шығару,немесе бүтіндей бар деп сене кетуге болмайды.Алдымен ой елегінен ақыл көзінен өткізіп, онан кейін қорытынды шығарсын.

4.Жұртым,өте-мөте ұрпақтарым!Нәсіл тазалығына көңіл бөлсін.Ол,үшін жыныс-құмарлықтан,зинадан таза болсын. (Ақыт хажы.Ғахылия.Баян-Өлке.1994)Бұл өсиетті қозғаған тақырыбымызды дұрыс пайымдау үшін,Ақыт философиясының түйіні ретінде көріп,шамамызға сай талдау үшін,алға шығардық.Айталық:

1.Ынтымақ береке,достық қарым қатынастың керектігін, асылдығын өмірінде өз басынан кешірген талай айтыс-тартыс,дау жанжал,ру аралық,ұлт аралық(қытай-қазақ, монғол-қазақ,торғауыт-қазақ,дұнған-ұйғыр-қазақ) қақтығыстардың берген сабақтарының нәтижесінде,Ақыт; -Алтай-Қобда өлкесінде аз қазақ «Қазақ» болып тіршілік жасап,өмір сүріп тұруының басты қағидасы-ынтымақ-береке, достық сыйластық қарым –қатынас екенін өте дұрыс түсінген.Ол- олма,түптің түбінде,ата жұртыңды тапқаның абзал болады дегенді де меңзеп кеткен.Себебі: «Жеріңді біреу мекендеп, бермей қойса не етерсің?», «Билеген басқа әр ұлттың,Аузында жүрміз жем болып,» «Араласып тұрыңдар»,бірақ «үлгісін алма еліңнің» әзірше «тіршілік үшін тұрсыңдар,Пайдасы көп жеріңнің», «Ертерек ақыл ойлаңдар,мойынсұнынып ел жұртым...»Ол,ел келешегін қатты уайымдап, налиды, мұңаяды, толғанады. «Жапырағы теректің,Жамырайды соқса жел.Әуре басым,көз жасым,Тынбай ағып болды сел.Иілді мойын,Менің ойым,Не болады қайран ел!..»

2.Іс-әрекет,ой-сананың парқын біліп,терең ойлап,түбіне бойлап,көп болып ақылдасып,«жеті өлшеп,бір кесерлік» қағидатты басшылық етіп,даналықты дамытып,дарынды қолдап,рухани бай ел болуды өсиет етіп,мәселені атүсті, алдым-жұлдым шешпе дегенді атамыз арнайы ескерткен.

3.Ділі,діні тілі,салт дәстүрі басқа,сан жағынан өте көп ұлттың боданында қалғандықтан уақыт өте келе « аз қазақ» оларға сіңісіп жойылып кетерін әуел бастан ақ топшылаған.Осы құбылыстан қазақты сақтап қалудың жолын қарастырып, өсиетінде «нәсіл тазалығына көңіл бөлуді» ұлағаттаған.

4.Тіл,дін,ар тазалығын сақтап қалу үшін,келер ұрпағына кемел жолды нұсқап,оны өмірде жүзеге асырудың айла-тәсілін тауып берген.Ал,ұрпақтары Ақыт аталарының салып кеткен сол бір дана жолынан адаспай жүргендіктен XXI ғасырға дейін дінін,салтын,тілін,нәсілін аман сақтап келгендігі үлкен мақтаныш.Бұл даңғыл жолдың аты-қазақтықтың тәрбиелеу жолы-Имандылық еді.Бұл жолға түскен қандай бір адам,мейлі мүгедек кемшін болсын,мейлі басқа ұлт өкілі болсын белгілі мерзімде ұлт өкілі болып қалыптаса алады.Қызылшақа(кей өлкеде шарана,шақалақ аталады) жәндікті салып жібергенде «өңдеп» тәрбиелеп беретін,Тәңірі сыйлаған, ерекше құрылымы бар, «қазақ машинасын»-ұлт өкілін қалыптастыратын қазақ үрдісі дейміз.(1.,5б.)

Имандылық – адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі-бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш қадір-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі. Дәстүрлі қазақ қоғамында адамның иманды-лығына – мінез-құлық жүйесіндегі ерекшеліктеріне көп көңіл бөлінген

«Адамгершілік» - адам бойындағы «ізгілік», «сыйластық», «инабаттылық», «кісілік» сөздерімен мәндес. Ұлттық тәрбиеде адамның жағымды мінез – құлықтарын осы ұғымдардан таратады. Мұсылмандық дүниетаным бойынша, имандылық иманнан

пайда болады. Алла тағала адамды иман мен имандылық үшін жаратқан, сондықтан: "Алланың мінезінен үлгі-өнеге алыңдар" (Мұхаммед пайғамбар), – деп уағыздалады. Имандылықтың негізін мұсылмандар Құранда деп біледі. Қазіргі зайырлы өркениетті қоғамда да имандылық – аса қастерлі, биік адамшылық қасиет ретінде ұғынылады. Имандылықтың шынайы төріне төрт нәрсе арқылы жетуге болады.

1.Аллаһтың жазуына шүкіршілік;
2.Алла тағалаға шын пейілмен сенушілік
3.Барлық істе де Аллаға жүгінушілік
4.Сана сезіміңе керегар нәрсеге шыдамдылық

Ақыт ұлттық және исламдық дүниетанымды шебер қабыстырып, жасұрпақты ғана емес жалпы жұртты имандылыққа тәрбиелеу мақсатын алға қойған. Мақсатын жүзеге асыру үшін ол,Алтай бетінде үш жерге мешіт салдырып,өзі де медресе ашып бала оқытқан.Ол,әуелі дінді үйрен,дін үйренсең ғылым,білім ұғасың,көңілін таза, көкірегің ояу,хаділ де жақсы адам боласың дейді.Онан соң,он сегіз мың ғаламның қыры мен сырын ұқтырған ғылымды,ілім-білімді үйрен деп насихаттайды.Мысалы: Мұсылманның мойнында,бес парыз деген парық бар.Құран кітап,хадиста,бес парыз жолын анықтар. Бес парызды білмесең,өлгенде жаның арықтар. Аз тіршілік заманда,Ислам жолын танып қал. Алламыз- бір,құран –шын, Пайғамбар хақ,нанып қал. Ғибрат,құлшылық қылмасаң,ашылмайтын қарық бар.

Соларға еріп құр қалмай,Ислам жолын танып бар.
Ислам дінін білу сол,жаратқан хақты бір деңіз.
Жоқ пен барға шүкір ғып,қарам іске жүрмеңіз,
Аз тіршілік заманда,құлшылықсыз өмір сүрмеңіз.
Иман-көрдің шырағы,қарайып көрге кірмеңіз!
Ғылым- сәуле, нұр,жарық.Оқымай болмас құр қалып.
Термелі ғылым оқысаң,жүрегіңе тоқысаң,
Көрерсің сәуле бір жарық.Ата заңым деп қазақ,
Әр тараптан жүр қалып.Ай мен күнді ұға алмай,
Алысқа ұзап шыға алмай,неге мәз боп жүр халық?

Ақыттың педагогикалық ой –пікірі туралы сөз болғанда, оның адамтанушылық парасатын,бала тәрбиесінің ортаға байланысты екенін дұрыс пайымдағанын айтпай кету мүмкін емес.Мысалы, «Адам сыны»- деген толғауында, «жақсы, жаман» еркек-әйел,үлкен- кішіні танып білу туралы,жаман мінезді жою жолдары сараланады.Бұл үрдіс қазақ ақын-жыраулары мен би-шешендердің барлығында болған еді. Ақыт,өмірлік мектептерді өз бетімен оқып бітірген,білімді Шәкерім атамыздай талаптанып танып танқан тұлға.Оның алғашқы хат танып,сауат ашқаны ауыл молласының дәрісі ғана.1908 жылы,Ақыт хажыға(Алтай,Қобданың алпыстай адамымен бірге) барып,жолдастары еліне қайтқанда,ол,ел-жер көремін деп қалып қояды.Бір жарым жыл дегенде Мәдине, Шамды аралап,араб мәдениетін көзбен көріп,аз да болса үлгі-өнеге алып,араб тілін толықтап,елге қайта оралады.(Ғазез Ақытұлының естелігінен)Ал,Шәкерім атамыз 1905-1906 жылдары Меккеге қажылыққа барады Бұл сапарында ол арнайы Парижге,Стамбулға барып,олардың бай да қазыналы кітапханаларындағы асыл мұраларды оқуды,тарих тереңіне үңілуді мақсат еткен.(Жанат Әуелбек)Бұл ұқсастықтан шығатын қорытынды:Сол дәуірде,білім жетілдіру,көтеру, өз бетімен талпынып өнер-білім игерудің бір жолы қазақтар үшін қажыға бару болған.Білімге талпындырып,жас жеткіншектерді,демеп,дер кезінде көмек көрсетуді, Ақыт имандылыққа тәрбиелеудің басы деп ұққан. «Сөзім тыңда,балалар:Сендерде де сана бар.Бала күнде ұмытылып. молдалардан сабақ ал.Тасқа басқан таңбадай,сәби күнде сауап ал.Ғылым деген бір гауһар,ақылға-ақыл жамалар.Көп оқыса ғылымды,тат баспай жүрек ағарар.Біз сабақты оқыдық, сен-



дерде де шама бар.» немесе «Ата-анадан кейін-ақ,ұстаз түзер адамды.Балалы болсаң жігіттер,балаңды бер сабаққа. Қанша жақсы болса да,Надан бала қараңғы...»Сол дәуірде баланың көбі мектепсіз еді. «Сабақ оқып бала жүр,жетіле алмай,шала жүр.Сабақ түргой намаз жоқ,аудандысы қарап жүр!» Әсіресе адам есіне,зейініне діни білімді қалай қондыру керектігін терең ойлап,оның амалын оңды таба білген. Иссауи бабамыз зікірді музыкмен әрлеп өрнектесе, мұсылмандық ұғымдарды хикмет түріндегі жырға келтірсе, Ақыт халықтың өлең-жырға құштарлығына негіздеп,назира дастан, толғау –өсиетке айналдырып жұртқа ұсынған.Фараби бабамыз еңбектерін араб тілінде жазса,Иссауи араб қарпымен, түрік тілінде жазған.Ақыт атамыз төте жазуды да,крилшені де,латын ғарпын да қолданған. Ұйғыр жазуын да пайдаланған.Еңбектерін қазақтың көркем кітаби тілінде, көркем сөзқалыбында ұсынған. Ақыт, шығармаларында діннің негізгі қағидаларын: нысап, нәпсіні тыю, қайырымдылық, ғайбат сөз айтпау, кісіге қиянат жасамау, жоқ-жітік, кемтарларға садақа беру, ұрлық-қарлық жасамау, алдап-арбап, өтірік айтпау, ата-ананы ардақтау, жетім-жесірлерді налытпау, күш көрсетпеу т.б. жан-жақты талдап, адамдардың тату, бейбіт қоғамдасып өмір сүруінің мызғымас негізін көрсетеді, қоғамның көркеюіне, ғылымның заңдылығына, білім мен нақты өмір шындығына негізделген сенім адамдардың қолғанат көмекшісіне айналуын уағыздайды.Діни ғибадаттарды орындау әдебіне,оның маңызына, исламның адамзат қауымына әкелген ұлағатын жеке-жеке талдап өлең жазумен қатар,барлық шығармаларында (қысқа өлең-толғауларынан бастап қомақты дастан –жырларында) бұл ұстаным,әрқашан ескеріліп отырады.Анығырақ айтқанда Ақыттың шығармалары- Құдай мен Мұхамбет пайғамбардың ұлылығын дәріптеп,пайғамбар сүннеті,мұсылман әдебін мүлтіксіз орындауды уағыздайды. Тағы бір,таңқаларлық жәй,Ақыттың имани ұғымдары түйін ойлары мақал-мәтелге жуық келеді,әрі ғибратты сөздерге айналып кеткен.Бұл жағынан Қорқыт ата мен Бауыржан атаның өсиет өнегелері мақал-мәтелге айналғаны тәрізді үрдіс аңғарылады.

...Саясат-надан болсаң,құрған тұзақ.
...Тіршілік -тірегі өнер,білім.
...Өнер ғылым үйреніп,бұлбұлдайын сайраңдар.Бала оқытып мектеп сап,Ағартып елді жайнаңдар.
...Ұлық болсаң әділ бол,шариғат ұстап кәміл бол
...Тәңір алды-таразы.
...Ақыл ойың –білімді,білім түбі-ілімді
...Шариғат жолы шаңырақ.
...Ұстасаңыз азбайсыз-Мұхаммед Расул сүннетті.
...Сүйер достың сұхбаты-шекер,мейіз өріктей.
...Ғылым –сәуле, нұр, жарық.Оқымай болмас құр қалып.
...Ақылсыз шынға сенбей,жоққа сенбек, Шынды қойып
өтірік өсекке ермек.

Жалпы жұртқа имандылықты игерту үшін,ең алдымен олардың сауатын ашып,ағартушылықты кең өрістетіп,ғылыми және діни білімдермен сусындату керектігін уағыздап, оны іске асыру үшін талпынған.

... Қала сал,іргені көм егін егіп.табиғат тарпаңдаса тарығасың.Тең басқар мал мен егін харекетін,енді оян,өнерлі елге жалынасың.Ғылым тап,мәдениет жолын ізде,теңдіктен бүйте берсең қағыласың.Бірлік жоқ мал артынан жүре берсең,бір күні тілсіз жауға шабыларсың.Жүретін қам-қайғысыз уақыт кетті,басқаға енді еріксіз бағынасың.

...Дамыған елдің халқынша,оқуға адам талпынса,молайып көңіл кетеді,оқып білім артылса.Қай жерде басы тең болар, таразыға тартылса.Атағыңды шығаршы,біл-

імді жұрттың даңқынша.Оқыған жастар жарқырар,қайда жүрсе алтынша.
...Ақыл,талап, ой,зиын.Ұғынуға болар сен.Жалынды жүрек, жас талап,өткізбе өмір босқа тек.

Ақыттың өмірге келуінің өзі Қорқыт атаның жарық дүние есігін ашқан аңызына тым ұқсас,бірақ ол аңыз емес шындық.Ақыттың әкесі Үлімжі аты шыққан бай да,би-молда да емес,үпі-тәпі дәулеті бар,қарапайым шаруа. Үлімжінің тұңғыш алған әйелінің аты Жібек,жантекей руының ішінде тайлақ-Бәкежан деген адамның қызы.Жібек-ретті де салмақты,ақылды да,ажарлы,киімді өте келісті де әсем киетін адам болған.Жібек отыз үш жасқа дейін бала көтермепті. Ауыл жайлауға көшіп келе жатып,еру отырған бір ауылдың тұсынан өткен кезде,сол ауылдың екі әйелінің кеңесін естіп қалады.Бірінші әйел:«Өзі де келісті келіншек еді.Киімді де әсем киінеді екен,қарашы,әне!,-дейді.Екінші әйел:«Өңі мен киімі неге тұрады,әлі күнге дейін құшпағы қанаған жоқ»-дейді екен.Мұны естіген Жібек ауылдан сәл алыстаған соң жетектеген түйесін шөгеріп қойын,бір қара тасты құшақтап,налып зар еңіреп,аллаға мұңын шағып,үміт артып жылап жатып қалады.Бір заматта көзі іліпіп кеткен екен,түс көреді.Түсінде бір ақсақалды адам келіп: «Қатты зарығып кеттің ғой.Құдай көз жасыңды көреді,балам,көзіңді аш!»-депті.Ояна келсе екі емшегі иіп кетіп,қара тасқа ақ сүт құйып қалған екен.Міне осыдан кейін ақ,Жібек бала көтеріп, Ақыт өмірге келген.Үлімжінің әкесі Қарымсақ ақсақал келіні Жібек бала көтермей жүріп қалған соң,Ақыт туардан сәл бұрын,Үлімжіге Бәкеш деген қызды алып береді.Жібек-жібек мінезді,жайдарлы,ағайын арасында беделді болса,Бәкеш ұрт тілді,шәркеш мінезді адам болыпты.-Сенің көнің мен келген соң жібіген,бұрын ұл тусаң қайда жүрсің,бері әкел, баламды!-деп Жібектің қолынан баланы жөргегімен жұлып алып,өзінің қыз емшегімен емізеді екен.Сонда,Жібек: -Е-е,сенің балаң. Балаңа таласым жоқ-деп күліп қана қоңды екен.Молқыларда, «ертеден қыз емшегін емген бала ақын не өлеңші болады» деген ырым болған екен.Ауыл ақсақалдары мен кейуаналары Ақыт Бәкештің қыз емшегін еміп еді, өлеңші болды»-деп отыратын.(А.Ғазез естелігінен)

Ақыт ағартушылық ойын іске асыру үшін бар қазақты береке бірлікке шақырып, ынтымақтастыруды ойлап,өсиет-өнеге айтқан,үндеу жолдаған.Қобда бетінде әулеттік мектептер ұйымдастырған.

...Адамшылық қай жақта,көз салсаңшы жан-жаққа.Береке-бірлік құрасаң,құт қонады аумаққа.Береке-бірлік артық іс,берекесіздік- тантық іс.

...Жалқаулықтың жарасы,көңіліңнің аласы-надандықтың наласы.Алты миллион қазақ бар,бір атаның баласы

...Тұтас тұрып,жұмыр бол,бытырап кетпе оң мен сол.Түгел жүріп бет қойсаң,кезікпей ме табар жол. Тілек, жүрек бір болса,табылатын ақыл мол.Не табасың ойлашы, қаңғырып кетсең оң мен сол.Көрінгенге телім боп, болма Қазақ , босқа қор.Телім болған нашарға көрінгеннің бәрі зор.Бас-басына қаңғырып,бір-бірінен айрылған,қазаққа біткен қалың сор.Айырлмасаң тобыңнан,ел болар едің көрім бол.

Имандылықпен жұрт санасын нұрландырудың келесі жолы имандылық ұғымын,көркем сөзбен «тұздықтап» баршаның жүрегіне жеткізуді Ақыт сенімді түрде қолға алған.

...Жұрт болайық өзгеріп,еңбексіз жүріп,еміпіп.әркімге көз сүзбелік,Бір қазақтан басқаның,бәрі де жатыр өзгеріп.

....Он екі айда ораза-ден қою иман намазға.Харамнан бір сәт тыылмай,құр тілек иман бола ма?

...Азды көпті болса да,зекетсіз мал арамды.Қылсаң қайыр жетімге,көп тиер



соның сауабы.
...Көлденең тартпа алдында,сылтау қылып сынықты.
Жаман адам өмірде, білмейді адамшылықты.Ақылсыздың ары
жоқ,адам да жоқ сиықты.Айтқаныңды тыңдамас,салбыратып ыықты.

...Жігіттер,иман –қымбат,күнә-тегін.Кигізер өлген күні жеңсіз кебін.Жатамыз қара жерге жалғыз түсіп,құлына құдай өзі берсін жөнін.

...Ауызбен иман табылмас,жүректі түзу шын
қылмай.Әулие болмас әр адам,көңілін ашып нұр құймай. Аялап айтқан ақыл сөз,ар менен намыс бергендей.Түбі берік тура сөз,көздеп атқан мергендей.Сөзге жүйрік шешен бар,аяңдамай желгендей..

...Атадан алған ақылың-Ай санаған нұсқадай.Ұжымаққа түзу бара алмас –ғазиз жанды қыстамай.Үмітің болса ұғыңдар,кітап сөзін тастамай.

...Аяғыңды қажаса,былғары етік көнмен тең.Жалғанға пайда жақсы сөз,жүрекке жаққан еммен тең. -

...Көрде жарық-иманың.Құр қаларсың одан да,дінге наным қылмасаң.Ойласаңшы азамат,бола ма деп жан жолдас тіріде жиған иманың.Иман зекет,әм намаз,тілмен айтып құлақ тұр.Ораза намаз бек ұста,болмаңыздар бейнамаз.

...Бай мен жардлы теңелер,жаны бойдан шыққанда.Бай
мен жарлы бәрі бір,ақиретке барғанда.

...Ескерусіз нәрсені алып жүрме олжалап, өтірік, ұрлық,өсекті,алып жүрме дорбалап,Ата-анаңды сыйласаң, ұстазыңды пір тұтсаң,басыңа қонар сонда бақ.

...Арақ ішіп, зинақор,ұрлық қылған зәлімдер,жақсылық сірә көру жоқ.Үйде отырса сондай паң,бопырас(папирос) тартып баптанып,кеткен жоқ па бұл мінез ,іші қарнын ақтарып.Әке-шеше мүгедек,баласынан жасқанып.Әкесі отыр балаға: -абайлап жүр,ондайдан,- деп қана, қақсанып!

Ақыт имандылық тәрбиесіне жалпының мойнын қаншама айтып бұрғанымен,барлығының жүрегіне жетіп, зиынына қонуы өте шабан болатынын аңғаргандықтан,сол қауымдағы,сол дәуірдегі топтардың ,қатпарларының ерекше-
ліктерін айқындап барып ,әр санаттағы адамдарға сәйкес келетін үгіт насихаттың қажет екенін аңғарған. Сондықтан, адамдардың мінез-құлқына,адамгершілік парқына көз тастап баға берген.Олардың ішінде көп жырлағаны-әйел заты. Тәрбиелеу қазақ ілімі тарихында,әйел затының сынын
айтып,олардың ортақ табыстары мен кемшіліктерін топтап
көрсеткен адамтанушылар қашаннан болған.Мәселен Қорқыт атамыз төртке жіктесе,Шал ақын(Тілеуке Құлекеұлы) –да төртке бөлген.Ал,Ақан сері сегізге сиыстырған болса Ақыт хажы оларды беске топтаған.Ақыт әйел затын,әуелі,жақсы жаман деп екіге бөледі.Жақсы әйел туралы: ...Кей ұрғашы жарандар,еркектен артық ақылы.Адамды білер айырып, әдеппенен сөз байлап,бек біледі мақұлды.Анық білер айыр-ып,алыспенен жақынды.Берсеңдағы жүз байтал жібер-мейді хақыңды.Баласы жаман болмайды,шешесі болса жатынды. Атағы жақсы қатынды,еркектен деме оны кем. Бапты қатын тамағы,балмен шекер асындай.Қылап болса қатының, келтір-еді сыныңды.Мінезді болса қатының,мамық төсек көрпе-дей .Жақсы қатын қояма,алған ерін риза қып,мінезімен алдамай.

...Жаман қатын белгісі,бетіңе қарап күле алмас,жүз жыл
жолдас болсаң да,мінезіңді біле алмас.Ер қарызы аманат,таза сақтап жүре алмас.Мейман келсе үйіне ,баласын ұрып жылатар,орағытып құманын,от басына құлатар.Өлшеусіз ішіп ас-суын,елден соғым сұратар.Сондай қатын ерінің бақ-дәулетін құлатар,балаға болса шарқая,мінезі болар тез қа-тар,теріс қарап теңкейіп,төсегінде ол жатар.Керегінде өз байын құлағынан тартып оятар.

...Сараң қатын сарғайтар.Дәнін құйып татырмай.

*...Олақ болса қатының,кетіреді сыныңды.*
*...Қасаң қатын мінезі,қойға мінген керіктей*
*...Бошалаң қатын қимылдар,кешкі күнді ертедей.*

*..Ақымақ болса қатының,көшігі жоқ ермен тең. Қаһарлы болса кәрі енең,күнде соққан борандай.Баласы оның жүреді жадырап бойын жаза алмай.Қаргысшыл болса кәрі қатын,баласын қарғап озаңдар.Байы кәрі жас қатын,таныған соң шамасын,күнде би боп қожаңдар.*

*Ақыттың бұларға айтқан өсиеті: ...Ораза, намаз ұстаңыз,жамандықты тастаңыз.Күн шығарып тұрмаңыз,ер өмірін бұрмаңыз.Өтірік ,өсек құмаңыз,шалқар түсте түр-маңыз. Біреу өсек сөз айтса,оған көңіл бұрмаңыз.Күйеуіңе жағыңыз , өлгенше сыйлап бағыңыз.,өтер күнің қаша ма, болса дәулет-бағыңыз.Үлкендерден бата алып,әдепті келін аталып,көп сауапты табыңыз.Ата-анаңмен керіспе, жамандық қуып теріспе.Біріңмен бірің өш болып,кер биедей тебіспе. Күндесіңмен ұрыспа,абысынмен жұлыспа.Ала көзбен қараспа,жоқ нәрсеге таласпа.Жамандыққа ермеңдер,бұрыс жолмен жүрмеңдер.Әдепті болсаң жарайды,әдебіңе қарайды. Ыржиып күлсең біреуге,ойыңды бөтен санайды.Жалғанда күтпей дініңді,өлгенде көрме газапты!*

*Жігіттер жайын,олардың мінез-құлқына,болмыс-бітімін бажайлап жеті топқа бөледі. Адамтану қазақ ілімінде,бүгінгі жантану ғылым-ындағы адамдардың темпераменті туралы ұғымының,бастамалары осы бір жіктеу, топтаудан басталғаны анық(27;5718-б) Адамтанушы Шал ақын жігітті үшке топтаса, Ақан сері он үшке жіктейді,Ақыт қажы жетіге жеткізеді. ...Әуелі бір жігіт бар,мінез күткен.Асықпай әрбір іске сабыр еткен.Білгенін ішке сақтап қарауылдап,ілгері бағын сынап үміт еткен.Басқасы олай-бұлай сөз сөйлесе ,тыңдайды абзал жігіт ойға жеткен.Жақсылық пен жамандық тең бе екен деп, сынатып ақылына қисап еткен.Екінші бір жігіт бар шапқан аттай,аптығар жүрегімен ақыл таппай.Желіккен нәпсіні тимай шіркін надан,зырылдар жерге қойса-жұқа тақтай.Үшінші бір жігіт бар тақылдаған, «Тең құрбы өз көңілмен жоқ-деп маған. Өзіне керекті сөз келмей тұрып,асаудай мінілмеген сақыл-даған.Төртінші бір жігіт бар таудан асқан,зор кеуде,үлкен мінез әуел бастан.Бетімен бейпіл сөйлеп көп алдырған.өсірген ата-анасы бала жастан.Бесінші бір жігіт бар түйықтанған, алакөз қалың шашты мықтанған.Өзіне өз білгенің жөн демесе,қорқылдақ,шошқа мінез сияқтанған.Алтыншы бір жігітке келді сөзі,Тоң мінез тоқырайған болады өзі.Адамға айбат қылған айдаһардай,қараса қас қақпайтын екі көзі.Жетінші бір жігіт бар сөзі келген,әр түрлі әр адамға мінез берген.Қой жайып,қоңыр өгіз мүйізін түйіп,қоржын сап,құрт қайнатып,,тезек терген.Бұларға Ақыттың айтқан өсиеті; ...Жігіттер иман- қымбат,күнә тегін,кигізер өлгеннен соң жеңсіз кебін..Жатамыз қара жерде,көрсетеді,құлына құдай өзі бар екенін.Намаз тұтпас надан бар,ақылсыз жігіт аптығып, арсыз жауды жеңгендей.Кейбір жігіт сөйлейді,гу-гу еткен кеоіктей,қолынан іс өнбейді.шамасы жоқ өліктей. Ұйқысы көп кей жігіт,жерден басын көтермес,жаңа толғақ жеріктей. Бір құдайдан басқаға,бас кессе де бас ұрма!Ұяттан өлмей ер жігіт,өсек сөзді тасыр ма? «Жаным,жаным» десе де,жат қотырын қасыр ма?Жігерің болса жігіттер жігіңді бөліп ашыл ма! ...Құдай берген ғұмырды босқа өткізіп не етесіз . Иман,намаз болмаса бас біріктес шекесіз. Ораза,намаз- баласы, Иман оның анасы.Сыйлаған ұрпақ қор болмас,ата менен анасын.Қисық ағаш тұрмайды,ағашының тезінде.Тар адамның ақылы,көріп тұрған көзінде.Жаман адам ойлайды жалғыз қарын тоқтығын.Айрылмастай жинайды сұм дүниенің боқтығын.*



*...Қатты сақтан, жігіттер,пәре беру алудан.Пәре берме кісіге,үміткер болсаң жаныңнан.Бір Алладан басқаға,дұрыс емес жалынған.Жеті есе төмен кәпірден,дінін беріп кәпірге,дүние үшін бағынған.*

*...Түбінде құдай жеткізер,ойлай берсең алалды.Жүрегіңді тат басар,істей берсең харамды.Халал менен харамдық, құдыретше жаралды.Күнә,сауап екі жол,екі орынға барады.*
*Сауап орны- ұжмақта,күнә орны-тозақта.*

*Ақыт хажы отбасылық имандық тәрбиесіне отағасының тура өзі жауапты екендігін түсіндірумен қатар,әке міндетін ерекше анықтап,бала мен жардың тәрбиесіне жұрт алдында, тіптен Жаратқанның алдында жауапты екендігін баса айтады. «Жігіт болсаң ақылды,тәрбиелеп таза өсір,бала менен қатынды.» «Ғылым сөзін көп тыңда,көрсең жақсы ақылды. Қайырың болса қыла жүр,бірдей көр алыс жақынды. Бағады әркім малын аз да болса.Сүйеді өз баласын таз да болса. Қатын бала қамы үшін,ары таза жаны үшін,ақыл,қайрат жұм-сай біл,ұрпақтардың бары үшін.Ораза- пітір бермей қабыл болмас,малыңнан зекет бермей тағы болмас.Садақа қайыр беріп дін күтсеңіз,ұрпаққа үмітпенен үйретсеңіз, боласыз періштемен иман жолдас.»Бүгінгі таңдағы кей әкенің қатын, бала алдындағы беделі мен әулеттегі орнын пайымдау үшін Ақыттың осы ұлағатының көмегі тиері даусыз. Имандылыққа тәрбиелеуде Ақыт ұлттық ғұрып,салттың тәрбиелік маңыз-ына,оның жойылып кетпей сақталуына, ұлттық әдепті ұлағаттап,әулет мектебінде оның игерілуін үнемі қадағалап отыруды міндеттеген.Әдепсіздер мен көргенсіздерді қатал айыптап,оларды ар алдында жауап беруін талап еткен.*

*...Жақсы бала ер жетсе,еліне пана қорғаны.Жаман болса ер жігіт,жасқа жетпей алжиды.Қырық жасқа келгенде, ұйқылы-ояу маржиды.Әдепке көндір балаңды, жақсылық қайыр жолдасың, сыйласаң ата-анаңды.Өзіңді күтер артқы жан,өзің күтсең ағаңды...Әдепті болсаң-иман сол,өнерлі болсаң–жиған сол.Жас өспірім, құрбылар,арамнан алып малданып,жын шайтанға алданып,жалғанда күнә қыл-машы, дүние-жолдас деген деп,көрінгенді жесем деп,мұсылман дінін бұзбашы. Ұлық болсаң әділ бол,шариғат ұстап кәміл бол.Елдің ғұрпын жұрт білсін,бәрін де жайғап таныр бол.Басқалардан көнерек,керейдің әдет-ғұрпы бар.Оны ұмытпа есіңе ал.*

*...Әдеппен өсір жамағат,қызың болса тұлымды.Қараша надан демеңдер,қарашасыз хан бар ма?Қарашада жақсы әдеп бар, жан сүйіп бәрі,мадақтар.Әдебі жоқ әйелдер,әркіммен күлер ыржақтап.Ұятсыз болса қыз бала,кемпірдей сөйлер тайсал-май.Долы қатын сөйлейді атасына шаптығып.Көйлек киер жаман қыз,етек жеңін емермей.*

*...Тиымы жоқ тілінің,қызың өсті тұлымды.Жас қатындар сайрандап,еркекке таман тайраңдап,көрініс беріп көлделең, қасқайып қарап қоймаңдап,еркі қолға тиген соң,қуанады жайраңдап.Қынама киіп қылтиып,құйрығы шығып бұлтиып, омырауы ашылып,шашы бұрқырап шашылып,өңірі қашып тыртиып.*

*Қазақ әдебі -тым асыл,тым биязы.тым әсем.Иманды жан-әдепті.Ақыт үшін бұл екеуін айырып жіктеу артық.Сондықтан Ақыт хажы ұлықтардың, байлардың, билердің, молдалардың әдепті қылықтары мен мінездерін саралап жырлайды.Оларға жеке-жеке жыр арнайды.Ең соңында,жалпақ жұртты соңына ертіп,имандық нұрымен баршаны бақытқа апаратын осылар деп таныл,имандылық тәрбиесін игертуді және іске асыруды соларға жүктейді.Әсіресе билер мен молдаларға ерекше сенім артады.(8;51)*

☯☯☯

**Қазақ ұл-қыздарын:**

1.Бек ұл,пәк қыз 2.Иманды ұл,ибалы қыз. 3.Құлықты ұл,қылықты қыз. 4.Батыр ұл,батыл қыз. 5.Ер жігіт,батыр қыз. 6.Өнерлі ұл,шебер қыз 7.Зиялы ұл,зиынды қыз. 8. Есті ұл,епті қыз.9.Айдарлы ұл,тұлымды қыз. 10.Айбарлы ұл,ақылды қыз».11.Ісмер ұл,істі қыз.12.Шешен жігіт,ақын қыз.13. Ақылды жігіт,арлы қыз.14.Намысты ұл,өрелі қыз.15.Өрелі жігіт, өнерлі қыз».16.Аяулы азамат,асыл жар.17.Қазақ жігіт,Қазақ қыз қатарлы тәрбиелеу мұраттарын алдарына қойып, өте нәтижелі тәрбиелеп келген.Тәрбиелеу қазақ ілімінде айқын мақсат,сенімді мұрат,жеткілікті үлгі-өнеге болғандықтан әркез тұрақты ұлт өкілі-қазақ азаматы қалыптасып отырған.Мұрат, мақсаты әрі қысқа әрі нұсқалы,айқын, сенімді болған

☯☯☯

**Қазақ жігіті.Қазақ қыздарының көз тастап,көңіл аударатын жігіттері мыналар:жігіттің сұңқары; жігіттің сұлтаны; жігіттің қыраны; нар жігіт;жігіттің арыстаны; жігіттің төресі;жігіттің жамбозы; сері жігіт;сылқым жігіт;өнерлі жігіт,өршіл жігіт т.б.Бұлардың ортақ қасиеті: еңсегей бойлы,өткір көзді,қыр мұрынды,қияқ мұртты,кең иықты,апай төсті,өткір тісті,жуан білекті,қапсағай денелі, бура санды,кең жауырынды,от ауызды,орақ тілді, темірдей саусақты,жау жүректі,сергек ойлы,ширақ қимылды, арыстандай айбатты,жолбарыстай қайратты, сұңқардай өр,көк бөрідей қайсар,қырандай алғыр,қабыландай сұсты, сауысқандай сақ,іскер де ісшіл.**

☯☯☯

**Жас жіктелу (ауызша түрі)**

**7-12 жас. Сезімдік даму кезеңі. Бес жас оның бес сезім мүшесінің дамуына арналған. 7 жаста «сүндет той»: «тұлым қою» (қыздарда бұрымын өсіреді,сырға іледі).**

**12 -15 жас. Ерекше қасиеттері. Мысалы, жігіт: ата-бабаның әдет-ғұрпын,туып өскен өлкесін,ауыл аймағын,туыс туғанын танып білу , ер азаматтық абыройы мен намыс сезімі, өзінің отанын қорғау, білімділік пен ақылдылық, ерлік. 13 жаста есею кезеңі басталады.**

**15 -25 жас. Ерік-жігері мен сезімдік дамуы аяқталады. Денесінің, өзінің күші мен қуатының жетілуін саналы түсінуі.**

**25 - 30 жас. Тәжірибе жинақтау кезеңі.**

**30 - 40 жас. Өзінің әрбір ісіне жауапкершілігінің күшеюі.**

**40-50 жас. Күші, материалдық молшылық, ашық эмоция, тәжірибені пайдалану.**

**50 -60 жас. Дене және психологиялық бастаудың үйлесімділігіне жету. Кемеліне келу, ойланған істер, асықпай сөйлеу. Интеллектуалдық күш.**

**60 жас. Даналық жасы.**

**80 жас. Қазыналы жас**

**90 жас. Абыздық жас**



☯☯☯

**Жас жіктелуі (әдеби түрі)Адамның жас ерекшелігі мен оның сипаттамалары туралы ұғымдар тым мол.Бір ақын қыз: «5 күшік, 10 ит,20 бөрі,30 арыс- тан, 40 қабылан,50 өгіз,60 арқан,70 тұсау,80 шідер,90 торғай, 100 жұмыртқа» деп адамның жас ерекшелігін,күш-қуатын жасырып жұмбақтаған.Сонда қарсылас ақын: «5 жаста адам мысалы күшік мінезді,10-да иттей,20-да бөрідей,30-да арыстандай,40-та қабыландай,50-де күші мол өгіздей,60-та аттай арқандалады,70-те оның үстіне тұсауланады,80-де арқан,тұсау үстіне шідер салынады.90-да торғай-дай халі болады,100-де шертіп қалсаң жарылатын жұмыр-тқадай қауқары қалады» деп шешкен екен.Әйгілі Жетес бидің сөзін мағыналы тұжырым деуге тұрарлық.«Онға келдім ойна-дым, қызығына тоймадым.Жиырмаға жеттім-бойладым,онда да балалықты қоймадым.Есейе келе жақсы сөзге сүйсіндім, жаман сөзге күйіндім,барымды бойға киіндім,сұлу-қыз келін-шектерге шүйілдім,жауларыма түйілдім. Отызға келдім-алтайы қызыл түлкі болдым;қыран бүркітке алдырмадым,құмай тазыға шалдырмадым,қатар құрбының көңілін қал-дырмадым.Қырыққа келдім арғымақтай аңқылдадым,тау тас-ындай саңқылдадым,ақ алмастай жарқылдадым,құз қыранындай шаңқылдадым,барымды жоқ деп сарқылмадым.Елуге келдім биік қырға шықтым,арғы жағының алыс-жақынын бай-қамадым, дәулетімді шайқамадым.Алпысқа келдім-алты тарау жолға түстім;қайсысының алыс-жақынын білмедім. Жетпіске келдім жеңілгенімді білдім, бала мен келінге билігімді бердім, айтқанына көндім,айдауына жүрдім.Сексенге келдім-оң жағым от,сол жағым су ,алдым жар,артым құз қалай қозғалсам да тірлік деп біле алмадым,-деген екен(Адамтану қазақ ілімінен)**

**АДАМНЫҢ ЖАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АТАУЛАР**
**1 ЖАСҚА ДЕЙІН – ШАҚАЛАҚ, НӘРЕСТЕ**
**1 ЖАСТАН 10 ЖАСҚА ДЕЙІН - СӘБИ**
**1 ЖАСТАН 2 ЖАСҚА ДЕЙІН ҚЫЗ БАЛА – БӨПЕ, ҰЛ БАЛА – БӨБЕК**
**2 ЖАСТАН 3 ЖАСҚА ДЕЙІН – БҮЛДІРШІН**
**3 ЖАСТАН 5 ЖАСҚА ДЕЙІН – БАЛДЫРҒАН, БАЛАУСА**
**6 ЖАСТАН 7 ЖАСҚА ДЕЙІН – БАЛА, БАЛАҚАЙ**
**8 ЖАСТАН 12 ЖАСҚА ДЕЙІН – ОЙЫН БАЛАСЫ, ЖЕТКІНШЕК**
**13 ЖАСТАН 15 ЖАСҚА ДЕЙІН – ЕРЕСЕК БАЛА, ЖАСӨСПІРІМ**
**\16 ЖАСТАН 19 ЖАСҚА ДЕЙІН – БОЗБАЛА, БОЙЖЕТКЕН**
**20 МЕН 30 ЖАС АРАЛЫҒЫ – ЖАС ЖІГІТ, ҚЫЗ**
**30 БЕН 40 ЖАС АРАЛЫҒЫ – ДҮР ЖІГІТ, АҒА, ЕРКЕК, КӘРІ ҚЫЗ, КЕЛІНШЕК**
**40 ПЕН 50 ЖАС АРАЛЫҒЫ – ЕР ТҮЛЕГІ, ОТАҒАСЫ, ӘКЕ, КӨКЕ, ӘЙЕЛ, АНА, ТӘТЕ**
**50 МЕН 60 ЖАС АРАЛЫҒЫ – ЖІГІТ АҒАСЫ, САРЫ КІДІР ӘЙЕЛ**
**60 ПЕН 70 ЖАС АРАЛЫҒЫ - ҚАРАСАҚАЛ, АТА, ҚАРА КЕМПІР, АПА, ӘЖЕ**
**70 ПЕН 80 ЖАС АРАЛЫҒЫ - АҚСАҚАЛ, АҚБҰРЫМ**
**80 МЕН 90 ЖАС АРАЛЫҒЫ – АҚ ҮРПЕК ШАЛ, АҚ ҮРПЕК АНА, ҚАРТ, ҚАРИЯ**
**90 МЕН 100 ЖАС АРАЛЫҒЫ - СЕЛКІЛДЕК ШАЛ, СЕЛКІЛДЕК КЕМПІР**

**30 ЖАС - ОРДА БҰЗАР,**
**40 ЖАС - ҚЫЛЫШ ЖАС, ҚЫРЫҚТА ҚАМАЛ АЛАР**
**50 - ЕЛ АҒАСЫ, ЕРДІҢ ЖАСЫ**
**60 ЖАС - ПАЙҒАМБАР ЖАСЫ, АЛПЫСТЫҢ АСҚАРЫ, АЛПЫСТЫҢ АСУЫ, АСҚАРАЛЫ АЛПЫС**
**70 ЖАС - ЖЕТПІСТІҢ БЕЛЕСІ**
**80 ЖАС - СЕКСЕННІҢ СЕҢГІРІ**

## Пайдаланған әдебиеттер


1.Абай(энцк.) Алматы 1995

2.\Алматы 1995 2Абай. Қара сөздері. Алматы 2006

3.АбайҚұнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Алматы 1977

4.Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы: 1975.

5.Ақыт қажы Ғахилия Бай-Өлке 1994

6.Арын М. Бес анық Алматы:1996

7.Баласағұн Ж. Құтты білік Алматы 1986

8. Оразбекова К. Иман және инабат Алматы1993

9.Ш.Құдайбердіұлы. Үш анық. Алматы 1991.

10. Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. Мәдина 1991

11.М.Мырзахметұлы. Абайтану: оқу құралы. Алматы: 2010

12 Қазақ халқының философиялық мұрасы // Қазақ этикасы және эстетикасы: жиырма томдық.12-том. Астана: 2007.

13. Психология: Энциклопедиялық сөздік .Алматы: 2011.

14. Шәкәрімтану мәселелері. 6-том. Алматы: 2008.

15.Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. Дін философиясы: жиырма томдық. 19-том. Астана: 2006.

16. М.Мырзахметұлы. Абайдың адамгершілік мұраттары: Алматы:1993

17. А.Ноғаев. Даналық ойдан дән ізде. Алматы: 2013.

18. Қазақ халқының философиялық мұрасы. 4-том. Астана: 2005.

19. Шәкәрім шығармалары. Алматы1988

20.Шәкәрім. Энциклопедия Семей 2008.

21.Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы /Т.Ж. 13 том/ Павлодар 2008

22. Көпеев, М. Ж. / Екі томдық./ Алматы 1992

23. Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар Астана 2015

24. Ана мектебі Астана 2014

25. Әулет мектебі. Астана 2013

26 .Женге жезде мектебі Улаанбаатар 2013

27. Ұлы даланың ұлық ұстаздары Қарағанды 2016

28.Адамтану қазақи амалдар akikat.kz:Nio.kz

29.Балатану баспалдақтары adistemekzcollege ukoz

30.Тектану қазақ білімінен Ustazdar kz16.08.2017

31.Адамтану қазақ іліміне кіріспе Nio kz mug kz

32.Шаңырақ иесі дайын ба? No kz.mug.kz










Қазақ адамтанушылары - қауым ортасында сыншы (сынақшы дейді кей аймақтарда) деген атпен белгілі.Қазақ қауымында адам сыншысы, ат сыншысы, құс сыншысы, түс сыншысы (түс жорығыштар),жұлдыздамашы, жауырыншы, құмалақшы, санақшы, бақсы-балгер,тәуіп-көріпкел, көзбайлаушы,емші-домшы,сәуегей, әулие сияқты ерекше дарынды адамдар аз да болса бар еді. Адамтану қазақ білімін өмірге келтіріп, өсіріп дамытқан осылар еді. Олар қордалана келе қомақты білім қорына айналған. Алайда бұл білім қоры сараланып, жіктеліп, реттеліп, жүйеленіп, қажетті адамдарға ұсынылудың орнына, өгейленіп, шеттетіліп, менсінілмей қамқорсыздың күнін кешуде Оның алғашқы мағлұматын осы кітапшадан таба аласызОқып шығыңыз,өкінбейсіз.